

АНА-АРЫСТАННЫҢ ОЯНУУЫ



Оян да, әлемді өзгерт

ЛИЗА БИВЕР

Қымбатты оқырмандарым,

Құдай Әке Өзінің қыздарын алдарына анық мақсат қоюға, табандылыққа, батыл болуға шақырады. Арамызда көлеңкеде қалғып, тым көп уақытын босқа өткізіп алғандар аз емес. Құдай бізді ұйқыдан оянып, іске кірісуге, айналамыздағы әлемге игі өзгерістер әкелуге шақырады. Сіз айналыңызға Құдайдың ықпалын тарату үшін жаратылғансыз.

«Ана-арыстанның оянуы» – Құдайдың сізге деген жолдауы. Сіз қазіргі уақыт үшін туылдыңыз. Осы кітабымда өзіме жігер берген, өмірімнің әрбір саласында рухани өсуге жетелеген ақиқаттарды сіздермен бөлісемін. Осы аян арқылы жүректеріне Құдайдың Өзі сөйлегенін әлемнің әр түкпіріндегі сенуші әйелдерден естідім. Олар құдіретке бөленіп, өздеріне аманатталған қызметке кірісуде.

Сізге және басқа да жетекшілерге арналған осынау кітабым арқылы әрбір оқырманымға сүйіспеншілігімді жолдаймын. Осы кітапты және интернет желісіндегі басқа да ресурстарымызды таныстарыңызбен бөлісе отырыңыз. «Ана-арыстанның оянуы» сізге түнекті сейілтуді, адасқандарды құтқаруды, Құдай Патшалығын паш етуді үйретеді деп сенемін.

Бұл жолдау жетекшілікке, маһаббатқа, қызмет етуге, қаржы бөлуге деген көзқарасымды түбегейлі өзгертті және осы салаларда басқаша әрекет етуге жетеледі. Кітап беттерінен Құдайдың жүрегінен шыққан ақиқатты тауып, өміріңізді өзгертуіңіз үшін мінәжат етемін. Кітаптағы жолдаудың өзіңізге және рухани қамқорлығыңыздағы адамдарға қалай ықпал еткені жөнендегі әңгімеңізді естуге асығамын.

Шын жүректен,



Лиза Бивер
LisaBevere@ymail.com



**АНА-АРЫСТАННЫҢ
ОЯНУУЫ**

Ана-арыстанның оянуы

«Ана-арыстанның оянуы» кітабы Құдайдың әрбір әйелдің бойына дарытқан ғажап құдіреті мен сұлулығын көруіңізге мүмкіндік береді. Бұл кітап арыстан жүрегіңізді оятады, күнделікті күйбеңнің шырмауынан шығып, Құдайға қызмет етуге деген ықыласыңызды қайта жандандырады.

– Джойс Майер,
танымал жазушы, тәлімгер

Лиза Бевер ақиқатты паш етумен ғана шектелмейді, оның күнделікті өмірі де арыстан болмысына сай. Лиза – нағыз мәсіхші, адал жұбай, батыл ана, жалынды оратор әрі тамаша жазушы. Осы кітап жер бетінде Құдайдың Патшалығын орнату жолында өз міндетіңізді толық орындап шығуыңызға түрткі болады. Біз оқыған жігерлендіретін кітаптардың ішіндегі ең мықтыларының бірі – осы «Ана-арыстанның оянуы».

– Джеймс және Бэтти Робисон,
LIFE Today бағдарламасын жүргізушілер

«Ана-арыстанның оянуы» кітабын оқығаныңызда бойыңыздағы Құдайдың Өзі салған ұлылық тұқымдары өне бастайды. Лизаның басқаларды жігерлендіруге деген ынтасының арқасында қадір-қасиетіңізді және бойыңыздағы тамаша дарындарды ашып, оларды айналадағы адамдармен бөлісе алатын боласыз.

– Виктория Остин,
Lakewood қауымының бірлескен бағушысы,
Хьюстон, Техас

Лиза Бевер өзінің «Ана-арыстанның оянуы» атты кітабында сергек мәсіхшілердің өмірдің түрлі салаларына – жеке өміріне, қауымға, әлемге – қаншалықты ықпал ете алатынын көрсетеді. Кітап барлық қиындықты жеңіп, Құдайдың өміріңізге деген жоспарын түсінуге жетелейді.

– Стовал Уимс, Celebration қауымының бас бағушысы,
Джексонвилль, Флорида

Лиза Бевер әйел затын оянып, Құдай дарытқан құдіретке ие болуға шақырады. Өміріңіздің қай кезеңінде болсаңыз да, «Ана-арыстанның оянуы» бойыңыздағы күшіңіз бен батылдығыңызды анық сезініп, Құдай дайындап қойған жолмен жүруіңізге көмектеседі.

– Эд Янг,

Fellowship қауымының бас бағушысы әрі «You! The

Journey to the Center of Your Worth» атты кітаптың автор

Лизаның осынау кітабы – Құдайдың әйел затына арнаған сөзі. Дүр сілкініп, еңсемізді басқан жүктен құтылатын күн келді. Құдайдың рақымына бөленіп, Жаратушымыздың бұйрығын орындауға кірісейік.

–Шерон Догерти, Victory Christian Center қауымының

бас бағушысы, Талса, Оклахома

Құдай егістігінде бірге еңбектенуші адам ретінде Лиза Бевер әйел болмысында сүйіспеншілік, үміт, қуаныш, нәзіктік тәрізді қасиеттермен қатар, батылдық, қайрат, сенімділік те бар екенін есімізге салады. Осы кітап өміріңізге деген Құдайдың жоспарын біліп, Құдай Патшалығын жер жүзіне таратуға рухтандырады.

–Брайан және Бобби Хьюстон,

Австралиядағы «Хиллсонг» қауымының бас бағушылары

Лизаның «Ана-арыстанның оянуы» атты кітабы арқылы әйелдерді қажымас қайрат пен батылдыққа бөленіп, еңсесін биік ұстауға, талмай еңбек етуге шақырған Құдайдың жүрегін анық сезіне аламыз! «Ін» ішінен жалтақтап қарағанды қойыңыз, қалыптасқан әдеттер шырмауынан шығыңыз. Құдай Өз Патшалығында сізді «дәл осындай уақыт үшін» орнықтырсын. Әлі де уақыт оздыра бермек емеспіз, өйткені, жоғалтқан уақытымыздың құны өте жоғары болуы мүмкін.

–Рон және Кейти Люс,

Teen Mania Ministries қызметінің негізін салушылар

Құдай Рухының жетелеуімен жазылған осынау жолдауды әрбір әйел оқып шығуы тиіс. Бұл кітап – оянып, сергіп, үйреншікті болып кеткен нәрселерді өзгертуге деген үндеу! Осы кітабында Лиза алауыздықтан бас тартып, адамзаттың жоғын жамау үшін бірлесе еңбек етсе, әйелдердің қолынан көп нәрсе келетінін еске салады.

–Ненси Алькорн,

Mercy Ministries қызметінің негізін салушы әрі басшысы
«Ана-арыстанның оянуы» атты әсерлі де толғандырар туынды
оқырманды өзгерістерге, Құдайдың еркіне сай тұлға болуға шақырады
– Маргарет Файнберг,
«The Sacred Echo» және «Scouting the Divine»
кітаптарының авторы

Лиза Бевер осы кітапты оқу барысында бойымыздағы әлдебір батыл,
тағы әрі сұлу күштің оянуы үшін мінәжат етеді. «Ана-арыстанның оянуы»
– атына заты сай кітап. Өйткені, Лиза әлемді көркейтетін адамдардың бірі
болып табылады.

– Дино Риззо,
Healing Place қауымының бас бағушысы

Әрбір әйел еңсесін көтеріп, өзінің тарихи миссиясын орындауға
кіріссе, әлем қалай өзгерер еді, сол жайлы ойлансаңыз, жүрегіңіз үмітке
толады. Осы кітапты оқып, бойыңыздағы арыстанның айбатын оятыңыз!

– Шарлотта Гембилл,
Cherish Women Ministries қызметінің негізін қалаушысы
әрі басшысы, Великобританиядағы Abundant Life
қауымының бас бағушыларының бірі.

«Ана-арыстанның оянуы» – жасық адам оқитын кітап емес. Бұл
кітап – әйелдерге үндеу, білек сыбанып, ерен еңбекке кірісуге, әлемнің
жараларын сауықтыру жолында тер төгуге, жаралы жүректерге, тас-
талқан болған тағдырларға Исаның құдіретімен шипа беруге деген
үндеу. Арман қуғаннан шаршаған болсаңыз, бұдан былай барыңызды
мұқтаждармен бөлісуге өміріңізді арнауға дайын болсаңыз, бұл кітап
сізге арналған.

– Мэрилин Скиннер,
Watoto Child Care Ministries қызметінің негізін қалаушы

Арыстан жайлы Лизаға берілген аян өте маңызды әрі өзекті. Әлемнің әр
жерінде Құдайға адал, батыл әйелдердің бас көтеріп келе жатқанын көріп
жүрміз. Арыстан болмысты әйелдердің күш-қайраты мен нық сенімі Киелі
Рухтың құдіретімен, қауымның қайта тазаруы арқылы қайта жандаған.
Билікқұмар әйел емес, өз құндылығын білетін, соған сай өмір сүретін,

жүрегі маһаббат пен қамқорлыққа толы әйел. Қорқып-үркіп жүрген, қуыс кеуде біреу емес, жүрегі Мәсіх сыйлаған азаттықтың шаттық әнін шырқаған әйел. Оянып келе жатқан ана-арыстан – сол жеңімпаз әйел.

Санаңызды сергітер осы бір кітап бүгінгі күннің проблемаларының лайықты шешімін табуға ұмтылатын әрбір әйелге арналған.

Лиза назарымызды Яһуда руынан шыққан Арыстан – нағыз Аслан – Иса Мәсіхке аударады. Сол Арыстанның болмысын өз бойыңыздан таба алатыныңызға сенімдімін.

– Крис Прингл,
СЗ қауымының бас бағушысы

«Ана-арыстанның оянуы» кітабы Лизаның рухани қағидаттарды анық сипаттай алатын Құдай берген қабілетін көрсетеді. Сол қағидаттарға сай батыл да сұлу арыстандардай болып, орындарынан түрегелген әйелдердің бейнесін сомдайды. Әйел заты нақ сондай болып жаратылғаны да рас.

–Кристин Кейн,
Equip & Empower Ministries қызметінің басшысы және
The A21 Campaign ұйымының негізін салушы

«Ана-арыстанның оянуы» кітабында Лиза Бевер әйелдердің табиғи батылдығына, әлсіздерді қорғауға деген табиғи бейімділігіне назарымызды баса аударады, және Құдайдың еркі өз өмірінде және сүйіктілерінің өмірінде орындалуы үшін аянбай күресуге дайын екенін көрсетеді. Лиза сізге күш-қайратқа ие болып, батылдығыңызды шыңдай түсіп, әлемге ықпал етуді үйретеді деп үміттенемін. Құдайдың рақымына бөленіп, жабырқау мен жасуға жеңдірмей жүрудің де сырын осы кітаптан таба аласыз.

–Епископ Кортни Макбет,
Calvary Revival қауымының бас бағушысы,
Норфолк, Вирджиния

**АНА-АРЫСТАННЫҢ
ОЯНУЫ**

Оян да, әлемді өзгерт

**ЛИЗА
БИВЕР**

Lioness Arising by Lisa Bevere in Kazakh
© 2020 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Originally published in English as Lioness Arising
Additional resources in Kazakh by John & Lisa Bevere
are available for free download at: www.CloudLibrary.org
To contact the author: LisaBevere@ymail.com

«Ана-арыстанның оянуы» Лиза Бивер, қазақ тілінде
© 2020 Messenger International
www.MessengerInternational.org
Алғаш рет ағылшын тілінде «Lioness Arising»
деген атпен басып шығарылды
Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын
www.CloudLibrary.org сайтынан тегін жүктеп алуға болады
Автордың электронды поштасы: LisaBevere@ymail.com

*Бойында әлдебір тағы, батыл әрі ғажап
күштің оянып келе жатқанын сезіп жүрген
арыстан болмысты апа-сіңлілеріме арналады.*



Сен ғажапсың!

*Сен осы уақыт үшін жаралғансың.
Бойыңдағы күшіңнен, көңіліңде жүрген
сұрақтардан, біліміңнен қорықпа.*

*Оян, еңсеңді көтер, -
жаратылғандағы мақсатыңа жетуге бел бу.*

МАЗМҰНЫ

1. Ана-арыстанды оят	13
2. Беймәлім күш	29
3. Сергек әрі қауіпті	45
4. Қорқыныш пен таңырқау	65
5. Қызмет етуге қажетті күш	85
6. Миссиямыз бір	97
7. Сәлемдесу мен жылы лебіз білдіру	121
8. Ана-арыстандардың ойы да, әрекеті де стратегияшыл	135
9. Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді	157
10. Арыстанмен серуен	191
11. Сыбырдан арыстанша ақыруға дейін	207

Ана-арыстанды оят

Табиған рухпен бірігіп, бізді кіріптарлық ой-санадан арылту үшін жаралған.

РАЛЬФ УОЛДО ЭМЕРСОН



1994

жыл болатын. Кешкі мезгіл, өмірімнің сол кезеңінде осындай кештер бірінен соң бірі өтіп жатқан еді. Үйімді жинамақ болып көп әуреленіп едім, әдеттегіден кеш жаттым. Үш ұлдың анасымын, төртінші рет аяғым ауыр еді, ұйқым қатты болатын. Басым жастыққа тиісімен қалың ұйқының құшағына еніп, тек сағаттың қоңырауынан, балаларының дауыстарынан немесе бетіме түскен күн сәулесінен ғана оянатынмын. Сол түні де ұйқым қатты болғанымен, таң атпастан қатты тебіреніп ояндым.

Таң алдында ғажап та ап-анық түс көрдім. Көбінесе, түс деп, ұйқыда жатқанда көрген көмескі бейнелерді айтамын. Алайда, бұл аян тіпті басқа. Түсті жиі көремін, бірақ осыншалықты анық та айқын түс көруім бірінші рет. Түс емес, өңімде көргендеймін. Маған ашылған дүние осы әлемдегідей емес, өзге дүние. Жер бетінде емес, Аспан Патшалығында, жап-жарық болса да, көз қарымайтын нұрға малынған дүниені көрдім.

Сәуле шашып тұрған жарықтың көзі көрінбейді, дегенмен, айнала жап-жарық. Ешбір көлеңке, не тұман жоқ, тек Құдайдың нұры. Сол нұрдың өзі неше түрлі реңге боялған, құлпырған, сөзбен айтып жеткізгісіз, әсем түстер. Түрленген, құбылған түстер ғажап әсер қалдырады. Неге екенін білмеймін, күлгін түс

пен көгілдір рең (олар да жердегіден өзгеше) әсіресе жадыма жазылып қалыпты. Кеңістіктің ұшы-қиыры да, шеті де, шегі де көрінбейді, көкжиек те жоқ. Ақшыл сары түсті биік тас тұғыр көрінеді. Тұғырдың үстіне терісі алтын түстес ұрғашы арыстан жайғасқан.

Және арыстан болғанда, қандай! Арыстанның төресі дерсің – сымбатты, көрікті, тақаппар жануар. Қаншыр* қозғалыссыз, дегенмен, оның мүсін емес екеніне кәміл сенемін. Ол тірі. Жер бетіндегі қозғалып жүрген жануардың қай-қайсысынан да тірі. Алдыңғы аяқтарын созып, басын тік ұстап, жер бауырлап жатыр екен. Терісінің реңі күрең болғанымен, түгінің ұшы алтын түстес. Жанары да оттай жанып тұр. Жүні жылтыр, терісі сыланып тұр. Білеуленген бұлшық еттері тері астынан анық білінеді. Біздің әлемдегі қай арыстаннан да, тырп етпестен жатқан осы қаншырдың әлдеқайда қуатты, сұлу әрі мықты екені анық. Құдайдың бейнесін көріп тұрмын деген ой келді.

Әсем тұғырдың алдыңғы бетінде «Руларды санау XXIII» деген сөз ойылып жазылған екен.

Арыстанның жанында өзімді кішкентай, мардымсыз сезіндім. Өзімнің осы жерде тұрғаным да оғаш, орынсыз жайт сияқты. Өз денемнен бөлініп кеткендеймін, жүкті екенім тіпті есімде жоқ. Бір білетінім: осы жерде әлденені көріп, санама тоқу үшін, сөйтіп бір керемет дүниелерді ұғыну үшін тұрмын. Сол ғажап көріністің мәнін ұғып қалуым керек. Тағы жануардың алдында тұрсам да, еш сескену де, үрей де жоқ. Жалғыз-ақ, қатты таңданып тұрмын. Көріністің әсерлілігі сондай, есімді жия алар емеспін. Рухым қатты толқып тұр. Көргенімді бойыма сіңіріп тұрғандай кейіптемін. Арыстанның жанарына көзім түсті. Дәл сол мезетте «Осы ұлың дүниеге келгенде, ана арыстанды оятасың» деген үн келді құлағыма.

Салтанатты да ғажап алтын нұрдың ішіндегі аян сейіліп жоқ болды. Таң атты. Ұйқым шайдай ашылды. Қатты әсер алған, толқыған күйдемін. Көңілім алай-дүлей. Мен куә болған көріністің мағынасы неде? Біз өмір сүріп жүрген, уақытқа тәуелді дүние – мәңгі, кемел, мызғымас та шынайы әлемнің көмескі көлеңкесі ғана екен.

* Қаншыр деп арыстанның ұрғашысын айтады.

АРЫСТАН БОЛМЫСЫҢ БОЙ КӨТЕРСІН

Таңғы ымыртта, алқынған жүрегімді баса алмай, тұла бойым қалтырап жатырмын. Ұйқым шайдай ашылды. Ұққаным, күнделікті күйбеңмен жүріп, әлдебір іргелі ақиқаттан көз жазып қала жаздаппын. Сол ақиқатты ұғындыру үшін Құдай әлгі аяңды берген екен. Осыны ойлап жатқанымда, кенет Құдай назарымды тағы да билеп алды. Әлгі ғажап дүниемен салыстырғанда, бөлмем күңгірт те сиықсыз көрінді. Ондағы анық, әсем дыбыстардың жанында осы әлемдегі дыбыстар құлаққа жағымсыз тиді. Аянның соңғы сәттерін үркітіп алам ба деп, тырп етпестен жатырмын. Көзімді жұдым. Әлгі нұрлы дүние қаз-қалпында: тұғырдағы арыстан да, жазу да, айналадағы әсем түстер де, маған үн қатқан дауыс та сол күйінде.

Біраздан кейін жүрегім сабасына түсе бастады. Толқуым басылды. Көзімді аштым. Тұғырдағы жазудың сырын білмек болып, Киелі Кітабымды қолыма алдым. Сол жазудың Киелі жазбадағы нақты бір тарауға немесе аятқа қатысы бар ма? Бар болса, Руларды санау кітабының 23-ші тарауында не жазылған? Киелі Кітапты парақтап отырғанымда, кітаптың мазмұнына көзім түсті. Мен іздеп отырған тарауда Балағам пайғамбардың сөзі жазылған екен. Балағамның дүниеқұмар адам болғанымен, Құдайдың пайғамбары екенін білемін. Сонымен, Руларды санау кітабының 23-ші тарауын оқып отырмын. Әзірше жүрегімді бүлк еткізген ештеңе жоқ. 19-шы аятқа жеттім:

Құдай өтірік айтатын пенде емес,
Ойын өзгерте беретін адам да емес.
Ол айтса, сонысын іске асырмай ма,
Әлде сөз беріп, онысын орындамай ма?
Мен ақ бата беруге тапсырма алдым,
Құдай жарылқаса, соны өзгерте алмаймын.
Жақыптың ұрпағынан пәле көрінбейді,
Исраил халқынан бейнет деген білінбейді.
Құдайы Жаратқан Ие арасында тұрады,
Оны Патшамыз деп кернеймен жар салады.
Халықты Мысырдан шығарған — Құдайдың Өзі,
Жабайы бұқаның мүйізіндей оның күші.
Жақыпқа қарсы ешбір сиқырлық жүрмейді,
Исраилге қарсы сәуегейлік өтпейді!

Қазір де Жақып пен Исраил жөнінде:
«Қарашы Құдайдың ісін!» — деп дәріптейді.

Руларды санау 23:19-23

Бұл аяттар Құдайдың уәдесіне беріктігін, сөзіне адалдығын паш етеді. Жаратқанның Сөзі мызғымайды, Құдай уәдесінен танбайды, Құдайдың батасы күшін жоғалтпайды. Құдайдың айнымас адалдығы – Исраил халқының жарқын болашағының кепілі еді. Исраил халқының еншісі – сиқыршылық пен қарғыстың сорақы салдарынан азат болашақ еді. Бұл – бұрыннан білетін нәрселерім. Алайда, келесі аят көзіме оттай басылды.

*Ана арыстандай халық өрлеп шығады,
Дәу арыстандай ол орнынан тұрады,
Олжасын жалмап, қанын ішіп тояды,
Содан соң ғана жатып, тыным табады.*

Руларды санау 23:24, курсив автордыкі

Қазық қаққандай ғып айтылған осынау қатал сөздерді тебірене отырып, қайта оқып шықтым: «...Ана арыстандай халық өрлеп шығады, дәу арыстандай ол орнынан тұрады...» Көз алдыма шөп арасынан түрегелген арыстандар жұбының бейнесі ап-айқын болып келе қалды. Жатқан арыстандар орындарынан тұрғанда, жайма шуақ сурет қатерлі бейнеге айналды. Арыстандардың қозғалысынан барлық жан-жануар секем алып, қос жыртқышқа қадала қарады. Алтын түстес арыстандар мүлгіген қалпынан шығып, керілді, иіс алып, жан-жағына барлай қарасты. Енді олар қауырт қимылға да дайын. Бәлкім олар аш болар, әлде жаудың жақындап келгенін сезеді ме. Басқа аң олардың иелігіне басып кіріп, шекараны бұзған болса, оған бұл жердің қожайыны кім екенін көрсету керек.

Арыстандар орындарынан тұрған сәттен бастап, қауіп-қатер сезімі ауаның өзін кернеп тұрғандай болды. Олар тойынбай, басқа аңдар еркін тыныстай алмайтын сияқты.

Арыстандар орындарынан тұрғанда олардың бойындағы алпауыт күшті өз рухымда сезіндім. Арыстандай алып жыртқыштардың жатқан орындарынан керіле тұрып, айналасына көз тастап тұрғанын көрген әркім-ақ бұл көріністен зор әсер алар

еді. Көз тоймайтын әсем көрініс еді. Алайда, осы көріністің мына маған не қатысы бар? Мағынасы неде? Алтын түстес осынау тағы күштің маған қандай қатынасы бар?

Бұл аян бір жағынан қатты қызықтырса, екінші жағынан жағымсыздау көрінді. Мен арыстандардың көк шөп үстінде мысықша аунап жатқандарын ұнатамын. Алайда, жемтігін аулағаны, басқа тіршілік иесінің қанын ағызып талап жатқанын көрсем, сезінетінім – үрей мен жеркеніш. *National Geographic* немесе *Wild Kingdom* бағдарламаларын көргенімде, *жыртқыштардың тұмсығы қанға боялып, жемтігін жұлмап жеп жатқан тұсында көзімді жұма қоятынмын.*

Осы ойлар санамнан жылт етіп өте шықты. Түндегі «Осы ұлың дүниеге келгенде, ана арыстанды оятасың» деген сөз есіме түсті. Бұл сөздер нені білдіреді? Сымбатты да қайратты жыртқыш пен жылы төсегінде жатқан аяғы ауыр әйелдің арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Ана арыстан деп мені айту – келемеждегенмен бірдей болар. Соядан жасалған тағамдар жеймін, ет жеуден бас тартқанмын, жыртқыш аңға еш ұқсастығым жоқ. Өзім бақылап-басқара алмаған, ырқыма көнбеген нәрсенің қай-қайсысы да зәремді ұшыратын; өзге адамдармен қарым-қатынаста көбінесе өзімді қолайсыз сезінетін едім. Әсіресе тік мінезді, өздеріне-өздері сенімді әйелдерден қаймығатынмын.

Бала көтергенім қызметімді тоқтата тұруыма сылтау болған еді. Бойыма осы балам біткеннен бірнеше ай бұрын, мінәжат етіп отырып, Құдайыма былай дегенім бар: “Мақұл! Мен Сендікпін. Өмірімде Сенің еркің болсын! Айтқаныңның барлығын орындаймын. Қаласаң, тіпті әйелдерге Сенің жолдауыңды жеткізетін боламын”. Әйелдерге не айтатынымнан ол кезде өзім де бейхабар едім.

Енді міне, бала көтергеннен кейін әлгі уәделерім күшін жойған болар деген ойдамын. Ыбырайымның Ысқақты құрбандыққа шалуы тек сынақ еді ғой. Сол сияқты, мен де сынақтан өттім, Құдай жүрегімді көрді деп ойладым. Бәлкім, Құдайдың тапсырмасын орындауға даяр болғаным үшін жарылқау алармын, ал берген уәдемді орындауға тура келмес.

Алайда, әлгі аяннан кейінгі түсінгенім, сол уәделерім әлі күшінде екен.

Ал енді, ұл туралы айтылған сөздің мағынасы неде?

Қыз туамын деген үмітте едім. Таныстарымның барлығынан еститінім: осы балаң қыз бала болады. Ұл бала болады деген сөз бір адамның аузынан шыққан жоқ. Өзім ғана іштей осы балам да ұл болса екен деп жүргем.

Мына сөзге сенер-сенбесімді білмедім. Көргенім мен естігенім шындық болса, ана-арыстан бейнесі – болашақтағы өзім болсам, менен басқа тағы біреулер де осыдан хабардар болуы керек шығар. Сайып келгенде, көрген аяныма қосымша растама-дәлел керек-ақ.

ДӘЛЕЛ ІЗДЕУ

Бірнеше апта өтті. Біздің қалаға өзім қатты сыйлайтын ізгі хабар таратушы әйел келетін болды. Міне, маған керегі – *осы! Ол кісі құрбым екеуімізді бірге түстенуге шақырды. Менің құрбым да екіқабат. Ол – табысты кәсіпкер, Құдай оны керемет жолмен құтқарған еді. Енді ол Азия құрлығына ізгі хабарды жар сала таратуда еді. Бәлкім, ана-арыстан жайындағы аян осы құрбыма қатысты болар...? Түскі ас үстінде осы мәселені қозғап, құрбымның реакциясын байқап көрмек болдым.*

Шуақты күні Флоридадағы *Winter Park-те кездестік. Үшеуіміз біраз серуендеп барып, дәмханадағы үстелдің айналасына жайғастық. Ебін тауып, арыстан жайлы сөз қозғауды ойластырып отырмын. Ас үстінде сол тақырыптың әңгіме етудің сәті түсті.*

Құрбым құрсағындағы баланың қыз бала екенін айтты. Ізгі хабар таратушы әйел бұл хабарға қуанып отырып, менің де қыз табатынымды жорамалдады.

– Тағы да ұл болса ше? – дедім мен.

Менің мұндай күмәныма ол қайран қалды. Онсыз да үш ұлымның бар екенін, Джонның қыз бала сүйгісі келетінін алға тартты. Әңгіменің осы тұсында арыстан жайлы түсімді, ұл бала туралы сөзді айтып беруді жөн көрдім.

Айтып отырған әңгімемнің әлдебір мағынасы бар-жоғын өзім де білмеймін. Негізі, еш мағынасы жоқ-ау. Әрі осыған өзім де толықтай сенімді емеспін. Аяанның шынымен де болғанын білемін. Дегенмен, ана-арыстанның бейнесі мен өз тұлғам

арасынан байланыс таба алар емеспін. Құрбыларымның тарапынан түсіністік табармын деген үмітпен әңгімемді жалғастыра бердім. Алайда, аласапыран ойын жүйелеп жеткізе алмай отырған адамды түсіну оңай болып па? Менің мынадай шатасқан әңгімемнен тыңдаушылардың жүзінде абдыраушылық пайда болды. Құрбыларым мені түсіне алар емес. Соны ұқтым да, әңгімемді сап тидым.

Қолайсыз үнсіздік орнады. Біраздан соң ізгі хабар таратушы әйел маған күмәндана қарады да:

– Шамамен, қай кезде босанасың? – деп сұрады.

– Қарашаның онында, – мағынасы бар сөз айтуға мүмкіндік туғанына қуандым.

Құрбым шалқая отырып, басын шайқады да:

– Сол мерзімге дейін арыстанға айналуың мүмкін емес, – деді.

“Соны айтам!” деп айқай салғым келді. Бірақ, ыңғайсызданып, жай ғана бас изедім. Бір жағынан, арқамнан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалдым, екінші жағынан, аздап шамданып қалдым, мына сөз намысыма тиіп кеткендей.

“Қараша айына дейін арыстанға айналуың мүмкін емес” дегені несі? Қазір көктем, күзге дейін әлі бес ай бар! Және, бұл “арыстанға айналу” дегеніңіз қай мерзімде жүзеге асатын нәрсе? Түсімді айтып нем бар еді? Құрсағымдағы баланың жынысы белгілі болғанша түс жайлы ешкімге тіс жармай жүре тұруым керек еді.

Алай-дүлей сезімде отырғанымды байқаса керек, әлгі әйел:

– Мінез-құлқыңда Құдайға ұнамсыз біраз нәрсе бар... Қараша айына дейін олар өзгере қоймас, – деді.

Міне, енді түсінікті болды. Мұндай тік сөзді жақтыра қоймасам да, осы пікірмен келістім. Әңгімеміз бірте-бірте бұрынғы сарынына түсті. Құрбым менің анық байқалып тұрған осалдықтарымды көріп, соларды айтқан еді. Көп салада күмән мен дүдәмал күйге бой берген, содан өзім қажыған жағдайым бар. Жұбайым Джонның өзі: “Лиза, сенікіндей көзқараспен өмір сүру өте қиын ғой. Санаңды дегбірсіздік пен қорқыныш билеп алған” дейтін. Рас, солай болатын. Өмірім күн санап қиындап бара жатты. Тыныштыққа қол жеткізуім жеткізбес арманға айналып кеткен еді.

ЕНДІ СЫЛТАУ ІЗДЕМЕЙМІН

Ұзақ жылдар бойы себеп-сылтауы дайын тұратын адамдар қатарында едім. Қатерлі ісікті жеңген адаммын, өткен өмірім қиындық пен қателікке толы болатын, енді тек бала-шағаның қамына жарасам болды деп жүрмін. Құдайдың менің өміріме деген ауқымды жоспары болуы мүмкін бе? Менің бойымнан қуатты да батыл күш табылуы мүмкін бе? Жарайды, болмысымда батылдық бар сияқты, жас кезімде әжептәуір тентек едім ғой. Болашақта жалдамалы баскесер немесе ғарышкер болам деп ойлаған кездерім де болды.

Рас, бұрынғы батылдығымды аздап болса да қайтарғым келеді. Бағушының жұбайы, сүйкімді сенуші кейпіне енем деп жүріп, батылдықтан жұрдай болған екенмін. Күш-қайрат пен сымбатты сұлулыққа бөлену жолында аздап әрекет етуге де дайынмын. Айналадағы жұрт мені дәрменсіз, жасық біреу деп санайды, содан жалықтым. Өткен шақтың жараларынан арыла алмай жүргенімнен жалықтым. Сын-тегеурінге дайынмын. Күйеуімнің жалындаған сенімі маған, әлбетте, ұнайды. Алайда, жұбайымның көлеңкесіне тығылып өмір сүруден жалықтым. Түкке тұрғысыз, мардымсыз нәрселерді ойлап, қам жеуден жалықтым. Екі жүзді болудан жалықтым. Бәлкім, түсімдегі ана-арыстан бейнесі мені өзімдей бол деп шақырған болар!

Сүйкімді де секемшіл болуды қойып, батылдыққа және алған бағыттан таймайтын табандылыққа қол жеткізгім келеді.

Сол күнгі кездесуден кейін үйіме қайтар жолда көлігімнің рулін қыса ұстадым. “Хондамның” ішінде отырып, өзімді ана-арыстан кейпінде сезініп көрмекпін. Мадақтау әндерін қосып қойдым да, машинаның терезесін аштым. Шашым енді кондиционерден соққан ауаның лебіне емес, желге желбіреп келеді. Қазір ойласам, сол жолғым балалық болған, әрине (арыстанның ұрғашысында жал болмайды). Көзілдірігімнің әйнегінің пішіні мысықтың көзіндей. Машинамның бүйір айнасынан сары түсті толқындалған шашымды көзім шалды... Тоқтай тұр, шашым тағы арыстанның терісіндей алтын түстес пе, қалай?

Қарашаға дейін үлгермейсің дей ме? Беу десейші! Мен өзімді әлі-ақ көрсетермін! Ана-арыстан – менмін!

Түскі ас үстіндегі жөнсіз сөзім, құрбымның сөзін

жұмсартпастан тік сөйлегені, өзара байланысы жоқ басқа да көптеген оқиғалар тізіліп келіп, ойда жоқта іргелі өзгерістердің бастамасына айналды. Біреу маған осы түйткілден қалай өтесің дегендей сыни көзбен қарағандай, сын-тегеуріннен мен де тайсалмадым.

Ұлым Арден Кристофер (бұл есімнің мағынасы “жалынды, батыл, майланған”) дүниеге келгеннен кейін жан-дүниемде бір өзгеріс болды. Тағы бір баланың дүниеге келуі күнделікті міндеттерімді бұрынғыдан да арттыра түскенімен, Әкенің сүйіспеншілігін тереңірек сезінуге баса назар аудардым. Құдаймен арадағы байланысым әлсіреп кеткен болатын. Негізі, бұл – кішкентай сәбиі бар әйелдердің басында жиі кездесетін жайт. Күнделікті тіршіліктің қам-қарекеті мені жұтып бара жатқандай болатын. Істейтін шаруам басымнан асады, әрқайсысы жедел әрі маңызды көрінеді. Және шаруам бітпек түгілі, күннен-күнге көбейіп бара жатыр. Сол күйбеңге беріліп, өзімнің кім екенімді ұмытып бара жатыр екенмін. Санамды сенім емес, күмән билеп кеткен. Өмірім тоқырап, пейілім тарылып, күйбең тіршілікке шырмалып, қауіпсіз әрі пайдасыз күн кешіп жүр екенмін. Есімім, кімнің жұбайы екенім, балаларымның анасы екенім есімде, бірақ, отбасының қамы мен таусылмас міндеттерім Көктегі Әкемнің сүйікті қызы екенімді ұмыттырыпты.

Осыларды түсінгенімде, Құдай жүрегіме сөйлей бастады. Құдай мені күш-қайратымды ұғынуға жетеледі, және атымды өзгертті. Балаларыма анамын, күйеуімнің жұбайымын, қауымымыздың мүшелері үшін бағушының әйелімін, алайда, Құдайдың алдында мен – Оның қызымын. Басқаның бәрін ысырып қойып, Әкеме бала болуға, Құдайға тиесілі болуға бар назарымды аударғаным, өмірімді осы бағытқа бұрғаным сол еді, жан-дүниемде тыныштық орнады, күш-жігердің көзін тапқандай болдым. Жүрегім кеңейіп сала берді.

Арден дүниеге келгеннен кейін жасқаншақтығымның, қорқақтығымның, сәтсіздіктерімнің шырмауынан шыға бастадым. Отбасымның қамынан шыға алмайтын мен енді басқалаға көмектесе бастадым. Арденді емізіп жүргенімде алғашқы кітабымды жазып шықтым. Сол кітаптың жарық көруі мен үшін жаңа мүмкіндіктерді ашты. Кенет шынайылыққа әбден зәру болған әйелдерге бүкіл ел көлемінде жолдауымды

жеткіздім. Әйелдердің жаралы жанына шипа болар, сұрақтарына жауап берер, рухани шөлін қандырар кітап жазуды жалғастыра бердім.

Шуақты, ыстық әрі дымқыл Флоридадан аспаны ашық болғанымен, суық және ауасы құрғақ Колорадоға көштік. Мұндағы ауа райы үйде көбірек уақыт өткізуге мәжбүрледі, төрт көзіміз түгел жиналуды көбейттік. Күнделікті тыныс-тіршілігімізге елеулі өзгерістер енгіздік. Келесі он жылда біреулердің мені ана-арыстанға теңегенін бірнеше рет естідім. Ондай теңеуді естігенде, үйдегі жасық, үркек мысық кейпінен шыққаныма іштей қуанып, жай ғана жымыып қоя салатынмын. Жеке тұлғамды “жөндеу” жұмыстары осымен аяқталуға жақын, ана-арыстан хикаясы осымен тәмам деп жүрген кезім.

Қателесіппін.

ЛИЗА, МҰНЫҢ САҒАН ҚАТЫСЫ ЖОҚ!

2007 жылдың күзінде ана-арыстан тағы келді. Тамаша ел – Жаңа Зеландияда әйелдер конференциясы өтіп жатты. Шақырылған уағыздаушылардың бірі – менмін. Коференцияға келген адамдардың көптігі сонша, келгендерді түгел сиғызу үшін ұйымдастырушылар қатарынан екі конференция өткізуге мәжбүр болды.

Бірінші конференция қауым ғимаратында, екіншісі *Auckland arena*да өтті. Бірінші конференция аяқталды, екіншісін бастамақ болып, аренаға жиналды. Жиналыс басталды. Спикерлер – Құдайдың мейірімді, білікті, адал қызметкерлері. Алайда, неге екені белгісіз, түскі үзіліс кезінде дегбірсіздене бастадым. Дайындығымның нашарлығынан емес, бірінші конференцияда айтқанымды қайталасам, жеткілікті ғой. Дегенмен, уағыз айтар алдында мінәжат етуім керек екенін сездім, өйткені, біртүрлі қарсылық сезінетін сияқтымын. Бұл қарсылық конференцияға келген адамдар тарапынан емес, олар өз еріктерімен келді ғой, басқа спикерлердің немесе ұйымдастырушы қауымның да тарапынан да емес. Арамызда бірлік бар, ниетіміз бір. Құдайға табынуға, уағыз айтып, әйелдерді жігерлендіруге дайынбыз. Алайда, атмосферада тағы да бірдеңе бар сияқты. Бәлкім, Құдай маған бірдеңе айтқысы келеді ме? Оңаша қалып, мені не мазалап

тұрғанын түсінуім керек. Сондықтан қонақүйдегі терезесі Окленд шығанағына қараған бөлмеме келдім.

Құдайдан өзімді жетелеуін және түсінік беруін сұрап, бөлме ішінде мінәжат етіп, әрлі-берлі жүрдім. “Жеңіс жырын жырлаймыз” деген әнді iPodымда қосып қойдым. Оған қосылып, өзім де әндеттім. Өмірімдегі әрбір игілігі үшін Құдайыма алғыс айта бастадым. Жақында *“Әйел қамқорлығының күші”* атты кітабымды баспаға дайындау жұмысын тәмамдаған болатынымын. Кітапты жазу, қолжазбаны өңдеу жұмыстары аяқталғаны үшін Құдайға алғысымды айттым. Кітап жазу мен үшін дүниеге нәресте әкелумен бірдей, сондықтан мінәжатым мынаған шамалас шықты: *“Алғыс Саған, Ием! Іс тәмам! Жақын арада кітап жазуға қайта кіріскім келмейді!”*

Кенет рухымда Құдайдың үнін естідім: *“Көңіл-күйіңнің мұндай болғаны өкінішті-ақ...өйткені, жаңа кітап жазуға кіріскеніңді қалаймын”*

Бұл қалай? Мен Құдайға керекпін бе?

Құдай сөзін жалғастырды: *“Мен саған адами емес, Көктен келген стратегия беремін. Оны Менің Сөзімнен табасың. Стратегияны бірден бастан-аяқ түсіне алмайсың. Сондықтан, біртіндеп, сатылап ашып отырамын. Менің айтатынымды қағазға түсіріп ал. Менің қыздарым бас қосқанда, толық картинаны көресіңдер. Ол – құрақ көрпе тәрізді, көп қиындыдан құралған зор бейне. Оған өз үлесіңді қоспасаң, бейне толық болмайды”.*

Кенет көз алдыма әлгі ана-арыстан келе қалды.

Арыстанның қуатты да сымбатты бейнесіне тамсана қарап тұрғанымда, Құдайдың бәсең үнін етідім: *“Ұлың дүниеге келгеннен кейін ана-арыстанды оятасың дедім. Сол арыстан – сенсің деген жоқпын”.*

Ойымның қаншалықты саяз, адами ойымның өрісі қаншалықты тар екеніне сол сәтте өзім қайран қалдым. Құдай сөзін жалғастырды: *“Иса – Яһуда руынан шыққан Арыстан, Оның қалыңдығы ана-арыстанды оятуға тиіс, уақыт келді. Ұрғашы арыстандардың тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын зертте”.*

Артынша бірінші қағида айтылды:

Ана арыстандар жемтігін бірігіп аулайды.

Қайран қалдым. Осы естіп тұрғаным Киелі Кітапқа сай ма?

Мұны қалай түсінуім керек? Мәсіхші әйелдер өздерінің әйелдік қасиеттерінде құдірет барына енді ғана сене бастағанда, ана болудың қасиетті құндылығына енді ғана мән бере бастағанда, оларды арыстанға теңеуім керек пе? Құдай шынымен де осыны меңзеп тұр ма? Осы екі ой бірімен бірі қалай үйлеспек?

“Бәлкім, Құдай қауымдағы әйелдердің болмысындағы әлдебір тағы, жүрек жұтқан күшті оятқысы келеді ме?” – деп ойладымы.

Руларды санау кітабының 23-ші тарауы көз алдыма қайта келді. Онда мәсіхші әйелдерге деген жігерлі үндеу бар екен. Дәл сол сәтте ұрғашы арыстандардың өмірі жайлы мәліметтерді зерттеп, Құдайдың қыздарына қандай ұқсастығы барын түсінуге бел будым. Соңғы екі жылымды арыстандардың тыныс-тіршілігін зерттеумен, білген-түйгенімді қағазға түсірумен өткіздім. Бастапқыда Құдайдан келген аян жайлы сөз қозғамастан, әйел мен ана-арыстанның арасындағы ұқсастықтың көзге көрініп тұрған тұстарын ғана суреттеуді көздедім. Уақыт өте ұққаным, бұл аян жалғыз маған арналмаған, сондықтан ішімде қалып қоймауы керек. Арыстан жайлы аян көргенім – әулие не пайғамбар екенімнің, не бір ерекше туған жан екенімнің белгісі емес, әрине. Сол аянды көруімнің жалғыз себебі – уақыты елгенде оны дүйім жұртқа паш ете алатынымды Құдайым білген.

“Сен ана-арыстанды оятасың” деген сөзді айтқан сайын, осы сөздің әйелдерге қалай әсер ететінін көремін. Кейде көзден шыққан жас іштегі қайнар бұлақтың көзі ашылғанын дәлелдегендей. Енді біреулер өмірін түбегейлі өзгерте алар ақиқатты ұғынып, сұлу да батыл болуға дәл қазір рұқсат алғандай күй кешеді. Әйелдердің осы аянды ынталана қабылдауының себебі – олардың әрқайсысы – әрі момын қозы, әрі айбатты арыстан. Сол арыстанның ұйқыдан оянатын кезі келді.

Ана-арыстан жайлы ойласам, жігерленіп қаламын. Еңсем көтеріліп, кеудем жазылады. Ана-арыстанның айбатына қарсы тұрар жан жоқ. Соның арқасында әйел болып жаратылғанымды мақтан тұтамын. Сонымен қатар, арыстанға теңеу ер адамды да өзінің ер-азамат екенін тереңірек сезініп, еркек болмысын абыроймен алып жүруіне мүмкіндік береді. Арыстан – аңдардың патшасы, олай болса, пайтшайымның кім екені анық.

ҚАРАП, ҮЙРЕН

Құдай өмірге деген көзқарасымызды жаңартуды көздеп, назарымызды ғаламның қарапайым заңдылықтарына аударады. Мысалы, даладағы гүлдердің қалай өсіп тұрғанына көңіл бөлейікші. Құдай бүгін бар, ертең жоқ болатын шөпті сонша әсем киіндіргенде, бізді қамтамасыз ете алмайды ма? Көктегі Әкеміз біздің қамымызды өсімдіктің қамынан көбірек ойлайтыны сөзсіз (Матай 6:28; Лұқа 12:27 қараңыз). Сол сияқты, Құдайдың салтанатты ұлылығы мен әділдігін аспан әлемі паш етеді (Забур жыры 18:2; 49:6).

Аспан Оның әділдігін паш етеді, Күллі ұлттар ұлылығын көреді.

Забур жыры 96:6

Жаратылыстың асау да дүлей көркі Жаратушымызды жылт еткізіп көрсететін терезе іспетті. Сол терезені айқара ашып, Құдайдың сөнбес те шексіз әсемдігіне көз салайық, жүрегімізді көктен келген шаттық тебіrentсін. Жаратылыстың кереметіне мән беріп қарағанда, Жаратушыны танып білуге деген құштарлығым арта түседі. Көзіміз көрген бейнелерге рухымыз тебірене жауап береді. Бүкіл ғалам: «Мені жаратқан Жаратушы бар! Ол мына ғажап дүниеден әлдеқайда зор! Көзің көрген, құлағың естіген кереметтердің қай-қайсысынан да зор. Ажалды пенденің қайсысынан да зор. Тақта отырған мәңгі Құдай бар» дейді.

Иса Мәсіх құрбандыққа шалынған тоқты бейнесінде келгенін білеміз. Сонымен қатар, Аян кітабы Мәсіхті Арыстан кейпінде көрсетеді:

Сонда ақсақалдардың біреуі маған:

— Жылама, қара: Дәуіт патшаның әулетінен, Яһуда руынан шыққан «Арыстан» жеңіске жетті! Оның сол жеті мөрдi сындырып, кітапты ашып, оқуға билігі бар, — деді. Аян 5:5

Иса – Өзі құрбандық Тоқты, Өзі Арыстан. Біріне-бірі осыншалық қарама-қайшы келер бейне бар ма екен? Бұл екеуі бір Тұлғада қалай үйлеседі? Аян кітабы Яһуда руынан шыққан Арыстанда жеті мөрдi сындырып, кітапты ашып, оқуға билік бар екенін айтады. Осы кітапты жазған Жохан елші жер мен көкті шарлап шыққанда жеті мөрдi сындырып, кітапты ашып, оқи

алар тірі жанды таппай, еңіреп жылаған еді. Сонда Жоханның жанында тұрған қария елшінің назарын Тоқтыға бұрды. Тоқтының бойында Арыстанның айбыны бар екен. Мөрлерді сындыруға Арыстан ғана лайық.

Жырту, айыру, жұлу – шын мәнінде қатыгез әрекет. Осы орайда ғибадатханадағы қалың шымылдыңтың жоғарыдан төменге дейін қақ айырылып, екіге бөлінуі есіме түсіп отыр (Марқа 15:38). Құдай қашанда бізді Өзінен бөліп тұрған нәрселердің күл-паршасын шығарады. Құдаймен арада не тұрса да, қандай бөгет болса да, Құдай оны бұзады. Маған онысы ұнайды да. Құпия сырға толы Аян кітабында кітаптан мөрдің алынуы бүкіл жерді қозғалысқа келтірді делінген.

Табиғат рухпен бірлесе отырып, бізді кіріптарлық ой-санадан арылту үшін жаралған.

– Ральф Уолдо Эмерсон

Жаратушымыз біздің бойымыздағы Өз болмысының ұшқынын өзімізге де, әлемге де паш еткісі келеді, соны анық сеземін. Дәл солай болмаса, әрқайсымызға арнаған жеке жолдауы болмаса, заман ақырының осынау ұлы хикаясын баяндамас еді. Құдай бізді көздің жасын төгіп, торығуға емес, басымызды көтеріп, шындықты түсінуге шақырады.

Аспандағы ақиқат пен даналықтың нұры жер бетіне төгілуде.

Көктегі Әке Өзі жаратқан әлемге, әрбір тіршілік иесіне біздің жүрегімізді Жаратушыға бұруды тапсырған. Қандай тамаша! Табиғаттың өзі, ұшқан құс та, жүгірген аң да “Кеудеңді жаз, басыңды көтер, орныңнан тұр, жаратылысыңа сай бол” деп тұрғандай. Әйүп пайғамбардың кітабында айтылғандай, табиғатта бізге ақыл үйретер құдірет бар.

Ол бізге жердегі хайуандарға қарағанда көбірек нәрсені үйреткен, бізді әуедегі құстардан ақылдырақ етіп жаратқан.

Әйүп 35:11

Құдайдың сүйіспеншілігі қаншалықты ұлы да кең, қаншалықты зор екенін, бізге Өз даналығын дарыту үшін қандай әрекеттерге дайын екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Дегенмен, оған таңырқаудың қажеті жоқ, өйткені Құдай – Жаратушы, Ол былай дейді:

Өйткені орманның әр аңы Менікі,
Әрі малдар да мыңдаған төбедегі,
Барлық құсты білемін таулардағы,
Хайуандар да Менікі даладағы.
«Ашықсам» Мен саған айтпас та едім,
Бар әлем мен ондағылар — өз меншігім.

Забур жыры 49:10-12

Біз өзімізді барлық жан-жануар атаулыдан жоғары санаймыз, ал олардың әрқайсысы Құдайымыздың көз алдында. Өзі жаратқан мақұлықтарын Құдай елеусіз-ескерусіз қалдырады деп ойлайсыз ба? Ол бүкіл әлемді Өзі үшін жаратқан жоқ па? Табиғаттың үніне құлақ түрсек, ол бізге Жаратқан Ие жайлы көп ақиқаттарды ашады. Нақыл сөздер кітабы былай деп ескертеді: «Жалқау неме, құмырсқадан үлгі ал, оның ісіне қарап, парасатқа ие бол!» (Нақыл сөздер 6:6 қараңыз).

Қазір де Құдай бізге осыны айтып тұр деп сенемін. Ана-арыстанға қарап, біраз нәрселерді үйренуге шақырады. Көктегі Әкенің бізге деген бүгінгі үндеуі: *“Қыздарым, ана-арыстанға қараңдаршы. Оған мұқият көз салыңдар. Арыстанға қарап, бойларыңдағы асау болмыс, арындаған қайрат, батыл сұлулық оянсын. Мен сендерді қайсар жүректі болуға шақырамын. Еңселеріңді көтеріңдер, жігерленіңдер, Менің еркіме сай, арыстандай айбатты болыңдар”*.

Әйелдердің бойындағы арыстанның алпауыт күші мен айбынын қайтсек оятамыз? Арыстанша әрекет етуді қалай үйренеміз? Ана-арыстанның мінез-құлқындағы ерекшеліктерді шолып өтейік, осы қысқаша шолудың өзі бірталай нәрсені аңғартады. Африканың шуақты күнінде бейғам қалғып жатқан ана-арыстанның ұйқысын бөліп, сергуіне не себеп болатынын келесі тарауларда егжей-тегжейлі қарастырамыз. Сонымен:

Ана-арыстан күшін толықтыру үшін орнынан тұрады.

Ол басқалармен амандасып, оларға қамқорлық жасау үшін орнынан тұрады.

Аң аулау үшін орынан тұрады.

Басқа қаншырларға қолдау көрсету үшін орнынан тұрады.

Жас буынды қорғау үшін орнынан тұрады.

Үйірге қауіп төнгенде үшін орнынан тұрады.


Патшасына еру үшін үшін орнынан тұрады.

Көктегі Әкенің әрбір қызы құдірет пен батылдыққа бөленіп, айналасына игі өзгерістер әкеле алады, ана-арыстанды осының бейнесі ретінде қарастырамын. Сенің ішіңде де арыстанның болмысы жасырынып жатқан болар, қалай ойлайсың? Кітабымды оқып отырып, осы сұрақтың жауабын табуыңа тілектеспін. Бойыңдағы сұлу да асау айбын ұйқыдан оянсын деп мінәжат етемін.

Беймәлім күш

Әлемнің барша әйелдері адамзат игілігі үшін біріксе, бұрын-соңды болмаған ғаламат құдіретті көреміз.

МЭТЬЮ АРНОЛЬД, XIX ҒАСЫРДА ӨМІР СҮРГЕН АҒЫЛШЫН АҚЫНЫ, ФИЛОСОФ



Нақ осы уақытта әрекет ету үшін рухымыз оянды, солай емес пе? Оянып келе жатқан алапат күштің алғашқы белгілерін көру жазыпты маған. Өзім туған Америкада да, шалғайдағы Европада да басталып келе жатқан, болашақта әлемдік деңгейдегі зор қозғалысқа айналатын әлдебір күштің нышандарын көрдім. Бұл қозғалыс тәй-тәй басқан баладай алғашқы қадамдардан жетіліп барып, кемеліне келмек. Осы тараудың эпиграфына қойылған сөздер жүрегіңіздің түкпірінде жатқан әлдебір беймәлім күшті оятты ма? Ақынның осы сөздерін алғаш оқығанымда, қайран қалғанымнан, еркін тыныстай алмай қалған болатынымын.

Меніңше, осылайша алқынуым іске аспай қалған сансыз мүмкіндіктердің өкініші болса керек. Бұрынырақ айтқанымдай, сіздің бойыңызда мүлгіп жатқан әлдебір асау да сұлу, дана күшті оятпақпын, оны осы кітаптың атауынан-ақ көруге болады. Әйелдердің басқа адамдардың мүддесі үшін күш біріктіре алатыны жайлы біраз ойланып көріңізші. Қажет болса, Мэтью Арнольдтың сөздерін қайталап оқып шығыңыз. Ақынның

сөздеріндегі үмітке үстіртін қарауға болмайды, өйткені, онда бар назарымызды талап ететін ақиқат бар.

Мэтью Арнольдтың айтқаны жәй ғана көркем сөз немесе теория, әлде саяси шешендіктің бір көрінісі ме? Даналыққа толы осы сөздер сәуегейлік, кеңес немесе пайғамбарлық сөз болуы да ықтимал ма? Қалай ойлайсыз?

Ақын сол заманда-ақ болашақты болжап, жолдауын бүгінгі біздерге арнады ма екен? Бізді бірлікке шақырмақ болды ма? Ол кісі айтқан бірлік сол заманда жүзеге асуы мүмкін болмағанымен, біздің

Ертеңгі “ересек” мәселелердің шешілуі балаларымыздың бүгінгі тәрбиесіне байланысты.

– Маргарет Мид

заманымызда жүзеге аса алатынын білді ме? Бүгінгі таңда сол бірлікке қаншалықты зәру болатынымызды алдын ала сезді ме? Болашаққа көз тастап, сені мен мені көрді ме?

Осынау сұрақтардың шыншыл жауаптары әрбір әйелдің жүрегінің тереңінде. Бұл сұрақтарға біз сөзбен емес, ісімізбен, тыныс-тіршілігімізбен жауап береміз. Өйткені, сенімімізге сай өмір сүреміз. Әйелдердің осы сұрақтарға жауап беруіне үлес қосуымыз қандай өмірді таңдағанымызға байланысты. Өмірдегі әрбір таңдауымыз бен шешіміміз балаларымыздың тәрбиесіне, болашақта олардың қандай сенуші боларына тікелей әсер етеді.

Әйелдер бас көтеріп, өздерінің бас бостандығын шектеп, кіріптар етіп отырған, мәдениетімізге сіңіп кеткен теріс ұғымдар мен діни нанымдардан аса алады ма, олардың бұғауын бұза алады ма? Дүниенің әр түкпіріндегі өжет апа-сіңлілерім сырттан жігерлендіру болмаса да, алға баса бере ме? Біз, Батыс елдерінің тұрғындары, түкке тұрғысыз, пайдасыз нәрселерге алдана беруден бас тартып, шынында да маңызды, түпкілікті мәселелерге назар аударамыз ба?

Осы іске біздің үлес қосқан-қоспағанымызда тұрған түк те жоқ, және бұл ниеттің өзі де Құдайдан емес деген өтірікке қарсы тұрамыз ба? Қазіргі заманның стратегиялық маңызын түсіне аламыз ба? Доктриналдық алалығымыз бен сан алуан пікірлерімізді ысрып тастап, саптан өз орнымызды табамыз ба? Бірлікте тізе қосқанымызда, арамыздағы жас алшақтығы кедергі болмайды ма? Сенімімізді негіз етіп, біріге аламыз ба? Ісіміз,

шынымен де, сенімімізге сай бола алады ма?

Арамыздағы бірлік амалсыздан туады ма, әлде жүрегімізден шығады ма? Ортақ сенім іс-әрекетімізден көрініс таба алады ма? Өзімізді жарқын да қайталанбас, баурап алар құдіреттің адал қызметкерлері ретінде көрсете аламыз ба?

Бірлесе атқарған істеріміз жүрегімізге ұялаған өжет үмітімізді көрсетіп, сенімімізді дәлелдей алады ма? Игі істерді, қайтарымын күтпестен жасай аламыз ба? Қолымызды алу үшін емес, барымызды басқалармен бөлісу үшін соза аламыз ба? Солай болғай, сол үшін мінәжат етемін. Солай етсек қана өрісіміз кеңейіп, басқаларға ықпал ете алатын боламыз.

Жоғарыда айтқандарым – қиялға көбірек ұқсайтынын білемін. Алайда, арман-қиялсыз мақсатқа жете алмаймыз. Бүгінгі тұрған орнымызды ғана көрумен шектелмеуіміз керек. Ақиқатты әлемге таратуды көздесек, айналамызды түгел көруге тиіспіз.

Тарихқа көз жүгіртейік. Мәселен, XIX ғасырдың өзінде әйелдердің құқығы тапталып келген. Әйелдерде дауыс беру құқығы болған жоқ. Ал бүгінгі таңда әйелдердің дауыстары қаншалықты маңызды екенін білмейтін адам жоқ. Болашаққа көз тастасақ, сөзіміз бен ісіміз келер ұрпаққа мұра етіп қалардай өмір сүруге тиіс екенімізді түсінеміз.

Көкжиегімізді кеңейтіп, өмірдің түрлі салаларына ықпал ететін болайық, уақыт келді. Спорт жаттығуларын еске алайықшы. Бұлшық етке салмақ түсірерден бұрын етіңізді қыздырып, керіп-созып алғаныңыз жөн. Сонда бір жағынан денеңіздің иілгіштігі артады, екінші жағынан бұлшық еттеріңіз икемге келеді, сөйтіп жаттығу барысында зақым алып қалудан сақтанасыз.

Сізді ана-арыстанмен таныстырмақпын, ол өзіңізге, әйел болмысыңызға деген көзқарасыңызды, сұлулық, күш, өмірлік мақсат, неке, дүние және Құдай туралы ұғымыңызды кеңейтеді деп үміттенемін. Ана-арыстанға қарап, басқа адамдармен, оның ішінде ер адамдармен, достарыңызбен, жақындарыңызбен арадағы қарым-қатынасыңызды қайта қарастырасыз, бәлкім. Жемтігіне бас салардан бұрын, денесін созу керектігін ана-арыстан да біледі.

Бізге жеке өміріміздегі сын-тегеуріндермен қатар, айналадағы адамдардың қажеттіліктері де салмақ түсіреді. Соншалықты кең саланы қамтымақ болсақ, жан-жақты жоспар керек.

КҮШІН БІЛГЕН САБЫРЛЫ, БИЛІГІН БІЛГЕН САЛМАҚТЫ

Әлгі аяннан кейін мені бір сұрақ толғандырды. Ойымды әрі қарай жалғастырмастан бұрын, сол сұрақты ортаға салмақпын. “Руларды санау кітабы, 23-ші тараудағы арыстандар сенушілерді бейнелейді. Олай болса, сол үзіндідегі ана-арыстан соншалықты қатыгездікке қалай барды?” Кейінірек осы және басқа да сұрақтардың жауабын іздеп талай ой толғадым (сұрақтар әлі де туындауда). Нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдім.

Құдай маған ана-арыстанды селқос қарасын деп немесе қорықсын деп көрсеткен жоқ. Арыстанның бейнесі менің өресіздігімді, жасық мінезімді әшкерелеп, талқандады. Құдайдың қолында ана арыстан көзімді ашқан құралға айналды. Соның арқасында тар өрісім кеңейіп, көкжиегім ашылды, дүниетанымым өзгерді.

Шет елдерге сапар шеккенімде, талай сұлу мүсіндерді көрген болатынымын. Копенгаген, Рим, Лондон, Париж қалаларында тамаша ескерткіштер бар. Олар осы елдердің тәуелсіздік үшін табанды күрес жолындағы жарқын жеңістерін бейнелейді. Осынау өнер туындыларының уақытқа бой алдырмас ғажап көркіне тамсанып жүріп, суретке түсіргенім есімде.

Алайда, менің түсімдегі ана-арыстан – мүсін емес, көктен түскен аянның өзі еді.

Аян деген қашанда әшкерелейді, қайран қалдырады. Алдында қалтырап, ішім тырсыып, ішкөйлегіммен тұрғанымда, ана-арыстан мені, сөзсіз, әшкереледі де, қайран қалдырды. Арыстан тырп еткен бір қимыл жасаған жоқ. Дегенмен, қалтырап, жүрегім кеудемнен шығып кетердей дүрсілдеп тұрған менен міз бақпай жатқан арыстан әлдеқайда тірі еді. Ана-арыстанның қуаты мен сымбатына қарап, өзімнің көп нәрседен қапы қалғанымды түсіндім.

Көркімді, өмірге деген құштарлығымды, күш-қуатымды қорқыныш деген дұшпан сүліктей сорып, тауысыпты. Өзімнің кім екенімді, қандай екенімді ұмытып, өзімнен-өзім көз жазып қалыппын. Соның салдарынан өміріме деген Құдайдың жоспары жүзеге аса алмай жүр екен. Израилдіктер Қанаханның тұрғындарын алып көріп, өздерін олардың жанында шегіртке іспетті кішкентай сезінгені есіме түсті. Алайда, Руларды санау кітабының 23-ші тарауынан оқығанымыздай, Қанахан жұрты

оларды оянып келе жатқан арыстандарға балаған еді.

Өзімізді ана-арыстанмен салыстырғанымызда да, қиял мен шындықтың арасында осындай кереғарлық туады. Арыстанға ұқсай аламыз ба? Күшін білетін, сабырлы, билігін білетін, салмақты адам бола аламыз ба? Көркімізді қымсынбай көрсете аламыз ба?

Түсімде көрген арыстан – алпауыт күш иесі бола тұра, тұла бойы тұнып тұрған сабыр еді. Осы бейнені санамызға терең сіңдірейік.

Уақыты келгенде, ана-арыстан орнынан тұрады. Сіздің де шын мәнінде кім екеніңізді білер уақыт жетті. Дүр сілкініп, түрегелетін, мүлгіген қалыптан сергіп, оянатын кез келді.

Мәсіхші әйелді “күшін білгендіктен, күшіне ие бола алғандықтан, өз еркі өзінде, билігін білгендіктен, сабырлы” деп суреттесек, дәл әрі көркем теңеу шығады екен. Қымбатты оқырманым, ерікті де азат, сабырлы да салмақты болыңыздар. Сізге сондай әйел болуға рұқсат берілген.

Көбінесе, күш пен еркіндік, билік пен сабыр тәрізді қасиеттердің бір адамның бойында үйлесе қалыптасуы біраз уақытты қажет етеді.

Осы екі қасиеттің екеуінде де қанша құдірет жатқанын ұғынсаңыз, екеуі мінезіңіздің біртұтас қырына айналады. Мәсіхтің құрбандығының арқасында ақталып, әділ атандық. Әділдік тыныштық сыйлайды. Дәл солай, күшімізді танып-білсек, тыныштық табамыз. Уайым тоқтаса, тыныштық орнайтыны сөзсіз.

... тынышталыңдар, сонда құтқарыласыңдар. Уайымға салынбай Маған сенім артыңдар, Мен сендерді күшті қыламын...

Ишаия 30:15

Міне, бізге керегі – осы сөз! Бұдан артық не керек? Тыныштал, сабыр сақта, бір Құдайға үміт арт, сонда құдіретке бөленесің. Барлық істі өз күшімізбен тындырып, барлық түйінді өзіміз шешуден бас тартсақ, сонда ғана шынайы, рухани күшіміз көріне бастайды. Құдай бізге әлсіз болуды бұйырған жоқ. Құдай – құдірет Иесі, құдіретін бізбен Бөлісуші.

Бойындағы күш-қайратынан өзі безетін әйелдер көп. Олар санасында күтпеген жерден бой көтерген жаңа идеялардан,

сауалдардан, аласапыран сезімдерінен қорқады. Күштен қорқудың қажеті жоқ, оны қабылдау керек. Кішіпейілділік – әлсіздік емес, адаспаңыз. Кішіпейілділік дегеніміз – өзін-өзі тежей білген күш-қайрат, ұстамды бола білген билік.

Мұса жер бетіндегі адамдардың ең кішіпейілі болатын. Солай бола тұра ол – ұлы көсем әрі халқының көшбастаушысы еді. Мұса пайғамбардан үлгі алғанымыз жөн. Мұсаның осы қасиеттерінің сыры – оның Жаратушымен кездесуінде деп ойлаймын. Өйткені пайғамбардың әр сөзінде Құдайдың құдіреті бар еді.

Жақсылық пен жамандық жайындағы адами түсінігіміз шектеулі, дәрменсіз болмысымыз Құдайдың ақиқатына құштар. Құдайдың қатысуынсыз, адами күшке сүйенген игі істер мардымсыз. Адамзаттың бүгінгі проблемалары ұлан-ғайыр, оларды шешуге көл-көсір құдірет керек.

Құдайдың ізгілігі жөнінде терең түсінік Мұсаға қажет болғандай, бізге де қажет. Мүшкіл халге душар болған ғаламшарымызға сонда ғана жұбаныш бере аламыз.

Қымбатты оқырманым, ізгілік жайлы терең түсінігі бар адамдардың қатарынан табылғыңыз келеді ме? Әпкесіңлілеріңізбен бірігіп, Құдайдың ізгілігін жер бетіне әкелудің жоспарын құрып, оны орындауға бізбен бірге атсалысасыз ба?

ҚАБИЛЕТТІ ӘРІ ҚҰДАЙҒА ҰНАМДЫ ӘЙЕЛ

“Жақсылық” ұғымына “жағымды” немесе “қауіпсіз” деген сөздерді қатыстырғым келмейді. Жақсылық, ізгілік, мейірімділік дегендер қашанда әлсіздікпен емес, күш-қайратпен ұштасып жатады.

Еңбекқор, жақсы әйелді кім таба алар?
Ол інжу-маржаннан да бағалы болар!
Күйеуі оған толықтай сенім артады,
Ешқандай игіліктен ада қалмайды.

Нақыл сөздер 31:10-11

Тұрмысқа шықпаған қыздар, бұл сөздердің сіздерге де қатысы бар. Иса – Күйеу Жігіт, соны ұмытпағайсыздар. Мәселе осы аяттардың кімге қатысты екенінде емес: бәрімізге қатысты.

Мәселе басқада: айналамыздағы адамдардың өмірін

өркендете аламыз ба? Бізге сондай міндетті сеніп тапсыруға болады ма? Ісімізге де мығым, Құдайға да ұнамды бола аламыз ба? Әлде біріміз ісмер, біріміз жақсы адам болып екі топқа бөлінеміз бе? Және тағы бір сұрақ: қандай істерге қабілетті болуымыз керек? Жауап міне: қажет болған істің қайсысын да орындай алатын болуымыз қажет.

Кейінгі оншақты жыл ішінде адамдардың бойында бар қабілеттерін аңғаруға көмектесіп жүрген тамаша әйелдерді көптеп кездестірдім. Адамзаттың қажеттіліктері артқан сайын, әйелдер сол қажеттіліктерді қамтамасыз етуге лайық білім алуға күш салып жүр.

Заманауи мәселелерді көтеріп, олардың шешімін іздеуге әйелдердің қабілеті жеткілікті. Мақсатына жету жолында олар жеке тұлғасын дамытып, бойына жақсы қасиеттер қалыптастыра біледі. Дарынды да қабілетті, өжет бола тұра, ізетті, ашық-жарқын, дегенмен, ешкімге кіріптар емес; өз заманына сай, бірақ болашаққа ұмтылған; мейірімді, сонымен қатар батыл; ақкөңіл бола тұра, аңқау емес; қайратты әрі нәзік; қарапайым, дегенмен, стратегияшыл әйелдер.

Егер жоспарларымыз бен жобаларымыз әлемді көркейтпесе, өзімізді де, айналамызды да өркендетпесе, мұндай жоспар өлі теория болғаны. Жобаларымыз өміршең болуы шарт.

Әлем талай дүлей күштердің әсерін көрді. Тарихта жер бетін табиғаттың алапат күштері жайпап кеткен кездер болды. Жойқын дауылдар мен цунамилерді көрдік. Жер мантиясын қақ айырған жер сілкіністері болды. Апаттар да, соғыстар да болды. Қарулы күштердің әділдік үшін күрескен кезі де, сойқан салған кезі де болды. Қырғын соғыстың зардабын талай елдер мен талай халықтар көрді.

Басып-жаншуды, сойқан салуды, қорқытып-үркітуді көздемейтін күш болады ма, қалай ойлайсыз? Сол күштің

Қағаз бетіне ауқымды жоба сыза білуім аз, жобаларым жер бетінде жүзеге асуы тиіс.

– Эмиль Перейр

ішіндегі адамдардың әрқайсысы маңызды болар еді. Бұл күштің ниеті ақ, мақсаттары адал болар еді. Ол күш қандай болуы керек? Александр Македонский былай деген екен:

Қой бастаған арыстандар жасағынан қорықпаймын.
Арыстан бастаған қойлар жасағынан қорқамын.

Не деген тамаша бейне! Біз – Арыстан бастаған қойлар жасағымыз. Үркек қойша әрекет етпейік, бізді бастап келе жатқан – Арыстанның Өзі. Біз – кішіпейіл шәкіртпіз әрі айбынды сарбазбыз. Осылайша, күш пен биязылық жұптаса жүреді. Адамзат тарихына үңілсек, мынадай заңдылықты байқаймыз: билікке сатылап жету, билікке мастану, биліктен айырылу, іштен бүліну.

Басқа жол бар ма? Әзірше жұдырықтай жұмыла қоймаған, тарих алаңына шыға қоймаған күш бар болса ше?

Ұсақ әріптерді жақыннан көруім нашарлап кетті, сондықтан осы кітабымды үлкен шрифтпен теріп отырмын. Кітап басыларда, қалыпты шрифтке келтіріледі. Алайда, алыстағы үлкен заттарды көруім әжептәуір жақсарып қалды.

Ал алыста көріп тұрғаным – екі түрлі бейне. Бірі – зор қасірет, екіншісі – ұлы жеңіс. Халықтардың еңсесін басқан жабығу мен түпсіз түңілу, сонымен қатар, рухани ояныш пен Құдайдың даңқы. Жер бетіндегі жексұрын күнәнің қай-қайсысы да, әділетсіздік атаулы да Құдайдың нұрына кездесіп әшкереленуде, әділдіктің қарып түсер сәулесіне төзе алмай жоқ болуда. Құдай Әкенің қыздарының жемтік көрген арыстандай атылуға дайын тұрғанын көріп тұрмын. Осының бәрі – біздің болашағымыз. Және айтылғанның барлығы сіз үшін тосын жаңалық емес. Мұның бәрін мен газеттерден оқып білген жоқпын. Рухани көзім ашық болғандықтан болашақты көріп тұрмын.

Және көріп қана қоймай, естіп те тұрмын. Жақыннан анық естілген, алыстан талып жеткен өксік үнін естимін. Түнек тұтқыны болудан әбден қажыған адамдардың күнәсін мойындап, жылағанын естідім. Олардың үнін өшіруге тырысқан, еңселерін басқан дәрменсіздік енді балаларының да дауысын тұншықтырып тастамақ. Сол жас аналарда қалған жалғыз үміт – менің көргенімді балам көрмесе деген арман. Бір ана сегіз жасар қызын алып кетуімізді жалбарына сұраған болатын. Себебі, ол еркектерге қызмет көрсеткенде, қызы төсектің астында тығылып жататын. Сол баланы құтқарған Джеймс және Бэтти Робинсонның *Life Outreach атты қызметі үшін Құдайға деген алғысым шексіз. Алайда, санасын қорқыныш пен дәрменсіздік билеп алған анасы жезөкшелер үйінде қалып қойды.*

ЖЕЛ ЖЕТКІЗГЕН СӨЗДЕР

Естігенімнен есеңгіреп қалатын кездерім болады.

Неге дейсіз ғой? Өйткені, көрмей-ақ, естімей-ақ қойғаным оңай болар еді. Тынышын алар дауыстар мен көріністерден теріс айналып кететіндердің көптігіне таң қалмаймын. Олар естісе де, естімеген, көрсе де, көрмеген болып, көзін ала қашады. Сексуалдық құлдықпен тұтасып кеткен туризмнің де өркендеп тұрғаны сондықтан. Таиландта жүрген шетел туристері көз алдындағы көріністердің жай ғана көңіл көтеру екеніне сеніп жүргендей сыңай танытады. Таиландқа барғанымда, Америкалық бір бизнесменмен сөйлескен едім, ол кісі өзінің жеңіл жүрісі Таиланд экономикасының өркендеуіне септігін тигізеді деп санайды.

Құлағы барлар жақсылап тыңдап алсын!

Матай 11:15

Адам кейпінде келген Иса Құдайдың жалғыз рухани ұлы мәртебесіне лайық орны – Әкесінің тағының жанына жайғасқаннан кейін де, осы жолдауы күшінде. Аян кітабында Құдай бұл әлемнің естуге батылдығы жететін адамдарға қаншалықты зәру екенін тағы қайталайды.

Құлағы барлар Киелі Рухтың қауымдарға айтқандарын жақсылап тыңдап алсын! Жеңіп шыққан әркімге Мен Құдайдың пейіш бағында өсетін, мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаштың жемісінен жегіземін.

Аян 2:7

Еститін құлағымыз бар ма, Құдайдың осы сауалына жауап беруге тиіспіз.

Тіпті, естір құлағымыз болғанын қалаймыз ба деген дұрысырақ болар? Тыңдап, естуге келісеміз бе? Қымбатты оқырманым, тыңдау бар да, естігенді орындау бар. Екеуі де маңызды. Мүлгіген қалпымнан оянып келе жатып, сізден: «Мына үнді естимісіз?» деп сұрамақпын.

Өкінішке орай, жұмсақ төсегінде, мамық көрпе үстінде дөңбекшіп жатқан ұйқылы-ояу қалыңдыққа ұқсаспыз-ау. Ол құлағын

құс жастығымен басып, ұйқысын бөлмек болған дыбыстан қорғанып әлек. Ұйқымыз ашылуы үшін, заманымыздың жанұшырған айқайы қаншалықты ащы, қаншалықты қатты болуы керек?!

Жаралы әлемнің жанайқайымен қатар, бізге қаратып үн қатқан тағы бір дауыс бар. Ол жанталаса айқайламайды. Азан-қазан шудың арасынан ол үнді ажырату үшін мұқият құлақ түру керек. Ол үн – Киелі Рухтың байсалды да сабырлы үні. Ден қойып тыңдаған сайын, дауыс анығырақ естіледі.

“Жел жеткізген сөздер” деген сөз тіркесі өзіме қатты ұнайды. Құдай Өзінің сөзін таратуды желге тапсырды. Киелі Кітап Киелі Рухты желге, самалға, тірілтер, күш берер сөздерді сыбырлап айтатын жеңіл лепке теңейді. Желдің өзі көзге көрінбегенімен, әсері көрінеді. Жел біздің өмірімізге әлденені алып келеді, енді бір нәселер желмен ұшып, жоқ болуы мүмкін. Дүлей желдің күші кемелерді теңіз бетімен зымыратады, не болмаса тасқа соғып қиратады. Желдің қуаты теңіздерді буырқандырады, тау-тасты қиратады. Қарсы соғып, жүргізбейтін жел болады, құма жел болса, арқаңнан итеріп, жүрісінді жылдамдата түседі. Жел бірде баяулап, бірде күшейіп, жердің бетін тоқтаусыз шарлайды. Ол Құдайдың сыбырлап айтқан сөздерін дүниенің төрт бұрышына түгел жеткізеді.

Айналадағы жалған дауыстар құтырынып, Киелі Рухтың лебімен келген сөздерді естіртпей тастайды.

Есту қабілетімізді әлсірететін тағы да бір нәрсе бар. Құлақтың үйренуі. Әлденені қайта-қайта естісек, құлағымыз әбден үйреніп, оны елеуден қаламыз.

Әлдебір кісінің не айтатыны алдын-ала белгілі болса, сөзін жүрдім-бардым тыңдаймыз. Бірнеше жыл бұрын, Киелі Кітап оқып отырып, өзімнен осындайды байқадым. Киелі Кітаптың кей тұстары жатталып қалған, оқып отырып, әрі қарай не болатынын алдын-ала біліп отырамын. Соның салдарынан Құдайдың Сөзіне балаша таңырқаудан қалыппын. Сізде де сондай болған шығар. Селқостыққа жол бермеуді көздеп, Киелі Кітаптың *The Message* атты аудармасына ден қойдым.

Мақсатым – Құдайдың Сөзіне масаттана таңырқау. Сол себепті Киелі Кітаптың үзінділерін *The Message* аудармасынан келтіруім жиі. Таңырқау сезімі сізде де болса екен деймін. Киелі кітапты өз сөзіммен мазмұндаудан аулақпын, тек заманауи тілмен жеткізіп, керек тұстарында қосымша мәлімет беруге

тырысамын. Сіз де солай етіңіз, Киелі Кітаптың көңіліңізге қонған аудармасын оқып, рухыңызды сусындатыңыз.

Сіз сияқты, мен де есту қабілетімнен айырылғым келмейді. Ал еститін құлағымыз болса, мына нұсқауды орындамай қарап қала алмаймыз:

Ал сен, өзі үшін үндей алмайтындардың
Сөзін сөйлеп, ісін қорға байғұстардың.
Анық сөйлеп, әділ үкім шығаршы,
Жарлы мен мұқтаждың мүддесін қорғашы!

Нақыл сөздер 31:8-9

Сүлеймен патшаның анасы Вирсавия ұлын әділетсіздіктен зардап шеккендердің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтауға, оларға болысуға шақырады. Жақсы әйел туралы аяттарда да осы жөнінде айтылған (Нақыл сөздер 31:10-31 қараңыз). Сүлейменнің анасы сияқты, біз де ер-азаматтарды үні шықпайтындардың сөзін сөйлеп, зарын жеткізуге жігерлендіреміз бе? Құдайдың алдында біз – әрі патша, әрі діни қызметкерміз. Сондықтан, басқалар үн-түнсіз қалса да, біздің үніміз естілетін болсын.

Мен әжемін, ұрпағыма шын мәнінде маңызды мұра қалдыратыныма сенімді болғым келеді. Кейінгі кезде ғалымдардың зерттеулері бірауыздан көрсетіп жүргендей, әйелдердің тең құқылы болуы әлемдегі кедейлікті, тіпті терроризмді де болдырмас еді. 2001 жылы Дүниежүзілік банк “Құқық, ресурс, дауыс теңдігі арқылы жыныстардың қарым-қатынасын жетілдіру” тақырыбына терең зерттеулер жүргізді. Онда әйелдердің құқықтарының тапталмауы – әлемдегі мұқтаждықтарды жеңудің түпқазығы екені айтылады. “Қыз балаларға білім беру дамып келе жатқан елдердегі ең ірі қайтымы бар инвестиция болып табылады, – дейді сол кезде Дүниежүзілік банкте бас экономист болған Лоренс Саммерс, – мәселе сол елдердің осындай инвестицияға дайын не дайын еместігінде емес. Осыншама көп қыз балалардың білімсіз қалуының салдары қаншалықты ауыр болмақ, мәселе сонда”. Біріккен Ұлттар Ұйымы да өзінің Даму бағдарламасы аясында зерттеу жүргізіп, мынадай қорытындыға келді: “Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңеюі экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді”.

Қазіргі заманғы терроризм қауіпсіздік органдарының

қызметкерлерін жыныстарды зерттеуіне түрткі болды. Зерттеудің қорытындысы мынадай болыпты:

Мұсылман лаңкестік топтарының соншалықты көп болуы негізінен Құранға емес, ислам елдерінің экономикасы мен әлеуметтік салаларына әйелдердің үлес қосуы шектелгендігіне байланысты... Қыздарға тең құқық берілсе, лаңкестердің ықпалы тежелер еді.

Осынау өзекті, терең, ауқымды зерттеулерге көптеген қаражат пен күш жұмсалды. Құдайдың әуел бастан-ақ айтқанын ғалымдарымыз көптеген зерттеу жүргізіп барып қайталайтынына қайран қаламын. Әлемнің проблемалары белең алмай тұрғанда-ақ жауап дайын болатын. Сол жауап: әйел заты.

Содан кейін Құдай Ие: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас. Мен оған өзіне сай көмекші жасап берейін», — деді.

Жаратылыс 2:18

Ер адамның жалғыз болғаны жақсы емес. Өмірдің әр саласына әйелдердің араласуы тепе-теңдік әкеледі, әйелдердің үлес қосуынан ерлер де, әйелдер де, балалар да ұтады. Әлем жаратылғаннан бері солай. Тұйық мінез, оқшауланған саяқ өмір бар жерде “жақсы емес” нәрселер пайда болады. Адам қарым-қатынас үшін жаратылған. Әйелдерді кіргізбейтін, тек еркектерден тұратын әлдебір ұйымдардың көбеюі жақсылыққа апармасы хақ. Жаратылыстың басталуы кітабынан да, қазіргі заманғы зерттеулерден де ұғатынымыз – билікқұмар еркектер құрған мәдениеттердің астамшыл қырлары, ақылға қонымсыз заңдары көп.

Сіз бағынышты қалыпта болу үшін немесе басқаға кіріптар болу үшін жаралған жоқсыз. Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді ер-азаматтармен бірге біз де иемденеміз. Әйел заты – Құдайдың көп сауалға жауабы. Әйелдердің қоғам өміріне белсенді араласуы балаларға білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді, экономиканың өркендеуіне септігін тигізеді, тіпті, лаңкестік қаупін азайтады.

Енді әйелдердің не істей алатынын қарастырайық.

Өзімнің әйелдік болмысымды танып, бағалай бастағанымда түсінгенім, мен – екінші санаттағы біреу емес екенмін. Әке-

шешемнің қызы, күйеуімнің әйелі, балаларымның анасы ретінде мен – көп мұқтаждықтың жауабымын. Мен жауап болсам, айналадағы апа-сіңлілерім де – осы әлемнің әлдебір мұқтаждарына жауап болғаны ғой. Құдайдың көзқарасында біз екінші санаттағы адамдар емеспіз. Қымбатты оқырманым, адамзат проблемаларының тірі шешімі болуға мүмкіндігіңіз бар.

Шет елдерге барып, осы қарапайым ақиқатты кәрілі-жас әйелдерге айтқанымда, олар осы естігендерін шын жүреппен қабылдайды. Әйелдер жолдауымды тебірене тыңдайды да, “мен – жауаппын” деген сөздерді сеніммен жариялайды.

Осы сәт – әйелдер үшін ақиқаттың ашылу әрі ой-өрістің кеңею сәті. Олар енді өзінің әйелдік болмысын Құдай жаратқан қалпында көре бастайды.

Алайда, көзқарастың өзгеруі – өзгерістердің бастамасы ғана.

Әйелдердің ықпалы экономиканы өркендетумен шектелмейді. Біз маңызды шешімдер қабылдауға дағдыланған сайын, қоғамдық өмірге, саясатқа, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына, яғни өмірдің барлық салаларына қосар үлесіміз арта береді. Адам құқықтарын қайта қарастырып, әйелдердің адамзаттың тең бөлігі екенін жариялаймыз. Әйелдер мен балаларды ешкім тәлкек ете алмайтын, олар тең құқыққа ие болатын, жаңа қоғам ұйымдастыру жолдарын бірігіп жоспарлаймыз.

Құдай Әкенің қызы туралы білетінім мынау:

Ол көрікті, ақылды, қабілетті.

Оның өмірі оқшау емес, басқалардың өмірімен тығыз байланысты.

Құдай оны сүйеді, ал шайтан жек көреді.

Дүниенің қай бұрышында да ол көпе-көрнеу немесе бүркемеленген қысымшылық көруде.

Ал жан-жақты қолдау көрсететін қоғамда өмір сүрсе, өзіндік стратегиясы болса, Құдайдың қызы қандай болар еді?

АРЫҢДАҒАН КҮШТІ ОЯТЫҢИЗ

Life Outreach ұйымының қызметкерлерімен бірге Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде және Үндістанда болдым. Сондағы жағдайды өз көзіммен көріп, талай тағдырлармен таныстым. Сол сапарда жиналған деректер естіген адамның шекесін

шымырлатады. Камбоджа, Таиланд елдерін, Мумбаи қаласын аралап жүргенімде жоқшылықтың азабын тартқан, сексуалдық құлдықтың құрбаны болған талай адамды көрдім. Сонымен қатар, түрлі ұйымдар күш қосқанда, жеке адамдар жомарттықпен үлестерін қосқанда, зарлаған жандардың өмірінде үміт шырағы жанатынын, тағдыры түзелетінін көрдім.

Ұйымдардың да, жеке адамдардың да бірлесе әрекет етуі – заман талабы.

Украинада болғанымда, құрбым екеуіміз ресторанда таңғы асымызды ішіп отырған болатынбыз. Әдемі жас қыз кірді. Таңырқайтын жай емес, өйткені, Украинада сұлу әйелдер көп. Алайда, қыздың жанында алпысты алқымдаған ер адам бар. Қыздың киімі ашық-шашық, аяғында тым биік өкшелі туфли. Жасы он сегіздер шамасы. Біздің үстелімізге таяу орналасқан үстел басына жайғасты. Қыз сүт қатпаған қара кофені ұрттап, терезеге самарқау қарап отыр, еркек асын қомайғайлана жұтуда. Официанттар өзара сыбырласып, қыз жақты қолымен нұсқап күлді. Біраздан соң тағы бір орта жастағы ер адам қосылды. Көзімнен жас шығып кете жаздады. Қыздың тұлғасы мен бет-жүзіне қарасаң, “мен кіммін? мұнда неғып отырмын?” деген кейпі бар. Ақысы қымбат жезөкше екені анық. Алайда, менің көріп тұрғаным – біреудің махаббатқа әбден зәру болған қызы. Оны осылай киіндіріп, өмірін ойыншыққа айналдырып отырған, нәпсіқұмар еркектердің ортасына отырғызып қойған – шайтан.

Сексуалдық құлдықта болған бірнеше әпке-сіңлілеріммен сөйлескенім бар. Иә, олар – біздің әпкелеріміз бен сіңлілеріміз! Олар жезөкше болуды өздері таңдаған жоқ; олар – зұлымдықтың құрбаны, өмірін сақтап қалу үшін күрескен адамдар.

Индиядағы жаңбырлы ұзақ кештердің бірінде әйелдердің жаралы жүректерінен шыққан әңгімелерді тыңдаған едім. Олар Life Outreach ұйымының кішкене пәтерінде жиналған болатын. Хикаясын айтқанда бірі көзінің жасын тия алмай, енді біреулері тастай қатып, қатулана отырып, айтты.

Әйелдер өздерінен сыр тартуымның себебі неде екенін білгісі келді, білем. Алыстағы Америкадан келген мына әйелдің оларға жаны ашиды ма? Әлде іштей жазғырып отыр ма екен? Алдарында отырған бейбақтардың жағдайын түсіне алады ма? Қол ұшы тиеді ме?

Өмірбаянын бүкпесіз айтып беруге бел буған әйелдерді бірі (есімі Сэма болсын) әңгімесін Непал еліндегі алақандай ауылда өткен балалық шағынан бастады. Кеудесі асқақ арманға толы бала анасымен арадағы кикілжіңнен әбден жалыққан болатын. Сэманың шешесімен тағы да салғыласып жүргенін естіген нағашы ағасы баланы оңаша алып шығып, сөзге тартты. Сэманы Мумбаиға алып кететінін, онда қыз бала білім алып, арманына қол жеткізетінін айтты.

Мұндай ұсыныстан бас тарту мүмкін емес.

Таң қылаң бере Сэма көкесімен бірге ауылдан жасырын шығып кетті. Екеуі ұзақ та қауіпті сапар шегіп, Непалдан Үндістанға өтті. Мумбаи шаһарына жетіп, жол бойындағы жұпыны қонақ үйге тоқтады. Шаршаған бала шырт ұйқыда жатқанда, ағасы оны сатып жіберді.

Сэма көзін ашып, бірнеше бөтен еркекті көрді. Ағасы алған ақшаның ақысын Сэма қайтаратын кез келді.

Содан кейін Сэма жезөкшелер үйіне жеткізілді. Қараңғы бөлмеге қамалды, болашағы бұлыңғыр. Жергілікті тілді білмейді. Есік ашылды. Бөлмеге клиент кірді. Сэма қарсылық көрсетіп еді, төрт әйел келді де, зорлық аяқталғанша Сэманы тырп еткізбей ұстап тұрды.

Сэманың жасы ол кезде он үште еді.

Уақыт өте берді. Сэма үнді тілінде әжептәуір сөйлейтін болды, қарызын өтеп шықты, бизнеске епті екенін байқады. Барар жері, басқа амалы жоқ, жезөкшелер үйіндегі қызметі жоғарылады. Енді ол жезөкшелер үйін өзі басқаратын болды. Өрімдей жас қыздарды тауар етіп, сауда-саттыққа салды. Оларды құлдықта ұстау Сэманың кәсібіне айналды. Қыз балаларды зорлауды, қарсылық көрсеткендерді өлермен етіп сабауды ұйымдастыратын.

Осы әңгімені тыңдап отырып, сенер-сенбесімді білмедім. Бүгінгі Сэма жезөкшелер үйінің иесі емес, орта жастағы салиқалы әйел еді. Ізгі хабарды естіп, өмірін Исаға арнапты. Қашып кетудің реті келгенде, Сэма жезөкшелер үйінен сытылып шығып кеткен екен. Қазір ол қыз балаларды сексуалдық құлдықтан құтқару жолында талмай еңбек етуде.

Әңгіме үстінде Сэмаға бірнеше сұрақ қойдым. Соншалықты жексұрын кәсіпке қалай бел буғанын түсінгім келді. Үрейі ұшқан он үш жасар қыз болғаны есінен қалай шығып кетті? “Сэма, жап-

жас қыздарды ұрлау, зорлау, ұрып-соғу сияқты зұлымдықтың басы-қасында жүруге дәтің қалай шыдады?” дедім

Ауыр күрсініп, басын шайқап: “Тірі қалуым үшін ... сондай іске баруға тура келді” деді.

Тірі қалу. Осымен ғана шектелетін адамдар қаншама...

Адамзаттан аластатылғандар мекенінде жүргендеймін. Дәрменсіздік пен үмітсіздік жайлаған тар, лас көшелер. Қисайған лашықтар тұрғындарына қауіпсіз пана болуға жарар емес. Бүркемеленіп, жезөкшелер үйіне де кіріп көрдім.

Батыс елдерінде мақсатсыз, бағдарсыз, уақыттарын бейсауат өткізіп жүрген әйелдерді көрдім. Өздерінің кім екенін ұмытқандықтан, қаражатты босқа шашып жүрген әйелдерді көрдім. Мен проблемаларды өз көзіммен көрдім, мәселелердің шешілгенін де көремін деп үміттенем.

Осы тұста “Half the Sky” атты кітаптан үзінді келтірмекпін. Осынау шабыт берер жолдарды мұқият оқып шығыңыз.


Тарихи даму әйелді арқасына жүк артқан тірі ағза немесе нәпсіқұмардың ойыншығы ролінен шығарып, жетілген тұлғаға айналдырады. Әйелдерге тең құқық берудің артықшылығы мен экономикалық тиімділігі сонша, оған көзі жеткен халықтар сол жолды таңдайды. Жақын болашақта сексуалдық құлдық, намысқа бола адам өлтіру, газ қаруын қолдану дегендер Қытайдағы қыздардың аяғын таңып, өсірмей тастау сияқты өрескел дәстүрдің ғайып болғанындай жоқ болады. Өзгерістер тезірек жүзеге асса дейміз. Өйткені, игі өзгерістің кідіргені – қор болған талай қыздың тәлкек болған тағдыры. Сол тарихи өзгерістерге көрермен ғана болмай, өз үлесімізді қосып, атсалысайық.

Бәрімізге қойылған сауал – осы. Кітабымды осы аянға сіз де ортақ болсын деген мақсатпен жаздым. Сөздерім бойыңызда мүлгіп жатқан арындаған күшті оятсын деп мінәжат етемін. Арыстанның күшіндей құдіретке бөленіп, қайда барсаңыз да, Құдайдың кереметтерін бірге ала жүресіз деген үміттемін. Сонда біз бұл дүние бұрын-соңды көрмеген қозғаушы күшке айналамыз!

Сергек әрі қауіпті

“Момақан” әйелдер тарих барысын өзгерте алмайды.

ЛОРЕЛЬ ТЭТЧЕР УЛЬРИХ



Арыстандардың өмірі жайлы көбірек мәлімет алмақ болып, осы жануарлар туралы қолыма түскен мақалалар мен кітаптарды оқып, DVD, ғылыми-көпшілік фильмдерді, тіпті, YouTube-тегі клиптерді көріп шықтым. Қаншырлардың түрлі жағдайларда, өмірінің түрлі кезеңінде қалай әрекет ететінін зер сала бақыладым. Бір рет Африкалық сафариге де барып көргенім бар. Дегенмен, етене араласпаған адам болған соң, арыстандар жайлы білімім шектеулі. Қазірдің өзінде өзімді білімі жетік сарапшы дей алмаймын, таңырқаған зерттеуші деуге көбірек келемін.

Ғылыми-көпшілік фильмдердің бірінде бір еркек арыстан мен екі қаншырды Оңтүстік Африканың шалғай өңірлеріне көшіру жайлы айтылады. Арыстан екі қаншырдың көмегімен жаңа алқаптарда өз билігін орнатып, Оңтүстік Африканың кең даласына осы үшеуі қожайын болды.

Арыстандарды алыстан бақылау үшін еркек арыстанның мойнына электронды қарғыбау тағылған болатын. Екі жыл өткеннен кейін арыстандарды бақылау тоқтатылады, сондықтан қарғыбау да алынуы тиіс. Оған қоса, қарғыбау – арыстан жалының емін-еркін өсуіне кедергі. (Арыстандар бір-бірінің

қайратын жалына қарап мөлшерлейді. Күш сынасып, мекен алқабын тартып алуға боларлық жау ма, өзін бүктеп салар алпауыт па, соны бәсекелесінің жалына қарап шамалайды. Жалы тым қалың өссе, түгі ұзын болса, қобырайып үлкен болып көрінеді. Ондай жал – мойынды қапсыра тістеуге кедергі, қалың жалды арыстанды жауының жеңіп шығуы екіталай).

Екі жыл бұрын мойнына қарғыбау тағылған арыстан бүгінде баяғыдай жуас та қорқақ жас арыстан емес. Енді ол – аңдардың патшасы, сұсты жыртқыш. Екі қаншырдың қолдауымен ол жаңа алқаптарды иемденіп, үйірін жауларынан қорғай алатынын талай рет дәлелдеген айбатты жануар. Жабайы, еркін өмірдің дәмін татқан, қайратына ғана сеніп күн көруге әбден еті үйреніп алған. Адамның қолына тірідей түспек емес. Мойнындағы қарғыбауды алу үшін рейнджерлер арыстанды ұйықтатып тастауға мәжбүр болды. Олар жануардың қайда жүргенін анықтады да, сол жерге жетті, арыстанды көздері шалғаннан кейін, оған ұйықтатып тастайтын дәрісі бар оқ атты (мұндай оқтар денеге еніп кетпейді, шағын жебе тәрізді, сыртынан қадалады). Өздері қауіпсіз арақашықты сақтады. Бірінші оқ арыстанның аздап мазасын алуға ғана жарады. Денесі сәл дір етті де, рейнджерлерге бұрылып қарады. Екінші оқ атылды. Енді арыстанның алпамсадай денесі теңселіп барып, жерге еріксіз жата кетті. Рейнджерлер іске кірісті. Жолсыз жерде шоқалақтаған көлік, бұталардың арасымен арыстан жатқан жаққа ұмтылды. Міне, жетіп те қалды.

Рейнджерлер “джиптен” түсе бергенде күтпеген кедергі пайда болды. Жоқ жерден ұрғашы арыстанның келе қалғаны. Арыстанның терісінің түсі құм мен сарғайған шөппен бір түстес, хайуан осы сәтке дейін рейнджерлердің көзіне түспей, төңіректе жүріпті. Енді ол жолды бөгеп дәл алдарында тұр. Төңіректе жүрген қаншырдан адамдар бейхабар болғанымен, қаншыр адамның келгенінен бейхабар емес-ті. Арыстанның жығылғанын көрген ол, таса жерден шығып, адамдардың жолын кесе көлденең бөгеп тұр. “Мен бармын” деп, серігінің жалғыз еместігін адамдарға білдіргісі келгендей. Қимылсыз жатқан арыстанға рейнджерлерді жолатпақ емес. Ызалана ырылдап, әрлі-бері мазасыздана жүреді. Құлағын тігіп, арқа жүнін дүрдитіп алыпты. Сес көрсетіп, атылуға дайын тұр.

Дәрінің әсері таусылмай тұрып, арыстанға жетіп, қарғыбауды

алу керек. Уақыт өтіп барады. Ортада — жолды кес-кестеген жыртқыш. Ұйықтататын дәрісі бар жалғыз оқ қалған. Арыстанға жету үшін қаншырды ұйықтатып тастау керек! Снайпер мылтығын абайлап алып, қаншырды көздеді. Кішкене жебеше жануардың денесіне қадалды. Ұрғашы арыстан ақырып, адамдарға қарай атылды да, сол сәт құлап түсті. Сауырына қадалған жебешені ауыр денесімен басып қалды. Рейнджерлер қимылсыз жатқан арыстанға жақындап барды. Демдері іштерінде. Сыбырлап қана сөйлеседі. Дәрінің әсерінен екі арыстан да тырп ете алмайды. Бірақ бәрін біліп жатыр. Адамдардан көз айырмай, әр қимылын бағып жатыр.

Рейнджерлердің бірі жатқан арыстанның желке тұсынан жақындап барып, өткір бәкісімен қарғыбауды тіліп түсірді. Арыстанның денесіне қадалып тұрған қос жебешені де суырып алды. Рейнджерлер жылдам шегініп, қаншырдың жанына келді. Мына алып мысықтардың бірі есін жимай тұрғанда, істі тындырып, тайып тұру керек. Ұрғашы арыстан бір қырын жатыр, сүт бездері ісіген, буаз екен. Рейнджерлер оның жамбас жағын көтеріп, сауырындағы жебешені алып тастады.

Осы кезде еркек арыстанның ырылы естілді. Тұрмаққа әрекет етіп жатыр, бірақ қиралаңдап, құлай береді. Рейнджерлер жылдам қимылдам, артына бұрылып қарамастан, көлігіне жетті. “Джиптің” моторы от алды да, көлік орнынан қозғалды. Қорқынышты сәт артта қалды. Осы сәтте бағдарламаны жүргізген адамның үрейден өзгеріп кеткен даусы қалпына келді. “Ояу жатқан арыстанға жақын барғаннан қауіпті нәрсе жоқ!” деді ол.

ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН МӘСІХШІЛЕР

“Ояу” және “қауіпті” деген екі сөздің қатар келгенін құлағым шалды. Арыстандар секілді, біз де сергек әрі қауіпті болсақ ше? Көптеген адамды торлап алған түнекке сонда ғана қарсы тұра аламыз.

Қымбатты оқырман, дұшпанымыз бізден өлердей қорқады, сондықтан бізді тоқтату үшін қолынан келгенінің бәрін істейді. Сергек болсақ, ояу болсақ, бізге жақындап келіп, қолымызға кісен сала алмасын біледі. Құдайдың тапсырмасын орындай алмайтындай етіп, ұйықтатып тастаса ғана, опасыз қанжарын

қадай алатынын біледі. Ұйқыдан оянайық, сергек болайық, кім екенімізді есімізге түсірейік, адам жанының дұшпанына төтеп берейік.

КҮННЕН КҮНГЕ

Осыны іске асырыңдар, себебі қандай заманда өмір сүріп жатқанымызды білесіңдер: қазір рухани ұйқыдан оянып, сақ болатын уақытымыз келді. Біздің Мәсікке сене бастаған кезімізден гөрі қазір құтқарылуымыз жақынырақ тұр. Түнгі уақыт бітуге таяп қалды, ал Мәсіхтің күні жақындады. Сондықтан қара түнектегі жаман істерден бас тартып, жамандыққа қарсы тұратын «нұрдың қаруын» асынайық! Күндізге жарасатындай әдетпен өмір сүрейік: шектен тыс той-думанға, маскүнемдікке, неке адалдығын бұзуға, азғындыққа, дау-дамайға әрі күндестікке салынбайық! Одан да Иеміз Иса Мәсікке беріле түсіп, Оны үлгі етіңдер. Ескі болмыстарыңның күнәлі құмарлықтарын қанағаттандыруды ойлаудан бас тартыңдар!

(Римдіктерге 13:11-14)

Осы ескертудің келесі тұстарына назар аударыңыз: күнделікті күйбең тіршілікке беріліп, өздеріңе-өздерің тым көп міндет артып, өздеріңді-өздерің қажытпаңдар. Күнделікті өмірдің күйбеңі уақытыңды жалмайды, ақырында өзіңді қалжыратып, қалың ұйқыға батырады. Сергек болсақ, Құдайдың істеріне дайын болсақ, қай кезде не істеуіміз керек екенін білетін боламыз! Өмірімізді босқа өткізіп жүрген кезіміз артта қалды. Енді етек-жеңімізді жинап, шайқасқа дайын жүруіміз керек. Оянатын кез баяғыда-ақ келген!

Жақында құрбыммен сөйлестім. Әңгіме барысында бәріміздің мүлгіген қалыптан шығуымыз керектігіне тағы да көзім жетті. Құрбым жұбайы екеуі бір танымал раввинмен арада болған әңгімені айтып берді. Ол кісі Америка еврейлерінің ауыр жағдайына қапалы көрінеді. Ас үстінде мұңын шағыпты. Раввин көптеген синагогалар мен конференцияларда уағыз айтады. Америкалық еврейлерді мәсіхшілер үшін, олардың бірігіп, ықпалын күшейтуі үшін мінәжат етуге шақырады. Америкадағы

ат төбеліндей аз еврейлердің өздерін қорғап қала алмайтынын ұайымдайды екен. Оларға тек мәсіхшілер араша түсіп, қолдау көрсете алады. Белең алып бара жатқан антисемиттік баскөтерулер мен мәсіхшілерге көрсетіліп жатқан қысымға тек мәсіхшілер қарсы тұра алады.

Қазіргі кезде көптеген мәіхшілер селқос, самарқау күйде. Немесе дүниеде не болып жатқанынан тіпті бейхабар. Мұның себебі – сенушілер Құдайдың жалындаған Ізгі хабарының орнына жалған тыныштық беретін, күнәкарларды құтқаруға талаптандырмайтын, тоқмейіл Ізгі хабар тыңдап, оны өздері де таратып жүргеннен болар? Қимыл-қозғалыстың, рухани іс-әрекеттің аздығынан қалғып кеттік пе, әлде қалғып емес, қалың ұйқыға баттық па? Діни өктемдік немесе күнәға деген жеңіл-желпі көзқарасымыз аяғымыздан шалып, сүріндірді ме? Сезімдеріміз бен реакцияларымыз неліктен ескірген пышақтың жүзіндей мұқалып қалған? Құдай бізді оятып, “сергек әрі қауіпті” болуымыз үшін сілкіндірмек пе, қалай ойлайсыз? Шынында да солай болса, бұл алғаш рет болып тұрған жағдай емес.

Израил халқы шөл даланы қырық жыл кезгенін білеміз. Уәде етілген жер соншалықты алыс емес еді. Бірақ олар иен даланы адасқан қойша шарлады. Бірде жолдан адасып, күңкілге салынған кездері болды. Күндіз бұлтқа еріп, түнде отты бағананың тоқтаған жерінде қостарын тікті. Олар көшбасшысы Мұсаға біресе бағынып, біресе қарсы шықты. Дегенмен, Израил халқы Уәде етілген жермен іргелес жатқан Моабтың елсіз алқаптарына келіп қонғанда, бұл хабар маңайдағы халыққа тегіс жетті. Ұзақ жылдар шөл даланы кезген, соғыс өнерінен бейхабар көшпенділер жергілікті тұрғындарға айбынды жасақтай көрінді.

Израил халқы енді құлдық езгіге еті үйренген тобыр емес. Олар өздерінің патшалық құруға таңдалған халық екенін, Құдайдың халқы екенін ұғынған. (“Израил” сөзі “Құдайдың ханзадасы” дегенді білдіреді). Иен даладағы қырық жылғы көшпелі өмірден кейін олар отырықшылыққа дайындала бастаған еді. Алайда, әлі де олар өздерінің кім екенін жете түсіне қоймаған. Есесіне жергілікті елдердің патшалары да, халқы да, Балағам пайғамбар да біледі: Израил халқы құлдықтан қашқан босқын тобыр емес, Құдайдың рақымы түскен халық, Жаратқан Иенің меншігі, айбынды сарбаздары.

Өздерінің кім екенін терең түсінбегендіктен, айналасындағы халықтарға дұрыс көзқарасы болмағандықтан, Құдайдың халқы бағыт-бағдардан айырылып қалды. Ұстамдылықтан айырылып, мүлт кетті. Уәде етілген жерге кірерден бұрын ағаттықпен күнәкарлармен келісімшарт жасасты. Олардың қателіктері бүгінгі біздерге – ескерту: өзінің кім екенінін, Құдайдың жоспарындағы орнын ұмытқан сенушіге зор қауіп төнеді.

Құдайдың нұсқауларын мұқият ұстанбаған халық азғындап кетеді. Израилдің ер-азаматтары Балағамның ақылымен жіберілген моабтық қыздармен азғындық жасай бастады (Руларды санау 25:1-2; 31:16; Аян 2:14 қараңыз). Моабтық әйелдер Израилдіктерді өздерінің жалған тәңірлеріне арнаған құрбандықтарына шақырды. Израилдіктер солардан дайындалған тамақты жеп, моабтықтардың жалған тәңірлеріне иіліп табынды. Осылай израилдіктер пеғорлық Бағал атты жалған тәңірге мықтап беріліп кетті. Бұл сұмдық адасу еді. Жаратқан Иенің қаһары Израил халқына қарсы лаулады, індет тарады. Діни қызметкер Елазардың ұлы, һаронның немересі Пінехес қауырт әрекет етіп, күнәкарларды жазалады. Індеттен қаза тапқандардың саны жиырма төрт мыңға жеткен еді. Одан кейін мықты жау – Мадияндықтармен шайқас болды. Құдай Мұсаға халықты санап шығуды бұйырды. Израил әскері жаңадан жасақталды.

Алайда, жау Израилді жеңе алмады. Израил Құдайдың сөзін бұлжытпай орындап жүргенде, қай жауынан да мерейі үстем болды. Жаратқан Иенің айтқанынан шықса болды, Құдайдың қаһарына ұшырайды. Халық тәубесіне келіп еді, жаза тоқтады. Алайда, сол мезетке дейін жиырма төрт мың адам індеттен көз жұмған еді.

Осыдан қандай сабақ алуға болады? Дұшпан біздің мүлгіген қалыпта – яғни, жасық, енжар немесе мүсәпір күйде – қала бергенімізді қалайды. Ол қолынан келмесе, сенушілерді арамдануға, жалған тәңірлерге табынуға итермелейді. Ұйқылы-ояу мәсіхшілер қандай болады? Олардың сенімі төмендегідей ойлардан көрініс табады:

- «Дүние құрдымға кетіп бара жатыр... Құдай бізді аспанға тезірек алып кетсе екен, осының бәрінен құтқарса екен».
- «Күйеім екеуіміз басқа жұбайлар жұбының жыныстық қатынасын көрсететін видеоны көріп, үйренсек, онда тұрған не бар?»

- «Қорқынышты! Сондықтан көзімді жұма қояйын (есінейді), ақыры көзімді жұмдым ғой, енді ұйықтап алайын”.
- «Пендеміз ғой, жұбайым менің сексуалдық қажеттілігімді қанағаттандыра алмайтынын Құдай да біледі ғой. Олай істеуге болмайтынын білемін, дегенмен, Құдай кешірімді ғой...»
- «Бұл адамның президент болуы үшін дауыс берген жоқпын. Ол үшін мінәжат етпеймін».
- «Сексуалдық құлдық пен адамдарды сауда-саттыққа салу – нағыз трагедия. Дегенмен, ол басқа елдердің проблемасы, солай емес пе?»
- “Гаити мен Чилиде болған жер сілкінісінен осынша адамның мерт болуы – қайғылы жағдай. Ауқатты адамдардың сол елдерге қаржылай көмектескені дұрыс болған екен”.

Өзіміздің кім екенімізді ұмытқанымызды көріп, ызадан жылағым келеді. Біздің өміріміз – өз меншігіміз емес, өміріміз де, өзіміз де – Құдайдың меншігіміз. Біз – Құдайдың Өзі үшін, Иеміздің мақсаттары үшін бөлініп алынған, Құдайға арналып бағышталған адамдармыз. Біз – бет-бетімен шашыраған, күнін әрең көріп жүрген, күнәнің шырмауынан шыға алмай жүрген, Құдайдың шын мәнінде бар-жоғын да анық білмейтін, жетім босқындар емеспіз. Біз – Мәсіхтің біртұтас Денесіміз, жеңіске жетіп масаттану үшін, кереметтер үшін жаралғанбыз. Осыны әпкелеріміз бен сіңлілеріміздің барлығы түгел біле бермейді, өкініштісі сол!

СЕН – ПРОБЛЕМА ЕМЕССІҢ, СЕН – ЖАУАПСЫҢ

2005 жылы *«Fight Like a Girl»* атты кітабым жарық көрді. Кітаптың негізгі ойы – “сен Әкенің қызысың, проблема емессің, мәселенің шешуісің”. Қолыңыздағы кітапты жазу барысында *«Half the Sky»* атты өзекті де, мазмұнды кітапта көтерілген мәселелер жайында көп ойландым. Кітаптың авторлары *«Әйелдер – мәселені туындатушылар емес, шешушілер»* деп мәлімдейді. Кітапты жазған – ерлі-зайыпты журналистер Николас Д. Кристоф пен Шерил Вуданн, Пулитцер премиясының жүлдегерлері. Кітаптың мақсаты – әйелдер құқығының теңдігі, әйелдердің білім беру саласындағы, экономикадағы үлесі сияқты

өзекті мәселелерге көпшіліктің назарын аудару, санасын ояту. Кітап бұқаралық ақпарат құралдарының, танымал тұлғалар мен белсенділердің назарынан тыс қалмағаны қуантады.

Әйелдер мен еркектердің теңсіздігі сияқты мәселені шешуге қауымның білек сыбана кіріспегені дұрыс емес. Сондықтан, әлгі мәселелерді мен де көтеріп отырмын. Көне Өсиет пайғамбары Жүніс есіңізде ме? Кемедегілердің барлығы дүлей дауылға қарсы тұруға жұмылған сәтте ол трюмдағы бөлмесінде ұйықтап жатты. Әлемді шайқамақ болған сұрқия әділетсіздікпен күресте алдыңғы шептен табылуға тиіспіз. Алайда, Жүністен айырмашылығымыз сол, кемеізді мұхит толқындарында допша лақтырған өткінші дауыл емес, бірінің үстіне бірі толассыз келіп жатқан апаттар. Табиғи апаттар жер бетін жайпап кетіп жатқанда, қаржылық дағдарыстар экономикаға ауыр соққы болып тиіп жатыр. Әлемді әділетсіздік жайлаған заман. Адамзатқа төнген қауіп-қатер күн санап артып келеді. Әлемнің жалғыз үміті – мәсіхшілер. Құлдыққа сатылғандар, жүрегі жаралылар, айықпас науқастар, адасқандар – барлығының көзі бізде. Тым кеш болмай тұрғанда, іске араласуын сұрап, Құдайға талмай жалбарынудың орнына, қалай ғана қалғып-мүлгіп отырмыз? Алайда, қауымдағы адамдар көбісі күнделікті тыныс-тіршілікке шырмалып, ұйқылы-ояу күйде жүр, енді біреулерінің мәнсіз сөзталастан қолы босамайды.

Құдай Жүніс пайғамбардың есін жиғызып, Ниневияның күнәкар тұрғындарын құтқармақ еді. Дауылды да сол мақсатпен жіберді. Құдай адамды қиын жағдайда тастамайды. Алайда, Жүніс Ниневияға төнген қатердің бетін қайтаруға атсалысқысы жоқ-ты. Құдайдың нұсқаған жағынан қарама-қарсы бағытта бара жатқан кемеңің трюмына тығылып, ұйықтап қалған болатын. Сонда Құдай кемеңі шыр-көбелек айналдырған дауыл жіберді. Қашқын мінген кеме адуын толқындарға төтеп бере алмасы анық еді. Құдайдың тапсырмасын орындаудан Жүніс не себепті сонша қашты? Пайғамбар ниневиялықтарды құтқаруға тұрарлық адамдар деп санамаса керек. Жүніс те, Ниневия да құтқарылғаннан кейін Құдай мен пайғамбардың арасында болған әңгімеге назар аударайық:

Алайда Жүніс бұған қатты ренжіп, ашуланды. Ол Жаратқан Иеге сиынып былай деді:

— Уа, Ием, мен осылай болатынын елімде жүргенде-ақ айтпап па едім? Сондықтан да тездетіп Тарсиске қарай қаштым. Сенің рақымды да мейірбанды Құдай екеніңді білгенмін: Сен тез қаһарлана қоймайтын төзімдісің, берік сүйіспеншілігің шексіз зор. Пәле жіберемін деген райыңнан қайтуға да дайынсың.

Жүніс 4:1-2

Жүністің пікірінше, Ниневия шаһары Құдайдың қаһарына ұшырап, жазасын тартқаны – әділ болар еді. Пайғамбардың ойлағаны әділдік болса, Құдайдың көздегені – рақымшылық. Жүніс адам толы шаһардың жойылып кетуін қам көрген жоқ, ал шақырайған ыстық күннен пана болған ағаштың құрап қалғанына әжептәуір күйінді.

Құдай оған:

— Бұтаға бола ренжіп, ашулануға қандай қақың бар? — деген сұрақ қойды. Жүніс:

— Менің тіпті өлгенше ашулануға қақым бар, — дегенде, Жаратқан Ие оған былай деп жауап берді:

— Сен осы бұтаны ешқандай өңдеп, өсірмедің. Ол бір түнде өсіп шығып, келесі түні жоқ болды. Солай болса да, бұтаға сенің жаның ашиды. Ал Ниневиде жақсы мен жаманды айыра алмайтын жүз жиырма мыңнан астам халық, сондай-ақ көптеген мал да бар. Ендеше осы үлкен қалаға қалайша Менің жаным ашымайды?!

Жүніс 4:9-11

Міне! Дәл осылай біз де Құдай алдында ненің шын маңызды екенін ұмытып жүрген жоқпыз ба? Құдайымыз бағалайтын нәрселерді емес, өз өміріміздің жайлы да қауіпсіз болуын ойлап жүрген болармыз, бәлкім? Осы дүниенің құрдымға кетіп бара жатқаны көктегі Құдайды тіпті де қуантпайды. Адасқандарды құтқарып қалу – Жаратқан Иенің арманы! Мүмкін, сіздің жаныңыздағы адамды Құдай құтқармақ шығар. Олай болса, айналамыздағы адамдардың ешқайсысын құтқарылу мүмкіндігінен айырмайық. Бойыңыздағы арыстанның айбатын оятып, адамдарды жазғырушы емес, құтқарушы болыңыз, сол үшін мінәжат етемін.

Құдайдың үндеуін естіп, әрекет ететін кез келді. Жаратқан Иеміз бізге Ізгі хабарды әлемге таратуды сеніп тапсырды. Арамызда сүйіспеншілік болсын. Жесірлер мен жетімдердің, жарлы-жақыбайдың қамы – біздің міндетіміз. Әлемдік проблемалардың шешілуі біздің – Көктегі Әкенің қыздарының қолында. Кәрі демей, жас демей, бәріміз атсалысайық. Арадағы алауыздықтан бас тартып, Құдайдың тапсырмасын орындауға жұмылайық.

Басқа сенушілерге түсіністікпен қарау кейбіреулерімізге әлі де қиын. Енді біреулер жан жараларынан әлі күнге дейін айыға алмай жүр. Тағы да бір сенушілер доктриналдық келіспеушілікке басып, басқа конфессиядағы мәсіхшілерге кінә тағуда.

Сүйікті оқырмандарым, теңізге лақтырылған Жүніс пайғамбардың кебін кимейік, Израил халқы тәрізді қырық жыл бойы шөл даланы кезуге жазбасын. Есімізді жияйық, оянуымыздың құны сондайлық қымбатқа түспесін! Әлемде болып жатқан зұлымдықтан теріс айналмайық, көзімізді тайдырмай тік қарайық, ащы шындық ұйқымызды шайдай ашсын. Жүректері лаулап жанған, дүниені өзгертуге бел буған адамдардың көтеріліп келе жатқанын рухани көзіммен көріп тұрмын.

БАСҚАЛАРҒА ҮЛГІ БОЛЫҢЫЗ

Осы кітапты жазу барысында редакторым рухани ұйқыдан оянған әйелдің қолынан не келетінін көсетпек үшін сондай әйелдерді мысалға келтіруімді сұрады. Алайда, “сергек әрі қауіпті” әйелдердің хикаялары әлі жазылуда, сондықтан әйгілі әйелдерді мысалға келтірумен шектелгім келмейді. Жеке дара да, бірлесе де әрекет етіп, зұлым күштерге қауіп төндіретін мәсіхші әйелдердің қозғалысы қандай болатынын әлем әлі-ақ көреді деп сенемін.

Құдай маған сенуші әйелдердің арасына ояныш әкелуді тапсырды. Осы сөзін екі рет қайталады. Толықтай оянғанымызда не болатынынан бейхабармын. Бір білетінім, біздің оянғанымыз – түнек үшін қауіпті де, періштелер алдында салтанатты болады. Осы жайлы ойланғанымда, түйетінім, мәсіхші әйелдерді айбатты ана-арыстанға теңеуге әлі етіміз үйрене қойған жоқ.

Тағы бір байқағаным, көбімізге қай кезде не істеу керектігін басқа біреудің айтып отырғаны ұнайды. Алайда, сырттан нұсқау – Құдайға еріп, өзіндік бірегей жолымызбен жүруімізге бөгет. Біреудің ақылымен жүрсек, Құдайдың кереметтерінен айырылып қалуымыз ықтимал. Сондықтан, менің жолдауым “қалай?” деген сұраққа жауап бермейді. Көздейтінім – сіздің оянуыңыз, яғни, бойыңыздағы арыстан болмысын оятып, қайталанбас бірегейлігіңізге сай өмір сүре бастауыңыз. Ішіңіздегі оянған арыстанның қандай болатынын тек Құдай мен өзіңіз ғана білесіз.

Жақында әріптестерімнің әрқайсысынан ана-арыстан бейнесін қандай сипаттамалармен байланыстыратынын сұрап шықтым. Жауаптарында “сымбат” пен “аналық мейірім” сынды сөздермен “айбат”, “жанқиярлық” сөздері қатар келгеніне таңырқаған жоқпын. Ұйықтап жатқан арыстандарымыз оянса, осы қасиеттердің барлығы бойымыздан табылып, іс-әрекетімізден көрініс табар еді.

Киелі Кітапты оқып отырып байқаған боларсыз, Құдай пайғамбарларға, Өз қызметкерлеріне тапсырма бергенде, көбінесе, қайда барып, не істеу керектігін айтады да, оның мақсатын түсіндірмейді. Мысалы, Еліше пайғамбар жесір әйелге былай дейді: “...көршілеріңізге барып, бос ыдыстарын сұрап алыңыз, тек аз емес, барынша көп сұраңыз. Содан соң ұлдарыңызбен бірге үйіңізге қайтып, есігіңізді ішінен бекітіп алып, майыңызды сол бос ыдыстарға толтырып құйыңыз. Толғандарын бөлек алып қоя беріңіз» (4 Патшалық 4:3-4). Тапсырма түсініксіздеу. Алашағын алуға келген адам жесір әйелдің екі ұлын қарызының құны деп алып кетпекші. Бұл жағдайда көршілерден бос ыдыс алып, оған май құюдың не көмегі тиеді? Дегенмен, әлгі әйел пайғамбардың айтқанын бұлжытпай орындады. Енді Еліше оған: «Майыңызды сатып, қарызыңыздан құтылыңыз. Ал қалғанын күнкөрісіңізге жаратыңыз» деді (4 Патшалық 4:7).

Бірінші қадамды жасамастан екінші, үшінші, төртінші қадамды білгіміз келеді, Соның салдарынан қаншама кереметтерден құралақан қалып жүр екенбіз? Қолыңыздағы кітапты оқып шығып, мінәжат етіңіз де, ыдысыңызды Құдайдың алдына қойыңыз, ал өзіңіз сол ыдыстарды толтыруға Құдайға кедергі жасамаңыз. Құдайдан санаңызға ана-арыстанның өзіңізді

жігерлендірер бейнесін (өзіндік ерекшеліктерін, сырт пішінін, мінез-қылығын) қалыптастыруын сұраңыз. Өзіңізді ана-арыстанға, Исаны арыстанға теңеуден қорықпаңыз! Бағушымыз Исаның бейнесіне де, Құдайымыздың бізге деген Өзінің қойлары ретіндегі көзқарасына бұл кереғар емес. Біз шын мәнінде Құдайдың қойларымыз ба, әлде, Құдайымыз біздің бақташыға ерген қой тәрізді, Иемізге ергенімізді қалайды ма? Сол сияқты, Иса – біздің күйеу жігіт, ал біз бәріміз бірге – қалыңдықпыз. Бұл – аллегориялық бейне, көркем теңеу. Иса – біздің Бағушымыз, Патшамыз, Күйеу жігітіміз, Бауырымыз, Өзі – Құдай, Өзі – Адам, Өзі – Арыстан, Өзі – Тоқты, сонымен қатар, Алғашқы да, Соңғы да – Өзі. Біздің Өзі жайындағы ұғымымызды Құдай кеңейткісі келеді. Осыған қалай қарайсыз? Қолыңыздағы кітапты жеке түсінігіңізбен қабылдап, өзіңізге ғана тән ерекше күшке бөленгеніңізді қалаймын, бұл дүниеге деген сіздің ықпалыңыз да бірегей, қайталанбас.

ОЯТУҒА МІНДЕТТІМІН

Университетте оқып жүргенімде қыздар жатақханасында үлкен жатын бөлме бар еді. Ол бөлмені “дәліз” дейтінбіз. Бөлменің бұлай аталуының себептерін білмеймін, “дәліз” деп аталатындай, ғимараттың сыртқы жағында да емес, даладан кіретін бөлек есігі де жоқ. Сол “дәлізіміз” – екінші қабатта орналасқан ұзын, қараңғы бөлме. Ішінде қосқабат кереуеттер бар. Кереуеттердің біразы қабырғаға жапсарлас, енді біразы шымылдықпен жабылған терезелерге көлденең, қатар-қатар орналасқан.

Бір бөлмеде көп адам жататын болғасын, қоңыраулы сағат қолдануға рұқсат жоқ. Сондықтан, бірімізді-біріміз кезектесіп оятатынбыз. Сондай кезекшілікті жек көруші едім. Басқаларды ояту деген – жұмыстың жексұрыны мен үшін. Жатарда қыздар оянатын уақыттары мен есімдерін тақтайшаларға жазып, арнайы ұяшықтарға салып қоятын. Кезекші қыздардың қайсысы қай төсекте жатқанын білуге міндетті. “Дәліздің” жанында тағы бір кіші-гірім бөлме бар, онда қоңыраулы сағатын бұрап қойып, кезекші ұйықтайды.

Менің кезегім келгенде, сағаттың қоңырауын бірінші оятатын

адамымнан жарты сағат бұрын тұратын етіп қойып аламын. Ондағы ойым – жұрттан бұрын тұрып, душқа барып алу. Кезекшіліктің жалғыз пайдасы сол – ерте тұрып, кезексіз жуыну.

Қыздарды оятудың уақыты келгенде “дәлізге” барып, бірінші қызды оятамын. Келесі екі-үш сағат бойы арасына 15-30 минут салып, қыздарды бірінен соң бірін оятумен болам. Ұйықтап жатқандарды оятып алмауым керек. Арасында апыл-ғұпыл киініп, таңғы асымды ішіп те үлгеруге тырысамын. “Дәлізге” аяғымды абайлай басып кіремін де, қараңғы бөлмеде тұрған кереуеттерді мұқият санаймын. Керек кереуетті табамын да, ұйықтап жатқан қызды ақырын оятамын.

Кезеші болу – жауапты міндет, қыздардың дер кезінде оянуы кезекшіге байланысты. Бәріміз де сабаққа барамыз, емтихан мен бақылау жұмыстары тағы бар, маңызды кездесулерге де ешқайсымыз кешігіп барғымыз келмейді.

Бір жолы кезекшілік міндетімді дұрыс орындамай, қыздардың обалына қалдым. Жұмсақтығым мен жасқаншақтығымның салдары, жасы өзімнен үлкендеу кейбір қыздарды оятуға тіпті именетінмін. Қыздардың кейбіреулері ұйқылы-ояу жатып, бірдеңені күбірлейді, мен болсам, оянған екен деп әрі қарай кете беремін. Кейін, түскі ас кезінде ол қыз маған міндетімді дұрыс атқармағанымнан қандай жағдайға тап болғанын айтып, сөгіп тастайды. Ұялғанымнан қателігімді қайталамастай болдым. Алған сабағым – қыздардың кейбіреуін жақсылап тұрып сілкілеу керек, енді біреулеріне қолыңды жайлап тигізгенің жеткілікті, сыбырлап қана есімін атасаң, оянып кететіндер де бар. Біреулер ояна салып, рахметін айтып жатса, енді бірі ұйқылы-ояу жатып, өзіме ұрысады.

“Иә, иә, ояндым” деп, жанынан кетуім мұң екен, қалың ұйқыға батып кететіндер бар. Бәрінен жаманы сол. Көзін ашып, төсегінен тұрғанша жанынан кетпеу керек ондайлардың.

Тағы бір қауіп – байқамай басқа қызды оятып алу. Аяғымды қанша абайлап бассам да, жоғарыда, не көрші кереуетте жатқан қызды оятып жіберген кездерім болды. Байқаусызда оянып кеткен қыз қараңғыда қолымнан ұстап, селк еткізеді де “Ояндым! Есімімді тізімнен шығарып таста, мені оятудың қажеті жоқ” дейді.

Кезекшілерге мені ояту оңайға түспейтін. Күңкілдеп ұрысып жатып алатындардың бірі мен болатынмын. Қайталап келіп оятпаса, тұрмайтынмын. Дегенмен, ережені жақсы білемін.

Кезекші екі рет оятқанда, тұрмасаң, өз обалың өзіңе, үшінші рет ояту деген жоқ. Сондықтан, кезекші жанына екінші рет келгенде, тұру керектігін қыздардың бәрі біледі. Оятқан адамым төсегінен тұрып, қимылдай бастаса, міндетімді орындағаным, әрі қарайғысына мен жауапты емеспін. Оларды ояттым, енді өз қамымды жасауым керек.

Мейірімді Әкеміз студенттердің жатақханасындағы ережені ұстанбайды, әрине. Құдайымыз соңғы сәтке дейін бізді оятуды тоқтатпайды, дегенмен, тезірек оянуымыздың маңыздылығын терең сезінгеніміз дұрыс. Ұйықтап жатқан әйелдерді оятпақ болған жолдауды жандарындағы басқа әйелдер естіп, ұйқыларынан сергігенін көріп тұрғандаймын.

БАТЫЛДЫҚТЫ ОЯТУ

Қазір де, студенттік дәурен баяғыда артта қалса да, кезекшімін, әйелдерді оятудамын. Және осы жолғы ояту мен ояну әлдеқайда маңызды, ұйықтап қалудың құны әлдеқайда жоғары. Қараңғы бөлмеде, қатар-қатар тізілген кереуеттердің арасында әпкелерім мен сіңлілерімді оятып жүргендеймін. Олардың оянып, ұйқысы ашылғанына көз жеткіземін де, әрі қарай жүре берем. Кейбіреулер атын сыбырлап атасам-ақ, көзін ашып алады да, орнынан тұра бастайды.

Басқаларды ұйқыдан ояту міндетін орындап жүрген жалғыз адам емеспін, оны білемін. Құдайдың әрбір қызын оятудың өзіндік тәсілі мен амалы бар. Мысалы, маған тапсырылғаны – сіздерге батыл әрі көркем бейнелерді көрсету. Айбынды сұлулық жөніндегі аянды санаңызға сіңіруіңіз үшін, бойыңыздағы батылдықтың оянуы үшін, ұйқыңыз шайдай ашылып, не істеуіңіз керектігін анық білуіңіз үшін мінәжат етемін.

Қымбатты оқырманым, сіз адамзатқа керексіз, адамзатқа сіздің оянып қана қоймай, Құдай берген батылдықпен әрекет еткеніңіз керек. Мәсіхші әйел үшін батыл болу деген не? Құлақ тұндыра айқайлау ма, бет жыртысу ма, төбелес пе? Оның да өз орны бар. Бала-шаға, немереме, қауіп төнсе, оған да, керек болса одан да зорына барар едім. Ошия пайғамбардың кітабында Құдай Өзінің қаңарын ана-арыстанның айбаты мен қонжығынан айырылған аюдың ашуына теңейді.

Оларға қонжықтарынан айырылған ұрғашы аюдай бас саламын да, кеуделерін жарып тастаймын. Оларды арыстандай жалмап, жыртқыш аңдай жыртамын.

Ошия 13:8

Мәссаған! Келтірілген аяттан батылдық ұғымының қатыгез, кәрлі сипатын көреміз. Алайда, батылдық қатыгездікпен шектелмейді. *“Батылдық”* сөзінің мағынасын толығырақ ашатын сөздер: «адуынды», «албырт», «қайсар», «табанды», «арынды», «пәрменді», «басқыншылыққа бейім». Осы сөздер бойымда тасыған сезімдерді дәл суреттейді. Сөз жоқ, жан-дүниемде бұрқылдаған қайнар бұлақ ашылғандай, күш-қайраттың бұлағы, бұлыңғырды анық қылған бұлақ.

Бұл күш аласапыран емес, нақтылық пен реттілік әкелетін, назарыңның шашырамай, жинаңқы болуына септігін тигізетін күш.

2007 жылдың қазан немесе қараша айы болса керек. Журнал оқып отырған болатынмын. Келесі бетте Таиландта кең тараған сексуалдық құлдық жайлы мақала жазылыпты. Мақаланы оқып шығып, кей тұстарын қайталап оқыдым. Осы жазылғандардың шындық екеніне сене алмай отырмын. Мынадай қатыгездік адамның қолынан қалай ғана келеді? Мынадай сұмдықтың болып жатқанынан осы уақытқа дейін қалайша бейхабар болғанмын? Көзімнің жасын тыя алар емеспін. *“Құдайым, осы мәселеге қатысты қандай да бір әрекет қолымнан келер болса, мен дайынмын”* деп мінәжат еттім. Осылай сиынып отырғанымда, ұйқыдан ояндым. Сол сәттен бастап, өмірім өзгере бастады.

Арада бірнеше апта өтті. Бірде маған *Life Outreach* ұйымының қызметкері хабарласты. *«Лиза, Таиландқа баратын команда жинап жатырмыз. Мақсатымыз – адам сату мен сексуалдық құлдық мәселесін қоғамқа жеткізу, мәселені шешуге қажет қаражат жинау. Команدامызға қосыл”* деді ол. Үш ай өткенде *Life Outreach* ұйымының адамдарды сатуға қарсы алғашқы жобасының аясында Таиландқа жол тарттық.

Сол күні, журналдағы мақаланы оқығаннан кейін мінәжат етпесем, қалай болар еді? Жаным ашып, жылап алып, журналды әрі қарай парақтай берсем ше? *Косметология*

саласындағы жетістіктер, арықтаудың жаңа әдістері, киімнің жаңа үлгілері жайлы мақалаларды оқып шығар едім. Құдайға сиынудың орнына, журнал оқып отыра берсем, жатар алдындағы мінәжатым да сондай жалынды болмас еді, тіпті мінәжат етпей ұйықтап қалар едім ғой. Сонда, осы мәселе жайлы келесі жолы естігенімде, «иә, естігем...бір журналдан оқыған болатынмын...Өкінішті-ақ!» деп қоя салар едім.

Алайда, оянған адам селқос қала алмайды. Оянып, сергек болу бар да, күйзеліп, уайымдау бар, осы екеуін шатастырмайық. Әлденені уайымдасаң, біраз уақыт қамығасың да қоясың, журналды әрі қарай парақтай бересің. Көңіл күйің өзгергенімен, рухани ұйқыңнан оянбайсың. Алайда, оянып, ұйқыдан сергіген адам мәселені көре тұра, қол қусырып отыра алмайды. Әкесінің үйінен ұрланып, жезөкшелер үйіне сатылған қыздар туралы оқығанымда, мінәжат етіп, Құдайға бұл сұмдықты тоқтату жолында не айтсаң да, орындаймын деп уәде бердім. Ояу адам солай етпек. Сол мінәжатымның арқасында іс-әрекеттің де реті келді. Басқа мүмкіндіктер де туатын ба еді? Солай шығар, алайда, Құдайға сиынбасам, мүмкіндікті өткізіп алмасыма кім кепіл?

ҚҰДАЙ СІЗДІ ШЕКТЕП ҚОЯЙЫН ДЕП ҚҰТҚАРҒАН ЖОҚ

Көктегі Әкеміз бізге Өзінің шексіз Құдай екенін көрсетеді. Ал осыдан кейін бізді шектеп қояды деп сенесіз бе? Керісінше, біздің кеудемізге Өзінің жүрегін салғысы келеді. Кристина деген құрбым бір жолы: «Құдай сені шектеп қояйын деп құтқарған жоқ!» деп тамаша айтқан еді.

Құдай өздерін мәсіхшілерше ұстай алатын адамдарға зәру емес. Әкеміз біздің іс жүзінде мәсіхші болғанымызды қалайды! «Мәсіхші» деген сөз «майланған немесе Мәсікке ұқсас адам» дегенді білдіреді. Иса жай ғана жақсы адам болу үшін келген жоқ; Ол «жақсылық жасау» үшін, езілгендерді азат ету үшін келді. Сіз ше? Құдай сізді қандай істерге майлады?

Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге тағайындады, сондай-ақ тұтқындарға босатылып, соқырларға көре алатындарын жар салуға жіберді. Жаратқан Ие мені езілгендерді

қанаудан азат етуге және Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға да жұмсады!

Лұқа 4:18-19, курсив автордыкі

Жаратқан Иенің Рухы Исаға осының бәрін жүзеге асыру үшін қонса, ал біз дәл сол Рұхтан туылған болсақ, біз де солай әрекет етуге, яғни: жарлыларға ізгі хабар жеткізуге, езілгендерді қанаудан азат етуге және Құдайдың мейірімділік жылын жариялауға тиіспіз! Әрбір жыл – әрекет етуге қолайлы, Құдай батасын берген жыл. Әкеміз Исаның атынан әрекет ете бастағанымызды әлі де күтуде.

Осындай тапсырмаларды орындау “қолға үйретілген” сенушілердің қолынан келмейді. Құдайдың күні бойы тәтті нан пісіріп, биязы әйел болуды үйренуден қолы босамайтын шаруабасты қыздарының қолынан да келмейді. Нан пісіргенде тұрған ештеңе жоқ, әрине.

Дегенмен, одан аса алмасақ, тарих барысын өзгертуге Құдай бізді қолдана алмайды. Тараудың басында келтірілген дәйексөзді тағы да қайталамақпын:

“Момақан” әйелдер тарих барысын өзгерте алмайды.

– ЛОРЕЛЬ ТЭТЧЕР УЛЬРИХ

Осы сөздер мені бейтарап қалдырмады. «Ал, қайтесің?» деп тұрғандай. Бұл оқырманды бұзақылыққа итермелеу емес. Өмірдегі өзгерістер үйреншікті нәрселерге деген қалыптасып қалған көзқарасымызды өзгертуден басталады.

1955 жылы, 1 желтоқсан күні қара нәсілді тігінші әйел Роза Паркс автобуста ақ нәсілді адамға орын беруден бас тартты. Сол кездегі заң бойынша, қара нәсілділер автобустың арт жағындағы арнайы орындарға ғана отыратын, ал ақ нәсілділерге орын жетпей қалса, қара нәсілділер оларға өздерінің орнын беруге міндетті еді. Розаның бұл қылығы сол кездегі мәдениеттің де, автобус жүргізушінің де талабына қарсы келді. Дегенмен, бір әйелдің әділдікті таңдауы, орнын басқа адамға беруден бас тартуы сияқты елеусіз қадамы бүкіл қоғамдық санада өзгеріс басталуына түрткі болды. 1955 жылы Монтгомери қаласында болған бұл оқиға автобус бойкотына, кейін нәсілдік теңдік үшін кең көлемді күреске ұласты. Тарих барысын өзгерту сол

кеште Розаның ойында болған да жоқ, сірә. Бәлкім, ол адамдық құқығының тапталуы мен Құдай берген қадір-қасиетінің қорлануынан әбден шаршаған болар.

Дебора, Жаил, Тамар, Естер, Барсәбия, Әбигел, Рахаб, Мәриям жайлы не дейміз? (Бұл Киелі Кітаптағы мысалдар ғана, мұндай мысалдар өмірде жетіп артылады).

Халықты өзге ұлттық қанаушы-патшаға қарсы бас көтеруге шақырған, шайқаста ерлермен үзеңгілес болған Дебораны момақан әйел дей аламыз ба? Замандастары олай ойламаса керек-ті. Сисара қолбасшы тоғыз жүз темір соғыс күймесін және күллі жасақшыларын жинап алып, Дебора бастаған қолға қарсы шықты. Алайда, Дебораны жеңе алмады. Исраил жасағын басқарған ержүрек Барақтың өзін күмән билегенде, Дебора Құдайдың сөзіне қалтқысыз сеніп, нұсқауын орындаудан танған жоқ.

Жаил ше, ол туралы не ойлайсыз? Шатырының қазығын суырып алып, жаудың самайына қадағаны дұрыс па? Сисара ұйықтап жатқанда, полицияға хабарласып, жауын биліктің қолына тапсырса да болар еді ғой. Болса, болар да еді. Бірақ, Жаил олай етпеді. Құдай Жаилдың осылай әрекет етуді таңдағанына түсіністікпен қарады. Кейін, жеңіске жеткеннен соң халық Жаилдың ерлігін жырға қосты, атын аңызға айналдырды.

Тамарды да еске алайық. Екі мәрте жесір болған әйел бетін жасырып жауып алады да, жезөкшелерше әрекет етіп, қайын атасын торға түсіреді. Сөйтіп, Яһудамен төсектес болып, одан егіз ұл табады. Тамардың бұл ісі – естіген адамды есеңгіретердей қылық. Оны осы іске бастаған – Құдай дей алмаймыз. Тамардың өз таңдауы бұл. Алайда, осынау епті әйелдің ұлы Мәсіхтің шежіресінен орын алды, ал өзінің аты әділ адамдардың арасында аталады.

Естердің заманында патшаның алдына тек патшаның өзі шақырған адам ғана бара алатын еді. Бұл заң қалтқысыз орындалатын. Тілазарлығына бола Астин патшайым патшалық мәртебеден айырылып, сарайдан қуылған болатын. Жаңа патшайым Естер оны білмеді емес, білді! Алайда, ел басына күн тұған сәтте басын қатерге тігіп, патшаның бұйрығын бұзуға бел байлады.

Барсәбия күйеуі соғыста жүргенде, Дәуітпен жақын болды. Бірақ дана Сүлейменнің анасы да – сол Барсәбия болды. Рахаб – өзінің патшасын алдап, үйіне жау жансыздарын жасырған жезөкше. Алайда, Иерихон құлағанда, сенімге негізделген осы ісімен отбасын аман алып қалды. Кейін Рахабтан туған Боғоздың есімі Дәуіт патша мен Иса Мәсіхтің шежіресіне жазылды. Әбигел күйеуіне айтпай, Дәуітпен келіссөз жүргізіп, бітімге келді. Бірақ онысымен ауыл-аймағын құтқарып қалды әрі болашақ патша Дәуіттің жүрегін жаулап алды.

Мәриям қыз некесіз бала көтеріп, Құдайға Ұл туып берді. “Оң жақта отырып, жүкті болғаным – масқара емес пе?! Құдай некем қиылып, жұбайыма қосылғанымша күте тұрар, сонда ел-жұртқа масқара болмаймын” десе ше?

Осы әйелдердің барлығын осындай іске ешкім мәжбүрлеген жоқ, еріктері өздерінде болды. Тарих олардың шешімі дұрыс болғанын дәлелдейді. Көкіректері ояу, жүректері жалындаған әйелдер еді олар.

Сен де сергек әрі қауіпті болсаң ше? Қалай әрекет етер едің? Тарих барысына ықпалың тиер ме еді? Ұйқысынан оянып, ұрпағын төнген қауіпті тойтаруға дайын тұрған ана-арыстандай боласың ба? Отбасымызға, қоғамға, әлемге төнген қауіп-қатерге қарсы тұрамыз ба? Ояусың ба? Жүрегіңде жалын бар ма?

Қорқыныш пен таңырқау

Тамаша жаралдым ...Керемет ғажап —
жасаған істерің...

ЗАБУР ЖЫРЫ 138:14



Ұ

рғашы арыстандар айбатты да сымбатты. Қимылдары дәл, жинақы, бұлшық еттері шымыр. Өзінің де, ұрпағының да өмірі ақылы мен қайратына қарап тұрғанын әрбір ана арыстан біледі. Терісі жылтырап, әрбір қимылына ерекше сән беріп тұрады. Бізге ұқсап, терім салбырап кеткен жоқ па, құйрығым тым ұзын емес пе деп уайымдамайды. Тіпті бірінен-бірі аумайтынын да ойлап, қам жемейді. Келбетіне толықтай риза.

Ана-арыстандар ғажап!

Онысын өздері біледі де. Еркін жүрген арыстандарды көріп, бақылағанымда, солай деп ой түйдім. Адамдар мен арыстандар сөйлесе алатын болса, біздің өзімізге-өзіміздің баға беруіміз бен арыстандардың өзіне-өзі деген көзқарасының айырмашылығы аспан мен жердей екенін көрер едік. Меніңше, ана-арыстанмен арадағы әңгіме былай болар еді:

– Ана-арыстан, сен ғажапсың!

– Иә, солай. Не істей алатынымды көрсетейін бе?

Көрсетші, – дейміз қызығып.

Міне қара, – дейді ол. – Қарап тұр.

Ол табанын көтеріп, тырнағын шығарады. Қайран қалып, қарап тұрмыз.

– Күшіктеріме немесе үйіріме тамақ тауып бермек болсам, осы шеңгеліммен бір соғып, антилопаны құлатып түсіремін. Енді қара! – дейді де, тырнағын жасырады. Табаны жұп-жұмсақ. – Осы табаныммен күшіктерімді ойнатып, еркелетемін.

Өзіміздің көптен күтім көрмеген тырнағымызға қараймыз да, көзімізді төмен салып, бас изейміз.

– Тісімді қарашы, ұнайды ма?! – дейді енді ана-арыстан.

Арыстан тісін ақситқанда, үркіп, кейін қарай шегінеміз.

– Осы тістің көмегімен жаудан қорғана алам, жемтігімнің омыртқасын үзем, етті жұлмалап жеймін. Және осы тісіммен күшіктерімді денесіне бір жарақат салмастан көтеріп алып жүре алам.

Бұған да бас изеп қоямыз.

Осы тұста ана арыстан рахаттана керіліп:

– Айбынды да сымбатты – тамаша жаратылғанмын ғой! – деп түйеді.

Рас, ана-арыстанның сымбаты сұқтандырса, айбаты үрей туғызады.

Енді бір сәт тоқтай тұршы... сен де сондайсың.

Тамаша жаралдым ...Керемет ғажап — жасаған істерің...

Забур жыры 138:14

Арыстандар жайлы білгеніңді есіңде сақтай отырып, осы аятты менімен бірге дәл қазір дауыстап оқып шық. Айналаңдағы басқа адамдар сияқты, сен де шебер Жаратушының қолынан шықтың. Сен де ғажап жаратылғансың. Анамыздың құрсағынан іңгәләп шыққан сәтімізден өміріміздің соңына дейін біз – Құдайдың асқан шеберлікпен жаратқан жауһарымыз.

Ана арыстанмен арада болған әлгі әңгімеге ұқсас әңгіме әйелдердің арасында болғанын есіп пе едіңіз?

Екі әйелдің арасындағы әңгіме, көбінесе, мына тәрізді болады:

Не деген әдемісің!

Лебізіңе рахмет, бірақ мен кіші баламды көтергенде бойыма біткен артық салмақтан әлі күнге дейін арыла алмай жүрмін.

Бала тапқан (немесе басқа әйелдің босанғанын көрген) әрбір әйел біздің ғажап жаратылғанымызды ұғынған болар. Алайда, оны ұмытып кетеміз. Ал ана-арыстан ұмытпайды. Ана арыстанның сымбаты күш-қайратынан көрініс табады. Арыстанның көркі денесінің сырт пішінінде емес, көзге сұлу көрінуінде емес, күш-қуатында, дененің мүмкіндіктерінде. Күш-қайратында күмән жоқ, сондықтан сұлу екені де сөзсіз. Ана-арыстан денесінің ғажап әлеуетін біледі әрі соған рахаттанады. Сол арқылы Жаратушысы мадақталады. Ақылда ды қайратты жануар жас арыстандарды да сондай болуға баулиды.

Іс-әрекетіміздің сұлу әрі қарымды болуы маңызды. Дене сымбатын айтып тұрған жоқпын. Күнделікті шаруамызға да мығым, рухани жағынан да білікті болуымыз керек, соны айтамын. Сонда ғана Құдайдың қай тапсырмасына да дайын боламыз. Ана арыстанға ұқсас боламыз десек, қайратты болуымыз да шарт. Бойымыздағы күш-қайратты жете бағаламайтын, дұрыс қолдана алмайтын кездеріміз жиі кездеседі екен. Жақында соған көзім жетті.

ҚАТЕ “ЖАТТЫҒУ”

Біржолғы адасқаным туралы сіздерге айтып бермекпін, сол адасқаным бір аптаға созылған еді. Австралияға барып қызмет еттім. Бәріміз қатты шаршадық. Жексенбінің кеші болатын, сол күні бес жиналыс өткіздік. Конференцияны ұйымдастырған қызметкерлердің басқосуына бардым. Конференцияның ойдағыдай өтуі солардың ерен еңбегінің арқасы болатын. Бірнеше күн шала ұйқы болған біздер мол дастархан басына жиналып, Құдайдың мейіріміне бөлендік. Қуанышты көңіл-күй, әзіл-қалжың, күлкі.

Осылайша, арқа-жарқа мәз болып отырғанымызда бір қызметкер әйел ойындағысын айтты: “Жұрттың бәрі менің көрегендігімді, әлдебір нәрселерді бұлжытпай дәл сиппаттай алатынымды айтады. Сен туралы бір түйгенім бар, кімге ұқсайтыныңды білемін”.

– Кімге? – деп сұрадым.

Мүдірместен:

– Айнымаған Сара Коннорсың, – деп жауап берді.

Естігенімді санама сиғыза алмай біраз отырдым да:

– Тоқтай тұршы... оның шашы сары емес пе? – деппін, Сара Коннорға ұқсассың дегені оғаш көрініп.

– Шашын айтып тұрған жоқпын, – әлгі әйел басын шайқады. – Бет пішіні мен сымбатын айтамын. Сараныкі сияқты сенің де денең шымыр, – деп, қолымен Сараның бұлшық етті денесін көрсеткендей ишара жасады.

Шымыр денелісің дегені рас па?

Әңгіме шынымен де арамызда жүрген адам туралы емес, кинокейіпкер жайлы. Солай болса да, мына сөз ойымды баурап алды. Бұл теңеу тым асыңқы болса да, енді Сара Коннорға ұқсас болғым келеді! Басымды изедім. Біреудің мені сондай сымбатты да қайратты әйелге теңегені көңіліме жағады, әрине. Бұл теңеуді ішіме түйіп қойдым да, елге оралған соң *“Терминаторды”* қайта көрмек болдым.

Ұлым Алекке:

– Сара Коннордың суреттері мен бейнеклиптерін тауып бере аласың ба? Көруім керек. Жұрт мені Сараға ұқсатып жүр, – дедім.

Алек мына сөзіме күмәнданғанымен, Сараның суреттерін тауып берді. Үстіне киген қара майкасы бар, қолында автомат, көзінде дөңгелек әйнекті күннен көлегейлейтін көзілдірік. Тамаша бейне! Шымыр денелі, сымбатты Сара Коннордың жауына қатал нағыз қаһарман екені көрініп тұр. Жүзінен аналық мейірбандық көрініп тұр деп айта алмаймын. (Мен үшін маңызды нәрсе, өйткені, ана болу мен бала тәрбиелеу тақырыбына уағыз айтамын). Алайда, ананың қасиеттері түрлі жағыдайларда әрнешік көрініс табатынын бәріміз де білеміз ғой?

Айналаңды қаныпезер роботтар торуылдап жүрсе, бар мақсатың – балаңды солардан аман алып қалу болса, қайратты да жаужүрек болу, қаруды қолдана білу міндет. Сараның аналық махаббаты осындай көрініс тапты деп ойладым.

Сонымен қатар, Алек бірнеше бейнеклип тауып берді. 1980-жылдарда түсірілген осы бір видео маған өшпес әсер қалдырды! Мотоциклмен зымырап келе жатып, бір қолымен автоматын қайта оқтаған, психиатриялық аурухананың палатасында төсекті аударып қойып, жаттығу жасап жатқан Сара Коннордың бейнесі өте әсерлі! Клипті көріп отырып, айбынды Сараның бейнесіне өзім еніп кеттім!

Сол кезде өзіме-өзім: *“Лиза, өміріңде ең болмаса, бір рет турникке тартылып па едің?”* деген сұрақ қойғанымда, әрі қарайғы ақымақты сонда-ақ тыйып тастайтын едім.

Жоқ! Ақыл тоқтатып, өзіме-өзім байсалды сұрақ қойып, есімді жиюдың орнына, қиялға берілдім кеп. Сараның жасаған жаттығуларын көргенімде, менің де қолым соншалық күшті, мен де турникте солай тартыла аламын деп сеніп қалмасым бар ма. Қиялымда дәл Сарадай болмасам да, соған таяу спортшымын. Өмірімдегі ең шыныққан шағым – оқушы кезім болатын. Мектеп бітіру емтиханында турникте әрең дегенде бір рет тартылғаным бар. Оның өзі – аяғымның астында крокодилдер құжынап жүр деп елестеткенімнің арқасы. Енді соның барлығы ойымнан ұшты-күйлі шығып кетіпті.

Екі иығымның екеуі де бұрынырақта жарақаттанған болатын. Бір иығымды шаңғы теуіп жүргенімде құлап, зықымдап алдым. Екінші иығымды қалай жарақаттағанымды айтпай-ақ қояйын, өз ақымақтығымнан болған нәрсе.

Сонымен, белтемірде бірде-бір рет тартылмаған екенмін! Бірақ оны ескеретін мен емес! Сараның қолынан келген жаттығулар менің де қолымнан келмек.

Енді Сараға сырттай ұқсас болумен шектелмей, Сараша әрекет етуге көшпекпін. Суперқаһарман-әйелдің алғашқы әрекетінің өзі жемісті болуының себебі неде? Өйткені сын сағатта ол қайратты әрі баласын қорғауға дайын, батыл болып шықты. Міне! Қиын-қыстау кезде мойымай, қайта, қайратын шыңдай түсетін әйелдер маған ұнайды. Сара екеуіміз сондаймыз. Сарамен арадағы ұқсастығымыз барған сайын байқала түсуде!

Қиялға беріліп, бұрын-соңды істемегенімді істедім: *Gold’s Gym* деп аталатын фитнес-клубқа телефон шалдым.

Телефонды көтерген қыз клубта жұмыс істейтін білікті бапкер туралы айтты. Ол кісінің телефон номерін алдым.

Қуанғанымнан есім шығып, Роберттен бүгін бос сағаттары бар-жоғын сұрадым. Көз алдыма бірнеше жеке жаттығудан кейін Сараның егіз сыңары болып шыға келгенімді елестеттім. Үш-төрт жаттығу жеткілікті болар... Иә, Сараның егізі болатыныма күмән жоқ. Шашымыздың түсі ғана өзгеше болады, өйткені, шашымды Сараныкіндей сары түске бояғым келмейді. Дегенмен, қолымның бұлшық еттері білеуленіп, тура Сараның

қолындай болады, ол үшін жаттығу жасауға ерінбеспін.

Роберт бірнеше сағаттан кейін маған уақыт бөліп, шама-шарқымды байқап көруге дайын екенін айтты.

Байқап көрейін деген сөз есімді жиғызуы керек еді, бірақ олай болмайды. Шат-шадыман күйімде трубканы қойдым да, Алекске ырғақты өлеңдер табуды тапсырдым. Өлеңдер жиынтығы дайын болғанда, “Жаттығу залына бара жатырмын. Менімен бірге баратындарың бар ма?” дедім.

Екі ұлым таңырқаған күйі менімен бірге жүретін болды. iPod-қа жүктелген музыка бар, көңіл күйім көтеріңкі. Келесі жолы майка киемін, Сара Коннорға ұқсастығым айқын көрініп тұрсын!

Осылай, жігерлі қалпымда жаттығу залына уәделі уақыттан ертерек жеттім. Болашақ бапкерімді алыстан көзім шалды. Жаңа шәкіртімен танысқанда дән риза болатынын ойлап қоям. Мақсатқа өзі де жақын тұрған адамды жаттықтыру бапкеріме де ұнамай қоймас.

Сол сәттегі ойларым осындай болатын!

Роберт басқа әйелді жаттықтырып жүр екен, алыстан бас изеп, жүгіру жолына тұрып, жаттығуды бастай бер деп ишарат білдірді. Бапкерімнің клиенті – өзім қатарлас әйел екен. Және, Сара Коннорға менен гөрі, сол әйел ұқсас екен.

Білеуленген бұлшық етті, денесін күн қақтаған. Майкасы мен камуфляж түстес шалбарына дейін Сарадан айнымайды. Осы сәтте жүрегім бірдеңе сезгендей бүлк ете қалды. Жаттығу залының самаладай шамдарының жарығында қолдарымның болбыр екенін байқадым, терісі бозғылт, тіпті көкшілдеу көрінді.

Тоқтай тұрыңыз! Қорқынышқа бой бермек емеспін!

Қолым бостау болса, мен де күн қарыған келіншек болар едім. Осыны ойладым да, жүгіру жолының тетігін бұрап, жылдамдығын арттырып қойдым. Әріберіден соң бұлшық еттерім білеуленіп, сымбатым кіре бастайды. Бір-екі рет жаттығу залына келсем, күн көзіне бірер минут қыздырыпсам, мен де дәл сондай келбетті боламын.

iPod-ымдағы музыканы қостым да, жаттығуымды ынталана жалғастырдым.

Біраздан кейін бапкерім жаныма келді де, жылы қабақ

танытып, “жаттығуды он бес минут жалғастыра беріңіз, мен алдыңғы клиентпен жұмысымды аяқтаймын да, келемін” деді.

Он бес минут деді ме? Рас па? Жүгіру жолында сегіз минут жаттығу жеткілікті дегенді оқып едім бір жерден, сол есіме түсті. Дегенмен, бірінші күннен бастап жаттықтырушымен сөз таластырғым да, ол кісінің көңілін қалдырғым да келмеді. Сондықтан, басымды изедім де, жаттығуды жалғастыра бердім.

Он бес минут өтті-ау әйтеуір. Жүгіру жолынан әрең түсіп барып, таразы жаққа қарай беттедім. (Салмағымды өлшеуді ұмытып кетіппін, бапкерге бұл мәлімет керек болады ғой). Сонымен, залдың таразы тұрған тұсына қарай жүріп келем, орта жолда әлгі шымыр денелі әйелмен қатарластым. Ол ентіге сөйлеп:

– Роберт сені де жаттықтырады ма? – деп сұрады.

Шөлмегімнен су жұттым да, басымды изедім.

– Бұл Роберт мені әбден зорықтырды! – деді ол, баспалдақ тәрізді тренажерде алқына адымдап жүріп. – ауыр жаттығуға үйреншіктімін, алайда, Роберттің тапсырмалары менің өзіме ауыр.

Кідіріп қалдым.

– Сенің шыныққан адам екенің көрініп тұр ғой...

Сөзді әрі қарай жалғастыруға әлі жетпегендей, басын ғана шайқап. Жаттығуын жалғастыра берді.

Роберт залдың арғы бұрышында тұр екен, қол бұлғап, кеңсесіне шақырды. Жаттығу залына кіргендегімнен мысым басылып қалған, кеңсеге қарай аяңдадым.

– Салмағымды өлшейін деп едім, – дедім.

Менің салмағымды сұрайын деген Роберт жоқ. Оның білгісі келгені – мен қаншалықты күштімін.

– Сүлгің бар ма?

– Жоқ, – дедім де, жаттығу жасағанда терлей қоймайтынымды айттым. Шындап жаттыққан емеспін десем, дұрысырақ болар еді.

МАЙҒА БӨККЕН АРЫҚ ӘЙЕЛ

Сол күнгі оқиғалар қаз-қалпында жадымда сақтаулы деп айта алмаймын, бірақ есіме түсіріп көрейін. Сынақ бөлек бір бөлмеде өтеді деп күткен едім, алайда, бапкер мені залдың нақ ортасына

алып келді. Бос орын таптық. Роберт маған “ондық” жаса деді.

Еденнен он рет кеудемді көтеруім керек деп түсіндім. Бірақ бұл жаттығуды нақты қалай орындауым керек?

– Кеуде көтеруді қыздарша, қолымды орындыққа тіреп орындаймын ғой, солай ма?

– Жоқ, кәдімге еденнен кеудені көтеру деген жаттығу, – Роберт қолындағы қарындаштың ұшын маған қаратып, салқын жауап берді.

Еденге етпетімнен жаттым да, әупірімдеп, қолым дірілдеп кеудемді он рет көтерген болдым.

Бапкерім тыныс алдырмастан, не болмаса “жарайсың, Лиза!” дегендей бір жылы сөз айтпастан:

– Енді жиырма бес рет шапалақ соғып, секіруің керек.

Сәл абдырап қалдым. Шапалақ соғып секіру – қиын жаттығу емес, бірақ қалай орындалатынын ұмытып қалыппын.

– Шапалақты қай кезде соғуым керек? – деп сұрадым.

Роберт жауап бермеді.

Қолымды жоғары көтеріп, шапалақ соғамын да, секіремін. Жаттығуды қолымнан келгенше дұрыс орындауға тырысып бақтым. Ебедейсіз қозғалып жүріп байқаймын, залдағылардың көзі менде. Балаларымның өзі маған қарап күліп отыр, бастарын шайқап қояды.

– Енді тағы бір ондық, – деді Роберт.

Ентігімді баса алмай, уақыт ұтсам ба деген оймен:

– Кеуде көтеру ме, секіру ме, әлде басқа жаттығуды айтасыз ба? – дедім.

– Еденнен кеуде көтеру, – тағы да сол салқын жауап.

Жерге етпеттеп жаттым. Бұл жолғым тіпті қиынға соқты. Қолым дір-дір етеді. Денемді еденнен көтермек болып жанталасқаным – аянышты көрініс болса керек.

Роберт тағы да:

– Жиырма бес секіру мен шапалақ, – деп бұйырды.

Бұл жолы жаттығуды дұрыс орындамақ болып:

– Шапалақ соғарда қолымды жоғары көтерем бе? – деп сұрадым.

Дауысым қатқылдау шықты.

– Өзің біл... Баста! – деді ол.

Өзің білі несі! Бұл маңызды сұрақ қой! Мен үшін де, дүйім жұрттың алдында масқара болып жатқан анасына қарап, жерге кіріп кетердей ұялып тұрған ұлдарым үшін де маңызды.

Масқараның көкесі әлі алда екен. Залдың басқа тұсына келдік, мұнда да адам көп. Енді отырған қалпымда аяғымды көтеруге тиіспін. Бұл жолы жаттығудың қалай орындалатынын білемін. Құрылғынын үстіне шықтым, нұсқау күтіп отырмын.

— Аяқ көтеру. Он бес рет.

Аяғымды беліме дейін көтеріп, ішімнен сымбатыма сүйсініп қоямын.

— Олай емес! — деді Роберт. — Аяғыңды тік ұста... және мына деңгейге дейін көтер. (Қолымен биіктікті көрсетті).

Аяғымды бар күшіммен сермеп, көтерсем де, Роберттің қолы көрсеткен тұсқа жеткізе алмадым.

— Жоғарырақ көтер, — деді Роберт.

Он бес деді ме? Қалжыңы шығар? Бұл жаттығуды бір рет те дұрыс орындай алар емеспін. Роберттің қолына аяғымды бір рет жеткіздім бе, жоқ па, білмеймін. Ол қолын жоғары көтере берсе керек.

Осыдан кейін гантель көтеру болды ғой деймін. Әрі қарайғысы есімде сақтала қоймапты.

Роберт гантельдердің ішінен керегін таңдап жүргенде, сәкіге отыра кеттім. Бір жарым килограмдық қос гантельді алып, Роберт келгенде, күлімсірей қарадым. Осы жолы күшімді көрсетермін.

— Роберт, менің көтеретінім – алты килограмдық гантельдер, — дедім.

Гантельдерді дірілдеген қолыма алдым. Алақандарым терлеп кеткен.

— Былай көтер, — деді Роберт.

Басымды изеп, іске кірістім.

— Жоқ, олай емес. Міне, былай көтер, — деді де, қолымды оңтайлап қойды. — Қолыңды осы қалпында ұстап, жоғары-төмен қозға.

Не болғанын білмеймін! Гантельдерді бірнеше сантиметр биіктікке ғана көтердім! Бәлкім, алдындағы жаттығулардан қолым құрысып қалса керек. Тағы талпынып көрдім, тағы сол.

Аңырап Робертке қарадым, бірақ ол жеңілдеу гантель іздеп кетіпті. Жеңілдеу емес-ау, ең жеңілін. Бұл қалай?

— Шынымды айтам, алты килограмдық, кейде тіпті жеті килограмдығын да көтеріп жүрмін, — дедім күбірлеп.

— Дұрыс көтермегенсің ғой, — деп түйді Роберт.

Бұл азабым бітті-ау әйтеуір. Роберттің кеңсесіне келдік. Ентігімді баса алар емеспін, аяғым дір-дір етеді. Сара Коннорға ұқсаспын деген ойым зым-зия жоғлан!

Сынақтың бірде-бір жаттығуын дұрыс орындай алмадым. Роберттің қабағы қатулы. Салмағымды сұрап, жазып алды. Қандай жарақаттарым болғанын сұрады. Анкетаның «дене бітімі» деген тұсына «унисекс» деп жазып қойды. Оң жақ тізем мен сол жақ иығым бұрын жарақатталғанын айттым. Роберт мәліметтерді анкетаға жазып алды. Сосын *Nintendo ойынының джойстигінен айнымайтын бір құрылғыны қолыма ұстатты.*

— Мынаны екі қолыңмен ұста, — деп нұсқау берді Роберт. — Бұл құрылғы денеңе электр тогын жібереді де, бойыңдағы майдың үлесін анықтайды.

Құрылғының тетігін басты, бірнеше секундтан кейін экранда цифрлар пайда болды.

Шыққан нәтижеге таңырқаған жоқпын. Алайда, денемдегі майдың көптігіне Роберт қайран қалды.

— Мүмкін, құрылғыны дұрыс ұстамаған шығармын, — дедім.

Өлшеуді қайта жүргіздік. Бұл жолғы нәтиже алғашқыдан асып түсті.

— Құрылғыңыз сынып қалды ма екен? Әлде қатты терлеп, денем көп ылғал жоғалтқаннан ба?

Дәл осы сәтте кеңсеге ұлым Алек кіріп келді.

— Мен де өлшеп көрейінші, — деді ол.

Мәссаған! Оның денесіндегі майдың үлесі небәрі 5,2% болып шықты.

— Сенікі қанша болып еді, мам? — деп сұрады балам.

Жауап берместен, шығарып жібердім.

Роберт басын шайқап, бір парақ қағаз алып шықты. Қағаз бетінде екі сурет бар. Көлденең кесілген бір кесек ет сияқты. Бірі арық, екіншісі семіз. Мен екіншісі екенмін.

— «Майға бөккен арық адам» дегендер болады. Сен де

солардың бірісің, — деді Роберт.

Мына сөз шымбайыма батып кетті. Қарсыласып көрдім. Белсенді өмір салтын ұстанатынымды, бір сәт қарап отырмайтынымды айттым. Жаттығу залының кеңсесінде отырып, біреудің маған үйде отырған жалқау әйелсің дегенін көтермек емеспін!

Роберт түсініп отырмын дегендей басын шұлғыды.

— Соны айтам, үнемі қозғалыстасың, көп күш жұмсайсың. Ал денеңе қажет протеин жеткілікті мөлшерде ағзаңа келіп түспейді. Сондықтан қажет энергияны алу үшін ағзаң бойыңдағы майды емес, бұлшық еттеріңді жағып жіберіп жүр.

Таңырқағанымды байқап, сөзін сабақтады:

— Кейбір адамдар ет жегенде, майын тіліп алып тастайды да, қара кесек етін жейді. Мұнда да солай. Ағзаң энергияны қажет еткенде, бұлшық еттеріңді «жейді». Бұлшық етің азайған сайын, күш-қуатың да азая түседі. Тепе-теңдікті қайтарудың бірден-бір жолы – үзбей жаттығу жасап, бұлшық етті қалпына келтіру.

Залда менен әлдеқайда толық әйелдер де бар еді. Роберттің айтуынша, сырт көзге толық болып көрінгенімен, шын мәнінде олардың денесіндегі майдың үлесі менікінен аз болуы мүмкін! Мына сөзі жарама тұз сепкендей әсер қалдырды. Сонымен қатар, денемдегі майдың көбісі белім мен бөксемде емес, қолдарымда орналасқан екен! (мұны естігенде тіпті қынжылып кеттім!)

Сонымен, денемнің ең шыныққан мүшесі – қолдарым деп жүрсем, осал тұсым – екі қолым екен! Өкінішті жаңалық.

Қиялымда Сара Коннор екеуіміз жаттығу құрылғыларының құлағында ойнаушы едік, қиялым сап тиылды! Енді ақыл тоқтатып, шешім қабылдайтын кез келді. Бұлшық еттеріме әрі қарай да зиян келтіре беремін бе? Болашақ әуелетім мен күш-қайратымнан осылайша айырыла беремін бе? “Майға бөккен арық әйел” немесе “жалған бұлшық ет” атанып жүре беремін бе, әлде қайратымды шыңдауға кірісемін бе? Әлгіндей ұятқа қалғаннан кейін, күш-қайратымды арттыру мәселесін қолға алатын боп бел бұдым. Және айта кететін нәрсе, көздегенім – сымбат емес-ті. Дене бітімім онсыз да жаман емес. Мақсатым – осал тұстарымды анықтап, оларды күш-қайрат көзіне айналдыру болатын.

Салмақ тастауым емес, күш жинауым керек.

Салмағым денсаулығымның көрсеткіші емес екен, соны білдім. Денем неден жасалған? Ағзам сын-тегеурінге төтеп бере алады ма? Қырға қарай болмаса, қысқа қашықтыққа жүгіре аламын. Ал қашықтық ұзарса, немесе жол күрделенсе, жарыстан шығып кететінмін. Неге дейсіз ғой? Себебі, қосымша ауыртпалыққа төзуге әлім жетпейтін.

Азғантай салмақты ғана көтере алатынымын, оның өзі денемді ыңғайлы қалыпта ұстасам ғана. Роберт қолымның қалпын өзгерткенде гантельді көтере алмай қалғаным да содан.

Бұлшық еттерімнің кейбірі шынықпаған, сондықтан әлсіз де осал. Соларға салмақ түскенде, күш-қайратым қаншалықты екені көрініп қалды.

Жаттығу залына барғанда, шыныққан, күшті екеніме көз жеткізем деп бардым, өзімнің әлсіз екенімді естіп қайтамын деп тіпті күткен жоқпын. Өзім туралы білгенім құлағымға жаққан жоқ, әрине. Бірақ, шындықты білгенің, сол шындықтың осал тұсыңды шынықтырып күшейтуіне жол бергенің қандай тамаша! Енді әрбір осалдығымды көріп, жеңуге ұмтылатын болдым.

Алайда, осал тұстарымды өзім анықтай алмаймын. Маған бапкердің көмегі керек. Олай болса, жаттығуым жанға батады әрі құны қымбатқа түседі. Соған дайын болғаным жөн.

ЖЕҢІЛМЕС ЖАНДАР

Осы оқиға маған айналамдағы “май басқан арық адамдар” жайлы ой салды. Денесі емес, рухын айтам. Сырт көзге жарау көрінгенімізбен, ауыртпалық сәл артса, шойырылып қаламыз. Тегіс жолмен асықпай жүріп келе жатқанда, арамызда қатардан қалған ешкім жоқ. Алайда, өмір – жаттығу залындағы құрылғы емес, жылдамдығын өзіміз таңдай алмаймыз. Құдаймен бірге жүріп келе жатырмыз, жол қырға қарай, жылдамдық та артып келеді.

Осының барлығын сіздермен не үшін бөлісіп отырмын? Мәсіхтің Денесі өзгеріп, ең әсем, ең кемел шағына жетер кезі келді. Мұны қиялымнан шығарып айтып отырған жоқпын. Құдайдың Сөзі былай дейді:

Тұр да, бидайды бастыр, уа, Сион қаласы! Мен саған сол үшін темір мүйіз әрі қола тұяқ секілді құрал-сайман беріп отырмын. Сонда сен көптеген халықтарды быт-шыт қылып қиратасың. Сендерді жеңілмес адамдар етемін.

Миха 4:13, *Message аудармасы*

Назар аударыңыз, Құдай біздің көзге көп түсе бермейтін, елеусіз болғанымызды емес, жаудан жеңілмейтін жеңімпаз болғанымызды қалайды. Өзіңді жеңімпаз сезінген кезің есіңде ме?

Осыдан көп жыл бұрын, бала кезіңде солай сезінген шығарсың өзіңді. Асыр салып, ойнап жүрген кішкентай қыз кезіңде. Тасада тығылып өмір сүруге, азаттықты аңсап күн кешуге жаралған жоқ едің ғой. Нұр мен үміт сыйлайтын адам болуға жаралған едің. Сен Сионның жеңімпаз, ешбір жаудан жеңілмес, тұғыры шайқалмас, қайсар қызы болып жаралғансың. «Орныңнан тұр, еңсеңді көтер, Сионның қызы! Құдай сені жеңімпаз етпек» деген сөз әлі де құлағымда.

Орылған астық жеуге жарамды болуы үшін ең әуелі қауызынан ажыратылуы тиіс. Сол үшін баулап жиналған бидайды қырманға апарып, бастырады, яғни орылған сабақтардың үстінен қатты қысым түсіріп, дәндерді масақтардан ажыратады. Біз де, көбінесе, қысым түскенде ғана рухани қоқыстан ажырап, тазарамыз.

... сол жерде кейінірек құтқарыласыңдар. Сонда Жаратқан Ие сендерді жау қолынан азат етеді. Ал қазір көптеген халықтар саған қарсы жиналып жатыр. Олар: «Ол арамдана берсін! Сионның қирағанын өз көзімізбен көріп, соған мәз болайық!» — деседі. Алайда олар Жаратқан Иенің ой-ниетін білмейді. Ол соларды қырманға апарылатын бидай бауларындай жинап жатыр. Оның осы жоспарын олар түсінбейді.

Миха 4:10-12

Маған осы уәде ұнайды. Ұнжырғаң түскенде, жау шеңгеліне түсуіңе аз-ақ қалғандай болғанда, Құдай сені алтын тазартқандай тазартуда, соны білгейсің. Басымызға түскен қиындық атаулы Құдайымыздың қолында бізді саф алтындай таза, тайсалмас табанды етудің құралына айналады.

Бұқаралық ақпарат құралдары немесе жеке адамдардың тарапынан мәсіхшілерге қатысты сын айтылғанда, сол сын кейде негізсіз де емес. Сынды дұрыс қабылдай алатын болайық, сыни тұрғыда айтылған пікірде де ақиқат болуы мүмкін. Біреу бізді дөрекі, сыншыл, мейірімсіз деп айтса, бірден жоққа шығарудың орнына, бәлкім, Құдайдың Сөзіне жүрегімізді тексеруге мүмкіндік бергеніміз жөн болар. Кінә өзімізден болса, мойындап, кешірім сұрағанымыз дұрыс.

Алайда, сынның бәрі бірдей сындарлы емес. Дұшпанымыз шайтан шабуылға дайын тұратынын ұмытпайық. Оның шабуылы – кейде бақырайған өтірік (мысалы, Құдайға жала жабу). Енді бірде ол зұлымдық жасау арқылы шабуылдайды. Мысалы, сенушіні қорқытып, Құдайдан бас тартуға мәжбүрлеу (инквизиция заманын еске алайықшы). Шайтанның шабуылын Құдайдың Сөзіндегі ақиқатты жариялау арқылы жеңуіміз керек, ондай шабуыл кезінде ойланып, қатені өзіңнен іздеудің қажеті жоқ. Аян кітабында былай деп жазылған:

Бауырластарымыз «Тоқтының» өз жанын құрбан етіп Қанын төгуінің арқасында және өздерінің Ізгі хабарды қабылдап, ашық мойындауларымен жеңіске қол жеткізді. Олар өз жандарын тым қатты сүймей өлімге қиды.

Аян 12:11

Миха пайғамбардың кітабындағы әлгі аяттарды (4:13) оқып отырғанымда, Құдайдың: “Болды, жетер! Менің халқымды жеңдің деп ойласаң, қателескенің. Сен оларды қайта шынықтырдың!” деп, қатулана үн қатқанын естігендей боламын. Израил халқы – бізге үлгі. Олар ақиқат жолынан тайғанда, жаулары оларға үстемдік етті. Осы ауыр сынақ олардың жүректерін тазартқан еді. Дұшпан жеңдім деп ойлаған сәтте Құдай Өз халқын, жаңарып, түлеп шыққан халқын жеңіске жеткізді.

КҮЙБЕҢ ТІРШІЛІКТІҢ ҚҰЛДАРЫ

Сонымен, күш-қайратқа ие болуымыз үшін неден бастағанымыз жөн? Сенушілердің жалпы рухани ахуалы мен жеке басымыздың рухани жағдайын бағалаудан бастайық. Роберттің “Май басқан арық әйел” дегені Бапкеріміз Исаның сөзімен салыстырғанда,

әлдеқайда жұмсақ естіледі. Исаның сынағынан жеті қауымның екеуі ғана өтті. Исаның оларға берген бағасын Аян кітабынан оқыдыңыз ба? Сынақтан өте алмай қалғандарға айтылған сынның бірнеше мысалын келтірмекпін:

Мен сенің істеріңді білемін; жұрт сені тірі деп санағанмен (рухани) өлісің. Оян! Өзіңде әлі де бар, бірақ жуырда өлмекші игі қасиеттеріңді нығайт! Себебі сенің істеріңді Құдайымның көз алдында жеткіліксіз деп таптым. Өзің тыңдап қабылдаған шынайы ілімді есіңе түсіріп, ұстанып, теріс жолдан қайт! Ал егер оянбасаң, саған ұры сияқты сап ете түсемін. Менің келетін уақытымды ешқашан біле алмайсың.

Аян 3:1-3

Ертелі-кеш қолым босамай, жұмысбасты болғаным денемді шынықтырудың орнына, бұлшық еттерімді әлсіреткеніндей, рухани жұмысымыздың көптігі де рухымызды шыңдай алмайды, тек шынайы Құдайдың істерінен назарымызды бұра тартады да, қалжыратады. Тағы бір қауымға берілген баға:

Мен сенің істеріңді білемін: сен салқын да емессің, ыссы да емессің. Не ыссы, не салқын болсаң ғой, шіркін! Алайда ыссы да емес, салқын да емес, жылымшы болғаның үшін сені аузымнан түкіріп тастамақпын! «Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін», — дейсің. Ал өзіңнің шынында сорлы бейшара, рухани жарлы, жалаңаш әрі соқыр екеніңді білмейсің!

Аян 3:15-17

Бұл қалай? Құдай тірі адамдарды өлі, байларды бейшара дей ме? Осы адамдардың өздері туралы пікірі басқа еді, алайда, Исаның олар туралы айтқаны қайран қалдырады. Біздің Ізгі Баушымыз неге осынша ... дәрекі сөйлейді? Жауабын Өзі береді:

Мен сүйетіндерімді әшкерелеп, тәртіпке шақырамын. Енді ынталы болып, өкініп, теріс жолдан қайт!

Аян 3:19

Көктегі Әкеміз бізді сүйеді, сондықтан рухани ахуалымыздың

қандай күйде екенін өзімізден жасырмайды. Ол бізді ең жоғары деңгейде өмір сүре алатын етіп тәрбиелейді. Бізді өзгеріске бастау үшін Иса шынайы рухани күйімізді өзімізге ашып көрсетеді. Және бұл шындық ащы болуы мүмкін. Дегенмен, кінәға, ұятқа батып, тұңғыыққа кетпеңіз. Керісінше, күнәдан теріс айналып, Құдайға бар ынта-жігеріңізбен ұмтыла түсіңіз.

ТЕПЕ-ТЕҢДІК САҚТАУ

Сол жақ иығым мен бір тізем кезінде жарақат алған, содан құлан-таза айыға алмай-ақ қойдым. Жаттығу залындағы сынақтан кейін мұның себебін түсіндім: жолға шыққанда жолдорбамды үнемі сол жақ иығыма асынып жүреді екенмін. Жүктің салмағы денемнің сол жағына түседі. Тыныққан кездерімде сауығады да, жүк көтергенімде шынығады. Сөмкем мен ноутбугымды екі иығыма кезек-кезек асынып жүретін болдым. Денем тепе-теңдікке келді. Денесінің бір жағына ғана салмақ түсіріп жүргендер, содан ауру тапқандар қаншама. Бұл ақиқат рухани өмірге де қатысты. Мәсіхтің Денесінде тепе-теңдік болуы үшін ерлердің де, әйелдердің де үлесі қажет. Сонымен қатар, біз де, жеке адамдар да, рухымызды, жанымызды, тәнімізді тең шынықтырғанымыз жөн. Ескі жараларымызды мәпелеуді қойып, Құдаймен бірге алға басайық!

143-ші Забур жырында Құдайдың ұлдары мен қыздары бірлесіп, рухани күштерін біріктіргені суреттеледі.

Жастық шақтан өсіре гөр ұлдарымызды
Жақсы өңделген дала дақылдары сықылды,
Қыздарымыз болсын безендірген сарайдағы
Әсемдеп өрнектелген бағана сияқты.

Забур Жыры 143:12

Kueli Kimanтың New Living Translation атты аудармасы: «Ұлдарымыз жастық шағында өркендесін» дейді (курсив автордыкі). Жас бұынның өркендеуі тамаша емес пе? Жасынан шынығып, жан-жақты шыңдалған, Құдайды таныған, өмірдің әр саласында жетістікке жетіп жүрген жастар. Жастық шағын мән-мақсатсыз, мазмұнсыз өткізіп жүрген көптеген ер-азаматтардың қазіргі күйінен қаншалықты өзгеше бейне десеңізші.

Қыздарды өрнектелген бағанаға теңейді. «Бағана» сөзінің анықтамасын сөздіктерден қарадым. Бұл сөздің негізгі екі мағынасы бар екен. Біріншісі «қолдау, тірек» дегенді білдіреді (мысалы, діңгек, тіреу, кеменің мачтасы, сүйеніш, сүйеу); екіншісі “көшбасшы” дегенге меңзейді әрі жоғарыда айтылғандарды да қамтиды.

Осы аяттарда Құдай Өз үйінің жоспарын көрсеткеніне сенемін. Біз, әйелдер сән беріп тұрудан гөрі маңыздырақ істерге дайынбыз ба? Құдай үйінің шатырын ұстап тұрған тіреу болуға қалай қарайсыз?

Бұл сұрақтар бізді жаттығып, мақсатқа жетуге қажет күш-қайратымызды шыңдау жайлы жоғарыда айтылған ойларымызға қайтарады.

Олай болса, жүлдеге ие болатындай жүгіріңдер! Әрбір жарыскер ерінбей еңбектеніп, жарысқа дайындалады. Олар кейін көмескіленіп, күңгірт тартып кететін медаль үшін аянбай тер төгеді. Біз мәңгі марапатқа ие болу үшін еңбектенеміз.

Жарысқа түскен жүйріктердің бәрі жүгіріп, біреуі ғана жүлдеге ие болатынын білесіңдер. Сендер де «жүлдеге» ие болатындай Мәсіхтің жолымен «жүгіріңдер»! Әрбір жарыскер барлық жағынан қатаң ұстамдылық танытады. Оның алғысы келетіні — кейінірек солып қалатын гүлдестесі ғана, ал біздің алатынымыз — мәңгі солмайтын «жеңіс тәжі»! Сондықтан мен мақсатсыз жүгіріп жүрген жоқпын, жұдырығымен ауаны босқа ұрған боксшы сияқты да емеспін. Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен «жүлде» бөліскенде құр алақан қалмау үшін, тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын.

1 Қорынт. 9:24-27

ШЕКТЕУДЕН ШЫҒЫҢЫЗ

Ешқашан да жақсы спортшы болған емеспін. Жоғары сыныптарда оқып жүргенімде жүзумен айналысатынымын, ондағым – суды, лазаньяны, түні бойғы сауықтарды жақсы көретінмін. Жарысқа жеңіс үшін түскен емеспін. Мәреге

жетсем болды. Үшінші не төртінші орынды қанағат тұтатын едім. Соңғы болмасам болды. Жүзуден жарысты жек көргенім сонша, жарыстың алдында ауырып қалатынмын. Өзімді-өзім жігерлендіру үшін: “Бар күшіңді салып бір-ақ минут жүзесің. Сонымен жарыс бітеді де, достарыңмен қайта қосыласың” деп айтатынмын.

Өкінішке орай, командама керек екенімді ешқашан сезінбеппін. Өзімді ғана ойлайды екенмін. Мені толғандырғаны – менің қорқыныштарым, менің әлсіздігім. Командамның басқа мүшелері жайлы ойлаған емеспін, ортақ іске күш салмайтынмын. Жеңіске ұмтылмағандығымнан, жеңіске жеткен де емеспін. Командамның бағалы ойыншысы емес едім; қайта басқа ойыншыларға жүк болдым. Жеңіске бір рет қол жеткізсем, бапкерім мен команда мүшелері келесі жолдары да менен үміт күтеді ғой. Ал менің жеңіс үшін күресуге құлшынысым жоқ. Осы себептерден маған жеңгеннен гөрі жеңілген тиімді еді. Барымды салып, күрессем, ал жеңіске сонда да жете алмасам, өкінішім зор болады деп қорқатынмын. Сондықтан 70 немесе 80% ғана күш салатынмын. Сол уақытта ойым неліктен сондай болғанын білмеймін. Қазір ондай емеспін, апатияға, әсіресе рухани енжарлыққа жол бермек емеспін. Ұйқымнан оянып, қара басымнан өзгені де көре бастағанымда, өзімді -өзім жігерлендіріп, шектеулі күйімде қала бермеуім үшін күш салатын болдым.

Оянып, ана-арыстанға айналмақ болсаң, саған да сондай әрекет қажет. Күш-қайратыңды шыңдау жолындағы алғашқы қадамдарың сәтсіз болуы мүмкін. Әлдебір күрделі жаттығуды ә дегеннен қатесіз орындап шыға алатын адам жоқ, меніңше.

Петірдің екінші хаты 3:1,7 былай дейді:

Сүйікті бауырластарым, бұл менің сендерге жазған екінші хатым. Екеуінде де осы жайттарды естеріңе түсіре отырып, шындап ойлануларыңа түрткі салмақ болдым. Сол сияқты, Құдай Өзінің әмірімен осы қазіргі аспан мен жерді де әділетсіздердің сотталып, тозаққа түсетін күні отпен қиратуға қалдырып отыр

Назар адарыңыз, шындап ойлану, санамызды сергек ұстау – біздің міндетіміз. Әр күніңді қалай өткізесің, мақсатыңнан көз

жазбай, ұқыпты боласың ба, әлде енжар, селқос күйде жүресің бе – таңдау өзіңде. Біздің Құдайымыз дайын, сондықтан біз де әркез толық жауынгерлік дайындықта болуға тиіспіз. Көктегі Әкеміз әлемдегі олқылықтардың барлығын түзетуге дайын. Ол іске кірісіп, жеңіп шығуға дайын тұр. Құдай белгі бергенде, арыстандай айбатты әрі қайратты болып шығасың ба?

Киелі Рухтың күшіңді Құдайдың Сөзімен сынауына жол бер. Сынақтардың өзіңді шынықтыруына жол бер, сынақтан өтіп, жеңімпаз боласың. Құдайдың Сөзі не саған салмақ салып, Киелі Рух шынықтырып, жаттықтырсын, өміріңнің осал немесе жаралы тұстарын тірілтісін. Назарың сырт келбетіңнен ішкі дүниеңе, рухыңа ауыссын. Өз күшіңнен өзің қорыққанды қой! Ана-арыстан тәрізді, ғажап жаратылысыңмен Құдайды мадақта. Жердің бетін қорқыныш пен абыржу басқан кезде, аспан мен жердің Иесі, әлемді Жаратушы Құдай сені Өзінің салтанатты ұлылығын паш етуге шақырады.


Осыған сенесің бе? Бойыңда басқаларды таңырқатар ерекше қасиет бар ма? Жүрегің сезімтал ма? Егжей-тегжейлі жоспар құру қолыңнан келеді ме? Шығармашылық пен жаңашыл идеяларға толысың ба? Сен анасың ба, әлде ұстазсың ба? Бәлкім сенің қолыңнан семинар ұйымдастыру немесе ренжіскен жұптарды татуластыру келетін шығар? Күтүсіз қалған бөлмені көз тойдырар әдемі баспанаға айналдыра алатын өнерің бар ма? Әлде сен із түспеген қардай таза парақсың ба?

Өзімізді басқаларға жігер мен күш-қайрат сыйлаушы ретінде көре алсақ қана, асқақ армандарымыз жүзеге асады. Осы кітапты оқып отырған сүйікті әпкем немесе сіңлім, сен – ана-арыстансың, бізге сенің айбатты болғаның қажет, соны біл! Сенің күш-қайратың мен айбының керемет те ғажап!

Қызмет етуге қажетті күш

Маңайымыздағы бауырластарға ұнайтынды да істеп, олардың игілігіне әрі рухани өсуіне себепші болуымыз керек

РИМДІКТЕРГЕ 15:2



Ана-арыстандардың жабайы әлемінде ғажап бір беймаралдық пен тыныштық бар, ондай тыныштықты басқа жерден көрмеспіз. Арыстандардың тіршілігі жайлы ғылыми-көпшілік фильмдерді көптеп көргенімді жоғарыда айтқан болатынмын. Солардың бірінде арыстандарды Африканың оңтүстік өңірлеріне көшіріп, сол жерге жерсіндіру барысы көрсетілген. Фильмнің басында жаңа жерлерге көшірілген екі топ арыстан жайлы айтылады. Үйірлердің бірінде екі ұрғашы арыстан мен бір еркек арыстан бар.

Бұл үшеуінің бұрынғы мекені – жан-жағынан арасына электр сымдары керілген бағандармен қоршалған үлкен алаң болатын. Қорықтың күзетшілері қоршаудың бірнеше бағанын алып тастап, арыстандарға кең, алайда, бейтаныс, бөтен әлемге жол ашты. Күтпеген өзгеріске арыстандар күдіктене қарады, қоршаудан шығуға батылы жетпеді.

Бұлай боларын алдын-ала білген қорық қызметкерлерінің стратегиясы дайын болатын. Жас арыстандардың жаңа жерлерді игеруіне ненің түрткі болатынын олар біледі. Сонымен, олар арыстандарды бірнеше күн тамақтандармайтын болды. Ашыққан

жануарлардың үйренген мекенінен шығып, жаңа алқапты игергеннен басқа амалы жоқ.

Рейнджерлер антилопаның бүтін етін арыстандардың баруға батылы жетпей жүрген жерге түсіріп кетті. Жануарлар қоршаудың ішінен шықпастан, болғанды бақылап жатыр. Тұмсықтарына еттің иісі келді.

Арыстандар аш, дегенмен, сақ. Еркек арыстан тасадағы үйреншікті, қауіпсіз орнынан тапжылмады. Ұрғашы арыстандар қоршауы алынған жерге жақындап барып, көзге көрінбейтін, бірақ саналарында сақталған шекараны жағалай, ерсілі-қарсылы жүруде. Қоршаудың бұрынғы орнынан аттап шықпайды. Тіпті, электр қоршауды іздейтін секілді. Жерді, ауаны тіміскілеп иіскейді де, артқа шегінеді. Сосын шыға беріске тағы жақындап келіп, әрі қарай аттай алмай, кілт тоқтайды. Не болғанын, қоршаудың неліктен ғайып болғанын түсінгісі келетін сияқты. Неліктен жол ашық, әлде алда бір тұзақ бар ма деп секем алғанға ұқсайды.

Ақыры, ұрғашы арыстандардың бірі тәуекелге бел бұды. Аш құрсағы күдікті жеңсе керек. Шекарадан өтіп, етке жақындады. Орта жолда сіңлісіне бұрылып қарады, қоршаудан шық деп шақырғандай. Екінші арыстан біраз тұрды да, соңынан ерді. Екеуі етті біраз иіскеледі. Төніп тұрған қауіптің жоқтығына көз жеткізгісі келетін сияқты. Еркек арыстан алыстан қарап, әлі жатыр. Ұрғашы арыстандар етті абайлап үзіп жей бастады. Жемтік жақсы екен. Алайда, етке бас салудың орнына олар мен күтпеген бір әрекет жасады. Етті екі жағынан тістеп, қоршаудың ішіне қарай сүйрей жөнелді. Арыстанға да ет жегізбек. Олардың осы ісі маған ой салды. Күмәнданып жатқан қандасына дәм татырмақ болғаны маған өшпес әсер қалдырды. Арыстанды жалғыз қалдырып, өздері етке қарық болудан бас тартқандарына сүйсініп қалдым.

Әйелдердің қалай әрекет етуді білетіні тамаша емес пе!

КҮМӘНДАНЫП ЖҮРГЕНДЕРДІ ЖІГЕРЛЕНДІРУ

Ана-арыстандардың бекзаттығынан үлгі аламыз ба? Іс-әрекетімізде, қарым-қатынаста біз де сондай кеңпейіл бола аламыз ба? Көктегі Әкеміз жаңа алқаптарды иелігімізге бергенде, жаңа жарылқауларға қол жеткізгенімізде, уақытымыз бен күшімізді жұмсап тапқан игіліктерімізді басқалармен бөлісеміз бе?

Иә, рас, артта қалғандарды күтем деп қарқыныңнан айырыласың. Бірақ бастапқыда ғана солай. Ізгілік, жомарттық, даналықты басқалармен бөлісуді әдетке айналдырсаң, нәтижесінде жеңіске жетесің. Құдай балаларына жаңа өмір мен азаттық сыйлағанда, біреулері мұны үміттене, қуана қабылдайды, енді біреулері күмәндана қарайды, ақырын күтпек болады. Қарсыласатындар да бар.

Құдайымыз бізге дайындап қойған азаттық пен асқақ өмірге Көктегі Әкеміздің әрбір қызы кірсін деп сиынамын, соған үміттенемін. Арамыздағы неғұрлым күштілер, санасы неғұрлым азаттар, ақиқатқа неғұрлым беріктер келесі қадамға бел буа алмай күмілжіп тұрғандарды қолдап, жігерлендірсін деп дұға етемін.

Римдіктерге арналған хатында Пауыл елші осы жайында жазады:

Сенімі берік біздер күмәнданғандардың Таурат заңына сәйкес іс-әрекеттеріне төзіп, оларға көмектесуге тиіспіз. Тек өзімізге ұнайтынды ғана емес, маңайымыздағы бауырластарға ұнайтынды да істеп, күшімізді олардың игілігіне әрі рухани өсуіне қолдануымыз керек.

– Римдіктерге 15:1-2,
Message аудармасы, курсив автордыкі

Күштілер мен қабілеттілер әлсіздерге болысып, оларға қолдау көрсетуі керек, дүдәмал күйде жүргендерге, өздеріне-өздері сенімсіздерге, жасқаншақтарға қол ұшын созғандары жөн. Осылай болғанын көргенімде, қатты қуанамын. Қолдарынан бірталай іс келетінін сезіп жүрген, бірақ әлеуетін толық жүзеге асыра алмай жүрген кәрілі-жас әйелдер өте көп. Олар бір орында тоқырап тұра бермей, жаңа белестерге шыққысы келеді. Бірақ Құдай өздерін игеруге шақырған жаңа алқаптарды көзбен шолып, аяқ басуға батылы жетпей тұрғандай.

Жақында, жиналыстан кейін жанымға бір жас қыз келді. Өзі аңқылдаған ақкөңіл екен. Жүрегіндегі арманының ауқымдылығы сонша, кездесу біткенше әңгімелеп бола алмады. Үйіне келген соң хат жазып, менің электронды поштама жіберіпті. Жазбасы бір эпостың көлеміндей. (Кейінірек осы ісіне ұялып, кешірім сұрады, онысы бекер еді). Хатты оқып отырып, сол қыздың жүрегіндегі сезімді жақсы түсінген едім. Рухани жетілудің осындай

кезеңдерін мен де басымнан өткізген едім, сондағы менің ойларыма мына қыздың ойлары қаншылықты үндес болғанына таң қалдым, жаңа танысыма осыны айттым да.

Кейде өзіңнен бұрын осы көпірмен басқа біреудің жүреп өткенін, арғы бетке аман-есен жеткенін білудің өзі жеткілікті. Күмілжіп, дүдәмал күйде жүрген әйелге арғы бетке бұрынырақ жеткен әпкесімен көз түйістіргені жетіп жатыр. “Сіңлім, мен мұндамын, бұл жер қауіпсіз, онымен қоймай, бұл жер... тамаша!” деп тұрғанын көзінен байқайды.

ДІНШІЛДІК ЖҮГІНЕН АРЫЛУ

Әйелдерді аяғынан шалатын, көбінесе, жалтақтық. Құдай алып берген азаттықты иемденіп жүргендердің саны күн сайын артқанымен, діншілдіктің ауыр жүгін арқалап, белі бүгіліп жүрген әйелдер әлі де көп. Әйел уағызшыларды қауымға шақырып, әйелдер жиналысында ғана емес, жалпы жиналыс алдында да сөз беру соңғы он жылда ғана көбейді. Көптеген сенуші әйелдерге бұл еркіндік әлі де оғаш көрінеді. Мұндай кедергімен мен де кездескен едім.

Әйелдердің алдына шығып уағыз айтқанда батыл болатынмын да, тыңдармандырымның арасынан бір-екі ер адам табыла қалса, алабұртып, тірсегім дірілдеп кететін. Қате жіберіп қоямын ба деп қобалжып, қатты толқитынмын. Осы қорқынышымды жеңуге мені шақырған қауымның бағушысы мен бір батыл құрбым көмектесті. Мен уағыз айтатын күні таңертең осы тақырыпта әңгіме болды.

– Ер адамдарға уағыз айтқанда өзіңді әйелдердің алдындағыдай ұстасаң дұрыс болар еді, неге сөйтпейсің? – деді олар маған.

– Шынымды айтсам, өзім де білмеймін... – деп ағымнан жарылдым.

– Осы мәселені тезірек шешсең қайтеді? Мына жасқаншақтығыңнан тезірек арылуың керек!

Бұл екеуінің сөзі мені есеңгіретіп тастады. Қауым салауатты болуы үшін ерлердің де, әйелдердің дауысы естілуі шарт. Ал менің күмілжіп жүргенім осы ақиқатты жоққа шығарып жүргеніммен бірдей екен! Менің үнімді күмән тұншықтырып жүр екен.

Дауысымның еркін шықпайтыны – санамды Құдайдың Сөзіне толық билетудің орнына, өзімнің әйел екенімді ойлап, ер-азаматтардың алдында өзімді кем санап, ақталып жүргенімнің көрінісі екен. Және бұл жағдайды шұғыл түрде өзгертуге тиіспін. Осы сөздер айтылысымен, ой-санамдағы бұл бекіністі қиратуға күш салдым.

Әйелдерге уағыз айтуды әлі күнге дейін көбірек ұнатамын. Алайда, ерлердің алдында сөйлеуге де қымсынбаймын. Өз тәжірибемнен ұққаным, егер ер адам сізден ақыл сұраса, ойыңызды ашық айтқаныңызды қалағаны. Ер-азаматтар жігерлендіре алатын, қатеңді түзете білетін, іс-әрекетке рухтандыра алатын нағыз дос бола біледі. Көбінесе керісінше болатыны өте өкінішті.

Олар ыңғайсыз, тым ауыр борыштарды халықтың мойнына байлап артып қояды. Бірақ өздері соларды көтеру үшін саусақтарының ұшын да қимылдатпайды.

Матай 23:4

Исаның заманындағы дін өкілдері қарапайым халықтың мойнына діни парыздарды артып қойғанды ұнататын еді. Сол жүктен сенушілердің белі қайысқанын көріп, айыздары қанатын. Неге дейсіз ғой? Меніңше, олар көсемдердің ойынан шығарған ережелерін орындауға тырысып, әбден қалжыраған жұртқа қарап, өздерін әулие санайтын. Тоқмейілісіп, көңілдері соған тоятын болса керек. Өздерін жұрттан асқан тақуа, Құдайға жақын санайтын.

Бұл аяттардан өте маңызды қорытынды шығаруға болады. Құдайдың Заңы ауыр жүк емес, жайылған дастархан болуы керек еді. Ауыр еңбек қажытады, ас қуат береді. Біз – Құдайдың жердегі өкіліміз. Құдайымыздың әрбір ісі – той, қуаныш. Көктегі Әкеміз сол тойдан ешбір адамның құр қалмағанын қалайды. Қызметіміз діншілдікке емес, Құдайдың асып-төгілген рақымына негізделуі шарт. Ол үшін арқамыздағы діншілдік жүгінен арылғанымыз жөн.

Бойдақтар да, әйелдер де, Құдайға қызмет етіп, уағыз айта алады демексің бе? Иә! Керек емес жүктің бәрінен құтылайықшы. Мәсіхтің Денесінде қызмет ету үшін некелі болуың тіпті де міндет емес. Пауыл елші бойдақ болатын. Әйелдерге ересектермен емес, тек балалармен ғана жұмыс істеуді тапсыруға болады деген жалған нанымнан арылайық. (балаларымызды

кім оқытып жүргені маңыздырақ емес пе?) Құдайдың уәделерін жариялап, Ізгі хабар тарату үшін, әуелі өзіміз мінсіз болуымыз керек деген өтірікті де әшкерелей аламыз ба? Ешқайсымыз да мінсіз, кемшіліксіз емеспіз. Көрер көзге көзге тақуа болып көрінуді доғарайық! Қатемізді мойындап, сабақ алайық та, Исаны мадақтай отырып, алға қарай жүре берейік!

Еркіндігімізді дінішілдіктің ауыр жүгінен адамдарды арылтуға қолдана аламыз ба? Құдай бізді жаңа алқаптарды игеруге немесе бейтаныс жерлерге аяқ басуға шақырғанда, құлап, сүріне бастаймыз. Соңғы он жылда қауым жаңа деңгейге көтерілді, бұл қуантарлық жайт. Дегенмен, ешқайсымыз әлі нысаналы жерге жеткен жоқпыз. Бірақ Құдай бізді алға жетелеуін тоқтатпайды. Қорқынышымызды жеңіп, алға жүруіміз үшін Құдай жүрегімізде аштық сезімін тудырады, алдымыздағы бұрын жабық тұрған есіктерді айқара ашады.

Құдайдың үйінде өмірін Құдайға арнаған, майланған әйелдердің үні естілуі керек. Үш-төрт жыл бұрын бір уағызымда осы ойымды айтқан болатынмын. Сол уағызды естіген әйелдердің бірінен жақында хат алдым. Менің жолдауым әлгі әйелге алғашқыда ұнай қоймапты. Себебі осы уақытқа дейін естігенінің барлығына кереғар екен.

Сөйтіп, ол аталмыш уағыздан кейін біраз уақыт қобалжыған күй кешіпті. Уақыт өте берген, Құдайдың Сөзіне үңілген сайын, мінәжат еткен сайын, бұл ақиқат жүрегіне орныға берген, Құдай жаңа жолдар ашып, әлгі әйелді алға қарай жетелей берген. Уағыздан кейінгі аласапыран күйі ақиқат пен діншілдіктің арасындағы арпалыс екенін сонда білген. Жүрегіне Құдайдың Өзі сөйлеп, еңсесін басқан діншілдік жүгінен арылтпақ болыпты. Менің сол жолғы айтқан сөздерім оның өміріне себілген дән екен, енді сол дән жеміс бере бастапты.

Ақиқатты сүйіспеншілікпен айту, өмірімізге қарап, басқалар да бізге қосылғысы келетіндей күн кешу – міндетіміз. Ұйқыдан оянып, аш әрі әлсіз күйімізде қала беруге хақымыз жоқ.

Езекиел пайғамбардың кітабында, 19-шы тарау, 2-ші аятта былай делінген:

Анаң арыстандардың ішіндегі
Қандай керемет арыстан еді!

Күшті арыстандар арасында жатып,
Ол абдандарын* асырайтын еді.

Осы аятты алғаш оқығанымда: «Бұл сөздің мағынасы неде?» деп ойланып қалдым. Сұрағыма жауап іздеп, Езекиел пайғамбардың жазбасын тереңірек зерттедім, әсіресе 19-шы тарауға көбірек көңіл бөлдім. Мұнда екі абданы, яғни, екі күшігі бар ана-арыстан бейнеленген. Ол абдандарын айбатты арыстан болып өсетіндей етіп тәрбиелеуде. Осы тұста “*Менің де сондай ана-арыстан болғым келеді!*” деп ойладым. Өмірім мен іс-әрекетім жас ұрпаққа үлгі болатындай, маған қарап, ұлдарым мен қыздарым батыл да қайратты болып өсетіндей әйел болғым келеді! Меніңше, әрбір әйелдің арманы – осы. Барған жерде барлық әйелдер мені құшақ жая қарсы алады, мен үшін ол үлкен құрмет. Дегенмен, ер-азаматтардың өміріне де үлесімді қосқым келеді. Жасып қалған, әлсіз, тауқыметке тап болғандардың барлығын жігерлендіргім келеді. Сізде де сондай қалау болсын. Көктегі Әкеміз Өзінің қыздарын жаратқанда, бойымызға басқалардың еңсесін көтеруге деген ниет салған.

ТҮҢІЛГЕНДЕРГЕ ҮМІТ СЫЙЛАУ

Кейде сүрінгенге қол ұшын созғанмыз – сөнген үмітті қайта лаулатқанмен бірдей. *Life Outreach* ұйымымен бірге Камбоджаға барған сапарларымның бірінде кешкі мезгілде көше аралап, жезөкшелікпен айналысатын қыздармен сөйлестім. Сол бір «түнгі көбелектердің» жанына барған сайын байқайтыным, оларды күзететін адамдар бар және менімен сөйлесе қалса, күзетшілері мазақ қылып, қорлай жөнеледі.

Әлгі қыздардың жанына барған сайын қаз-қалпында қайталанатын жайт: менің сұрақтарыма берілетін қысқа, біріне-бірі ұқсас жауаптар, сайқы-мазақ күлкі. Орта жастағы ақ нәсілді американдық әйел өздерімен сөйлескенде, не көздейтінін түсіне алмай тұрады. Дегенмен, кей кездері әңгімеміз жараса қалатын, сондай сәтті пайдаланып, нені армандайтындарын сұрайтынмын.

– Өмірде қандай табысқа жеткің келеді? Қолыңнан келер

* Абдан деп арыстанның күшігін айтады.

болса, кім болар едің? Еркің өзіңде болса, мүмкіндігің болса, немен айналысар едің?

Арман туралы сөз болғанда, өмірі қазіргіден өзгеше бола алады деп үміттенуге шақыру алғанда, олардың бет-жүзі өзгеріп сала береді. Болып жатқан мына сұмдықтың ортасында жүректеріне арман ұялатуға шақырған біреу табылғаны ма? Кенет қыздар маған сұрақ жаудыра бастайды. Аудармашым ілесер-ілеспес, жылдамдатып жауап беріп жатырмын.

– Мен шаштараз болар едім!

– Менің дәмханам болар еді.

– Сауда орталығынан орын алып, небір әдемі заттар сатар едім.

– Бұдан былай жұртқа жексұрын болмасам болды, қандай жұмысқа да дайынмын.

– Көп ақша тауып, ауылдағы туғандарыма жіберсем деймін.

Жарыса сөйлеген қыздардың тоқтайтын түрі жоқ. Қылмыңдаған қылықтарын ұмытып, бір сәтке қайтадан кәдімгі жасөспірім қыздардың кейпіне енді. Шын мәнінде өрімдей жас қыздар ғой. Темір тордың есігі ашылса, не істейтінін біледі олар! Сәті түсе қалғанда, тұтқыннан қашуларына көмектесетінбіз. Кейбір қыздар көмегімізді қабылдайды. Алайда, өзінен өзі жеркену мен ластану сезімдерін жеңіп, ұяттың тұңғыығынан шыға алғандар ғана орта жолда тоқтап қалмай, әрі қарай жүре береді. Оларды құлдықта ұстаушы – қатыгез күзетшілер ғана емес, осынау сезімдері де.

Осыншалық дәрменсіз күйдегі адамға арман жеткіліксіз. Алданған, сағы сынған адам алдында шығар есік ашық тұрса да, көбінесе тұтқында, тас қамаудың түкпірінде тығылып жата береді.

Сондықтан, біз қыздарды жезөкшелік шырмауынан шығарумен шектелмей, оларға Құдайдың ізгілігін жеткізуге де күш салдық. Біз оларды Исамен таныстырып, Мәсіхтің оларға жақ екенін, түңілгендердің жалғыз үміті – Иса екенін айттық.

Құлдықтан құтылғандар Исаға өмірлерін арнауға дайын ба? Бұл өз еріктері. Сіз бен біз басқаларға қолдау көрсетіп, қиналғанда жандарынан табыла аламыз, алға қарай жүре беруге жігерлендіреміз, алайда, әр қадамы адамның өз еркінде.

АНА АРЫСТАННЫҢ АҚИҚАТЫ

Тараудың басында айтылған ғылыми-көпшілік фильмдегі арыстандарға қайта оралайық. Олар етті еркек арыстанның жанына сүйретіп апарып, бірге жеді. Неге олай істеді? Өздері жей берсе де болар еді ғой. Антилопаның бүтін етін арыстан жатқан қоршау ішіне сүйретіп апару оларға оңай соққан жоқ. Өздері жеп, әбден тойып, еркек арыстанның сыбағасын өзіне қалдырса да, дұрыс болар еді. Бәлкім, арыстан өзі барып, үлесін жер ме еді. Өздері етке тойған соң, қалғанын арыстанның алдына апарса да болар еді, бүтін етті сүйреткеннен әлдеқайда оңай болар еді ғой. Ұрғашы арыстандардың сол бір ісі біздің жабайы аңдар жайлы түсінігімізге кереғар келетін сияқты. Жануарлар әлемі азулының әмірі жүреді деген қағидамен өмір сүреді десек, қаншырлардың бұл жомарттығына жол болсын? Түптеп келгенде, аш арыстанмен бөліскені – өз үлесін азайту емес пе?

Бәлкім, арыстандар біз ұмытқан әлдебір ақиқаттан хабардар шығар. Олар жас болса да, өздерінің де, ұрпағының да болашағы еркек арыстанға деген көзқарасына байланысты екенін іштері сезеді. Арыстанның өмірінде жаңа кезең болады, ол әбден ер жетіп есейеді, кемеліне келеді, үйірді басқаратын болады, сонда қос құрбысының мына ісін ұмытпайды. Бүгін бұталардың арасында тығылып жатса да, қаншырлар болашақта үйір бастайтын арыстанға құрмет көрсетті. Мезгілі келгенде ол арқыраған айбатты арыстанға айналады. Сонда жас кезінде, өзіне тиесілі жемді жеуге жасқанған кезінде қаншырлардың етті өзімен бөліскені есінде тұрады. Қысылтаяңда қаншырларына сене алатынын, олардың бүкіл үйірге қамқоршы, сүйеніш бола атынын еш ұмытпайды.

Қайсымыз осылай ойлап, осылай әрекет етіп жүрміз?

Әлде біз күнкөрудің басқа заңдарын ұстанамыз ба? “Артта қалып қойған сендерге жанимыз ашиды! Бізде кереметтер болып жатыр! Құдай Өзінің перзенттеріне арнап нағыз той дайындауда. Бізге қосылғың келмесе, тасада тығылып жата бер!” деп жүрміз бе?

“Қазір асап қалмасаң, болашақта да аш қаласың” деген сөз – өтірік. Ақиқат мынау: “Бүгін жанталаса асамасаң да, болашақта тоқ боласың”. Осы ақиқатты ұғып қалуға даналығымыз жетеді ме? Құрмет деген – барлық жерде, барлық адамға түсінікті ұғым.

Ақыл, билік, күш-қайрат өз беделімізді арттыру үшін емес, қызмет етуіміз үшін берілген. (Рим. 15:2 қараңыз). Осы қағиданы әрбір адам жатқа білсе, барлығы жаппай ұстанса, қаншама мәселенің алдын алуға болар еді. Біздің күшіміз жасқаншақтар мен әлсіздерге қызмет ету үшін берілген күш екенін бәріміз есте ұстасақ, не болар еді? Бәрі жақсы, бәрі дұрыс болар еді! Өміріміздің соңында бәріміз де Исаның аузынан «Жарайсың, жақсы да адал қызметшім!» деген сөзді еститін едік.

ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕ ДАЙЫН БОЛ

«Қызмет» сөзінің мағынасын әртүрлі түсінуіміз мүмкін. Ағылшын тілінде бұл сөз зат есім де, етістік те бола алады. Ағылшын тіліндегі «қызмет ету» етістігі «жөндеу, тексеру, сынап көру, баптау, дәлдеу, күйіне келтіру» деген мағынаны береді. Иса Өзінің құрбандығы арқылы тамаша қызмет етіп, бізді Киелі Құдайдың алдында тұруға лайық етті. Күнделікті тыныс-тіршілігіміз өмірлік миссиямызды орындауға бағышталған. Бізді «жөндеп», қалпымызға келтіру үшін Ол «күйреді». «Қызмет» деген зат есім «салтанат, рәсім, қасиетті жора-жоралғыны атқару» дегенді білдіреді. Қауымдағы қызметтің мақсаты – Құдайымызға және бір-бірімізге қызмет етуді үйрену. Алайда, осыны ұмытып жүргеніміз қатты алаңдатады. Қауымдағы жиналыстардан тіпті басқа нәрсе күтетін сенушілер тым көп. Олар Құдайдың өздеріне қызмет ететінін естігісі келеді. Жиналыстарымыздың мақсаты – арамыздағы әлсіздерді қолдап, сырттағы адасқандарды құтқару болсын, бауырластарым.

Құдай бізге азаттықты, ізгілікті, жаңа мүмкіндіктерді уәде еткен. Осы уәделерді есте ұстай отырып, алға қарай жүре берейік және ешқайсымыздың артта қалып қоймауын мұқият қадағалайық.

Сондықтан бізге Мәсіхтің нөкерлері ретінде, әрі Құдай Өзінің ашып білдірген құпия хабарын басқаруды сеніп тапсырғандары ретінде қарау керек. Ал басқарушылардың әрқайсысынан сенімді болуы талап етіледі.

1 Қорынт. 4:1-2

Күзетші емес, жолсерік болайық. Құдайдың Патшалығына адамдарды шақыруға тиіспіз, олардың Құдайдың құпияларын білуіне бөгет болмайық. Жолды жақсы білетін сенімді жолсерік болуымыз шарт. Құдай ашқан есікке кірерде кідіре тұрып, қалып қойғандарды күтейік, керек болса, адасқандарды іздеп табуға да дайын болайық.

Біз – Жаратушы Иенің қыздарымыз, бекзат та, кеңпейіл болайық. Құдай сыйлаған өмір азаттық пен еркіндік береді, ал заңшылдық ауыртпалық түсіреді. “Шыққан көз бен сынған тістің” құнын төлету деген қағидадан Құдайдың рақымы басым. Дегенмен де, қауымдарда “тісі сынған”, “көзі шыққан” сенушілер әлі де көп.

Өзіңнің батыл, сенімді, айбатты, сабырлы, салиқалы, қайратты, мінезді екеніңді еш ұмытпа. Киелі Кітапта Құдай Өз перзенттерін айбатты арыстанмен салыстырады.

Халық арыстандай еңкейіп дайын тұрады,
Ана арыстандай тыншып жерге жатады.
Оны мазалауға кімнің батылы барады?

Руларды санау 24:9

Сен батыл мінезің мен албырттығыңды ұмытсаң, сені пана көретіндердің, сенің ақылыңды қажет ететіндердің барлығына қауіп төнеді. Мәсіхтің денесі ұйқысынан оянған, кеңпейілді, бауырмал, батыл адамдардан тұрады. Олар алдарында Құдай өздеріне ашқан кең алқаптар жатқанын біледі.

Қымбатты әпкелерім мен сіңлілерім, құрбыларым...

...сендермен ашық сөйлестік, жүректеріміз де айқара ашық. Өздеріңе деген пейіліміз кең болғанмен, сендер бізге жүректеріңнен аз-ақ орын бердіңдер. Мен сендермен балаларымен сөйлескен әкедей сөйлесемін: енді өздерің де бізге пейілдеріңді кең жайсаңдаршы!

1 Қорынт. 6:11-13

Естіп тұрсыз ба? Құдай бізді бос жатқан кең алқаптарды игеруге шақырады. Яғни, кейін емес, қазір, ертең емес, бүгін пейілімізді кеңге жайып өмір сүруге шақырады. Аспан Патшалығының құдіретін Аспанға барғаныңызды күтпей-ақ,

жерде жүріп-ақ көре аласыз. Құдай сізді таса жерге жасырып қоймақ емес.

Есіңізде болар, арыстандар қорқыныштан аштық басым болғанда, яғни, қатты ашыққанда ғана қоршаудан шыққан еді. Дәл солай, біз де ашықпасақ, асқақ арманға жетуді аңсамасақ, бейтаныс, бөтен жерлерге аяқ басуға батылымыз жетпейді. Өзіміз жайлы, айналадағы дүние жайлы, Құдай жайлы ұғымдарымыз бізді не тежейді, не жігерлендіреді. Не қорқыныш, не болмаса батылдық сыйлайды. Шалғай дүниені қауіпті деп санасақ, үйреншікті ортамыздан шығуға қорқатын боламыз.


Көзіңді аш, өзіңнің алтын шамшырақ екеніңді, сәулеңнен түнектің қашатынын есіңе түсір. «Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті» (1 Жохан 4:4). Сендегі Рух осы дүниеде өзіңе қарсы тұратын күштерден әлдеқайда басым! Құдіретті Құдай сені қоршаудан шығуға шақырады. Сенің өлімнен өмірге, осы дүние деген қапастан мәңгіліктің кең алқаптарына өтуің үшін Құдайдың Ұлы Иса Өз өмірін қиған еді. Сен дүниеге келерден бұрын, Ол сені құлдықтан шығарудың жолын дайындап қойды. Сенің Құдай Патшалығындағы шектеусіз азаттыққа қол жеткізуің үшін, Иса біз өмір сүріп жатқан тар әрі күнәкар дүниеге келіп, арамызда өмір сүруге көнді.

Дәл Қазір Иса әрқайсымызды: “Шекарадан атта, Маған кел!” деп шақырады.

Миссиямыз бір

Әйелді азат еткен сайын, ер-азаматты азат етеміз.

МАРГАРЕТ МИД



Арыстандар жынысын шатастырмайды. Еркек арыстан ешқашан да қаншыр болуға ұмтылмайды. Ұрғашы арыстандар да солай. Ұрғашылары мен еркектері біріне-бірі ұқсас болуға немесе үйірдегі бірінің орнын бірі алмастыруға тырыспайды. Екеуі де өз орнында өздерін жайлы сезінеді, әрі өз жынысына тән ерекше сипаттарын мақтан тұтады. Еркек пен ұрғашы жануарлардың роліне қосымша альфа-арыстан, яғни бас арыстан және альфа-қаншыр, яғни ұрғашы арыстандардың ішіндегі ең басымы бар. Олардың басымдылығы, көбінесе, жемтігін талағанда анық көрініп тұрады.

Барлық мысық тұқымдастардың ішінде арыстандардың ғана жыныстық айырмашылығы осыншалық айқын. Мұндай айырмашылық жыныстық диморфизм деген терминмен сипатталады. Яғни, арыстанның жынысын бірнеше белгіге қарап ажыратуға болады.

Мысалы, еркек арыстанның мойны мен тұмсығын жиектей орналасқан жалы болады. Арыстанның айғырын жалына қарап тануға болады. Қобырайған жалы арыстанның сырт пішініне айбат беріп тұрады. Ұрғашы арыстанның жалы жоқ, демек, терісінің түсі біркелкі, онысы аң аулағанда жемтігінің көзіне

түспестен жақындап баруына қолайлы. Сонымен қатар, буаз қаншырға жал артық салмақ болып, ұзақ жолда қажытар еді.

Арыстандар мен қаншырлар біріне-бірі керек екенін біледі. Арыстандар әлемінде үйірдің әрбір мүшесінің қосар үлесі маңызды. Ұрғашы арыстандар аң аулап, үйірді етпен қамтамасыз етеді. Еркек арыстандар үйір мекендеген алқаптың шекарасын күзетіп, бөтен жыртқыштардан үйірін қорғайды, яғни қаншырлардың күшіктерді өсіруіне қауіпсіз жағдай жасайды. Осылайша үйірдің тіршілігінде тепе-теңдік сақталады. Төрт мүшесі сау, бабындағы арыстан қашанда қайратты қаншырлармен бірлесе, үйір болып, өмір сүреді. Еркек арыстандар ұрғашы арыстандардың көңілінен шықпақ болып, күш сынасады. Жеңгені қаншырларды да, олардың иелігіндегі жерді де иемденеді. Неге дейсіз ғой? Өйткені, қаншырлар бірігіп, үйір қоныстанған алқапты өз меншігіне айналдырады. Үйірді басқаратын еркек арыстандар екі-үш жылда ауысады, ал қаншырлар үйірде қала береді.

Арыстанның көздегені жәй ғана күнкөріс емес, үйірді басқару болса, қаншырлардың алдында өзінің күш-қайратын дәлелдеуі шарт. Ұрпағы үйір мекендейтін алқапты өз иелігінде сақтап қалсын десе, ақылды да қайратты қаншырлардың көмегін қажет ететінін де біледі. Ол өзіме бағынса болды деген ниетпен айналасына әлсіз, көнбіс қаншырларды жинап алуды көздемейді. Арыстан батыл, ақылды, қабілетті ұйымшыл қаншырлар тобын жинайды.

Еркек арыстан қаншырлардың қолдауын қуана қабылдайды. Ол төзімділік танытқан, абдандарға қамқор бола алатын, аң аулауда өздерін жақсы жағынан көрсеткен, яғни, үйірдің жерін қорғап кеңейте алатынын дәлелдеген ана-арыстандарға көз салады. Үйірді басқарушы арыстан ұрпағын да, үйірді де асырай алатын ана-арыстандарды таңдайды. (Еркек арыстандар ұрпаққа қамқор әке екен деп қалмаңыз, тіпті оңдай емес). Дені сау, аурудан, жарақаттан немесе кәріліктен қалжырамаған ұрғашы арыстандар көбею процессіне белсене қатысады. Сөйтіп, дүниеге сау, күшті ұрпақ келуіне септігін тигізеді.

Ұрғашы арыстан әлсіз немесе ауру болса, жарақат алса, яғни, болашақ ұрпағын қорғап, асырай алмайтын жағдайда болса, көбею процесіне қатыспайды, жұптаспайды. Ал жұптасатын болса, тек күш-қайраты күмән тудырмайтын, яғни, ұрпаққа

қорған бола алатын арыстанмен ғана жұптасады. Ана арыстандар – үйірдің қамқоршылары. Осы қамқоршылыққа лайық екенін еркек арыстан әуелі дәлелдеп шығуы тиіс. Ол үшін басқа арыстандардан басым екенін көрсетуі керек.

Мұндай күш сынасу күші басым арыстандардың әлсіздерді үйірден қуып шығаруымен аяқталады. Кейде үйірді басқарушы арыстан өзіне қарсы келген батырды жығып қана қоймай, өлтіріп тынады. Тірі қалған қарсыластарын үйірден де, үйірдің мекендейтін жерінен де қуып шығады. Жеңілген арыстан аң аулау құқығынан айырылады. Демек, ол басқа үйір іздеп кетеді немесе қалған-құтқанды, табылған өлексені жеп күнелтеді.

Еркек арыстандардың айқасында ұрғашы арыстандар – көрермен. Олар күшіктеріне ең айбатты арыстанның әке болғанын қалайды. Үйірді қорғауға да қайратты басшы керек. Қаншырлардың еркек арыстандарды біріне-бірін айдап салған кездері де белгілі. Өйткені, дүниеге ұрпақ әкелмес бұрын, ең мықты арыстанды таңдауы керек. Ол өзінің ұрпақ қалдыруға лайық екенін, өзінен тараған ұрпақтың өміршең болатынын, саваннадағы тіршіліктің ауыртпалығына төтеп бере алатынын жекпе-жекте дәлелдейді.

Өзінің басымдылығын дәлелдеген арыстанға қаншырлар адал серік болады. Енді ол үйірдегі еркек арыстанның бірін қалдырмай қуып шықса да болады. Үйір басқарған арыстан оларды қажет етпейді, алайда, ұрғашы арыстандардан айырылмақ емес. Және мәселе тек ұрпақ қалдыруда емес. Ұрғашы арыстандар бүкіл үйірді етпен қамтамасыз етеді, қамқоршы да солар. Ана-арыстандар неғұрлым қайратты да қабілетті болса, үйірдің басында тұрған арыстан соғұрлым айбынды да айбатты.

Айналаңдағылар сенің қамқорлығыңа сенімді болса, оларға үстемдік етіп, күшпен бағындырып отырудың қажеті болмайды. Арыстанның айбыны – ана-арыстандардың да, абдандардың да қауіпсіздігі. Өзінің күшіне сенімсіз басшы ғана басқаларды күшпен бағындырмақ.

Өзінің күшін бір рет дәлелдеп шыққан еркек арыстан, ұрғашы арыстандарды күшпен бағындырып, үстемдік орнатуға талпынбайды. Дәлелдейтін не қалды? Ол – жеңімпаз. Бұған ешкімнің таласы да, күмәні де жоқ. Өзінен басым түсер кім бар? Біздің Патшамыз – Яһуда руынан шыққан Арыстан да солай –

ешкімді күшпен билеп-төстемейді, қайта еңсесі түскендерді жігерлендіреді, өзіне келген адамның мейірін асырады.

МИССИЯМЫЗ БІР

Арыстан қаншырды өз қорғауына алады, ал қаншыр арыстанға өз ықыласын және ұрпақ сыйлайды. Еркек арыстан қауіпсіздікті қамтамасыз етсе, ана арыстан сол қауіпсіздіктің саясында ұрпақ өсіреді.

«Мойынсұну» сөзі жайлы бір сәт ойланайықшы. Бұл сөзді естігенде санаңызда қандай ойлар туындайды? Бәлкім, есіңізге Ефестіктерге арналған хат түсетін шығар? Онда

«Әйелдер, Иемізге мойынсұнғандай, күйеулеріңе де мойынсұныңдар» деп жазылған ғой (5:22). Көптеген сенушілер осы сөзді хаттың мәтінінен жұлып алып, мағынасын бұрмалап алған сияқты. «Мойынсұнудың» бұрмаланғаны сонша, менің ойымша, бұл сөз өзінің бастапқы, Құдай берген мағынасынан айырылған сияқты. Көптеген сенуші әйелдер өмірінің мәні, адам ретіндегі құндылығы тек ер-азаматқа қызмет етуде деп біледі. Олар жүрегіндегі Құдайдың Сөзін қауымға жеткізуге деген қабілеті, басқаларды құрметтей оырып, өз ойын айта білуі, жауапкершілікті өз мойнына ала білуі, осының барлығы – Құдайға қызмет екенін білмейді.

«Мойынсұну» сөзіне мағыналас «бағыну» деген сөз бар. Осы сөздердің ағылшын тіліндегі мағыналарына терең үңілсек, «ортақ жауапкершілікті алу, ортақ тапсырманы немесе бір миссияны орындау» деген ұғымды береді екен. Мысалы, Джон екеуіміздің ортақ миссиямыз бар. Сенімге берік ұрпақ тәрбиелеу, және жанұямыздың салауатты да бақытты болуы. Қауымдағы миссиямыз – бағушыларға қолдау көрсету және мәсіхшілердің сенімін нығайту.

Енді мынаны ойлаңызшы: бәріміз бірдей адамдарды Құдаймен татуластырушы – Құдайдың жіберген уәкілдері емеспіз бе? Төмендегі аяттар біздің ер-азаматтарға да, әйелдерге де ортақ миссиямыздың мәнін ашып көрсетеді.

Құдай адамзатты Мәсіхтің арқасында Өзімен татуластырды, енді олардың күнәларын мойындарына артпай, татуласу туралы Ізгі хабарды жариялауды бізге

тапсырды. Осылайша Мәсіхтің өкілдеріміз, біз арқылы Құдайдың Өзі адамдарға ескертеді. Мәсіхтің атынан: «Құдаймен татуласыңдар!» — деп өтінеміз.

2 Қорынт. 5:19-20, курсив автордыкі

Осыдан түйетініміз: арамызда сүйіспеншілік болса, бірлесе әрекет ететін болсақ, айналамыздағы адамдар Исаның шынайы Құдай екенін көреді. Барлық ер-азаматтар мен әйелдерге, жалғыз бастылар мен некедегілерге, жетекшілер мен қауымның қарапайым мүшелеріне ортақ бір мақсат осы болуы тиіс. Күнә енді үстемдігін жүргізе алмайды. Құдайдың кешірімі барлық адамға қолжетімді. Айып тағудың қажеті жоқ, өйткені, Исаның құрбандығы бәріміздің айыбымызды өтеп шықты. Құдайдың не істеп жатқанын барлық адамға айтып беруіміз керек, Иеміз соны қалайды. Оның орнына бірімізге-біріміз не істеуге болатынын, не істеуге болмайтынын айтып жүрміз.

Ерлер мен әйелдерді жігерлендіріп, жанжал атаулыны ысырып тастап (неден шыққан дау болса да), Құдайдың жұмысына жұмылуға шақыруға тиіспіз. Тізе қосып еңбек етуіміз керек, екпінді де ықпалды болуымыз керек. Осының барлығы – Құдайымыздың қалауы. Жанжалдың шешімін тауып, дауласқандарды татуластыру – бізге берілген тапсырма. Бұл тапсырма адамдар арасындағы қарым-қатынастың барлық салаларына қатысты. Жынысаралық қатынастар ғана емес, ұлтаралық және нәсіларалық қарым-қатынастарға да, әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, қауымдық, кәсіби салаларда да даудамай толастап, татулық орнауы тиіс. Құдай арамызда татулық орнағанын қалайды!

Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды! Осының бәрі де Құдайдың ісі. Ол бізді Мәсіх арқылы Өзімен татуластырып, бізге басқаларды Өзімен татуластыру қызметін аманаттады

2 Қорынт. 5:17-18

Мұндағы «біреу» деген сөз «кез келген адам» дегенді білдіреді. Яғни, Мәсіхпен тығыз байланыстағы кез келген ер адам, кез келген әйел адам, кез келген бала жаңа өмірге ие. Ескі

өмір артта қалған. Осы аяттардың ағылшын тіліндегі нұсқасында “ескі өмірі өтіп кетіп, жаңа өмірі гүлденеді” деп жазылған. Оқығанда, ойыма қар астынан жарып шыққан бәйшешектер келеді. Осынау көктемгі гүлдер тез көбейіп, кеше ғана қар басып жатқан тоң жерлерді құлпыртып жібереді. Мәсіхтегі жаңа өміріміз – ескіні жаңамен алмастырудың қарапайым концепциясы. Бұл – әр адам қол жеткізе алатын, іштен өсіп-өнетін өмір.

Арыстандар қарым-қатынастарын түзеп алған. Қаншырлар еркек арыстандармен миссиясы бір екенін біледі. Ол миссияның мәні неде дейсіз ғой? Арыстандардың жаңа, мықты, өнегелі ұрпағын өсіріп тәрбиелеуде. Осы мақсатқа жету үшін олар абдандарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, асқан ұқыптылықпен асырап, қорғайды. Осы миссияда еркек арыстан мен ұрғашы арыстанның өз міндеттері мен жауапкершілігі бар және бірінің жауапкершілігіне бірі қол сұқпайды.

Табиғи жолмен, өз ретімен жүзеге асатын нәрселерді әсірелеп, шектен шығарып алғанымызды көріп жүрмін. Мысалы, мойынсұну деген ұғым әйелдерді басып-жаншуға ұласып кеткен. Сонымен қатар, кейбір әйелдер өзінің әйелдік болмысын асқақтатып, пір тұтып жүр. Осы жайында кейінірек әңгіме қозғаймыз. Қазір мойынсұну ұғымының қалай бұрмаланатыны жөніндегі ойымды сіздермен бөліспекпін.

TWITTER-дегі БҰРМАЛАУ

Twitter деп аталатын әлеуметтік желі туралы естіген боларсыз. Бәлкім оны өзіңіз де қолданатын шығарсыз. Бұл байланыс жүйесі тек қысқа ақпаратты бөлісуге келеді, сондықтан аккаунт иесінің өмірі мен пайымдауы жайлы толық мәлімет бере алмайды.

Бір жолы *Twitter-де «Fight Like a Girl» атты кітабымда егжей-тегжейлі айтылған концепцияның қысқаша нұсқасын жарияладым.* Жетекшілік жайындағы пікірім еді: “*Ер-азаматтың жынысы оның жетекші болуға жарамды екенінің дәлелі емес. Дәл солай, әйелдің жынысы оның жетекші болуға жарамсыз екенінің айғағы бола алмайды. Ерлерді де, әйелдерді де жетекші болуға лайық ететін жалғыз қасиет – олардың Құдайға ұнамды өмірі*”. Мен осы пікірімді қауымдағы

жетекшілерге немесе отбасындағы жетекшілікке қатысты айтқан жоқпын, соған назар аударыңыз. Тек жетекші болудың шарты – Құдайға ұнамды өмір сүру екенін, бұл ақиқаттың ер-азаматтарға да, әйелдерге де бірдей қатысты екенін айттым.

Осы жазбамды *Twitter-де жариялағанымда, ол автоматты түрде в Facebook-те де шықты. Осыдан кейін өз шаруаларыммен айналысып жүре бердім. Жазбамнан қызу дискуссия туындайды деп күткен жоқпын. Жазғаным – жұрттың бәріне мәлім нәрсе ғой деген ойда болатынымын. Мәлімдемемнің айналасында пікірталас өршіп кететінін қайдан білейін.*

Жүзден астам комментарий түскенде, көп адамның қытығына тигенімді түсіндім. Өз шаруаммен айналысып жүргенімде, *Facebook-парақшамда оқырмандарым пікір таластырып, қызу айтысқа кірісіп кетіпті. Мәсіхші әйелдердің кейбірі өте ашулы.*

Бір әйел «Құдайға ұнамды өмір сүріп жүрмін деп ойлайтын әйелдер күйеуіне басшы бола алады деп қалай ғана айта аласыз?» деп жазыпты.

Мәссаған! Мұндай сөзді қашан айттым?

Енді біреулер қауымды ер адам ғана басқара алады деген Киелі Кітаптағы аятты жоққа шығардың деп айып тақты маған. Қауым басшылары жайында сөз қозғадым ба? Содан кейін жалпы жетекшілік ұғымы жайлы сөз болды. Кейбір әйелдер менің Facebook-тегі оқырмандарыма әйел заты жетекші болуға жаралмаған, әйел ешуақытта жетекші бола алмайды деген ойды жеткізді.

Бір жас қыз мәселенің байыбына бармақ боп, «Бас бағушының жұбайы – жетекші емес пе, сонда?» деп сұрады. Әлгілер жауабын кесіп айтты: “Жоқ, жетекші емес! Ол күйеуінің көмекшісі ғана”.

Пікірталас қыза түсті, басым аздап айналайын деді. Оқырмандарым комментарийді жаудырып жатыр, бара-бара әңгіме бағыну тақырыбына ойысты. Біреулер мені жетекші десе, енді біреулер әйел адам жетекші бола алмайды десті. Біраз пікір алысқаннан соң маған жеңілдік жасалды: күйеуімнің басшылығын мойындайтын әйел болғандығымнан, мен күйеуінің қол астындағы жетекші екенмін.

Осы жерде тоқтап, ойланайықшы. Сөз ер-азаматтар мен

әйелдер жайлы бола қалса, мәселенің әйелдердің ерлерге бағынуына барып тірелетіні несі? Мен жетекші болсам, Құдай мені жетекші болуға тағайындады, сондықтан жетекшімін. Мәселені қиындатудың қажеті жоқ: жетекші дегеніміз – соңынан ерген шәкірттері бар адам. Кейбіреуіміз жетекшілер тізіміне тіркелмесек те, жетекшіміз. Сондықтан, басқаларға үлгі болып, адамдарды өнегемізбен жетелеуге Құдай қуат берсін. Пауыл елші Тимотеге жазған хатында жетекшіге қойылатын талаптарды тізіп жазады. Оқып көрейік:

Ал қауым басқарушысының ешбір кінәратсыз таза болуы қажет: ол бір ғана әйел алған адам, салауатты, байсалды, әдепті, қонақжай және қабілетті оқытушы, не арақ-шарапқа құмар, не ұрыншақ та емес, шыдамды, айтыс-тартыстан аулақ жүретін, ақшаға да құнықпайтын жан болуға тиіс. Ол отбасына жақсы басшылық жасап, балаларын өзін құрметпен тыңдайтындай етіп тәрбиелеуі шарт. Өйткені өз отбасына басшылық ете алмаған адам қалайша Құдайдың қауымын қамқорлай алады? Басқарушы сенім жолына жуықта ғана түскен біреу болмауға тиіс. Әйтпесе ол әзәзіл шайтан іспетті мақтаныштан кеудесін көтеріп, Құдайдың үкіміне ұшырауы мүмкін. Сондай-ақ, масқараланып, шайтанның торына түсіп кетпеуі үшін қауымнан тыс жұрттың да оған жақсы куәлік берулері керек. Сол сияқты, қауым қызметшілері де байыпты, өтірік айтпайтын жандар болып, маскүнемдік пен пайдақұмарлықтан аулақ жүрулері қажет. Олар бізге сенім туралы ашылған шынайы ілімдерді ұстанып, таза ар-ұжданмен өмір сүруге ұстануға тиіс. Бұлар да алдымен сыналсын. Содан кейін, егер айыпсыз болса, міндеттеріне кіріссін.

1 Тимоте 3:2-10, ағылшын тілінен аударма

Бұл үзіндіде Пауыл елші жетекшілік етіп жүрген ер-азаматтарға қойылатын талаптарды айтады. Келесі аяттарда былай дейді:

Сондай-ақ әйелдерге дәл сондай талап қойылады: олар байыпты, өсек айтпайтын, салауатты, қай нәрседе де адал болуға тиіс. Қауым қызметшілері жұбайына адал

болып, балалары мен отбасыларына жақсы басшылық етулері керек. Міндеттерін жақсы атқаратындар зор беделге және Мәсіх Исаға деген сенімде үлкен батылдыққа ие болады.

1 Тимоте 3:11-13,
Message аудармасы, курсив автордыкі

Әйелдерге жетекші болуға тыйым салынса, Пауыл елші оларға қойылатын талаптарды айтып қайтеді? *Джон екеуіміз кеңсемізге жұмыскер аларда әуелі ол адамға қоятын талаптарымызды анықтап аламыз. Үміткер талапқа сай болмаса, ер-азамат болсын, әйел адам болсын, жұмысқа алмаймыз. Жұмыскер ер-азамат болмаса, оны лауазымды қызметке алуға болмайды деп Пауыл елші айтқан жоқ. Әйел болсын, еркек болсын, талапқа сай болмаса, ондай адамды жетекші етіп қоюға болмайды деді. Елші талаптар тізіміне баса назар аударған болатын. Әйелдерге қойылатын талаптарда еш өзгешелік болмауы тиіс екенін айтты; әйелдер де сол стандарттарға сай болуы шарт. «Қауым басқарушысы бір ғана әйел алған адам болуы тиіс» дегенді қалай түсінеміз дейтін боларсыз? Бұл сұрақтың жауабы мынау: ол заманда әйелдер бірден бірнеше күйеуге тимеген, ал ер адамдар бірнеше әйел алған. Сондықтан Пауыл елші бір ғана әйел алу шартын ер-азаматтарға ғана қойған.*

Тимотеге жазған 1-ші хатында 3-ші тараудың 11-13 аяттарында Пауыл елші Тимотеге жетекші әйелдерге қандай талап қоятынын жазған. Әрі қарай сөз – қызметкер әйелдер (дьякон) жайлы. Мұны қалай білеміз? 1-ші және 2-ші аяттарды қайталап оқып шығайық. Қауым басқаратын ер адамдарға қойылатын талаптарды жазбастан бұрын, Пауыл не деді, соны білейік

«Егер біреу қауым басқарушысы болуға ынталанса, оның игілікті істі қалағаны». Бұл — дәл айтылған шынайы сөз. Ал қауым басқарушысы...

1 Тимоте 3:1-2

«Егер біреу» деген сөзді көріп тұрсыз ба? Басқа аудармаларда «әлдебіреу» деп, кейбірінде, тіпті, «кім болмасын» деп те жазылған. Қалай болғанда да, бұл аятта «егер ер-азамат...» деген сөз жоқ.

Әйелдер барлық салада жетекші бола алады да, қауымда ондай мүмкіндіктен айырылады, неге бұлай? Құдай әйелге күнәға дейін де, күнә жасалғаннан кейін де жетекшілікті сеніп тапсырған. Солай бола тұра, қазіргі заманда, күнәнің құны өтелгеннен кейінгі уақытта әйелдерге жетекші болу мүмкіндігі беріле қоймайды. Неге?

Facebook-тегі пікірталастың бір кезде қызып кеткені сонша, бір ер адам араласып, «Әйелдер, неге дауласып отырсыңдар? Ортақ іске үлес қосудың орнына біріңді бірің кері тартып отырасыңдар!» деді. Сол адамның жазғаны – шындық. Өзара қолдау көрсетіп, Мәсіхтің ісі үшін бірімізді-біріміз сүйемелдеудің орнына, бір-бірімізді түтіп жеуге дайынбыз. Ақырында, әйел ретінде және мәсіхші ретінде толық әлеуметімізге жете алмай, орта жолда тұралап қаламыз.

Әлеуметтік желіде күтпеген жерден басталған осы бір пікірталас әйелдердің отбасындағы құқығы ғана емес, қауымдағы құқығының да теңдігі мәселесін көтерудің қажеттілігін танытқандай. Адамзат Құдайдың жүрегін және жоспарын танып білуге мұқтаж. Оны Құдайдың еркіне сай өмір сүріп, қызмет етіп жүрген біз ғана көрсете аламыз.

СЕКСИСТІК БЕТАЛЫС

Американдық қауымдарда сексизм жойылған деп ойлағым-ақ келеді. Осы тұрғыда өз елімді әдейі басқа елдерден бөліп-жарып айтып отырмын. Дүние жүзін аралап, алуан елдердің мәдениетімен таныстым. Байқағаным, бізге үйреншікті болып кеткен әдет – барлық істі әйелдерсіз-ақ тындыратын әдетіміз, басқа елдерде жоқ. Кейбір елдерде әйелдер болмаса, қауымдар да болмас еді-ау деймін.

Құдай жаратқандардың бәрі де адал, жақсы; шүкірлік етіп қабылдануы тиіс. Ешнәрсені мазақ қылуға немесе шеттетіп тастауға болмайды. Олар Құдайдың сөзін оқып, Оған сиынуымыз арқылы Оған бағышталып адал болады.

1 Тимоте 4:4-5, *Message* аудармасы

Құдай жаратқанның бәрі адал болса, шүкіршілікпен қабылдануға

тиіс болса, адамның да барлығын қабылдауға тиіс емеспіз бе? Ер адам да, әйел адам да бірдей жақсы.

Құдайдың жаратқанын мазақ қылуға немесе кемсітуге болмайды. «Мазақ қылу» сөзінің мағынасы – “күлкіге айналдыру, жақтырмау, кемсіту, келеке ету”. Осы әрекеттердің қайсысы да адамды не затты қорлайды, қосқан үлесін, тигізген пайдасын, еңбегін жоққа шығарады.

Енді “шеттетіп тастау” деген сөзге назар аударайық. Бұл сөздің “қабыл алмау, бас тарту, аластату, шығару” деген мағыналары да бар. Өкінішке орай, қауымда әйелдердің осындай көзқарасқа тап болуы жиі кездеседі. Әйелдер шеттетіліп, елеусіз қалып қойғанда, олардың қауымдағы орны бос қалады, қауым олардың қосар үлесінен айырылады. Осының бәріне ер адамдар да, әйел адамдар да жол беріп жүріп, онысын өздері мойынсұну жайлы қағиданы орындау деп ұғады.

Осының салдарынан әйелдер де, ер адамдар да өте бағалы бір құндыдықтан айырылуда, бұл – орны толмас шығын. Рас, ер-азаматтар қауымда жоғары лауазымдарға әйелдерге қарағанда, жиі тағайындалады. Алайда, олар да әйелдерде бар даналықты қолдана алмағандықтан, қиындықтан жеңіліп жатады. Ал біз ше? Біз ер адамдардың қадірін біліп жүрміз бе? Олар да Құдайдың жақсы жаратылысы, осыны мойындаймыз ба? Оларға деген көзқарасымыз Құдайдыкіндей ме?

Әлде біз оларды күлкі етіп жүрміз бе? Әзілі жарасқан достық қалжың болады, оны айтып тұрған жоқпын. Шындап келгенде, бәріміз де кейде күлкілі жағдайға тап боламыз. Өміріміздің өзі Құдайымыздың әзіл-қалжыңнан жұрдай емес екенін дәлелдейді. Алайда, қай жыныстың болсын адамдарын келеке-мазақ қылудан, қадір-қасиетін қорлайтын әзіл-оспақтан аулақ болғанымыз жөн. Өкінішке орай, мұндай жағдайлар сіз ойлағаннан жиі болып тұрады. Ойын-сауық индустриясы ер адамдарды келеке-мазақ қылуды, ал әйел адамдарды тұлға емес, жыныстық қатынастың объектісі деп көрсетуді тоқтатар емес.

Сексистік беталыстың үдеп кеткені сонша, әйелдер өздерінің тұлға ретіндегі құнсыздануын ерлерден көріп, ер-адамдарды жау көреді. Бұл тығырықтан шығу жолы бар ма? Өкініштісі, кейбір әйелдер өздерінің қадір-қасиетін қалпына келтіру жолында шектен шығып кетті.

ӘЙЕЛДІК БОЛМЫСҚА ТАБЫНУ

Осы кітабымды жазып жүрген кезде, Amazon сайтындағы екі кітапқа көзім түсті. Бұл кітаптар өзімнің бұрынырақ жазған кітабыммен бір каталогта қатар орналасқан екен. Кітаптарды “әйел болмысының құдайылығы” теологиясын жақтаушылар жазыпты. Олар әйел жынысты “құдайларға” сенеді және әйелді құдай ретінде қарастырады. Көктегі Әкемнің “Осы екі кітапты сатып ал да, оларды қалай жоғалтып алғанымызды біл” деді сыбырлап қана.

Сол кітаптарды парақтап, келтірілген сұрақтар мен тұжырымдарды оқып отырығанымда, жаралы жүректің мұңын сезіндім. Авторлар – беделді де ықпалды әйелдер, кезінде қауымда жандарына жара түскен екен. Бұл екеуінің осынау орасан қабілеттерінен Мәсіхтің Денесі айырылып қалғанына өкінгенімнен көзіме жас келді.

Құдайдың үйінен тыс жерде, әлдебір әйел-құдайға табыну жайлы идеяны ту етіп, жар салудан басқа жолы қалмады ма? Осы жолды неге таңдады?

Олардың көкейіндегі сұрақтары соншалық өткір де тік болып, қауымдағы дәстүрлерге кереғар келді ме? Әлде бұл әйелдердің сұңғыла ақылы қауым басшыларын ыңғайсыз жағдайға қалдырды ма? Олардың даусы мойынсұну қағидасын асыра сілтеп орындаудың салдарынан естілмей қалды ма? Жетекшілердің күнәнің құны толықтай өтелгенін жете түсінбеуінен солай болды ма?

Бұл әйелдердің сұрақтарынан қауымдағы әйел адамдар да, ер-азаматтар да шошыған болса керек.

Бәлкім, сізде сол екі әйелдікіндей сұрақ пен түңілуге толы ізденіс болмаған шығар, менде болды. Дәл сондай күйді өз басымнан өткіздім. Және жалғыз емес екенімді білемін. “Құдай Әкенің қызы ретінде құнды екенімді тағы да бір рет түсіндіріп беріңізші” деген сауал жазылған хаттарды көптеп аламын.

Сью Монк Кидд жазған «*The Dance of the Dissident Daughter*» атты кітаптан үзінді келтірмекпін. Сью қауымда өскен қыз-келіншектердің бәріне таныс ойлар мен сезімдерді суреттейді.

«Әйел екінші болып жаратылды да, бірінші болып күнә жасады», – деді уағыз айтып тұрған ер адам.

Сөзін жалғастырып, Хауа ананың ер адам үшін жаратылғанын, алайда, Құдайдың тілін алмай, Адамға тыйым етілген жемісті жегізгенін, сондықтан ешбір жақсылыққа лайық емес екенін айтты... Жүрегім қысылып кетті. Көңілім алай-дүлей. Жалғыз-ақ ой: “Құдайым-ау, бұл не дегенің?”»

Әрі қарай автор Құдай туралы өзінің ұғымы мен қауымның көзқарасы арасындағы қайшылықтар көп болғанын айтады. Онысына мен де келісемін. Құдай Әке ешуақытта әйел болсын, еркек болсын, ешқайсымызға мынадай беталды, негізсіз, жалпылама айып тақпас еді.

Хауа ана мен оның қыздары өтірікке сенгіш, адасуға бейім, сол себепті оларды жетекшілікке тағайындауға болмайды дейтін болсақ, онда Адам ата мен оның ұлдарына да сенім жоқ. Адам ата біле тұра, күнә жасап, Құдайдың сенімінен айырылып еді ғой.

Адам мен Хауаның күнәларын салыстырар болсақ, арасында аффект күйінде жасалған қылмыс пен қасақана адам өлтірудің арасындағыдай өзгешелік бар. Хауа ана бұл қадамға абайсызда, алданғандықтан барды; Адам болса, қандай іске бел байлағанын анық білген еді.

Күнәні білместікпен жасасаң, Құдай оны ескереді.
Ал Таурат заңын біле тұра күнә жасағандар сол заң бойынша сотталады.

Рим. 2:12, *Message* аудармасы

Ойлана білетін адамның сұрақтарына қауымдарымызда жауап табылмаса, діншілдік ордасына айналғанымыз ба? Олардың қиын сұрақтарынан қашқақтағанды қойып, шыншыл жауап іздеуді бастамасақ, ертең өзіміздің қыздарымыз осындай сауалдар қойғанда, олардың тағдыры не болмақ?

Қазіргі беталысымды түземесек, болашақта ер адамдарға оңай соқпас! Әйелдердің үн-түнсіз қалуы ерлерге жақсылық әкелмейді. Пікірімізді, ойымызды, білгенімізді бөліспей, ішімізде сақтағанымыз ер-азаматтардың салауаттығын арттырып, қайратын шыңдайды деп ойламаңыз. Біздің даусымыз олардың дауыстарымен бірдей естілсе ғана, ерлерді демей аламыз. Өйткені, әйел адамдардың қойған сұрақтары ер-азаматтарды

шыңдайды, олардың жаңа деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді. Әйелдердің пікірі ерлерге бір жағынан сын-тегеурін болса, бір жағынан оларды саф алтындай тазартады. Еркіндік пен теңдік әйелдердің жан-жақты дамып жетілуіне, өркендеп, өсуіне қажет.

Әйелді Құдайға теңемек болған сол бір авторлардың бірде-бір сұрағы мен үшін жаңалық емес. Ал олардың осы сауалдарына қауымның берген мәнсіз жауаптары қатты қынжылтты.

Арамызды әйелдердің көз жасына толған теңіз бөліп тұрғандай көрінді. Арғы жағада тұрған әйелдерді көріп, көңілім құлазиды. Олар өздерін еркін ойлы әйел нәм әйел-құдай дейді. Мен болсам, оларды құрбыларым дегім келеді және Құдай Әкенің қыздары деген атау әлдеқайда жарасымды әрі мақтан тұтуға тұрарлық дер едім. Алайда, олардың айтқан өкпеназы құлағымнан кетпейді, өйткені, сөздерінде шындық көп. Қауымның олардың сұрақтарына берген жауаптарындағыдан әлдеқайда көп.

Сол екі кітаптың беттерінен көптеген қайғылы хикаяларды оқыдым. Солардың бірін акушер-гинеколог дәрігер айтып беріпті. Ол босанған әйелдердің қыз туғаны үшін күйеулерінен кешірім сұрағанын талай рет естіген екен. Төрт ұлдың анасы, мен үшін бұл – жаға ұстататын жайт. Күйеуім – әйелдерді қадірлей білетін азамат, сол үшін Құдайға алғысым шексіз. Ол әр ұлымыздың дүниеге келгеніне қуанды, бірақ қыз балам болса деген арманы да бар еді. Әлгі әңгімені айтып бергенімде күйеуім қайран қалды. Қыз баламыз болса, аңсап күткен, сүйікті баламыз болар еді!

Дін аясында сұрақтардың жауабын, өзінің құндылығын, үлес қосар ісін таппай, сыртқа кетті. Қауым олардың санасында патриархалды тиранияның ордасы болып қалды. Сондықтан өмір сүретін ортасы мен табыну объектісін басқа жерден тапты. Өздеріне жылырақ, жұмсағырақ, жарқын көрінген патшалыққа кетті, онда патша да, құдай да – әйел.

Сабыр етіңіз! Сіздерді соларға еруге шақырып отырған жоқпын. Маған діншілдік сомдаған бейне – ашулы патша да, патшайым да керек емес. Мен жалғыз Жаратушы Иеміз, Құдай Тағаланы таңдаймын.

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН АМАНАТЫ

“Әйел болмысының құдайылығы” теологиясын жақтаушы Мэриэнн Вильямсонның «*A Woman’s Worth*» атты кітабында мынадай жанұшырған үндеу бар:

«Шіркеуге барып, Мәрияммен сөйлес дегенде мынаны айтамын: шіркеуге бар, балауыз шамды жақ, шіркеудегі ұзын орындықтардың біріне отыр. Бұл – өте маңызды сәт. “Мәриям, әйел, жас қыз, ата-анамның қызы, ана ретінде мен кіммін, соны білгім келеді. Мен қандай әйел болуға жаралсам, сондай болғым келеді. Сен сияқты пәк, болғым келеді, нұрға сендей бөленгім келеді. Әйелге тән ішкі дүнием сырт көзге көрініп тұрған “мен”-нен гөрі жарқын да айқын болсын”.

Жаратылысыңызға сай әйел болуға ұмтылуды, сол үшін мінәжат етуді қате деп санамаймын. Алайда, автор оқырмандарын қай құдайға сиынуға шақырады, мәселе сонда. Католик дінін жат санайтындарға Вильямсон мына сөзін арнайды:

Саған Мәрияммен сөйлесу оғаш көрінсе, ештеңе етпейді! Гректің әйел-құдайын, үндінің аватарын немесе өзің ұнатқан кез келген бір тәңірдің әйел кейпіндегі символын таңдап ал да, сонымен қарым-қатынас орнатуды баста.

Қарым-қатынас дей ме? Әрі қарай ол не себепті ашулы екенін айтады:

Бұл дүниенің сенде де, сенің әйелдік болмысыңда да еш шаруасы жоқ. Сені әлсіз деп санайды, сені тек жыныстық қатынас объектісі деп қарастырады. Бала тапқаннан басқа ештеңеге жарамайсың. Неғұрлым жас болсаң, соғұрлым бағалысың. Жасың артқан сайын жарамсызсың. Құның жасыңа қарап өлшенеді. Бұл дүниеден қолдау да, әйел ретіндегі бірегейлігіңді де іздемей-ақ қой, таппайсың. Дүние саған қас. Құдай ғана сені жақсы көреді!

Құдайдың бізді сүйетінін айтқанына ризамын. Дегенмен, Вильямстың әр сөзінен жан жарасының ауырғаны сезіледі. Қайдағы жоқ әйел-құдаймен байланыс орнату идеясына жармасатын секілді Мұнысы – суға кеткен тал қармайдының кебі. Өшпес сұлулық пен әйелдік құдіреттің бейнесі ретінде гректің жалған тәңірлерін алайық та, соған құлдық ұрайық дейді, сонда қарым-қатынасымызға жетпей тұрған, жанымыз аңсайтын жылулықты табамыз деп кеңес береді. Осы кітаптың авторлары іздеп жүрген ақиқатты тапсын деп Құдайдан тілеймін.

Католик дінінен шыққан адам ретінде, автордың нені меңзеп тұрғанын түсінемін. Мәриямға табынуды еш қолдамаймын. Дегенмен, протестанттар Мәриямды Құдай деп мойындаудан және оған табынудан (Мәриям шынында да, Құдай емес) бас тартқанда, сонымен қатар, әйелдердің еліктеуіне тұрарлық үлгіні да жоққа шығарды.

Мәриям Құдай емес, алайда Құдайдың адамы еді. Ол – алдында балауыз шамдары тұратын мүсін емес. Мәриям – бізге үлгі-өнеге болар әйел. Ол болашақтың жаршысы, Мәсіхші әйелдер Құдаймен бірлесе еңбектеніп, өз өмірлерімен Исаны әлемге паш етуінің бастамашысы.

Иса дедім бе? Айтпақшы, *«A Woman's Worth» кітабынан Мәриямның Ұлы Исаның атын таппадым. Ал Исасыз Мәриямның құндылығы неде? Олай болса, әлгі жолдаудың шынайы мән-мағынасы қандай?*

Жолдаудың түп қазығы – Мәриям да, Афина да, Афродита да емес. Мәселе қолдан жасалған, атауы жоқ әлдебір рухта!

“Әйел болмысының құдайылығы” ілімін жақтаушылар Құдай туралы, әйел кейпіндегі жалған тәңірлер жайында, дін туралы, ер адамдар туралы көп айтады да, жалғыз Құтқарушы, Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх жайлы өте сирек сөз қозғайды. Олар патшайымдар, сиқыршы әйелдер, аналар туралы айтады да, өліден тірілген Құдай жайлы тіс жармайды. Аналар Ұл туралы көктен түскен аяннан неге қашқақтайды? Исаның Тұлғасын жағалай айналып жүргендей, тіпті Оның айтқан сөздерін де өз сөздеріндей қылып айтады, алайда Исаның атын атаудан аулақ.

Әрине, бұл таңырқатар жайт емес! Өзін-өзі құдайға теңеген адамға құтқарушы керек пе?

Құдай табынуға лайық, өздерін әйел-құдаймыз дейтіндер

де табыну күтетін болса керек. Алайда, біз ер-азаматқа да, әйел адамға да табынбаймыз. Жалғыз табынатынымыз – бір Құдайдың Өзі. Егер қауымдарда әйелдер туралы, Құдайдың әуелгі жоспарына сай әйелдердің қоғамда алар орны жайлы ақиқат уағыздалатын болса, әйелдерге құндылық беріп тұратын жалған тәңір ойлап табудың да қажеті болмас еді.

Көк пен жердің Құдайы әйелдің ролі мен бірегей құндылығын адамзатты құтқару жоспарында ашық жариялады. Құдайдың Ұлы ер адамның ұрығынсыз дүниеге келді. Жүсіпке Мәриям мен оның құрсағындағы Киелі Нәрестеге қорған болу ғана тапсырылған еді. Құдайдың Рухы уыздай жас еврей қызының пәк құрсағына бала бітірді. Мәриям мантра айтумен болған жоқ, жұртқа өзінің әйел-құдай екенін айтып, жар салған да жоқ. Ол Құдайдың еркін қайтсе де орындауға дайын еді. Жалғыз-ақ, өзіне тапсырылған миссияны орындай алам ба деп аздап алаңдаған болатын. Мәриямның айтқанын қайталап оқиық. “Көктегі Әкем, Сенің айтқаның орындалсын; берген уәделеріңді орындайтыныңа кәміл сенеміз. Езілгендерді бұғаудан босатып, біздің өміріміз арқылы Өз Ұлыңды әлемге паш етпейсің”.

Ер-азаматтардың үстінен қарап, мен әйел-құдаймын деп мардымсу Құдайдан келген өмірлік миссиямызды түсініп, орындауымызға септігін еш тигізбейді. Әйелдерге үстемдік жүргізу арқылы еркектер де шынайы азаттық пен беделге қол жеткізген емес. Әйелдер өз әлеуетін ақиқатты бұрмалаған ілімдердің жолына салу арқылы мақсатына жете алмақ емес. Ер-азаматтар мен әйел адамдар құдай да емес, бір-біріне жау да емес, бірін-бірі қолдаушы әрі қорғаушы.

Табыну объектісіне айналмақ ниет – әрқайсымызға сын. Нақ осы сынға Люцифер төзе алмаған еді. Билікке ұмтылу – күнәкар қалау емес; әрқайсымызға (ерлерге де, әйелдерге де) белгілі бір мөлшерде сенім, билік, ықпал берілген.

Шексіз, абсолютті билікті ешбір адам көтере алмайды. Ондай роль мен жауапкершілік періштелердің өзіне ауыр. Тіпті, Құдайдың Ұлы Исаның Өзі Құдайы құдіретін Өз пайдасына қолданудан аулақ болды. Філіпіліктерге арналған хатында Пауыл елші билікке деген көзқарасымыздың Құдайды танымайтын адамдардыкінен өзгеше болуы керектігін айтады:

Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын:

Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра,
Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта,
Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан
Бас тартып, қабылдады құлдың сиқын:
Ол адам секілді бұ дүниеге келді,
Әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді.
Өзін төмен тұтып, Құдайға мойынсұнды,
Өлімге, тіпті айқыштағы өлімге бойсұнды.
Сондықтан да Құдай Оны көкке көтерді,
Оның мәртебесін бәрінен де биіктетті,
Оған бар есімнен жоғары Атақты сыйлап берді:
Енді естігенде Исаның Атағын
Көктегі, жердегі, жер астындағылардың
Бәрі де тізе бүкпек Оның алдында
Және Иса Мәсіхті тіл атаулы барлығы да
Жаратқан Ие деп ашық мойындауға
Тиіс нәм Құдай Әкенің даңқын арттыруға.

Філіпіліктерге 2:5-11

Адамзат билеп-төстеушілерге емес, қызмет етушілерге зәру. Иса бізді жоғарылатпақ ниетпен Өзі төмен болуға бел бұған еді. Құтқарушымыздың кішіпейіл мінезі мен біздің қаталдығымыз, бір-бірімізге талап қойғыштығымыз тіпті салыстыруға да келмейді. Өкінішке орай, біз Патшамызды көбінесе дұрыс көрсете алмаймыз. Бейбітшілік үшін күрескен аты әлемге әйгілі қайраткерлердің мына сөздері шындыққа ұласады: «Мәсіхшілер болмаса, мәсіхші болар едім», Махатма Ганди: «Маған сендердің Мәсіхтерің ұнайды, бірақ мәсіхшілерің ұнамайды. Олар өздерінің Құдайына тіпті ұқсамайды» деген екен.

Ақиқатты батылдықпен іздеу қолымыздан келеді ме? Мақсатты түрде сүйіспеншілік танытып, мұқтаждар мен адасқандарға қол ұшын созуымыз керек. Пендешілік шектеуінде бейшара болып өмір сүруді тоқтатайық.

Қауым сізге ондай мүмкіндік бермесе, Құдайдың сүйіспеншілігін сыртқа, айналаңыздағы адамдарға тарата беріңіз. Қауымның сыртында да жүрегі жаралы адамдар толып жүр. Олар сіздің бейтарап қалмағаныңызға риза болады. Қоғамға, үйсіз-күйсіз қалғандарға, әріптестеріңізге, білім беру жүйесіне қол ұшын созыңыз. Өміріңіз жарқын, пейіліңіз кең болғай!

Басқаларға өнеге боларлықтай өмір сүретін уақыт келді.

Сонымен, не істеуіміз керек? Құдай алдын-ала шешіп қойған нәрселер жайлы әрі қарай да пікір таластыра береміз бе? Мойынсұну қағидасын орындаудағы асыра сілтеушілік немесе әйел-құдай болу тәрізді әсіре кетулерден аулақ болғанымыз жөн. Сол үшін ой-санамызды, ұғым-сенімімізді ретке келтіре аламыз ба? Ер-азаматтарға құрметпен қарай аламыз ба? Арыстандардан жақсы үлгі алып, ер адамдармен бірлесе әрекет етейік. Дәрменсіз күннің де, долданған әйел-құдайдың да кебін кимейік.

ӘЙЕЛ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Кітаптарымды да, *Twitter*, *Facebook* желілеріндегі жазбаларымды да әйел затына арнаймын. Қауым жиналыстарыңда болсын, Интернетте болсын, әйелдердің аса құнды тұлға екеніне баса назар аударамын. Адамзат біздің даусымызға, жергілікті және әлемдік деңгейдегі біздің қосар үлесімізге зәру екенін тыңдармандарымның есіне саламын. Әйелдер осыған сеніп, осы жолдауды қабыл алсын деп қана емес, жүзеге асырсын деп мінәжат етемін.

Әр уағызымнан кейін әйелдерден «Осы сөзіңізді ер адамдарға да айтсаңыз?» деген өтініш естимін. Олар әңгімемізді біреу тыңдап тұрғандай, батылы барып, осындай нәрсені ашық айтуды менен сұрағанын естіп-біліп қоятындай, сыбырлап, ұрлана сөйлейді.

Бұрын әйелдерге ғана сөз арнап, жігерлендіргенді жеткілікті деп санайтынмын. Қауіпсіз, жайлы жағдайда әйелдерге уағыз айту мүмкіндігін, әлбетте, жоғары бағалаймын. Құдай Әке қыздарының арасындағы ояныш кеңейген сайын түсінгенім, жолдауымды әйелдерге ғана жеткізгенім – жеткіліксіз. Бір беті зақымданған күміс ақшаның жарты құнынан айырылатынындай, әйелдерге ғана айтылған ақиқат қуатының жартысынан айырылады екен.

Кейінгі екі жыл ішінде ықпалым кеңейді, дүние жүзінің әр түкпіріндегі қауымдарда, жексенбілік жиналыстарда уағыз айтуыма мүмкіндік туды. Жолдауымды ер адамдар да естіді. Ерлер де, әйелдер де жиналған залдарда уағыз айтқанымда, әйелдердің таңғажайып жаратылғанын міндетті түрде айтып өтемін.

Осы пікіріммен ер адамдар көбінесе келісе кетеді. Сосын ер-

азаматтар да тамаша жаратылған деп айтамын. Соңғы бірнеше жылда ер адамдардың көзіне үйірілген жасты жиі көремін. Ерлі-зайыптылар бәсекелестікті доғарып, бірімен-бірі татуласқанын көріп қуанамын. Отбасындағы билікке таласқаны үшін бір-бірінен кешірім сұрағанын көріп қатты сүйсінемін.

Сүйікті оқырманым, біздің мәселеміз еркектерде емес. Мәселенің түп-тамыры тереңде жатыр. Екі жақты да қадір-қасиеттен жұрдай қылатын, әйелдер мен ерлерді бір-біріне айдап салатын дұшпанымыз – шайтан. Мәселені тудырған ер адамдар болмаса да, олар мәселені шешуге белсенді түрде атсалысуы тиіс. Ер-азаматтар әйелдермен бірігіп, адамзаттың абыройы мен күшін қайтаруды қолға алғанда, кереметтер басталады.

Кейде дауысыңды естірту, сөзіңді өткізе білудің өзі үлкен жетістік. Төңірегіндегі ер адамдарға дауысың естілетін болсын. Сонымен қатар олар әйелдер мен ерлерді оянып, бірлесе әрекет етуге шақыратын басқа да дауыстарды еститін болсын. Қоғамымызда өзгерістер басталсын десек, сөзіміз бір жерден шықсын. Құдайдың адамзатқа деген көзқарасын қабылдап, ақиқаттың айналасына шоғырланайық.

Мұны жүзеге асыру үшін Қорынттықтарға арналған 1-ші хаттың 11-ші тарауын мұқият қарастырайық. Тарауда айтылған ойларды бөлек-бөлек қарастырып, артынан жалпы бір қорытынды шығарамыз.

Сондықтан ерлер мен әйелдердің арасындағы айырмашылықтарға символикалық қана мән берумен шектеліңдер.

10 аят, *Message аудармасы*

Пауыл елшінің сөздері – екі жыныстың арасындағы айырмашылықтарға аса көп мән бергісі келмейтіндерге жақсы жігерлендіру. Рас, айырмашылық бар. Алайда, өзіндік ерекшеліктеріміз арамызға жік салмағаны жөн. Айырмашылықтарымыз бірлігімізге сеп болсын.

Дегенмен Иемізбен байланысымызда әйел еркектен, еркек әйелден тәуелсіз емес

11 аят, *Message аудармасы*

Осы сөзімен Пауыл ерлер мен әйелдердің арасындағы өзара тәуелділікті көрсетеді. Олай болса, ер адам әйелден, әйел адам ер-азаматтан үстем бола алмайды.

Ер адам Құдайдың тамаша, көрнекті бейнесі болып, бірінші жаратылғаны рас! Алайда әйелдің басы сұлулығымен жарқырап, өзінің «басшысы», күйеуінің басынан асып түседі.

11 аят, *Message аудармасы*

Ер адам Құдайдың бейнесі болып жаратылғаны рас! Алайда әйелдің көркі күйеуінің көркінен асып түседі. Назар аударыңыз, мұнда сөз жалпы әйелдер мен ерлер жайында емес, ерлі-зайыптылар туралы туралы ғана.

Алғашқы әйел еркектің сүйегінен жаратылса да, еркек әйелден туады, ал екеуін де жаратқан — Құдай!

12 аят

Алғашқы әйел Хауа Адамның сүйегінен жаратылған болатын, ол – шындық. Бірақ әрбір ер адам анадан туады. Пауыл елші осыны айтып, тепе-теңдік орнатады.

...ал екеуін де жаратқан – Құдай болғандықтан, бәсекелестік атаулыны доғарайық, арамыздағы дау тыйылсын.

12 аят, *Message аудармасы*

Ал енді, таразының екі басы теңгерілгенде, Пауыл елші гендерлік дау деңгейінен шығып, осы мәселеге деген Құдайдың көзқарасын ашып көрсетеді: “Бәрімізді жаратқан бір Құдай, сондықтан қайсымыз ілгеріміз деген дауды доғарыңдар!” дейді ол. Осы жерде пікірталас атаулы сап тиылуы керек. Тек Құдай ғана үстем, Құдай ғана басым. Жалғыз Жаратушы Иеміз ғана – Сүйіспеншілік, Ақиқат, Жол, Өмір, Киелі, Әділ, Алғашқы да, Соңғы да – Өзі.

Құдай Тағала біздің деноминациялық ережелерімізді ұстанады деп еш ойламаңыз. Құдай біздің жарғыларымыз бен жарлықтарымызға, рұқсатымыз бен тыйымдарымызға мән бере қоймайды. Жаратқан Ие Өз еркіне сай, Өз қалауынша

әрекет етеді және өзара қарым-қатыстары дұрыс әрі Құдайдың жетелеуіне сай әрекет етіп жүрген адамдарды жарылқайды.

Бауырлар мен апалардың ынтымақта тұрғандары
Қандай тамаша да жарасымды!...
...Сонда Иеміз өз жарылқауы — шын өмірді
Мәңгі бақи сыйлауға ұйғарған еді.

Забур жыры 132:1,3, *Message аудармасы*

Ғасырлар бойы Қауымда осы мәселеде алауыздық болды. *Алайда, солай қала бергенін мен қаламаймын. Дегенмен, менің ниетім Құдайдыкімен салыстырғанда, түк те емес. Құдай бұл мәселенің қалай шешілетінін алдын-ала жоспарлап қойған. Түбегейлі өзгеріс болмақ.*

Осы заманның аяғында Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын, — дейді Құдай. — Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, жас жігіттерің аян, қарттарың түс көреді. Сол күндері Мен тіпті құлқүндерімнің үстіне Киелі Рухымды төгемін. Сонда олар да пайғамбарлық сөз айтады. Мен аспанның биігінде кереметтер жасаймын әрі төменде, жер бетінде, ғажап істер істеймін: қан, от және бұрқыраған түтін пайда болады

Елшілердің істері 2:17-19

Демек, осы заманның аяғында Құдай іске Өзі араласады. Қан, от және бұрқыраған түтіннің бейнесі еврейлердің ежелгі құрбандық шалу рәсімін көз алдымызға келтіреді. Құрбандық Жаратқан Ие қабылдайтындай етіп шалынатын. Шалынған құрбандық өртеліп, түтіні Көкке жететін еді.

Жаңа Өсиет заманындағы құрбандық – қой, бұзау, сиыр емес. Қазіргі құрбандығымыз – ерлер мен әйелдердің, жас пен кәрілердің, Құдайдың адал қызметкерлерінің Көкке самғаған дауыстары. Ендігі жерде от құрбан шалынатын жерде емес, біздің жүректерімізде лаулайды. Киелі Рух жүрегімізде жалындап, алға жетелейді.

Бұрын жыныс мәселесін көтеруге келгенде, қорқынышқа бой алдыратынмын. Бірақ қазіргі таңда, қажет болса, үйреншікті

шектеулерден шығуға дайынмын. Жұбайым осы батылдығымнан шошынбайды, қайта, қайсарлығымды қабылдауға дайын тұрады. Ұлдарым әлсіз, дәрменсіз, үні шықпайтын жасық әйелдерді жақтырмайды. Жанұямнан қашанда қолдау табамын. Ал сондай қолдауға зәру болып жүрген әйелдер қаншама? Барлық жерде езілгендерге болысатын, олардың сөзін сөйлейтін әйелдер көп болуы керек. Көктегі Әкем маған мынадай іс тапсырған деп мойындауға ұялмайық. Құдайдың аманатын басқалармен бірігіп орындауға кірісейік.

Жыныстық айырмашылықтарға асыра мән беріп, әсірелеуді доғарайық. Уақыт келді, ұйқыдан оянып, жаратылысымызға сай, Құдайдың құдіретіне бөленген адам болайық. Яғни, әлемнің түкпір-түкпіріндегі адасқандар мен мұқтаждарға Ізгі Хабарды жеткізетін, ер-азаматтарға қолдау көрсететін әйелдер – біз.

Сәлемдесу мен жылы лебіз білдіру

Ерніңіздің сұлулығын сақтаймын десеңіз, сөздеріңіз мейірімді болсын. Көзіңіздің сұлулығын сақтаймын десеңіз адамдардың мініне емес, жақсы жақтарына назар аударыңыз. Асыңызды жарлылармен бөлісіп жесеңіз, сымбатыңызды сақтайсыз. Жалғыз еместігіңізге нық сенімді болсаңыз, еңсеңізді көтеріп, денеңізді тік ұстап жүресіз.

СЭМ ЛЕВЕНСОН



Ана-арыстандардың кездескенде бірін-бірі жалағаны – сәлемдесу рәсімдерінің бір бөлігі. Мұндай әдет оларда бала кезінен қалыптасады. Дүниеге келген сәтінен бастап, абдандар анасының мейіріміне бөленеді, ана-арыстан күніне бірнеше рет күшіктерінің үсті-басын дымын қоймай жалайды. Бірде-бір күшік ана-арыстандардың аймалауынан құр қалмайды. Осыны көз алдыма былай елестетемін: ересек арыстандардың аң аулауын тамашалағаннан кейін абдандар үйірдің жатағына қайта оралады. *“Қап! Нағашы әпкемнің көзіне түсіп қалдым-ау! Үсті-басымды жалап, сілекейлеп тастайтын болды!”* Бала кезіңізде мектептен келгенде, төргі бөлмеде ауылдан келген апаларыңыздың толып отырғаны есіңізде ме? Дәл сондай жағдай.

Арыстандар күшіктеріне ғана емес, бір-біріне де мейірімді. Ұрғашы арыстандар кездескенде, тұмсық түйістіріп жылы амандасады. Бірінен-бірі айнымайтын жануарлар алдында тұрған құрбысын иісінен ғана тани алады. Үйірге сырттан елген

келімсектерді де солай ажыратады. Сырт пішіні алдамшы болса да, иісі дөп айтады.

Ұрғашы арыстанның көзінен жоғарырақ тұста иіс шығаратын бездер болады. Үйірге жаңа қаншыр келіп қосылатын болса, арыстандар бастарымен, жағымен үйкелесіп, тұмсық түйістіреді. Бұл тек сәлемдесу рәсімі ғана емес. Бір жағынан танысу, екінші жағынан достықты, бірлікті бекіту. Арыстандар “бұл – мен, ал сен кімсің?” дейтін тәрізді.

Арыстандар бірін-бірі иіскеп барып таниды. Ал адамдар бірін-бірі алдымен таниды, сосын иісін сезеді. Өз өмірімнен мысал келтірейін: жақында күйеуім мені аэропортта күтіп алды. Машинамызды алыстан көріп, қол бұлғадым. Ол жаныма келіп, мені құшақтағанда ғана иісін сездім. “Иісің қандай тамаша”, дедім, иіс суының иісі мұрныма жеткенде.

Керісінше болуы мүмкін емес. Мен машинадан түсіп, өзіме қарай келе жатқан ер адамды көремін. Ол жаныма жақын келгенде, иіскеп көремін, Иісі таныс болса, күйеуім екенін мойындаймын. Бұлай болуын, тіпті, елестетудің өзі қиын.

Арыстандардың бірін-бірі иіскелеуі бірнеше мақсатты көздейді. Сәлемдесу мен жылы лебіз таныту рәсімі үйірге келімсектердің кіріп кеткенін, немесе әлдебір оқыс жағдайдың болғанын тез білуіне көмектеседі. Сонымен қатар, арыстандар иіскелесіп, жаласқанда, біріне-бірі жылы лебізі мен дос пейілін танытады. Құдай Әкенің қыздары да айналасына осындай жылылықты таратып жүруге тиіс.

БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫ ИІСКЕП, ЕРКЕЛЕТІҢІЗ

Ана-арыстан баласын аймалағанда, күшігіне “Сен біздің үйірдің мүшесісің. Бізбен бірге болсаң, саған еш қауіп төнбейді. Үйірмен бірге жүріп, қайратыңды шыңдайсың, ер жетіп, өресің. Қамқоршың да, қорғаның да – үйірің” дегенді құяды. Сонымен қатар, күшігін қайда барып келгенін де біле алады. Абданның терісін иіскелеп, оның қайда болғанын дөп таниды да, “үстінен гиенаның иісі шығады ғой, бұл қалай?” дегенді ұғындырады.

Менің ұлдарым бозбала шағында кешкі мезгілде қыдырғанды жақсы көретін. Олармен алдын-ала уәделесіп, үйге келгенде, бөлмеме кіріп, бетімнен сүйіп кетуін сұрайтынмын. Сондағы

көздегенім үш нәрсе. Ең әуелі, баласын сүйіп, емірену ана бақытының бірі. Екіншіден, баламның үйге қай уақытта келгенін ерте жатып ұйықтап қалсам да, біле аламын. Үшіншіден, баламды иіскеп, шашынан, киімінен шыққан иісті байқаймын.

Үйге келгенде балам менен әлденені жасырғысы келсе, бөлмемнің есігін ашады да, табалдырықтан аттамастан, “Мама, келдім! Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз!” дейді.

Ұйқымды бөлгісі келмегендей, есікті жылдам жаба қоймақ болады. Бірақ мен: “Кешті жақсы өткіздің бе? Келе ғой, маңдайыңнан сүйгізіп кет” деймін.

Балам кібіртіктеп қалса, күдігім күшейе түседі.

Жаныма келгенде, иіс судың немесе сағыздың иісі әдеттегісінен қаттырақ шығып тұрса, баламның бірдеңе бүлдіргенін білемін. Құшақтап, иіскеймін де, ол жасырмақ болған иісті ажыратуға тырысамын. Баласының иісін ана біледі ғой.

Балаларымызды құшақтап, сүю – күнделікті әдетіміз болмаса, әлгіндей кешкі тексерістер оғаш көрінер еді. Күнде таңертең құшақтасып амандасамыз. Кешке, жатарда міндетті түрде, балаларымыздың маңдайынан сүйеміз. Күні бойы бір-бірімізге құшағымыз ашық. Құшақтасу, алысып ойнау, ұлдардың күресі, тар бөлмеде ығы-жығы болып итерісіп қалу – осының барлығы жанұямыздың өмірінде күнделікті болып жататын нәрселер. Құшақтасу, балаларды иіскелеп, еркелету олардың нәресте кезінен басталып, әлі күнге дейін үзбей келе жатқан әдетіміз. Сіздің үйде де солай болса керек, отбасы мүшелері бірін-бірі арқадан қағады, шаштарын ұйпалайды, құшақтасады, диванда ұйығып бірге отырады.

Кейінірек, үлкен ұлым үйленіп, бөлек отау тіккенде, жасөспірім кезіндегі мен білмейтін қылықтарын әңгіме етіп, айтатын болды. “Бұл қашан болған әңгіме? Мен қалай білмей қалдым?” деп сұрасам, ұяла жымиып, “Сен онда басқа қалаға кеткенсің” немесе “Досымның үйіне қонғанымда болған” дейді.

Сол күні үйде болсам, ұлымның не бүлдіргенін иісінен білер едім! Баласын құшағына алғанда, ана перзентін еркелетіп қана қоймайды, бөтен, күдікті иісті де сезеді. Баланың үстінен шыққан иіс көп нәрсені аңғартады, еркелетіп қоя беру керек пе, әлде қаталдық таныту керек пе, соны кейде сол иіс айтады. Егер отбасыңызда құшақтасу, баланы иіскеп, аймалау әдет болмаса,

осынау жақсы әдетті тезірек қалыптастырыңыздар. Балаларыңыз әуелде жақтыра қоймаса да, қайтпаңыз. Құшағыңыз балаңызға деген сүйіспеншілігіңізді танытып қана қоймайды, сонымен қатар балаңыздан шыққан бөтен иісті де жылдам аңғартады. Бауырмал балаңыз кенеттен құшақтатпайтын, маңдайын иіскетпейтін әдет тауып алса, себебін білуге тырысыңыз. Балаларыңыз сізге жоламауды әдет қылып алмасын. Оған жол бермеңіз.

Балаларыңыз есейіп кетсе де, құшақтап, сүюден жаңылмаңыз. Маңдайынан иіскегеніңіз балаңызға аналық махаббатыңызды сездіреді, арадағы байланыстың үзілмеуіне септігін тигізеді, ересек өмірге аяқ басқан балаға демеу болады.

БІР-БІРІҢІЗГЕ ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ КӨРСЕТІҢІЗ

Арыстандар бір-біріне жылы лебіз танытқанда, “Біз – бір үйірміз. Иісің таныс, біздің үйірдің иісі. Сені қолдауға дайынмын, сенің де мені қолдайтыныңды білемін” дегенді аңғартады.

Осы жағынан алғанда, біз де бір үйірдің арыстандары іспеттіміз. Әпке-сіңлілеріміздің құшақ жая қарсы алуынан “Кел, бізбен дастархандас бол. Қош келдің, бізге бөтен емессің” дегенді ұғамыз. Салқын қабақты “Сені арамызға қосамыз ба, қоспаймыз ба, көреміз. Кім екеніңді әбден танып білмей, сені өзімізге жолата қоймаймыз” деп түсінеміз. Мұндайда келген қонақ та, үй иесі де, достары да өздерін қолайсыз сезінеді. Ал сәлеміңізді алмаса, жағдайыңыз тіпті нашар, бұл – қастықтың белгісі!

Пауыл елші Қорынт қаласындағы сенушілерге не айтқанын оқып көрейік.

Шын жүректен бір-біріңе сүйіспеншіліктеріңді білдіріп, сәлемімізді жеткізіңдер. Құдайдың барлық адамдары сендерге сәлем жолдауда. Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен қарым-қатынастарың бәріңде бола берсін! Аумин.

2 Қорынт. 13:12-13

Сенуші әпкеңді не сіңліңді құшақтап сәлемдес. Әпкең жетекші болса, құшағың оны қаншалықты бағалайтыныңды көрсетсін. Қиналып жүрген сіңліңді құшақтасаң, жанашырлығың мен

сүйіспеншілігіңді сездір. Кейде көп сөз айтудың орнына бір рет құшақтағаның жеткілікті болады. Тарығып жүрген адамға сөз емес жылы құшақ көбірек жұбаныш беретінін білемін.

Пауыл елші түрлі қауымдарға жазған хаттарында сондағы адамдардың атын атап, сәлем жолдаған. Сәлем жолдау, сәлемдесу, сәлем айту Пауыл елші үшін соншалық маңызды болса, біздер үшін де маңызды болуы керек.

Қорынт қаласында тұратын сенушілерге елшінің жазған хатына үңілейік:

Мұны ұялту үшін емес, сүйікті рухани балаларым ретінде ескертіп жазып отырмын. Мәсіхпен жүрген тіпті он мың ұстаздарың болса да, «рухани әкелерің» көп емес. Себебі мен Ізгі хабарды уағыздап, сендерді Мәсіх Исаның жолына түсіріп, жаңа өмірге ие еттім.

1 Қорынт. 4:14-15

Әуелі Пауыл елші хат жазғандағы ниетін түсіндіреді. Қорынттықтарды ұялтып, сөкпек емес. Оқырмандары мен өзінің арасындағы қарым-қатынасты нақтылап алды. Өзінің әке, олардың бала екенін естеріне салды. Өздерін ұстаз санайтындар, Қорынттықтардың қатесін теріп отырғандар көп екенін атап өтті де, өзінің оларға қамқор әке екенін, олардың табысты болуы үшін қызмет ететінін айтты. Өзінің хатында елші оқырмандарға қатысты өзінің кім екенін, өзіне қатысты Қорынттықтардың кім екенін; не айтпақ екенін, оны айтқандағы мақсатын, өзінің сөзіне Қорынттықтар не себепті құлақ асуға тиіс екенін егжей-тегжейлі түсіндіріп жазады. Хаттың негізгі ойын жаза бастағанға дейін осының бәрін нақтылап, оқырманға түсінікті етіп жеткізеді.

БІРІҢІЗГЕ-БІРІҢІЗ ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ БІЛДІРІҢІЗ

Арыстандар сәлемдесіп болғаннан кейін, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді және күтім-бағым рәсіміне кіріседі. Искелеседі, бір-бірінің басын, тұмсығын жалайды, біріне-бірі үйкелеседі. Осындай әрекеттерімен арыстандар достығы мен жылы қарым-қатынастарын нығайта түседі.

Ұрғашы арыстандар көбінесе бір-бірінің басы мен мойнын, яғни, жануардың өзі жете алмайтын жерлерін жалайды. Кедір-

бұдыр тілімен құрбысының жүніне жабысқан кеуіп қалған қан мен батпақты тазартып, кенелер мен түрлі паразиттерді алып тастайды. Қанын сорып, бірте-бірте бойындағы нәрден айыратын қансорғыштар жануарларға зиянын тигізбей қоймайды. Денеңді кір мен қаннан тазартатын құрбыңның бары жақсы. Ал кене мен басқа да қансорғыш паразиттерден құтқаруға дайын тұрған апаларымыз бен сіңділеріміз үшін Құдайға мың алғыс!

“Күту, бағу, қамқорлық жасау” сөздерінің ағылшын тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынасы “ретке келтіру, тазарту, дайындау, тарау, қылшақпен тазарту, сәндеу” және “жаттықтыру, нұсқау беру, шынықтыру”. Осы түсіндірмеге сүйенсек, сөз тісімізді, үй-жайымызды күтіп, балаларымызды бағуымыз жайында.

Қандай да болса күтімді кезеңдерге бөлсек, бірінші кезең қашанда “тазарту” болады. Иса мен Петірдің арасында болған әңгіме барысында күтімнің “тазарту” кезеңі жүзеге асқан болатын. Иса Петірдің аяғын жумақ болып ниеттенген еді, Петір үзілді-кесілді бас тартты. Сондықтан Иса шәкіртіне аяғын Ұстазына жуғызбаса, Исаның істеріне ортақ бола алмайтынын түсіндірді. Қатесін түземек болып, Петір аздап асыра сілтеп жіберді. Енді ол Исадан өзін түгел шомылдыруын сұрады. Иса істің мән-жайына қайта оралды:

Шомылған кісі тап-таза, оның аяғын ғана жуу керек.

Сендер де тазасыңдар, бірақ бәрің емес, — деді.

Жохан 13:10

Біз Исаның меншігіміз, сондықтан тазамыз. Соған қарамастан, күні бойғы жүрістен аяғымыз былғануы мүмкін, қайда барып, қандай аяқ киім кигенімізге қарай, иістенуі де мүмкін. Өмірлік жолымызда, азғын ортаға да тап болуымыз ықтимал. Сондықтан, кешке қарай жуынып, жолда жұққан шаңнан арылғанымыз дұрыс. Сол себепті Иса былай дейді:

Ал егер Мен Иелерің және Ұстаздарың бола тұра, аяқтарыңды жусам, сендер де бір-біріңе сондай қызмет көрсетуге тиіссіңдер! Сендерге өте маңызды шындықты айтып тұрмын: қызметшінің жолы қожайынынан үлкен емес, елшінің жолы да өзін жібергендікінен үлкен емес.

Мен сендерге қалай қызмет етсем, сендер де солай етсін деп үлгі көрсеттім. Мұны біліп, осылай іс-әрекет етсеңдер, бақытты боласыңдар!

Жохан 13:14-17, курсив автордыкі

Иса шәкірттерінің аяғын жуып, бізге үлгі көрсетті. Исаның сөзі ауыспалы мағынада айтылғаны есімізде болсын. Күйеуім күніге кешке жақын маған кіші-гірім педикюр жасап беруі тиіс деп ойламаймын (жақсы болар еді, сүйіктім!). Иса оны айтқан жоқ. Алайда, бірімізді-біріміз жігерлендіріп, құрбымыздың жанының тазаруына үлес қоса аламыз, әсіресе, өмірдің лас жолдарымен жүріп, үстіміз ластанса.

Қолапайсыздау өткен “аяқ жуу жиналыстарына” бірнеше рет қатысқаным бар. Колготки кимейтін әйел қауымдағы қызметке алынбайтын заман болған. Мен қатысқан әлгіндей жиналыстардың көбісі сол тұсқа келіпті. Исаның заманында қонақтың аяғын жуу қолына су құйғанмен бірдей, қонақ күтудің әдеттегі бір бөлігі еді. Осы күнгі құшақтасып көрісу мен кездескендегі бет сүйісу сияқты.

Аяқ жуу рәсімін қайта жандандырайық деп отырған жоқпын. Көшелерімізге асфальт төселген, жабық аяқ киім киіп жүрміз. Ал Исаның шәкірттері баулы, ашық аяқ киім киіп, шаң басқан жолдармен жүрген. Досыңның немесе Құдайдың үйінің табалдырығын аттарда, киімімізден күні бойғы шаңды қағып, қарым-қатынасымызды нығайтуға күш салайық дегім келеді.

Бірін-бірі кір мен қансорғыштардан арылтатын арыстандар іспетті біз де бір-бірімізге керекпіз.

Олар арамдығынан жуынып тазармайды,
Алайда өздерін пәк таза санайды.
Көздері сондай асқақ, тәкаппар,
Кірпіктерін жоғары көтереді олар.
Осы ұрпақтың тістері өткір қанжардай,
Олардың жақтары өткір пышақтай,
Жарлыны жер бетінен жалмап құртар,
Мұқтажды адамзат арасынан аластатар.
Сүліктің екі сорғышы үнемі
«Бер маған! Берші!» деп талап етеді.

Нақыл сөздер 30:12-15

«Бер маған!» мен «Берші!» – нәрімізді сорып, өмірімізді жалмап отырған паразиттер. Ашкөздік пен түрлі құмарлықтар нағыз қанішер вампирлерге ұқсас. Егер біз бірінің жүнін бірі жалап тазартатын арыстандар сияқты қамқоршыл қауымның мүшесі болсақ, өмірімізді таза сақтауымыз оңайырақ болады.

Жақында жетекші болуға қабілетті, өзім сыйлайтын бір жас жігітке көмектеспек болдым. Оның өміріне деген Құдайдың жоспары толығымен жүзеге асуын қалаймын. Сол себепті өмірінің кейбір салаларына түзету енгізу жайлы сөйлеспек едім. Әуелі ол жігітке ықпал ете аламын ба, менің сөзіме құлақ асады ма, соны білмек болдым. Сондықтан «Сен мені қауымда кім деп санайсың?» деп сұрадым.

Еш күмәнсіз «Сен жетекшісің» деді.

Олай болса, менің ақыл-кеңесімді дұрыс қабылдайды, мен оның өміріне ықпал ете аламын. Егер жауабы басқа болса, ақыл айтуды жөн көрмес едім.

Осындай қарым-қатынасты қазіргі заманға лайық «аяқ жуу» деп ойлаймын. Және мұның әсері екі жақты болы тиіс. Басқаларға ықпал етіп қана қоймай, олардың да өмірімізге үлес қосуына жол бергеніміз жөн. Өте жақын, сырлас құрбым бар, туған әпкемдей көремін. Ол – Құдай Әкенің қыздарының арасындағы бірлікті нығайтуда тәжірибесі мол қызметкер. Байырғы достығымыздың арқасында ол менің қыр-сырымды, осал тұстарымды да, мықты жақтарымды да жақсы біледі.

Жақында сол құрбымның “күтіміне” мұқтаж екенімді түсіндім. Кофе ішіп отырғанымызда “Маған сенің ақылың, қатемді түзетіп отырғаның керек. Менің сөзім немесе ісім қате болса, ақылдың шегінен шығып бара жатсам, үнсіз қалма, өтінемін, қатемді айт. Рухани жетілудің шарықтау шегіне жеттім дей алмаймын, түзетуге әлі де мұқтажбын. Өміріме дұрыс бағыт беріп отыратын ақылды адамның кеңесі керек”.

Құрбым өмірімнің түзетуді қажет етіп жүрген салаларында маған көмек көрсетуге, арыстандарша “күтім” жасауға келісті. Енді сол “күтім” жүзеге асу үшін арамызда жақын қарым-қатынас болуы шарт. Қарым-қатынасымыздың үзілмеуін қадағалаймын, ақыл-кеңесін сұрап отырамын, жазған кітаптарын оқимын (кітаптарында көпшілікке айтқан кеңесін мен үшін арнайы қайталап айтуының қажеті жоқ). Құрбымның мені бақылап отырмақ ниеті жоқ, тек

бетімді былғап алмауымды қадағалайды! Қауымдағы “күтім” үрдісіне қосылғанда, түсінетінің – өзіміздің салақтығымыз басқа әпкелеріміз бен сіңлілерімізге әсерін тигізбей қоймайды екен.

Егер барып жүрген қауымыңызда жақын достық қарым-қатынас орнату мүмкіндігін таппасаңыз, адамдардың арасында жылылық сезілетін, өзара көмекті әдетке айналдырған қауым тауып алғаныңыз дұрыс деп ойлаймын. Нағыз достық қарым-қатынас пен арадағы тығыз байланыссыз ешқайсымыз да Құдайдың аманатын орындауға дайын бола алмаймыз. Қансорғыштар мен ластанудан тазару қажет болғанда, жаныңнан мәсіхші әпкең табылғаны қандай жақсы. Сондай “күтімге” мұқтаж болғанымда, басқа қауымда бағушы болып қызмет атқаратын құрбымнан көмек сұрадым. Жалғызсырап, сырлас дос таппай жүрген кезім болатын. Ал мұндай сезімдер әрі қарайғы өсуіңе әжептәуір кедергі бола алады. Олардан тазарып, толықтай арылу үшін көмек керек екенін білемін. Алып мысықтар біледі: өзіңді өзің тазарту қиын, кейде, тіпті, қауіпті. Ал біздің осы қарапайым ақиқатты ұғынуымыз кейде өте қымбатқа түседі.

ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ ЕМЕС, ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ

Петірдің әуелі аяғын жуғызбай, артынан мені түгел шомылдыр дегені есіңізде болар. Сонда Иса оған асыра сілтеудің қажеті жоқ екенін түсіндірді. Иса шәкіртіне былай деді:

Мен тән тазалығы үшін емес, жан тазалығы үшін қам жеймін, соны түсін.

Жохан 13:10, *Message* аудармасы

Иса тәрізді, біз де жан тазалығын тән тазалығынан жоғары қоюымыз керек. Сайып келгенде, көздеген мақсатымыз да сол. Назарымыз өзімізде болса, өмірімізді ашкөздік пен түрлі құмарлықтар билейді. Кейбір мәсіхшілер басқалардың қатесін бетіне басып, өздерін әулие етіп көрсетуге тырысады. Иса олар жайлы былай деген еді:

...Ыдыс-аяққа сыртқы тазарту рәсімін орындай бересіңдер. Бірақ олардың іші алдамшылықпен әрі ашкөздікпен тартып алған тағамдарыңа толы.

Матай 23:25

Ең бастысын назарымыздан шығарып алмайық: Құдайға ұнамды болу – тән тазалығын сақтауда емес, жүрегіміздің таза болуында. Күнделікті тіршілігіміздің барысында аяқ-қолымыз былғануы мүмкін, алайда Құдай тазартқан рухымызды ештеңе ластай алмайды. Бізді тазартып, киелі ететін – Жалғыз Жаратушы Иеміз!

Жақсылық жасаудан гөрі жамандықтан сақтануға көбірек көңіл бөле бастағанымызда, тепе-тепеңдік бұзылады. Олай болған жағдайда, өміріміз мән-мағынасынан айырылады, өзіміз тойымсыз жыртқыштардың жеміне айналамыз. Исаның назары жамандықтан безуде емес, жақсылық жасауда еді. Күнәға қарама-қарсы нәрсе – игі істер.

Зұлымдықты жақсылық жеңеді. Зұлымдықты ереже орнатумен немесе одан қашумен жеңе алмаймыз. Рас, ақыл-парасат керек, белгілі бір шекаралар да болуы шарт. Иә, түнектің істеріне қатысуға болмайды. Дегенмен, тазартуды қажет етпейтін нәрселерді тазартпақ болып, әуреленіп жүрген жоқпыз ба? Өзімізді де, басқаларды да шынайы ластықтан тазартқанымыз жөн болар.

Ашкөздік пен түрлі құмарлықтардан жанын тазартқысы келетіндерге Иса мынадай кеңес берген еді:

Ең дұрысы іштегіні тазарту, ол үшін мынаны істеңдер: иеліктеріңнен мұқтаждарға қайыр беріңдер! Сонда барлық нәрселерің де адал болады.

Лұқа 11:41, NLT аудармасы, курсив автордыкі

Құдай ішкі дүниеміздің тазалығына басты назар аударады. Құдай маған Қауымға мынадай жолдауды жеткізуді тапсырды: мұнтаздай таза үйлерімізден тысқа шығып, көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беріп жүріп, қолымыз бен киімімізді былғайтын кез келді.

Парызшыл Шимон осы ақиқатты ұғып алуға тиіс болатын.

НАҒЫЗ ТАЗАРТУ

Шимон парызшыл Исаны түскі асқа шақырған еді. Үйге күнәкар әйел кіріп келгенге дейін, бұл басқосу – “таза” адамдар жиыны болатын. Әйел Исаның сол үйде екенін естіп келген еді. Қонақтардың үстіне кіріп келгені аздай, Исаның алдына

тізерлей кетіп, ала келген қымбат иісмайын Оның аяғына төкті! Шимон не істерін білмей, әбден састы! Исаны жолдастарымен бірге дастархан басында күтіп, қонақ қылмақ еді, түскі ас игі жақсылармен бірге, салт-дәстүрге сай өтуі тиіс еді. Бұлай боларын кім ойлаған! Болған жағдайды көрген Шимон ішінен: «Егер Бұл нағыз пайғамбар болса, Өзіне қолын тигізгеннің кім екенін және қандай әйел екенін білер еді. Ол күнәға батқан ғой» деп ойлады (Лұқа 7:39).

Сонда Иса Шимонға сұрақ қойды. Қарыздың кешірілгеніне кімнің алғысы мол болады, борышы көп дамның ба, әлде қарызы аз болған адамның ба? Шимонның жауабы дұрыс болды: қарызы көп адамның алғысы да мол.

Осы сәтке дейін жұрттың бәрі күнәкар әйелді байқамағандай сыңай танытып отырған болатын. Кенет Иса әйелге бұрылып, Шимонға тағы былай деді:

Мына әйелді байқадың ба? Мен үйіңе кіргенде, сен Маған аяғымды жуатын су берген жоқсың. Ал ол аяғыма көз жасын төгіп, шашымен сүртті. Сен Мені бетімнен сүймедің. Ал ол Мен келгеннен бері тоқтамастан аяғымды сүйіп отыр. Сен басыма май құйып құрмет көрсетпедің. Ал ол тіпті аяғыма иісмай құйды. Сондықтан саған айтамын: оның көптеген күнәларының бәрі де кешірілді, бұл оның зор сүйіспеншілігінен көрініп тұр. Ал кімге аз кешірілсе, сол азғана жақсы көреді.

(Лұқа 7:43-47)

Бұл аяттар – Исаның әлгі әйел жайында дін өкілдеріне естіртіп айтқан сөздері еді. Ал сол әйелдің өзіне айтқан сөздері бұдан да маңызды:

Мұнан соң Иса әйелге: — Күнәларың кешірілді! — деді. Сонда Исамен бірге дастарқан басындағы кісілер іштерінен: «Күнәларды да кешіретін Бұл кім Өзі?» — деп ойлады. Бірақ Иса әйелге: Сен сенімің арқылы құтқарылдың. Аман-есен қайта бер, — деді.

Лұқа 7:48-50

Ең ғажабы, Иса сол жерге шақырусыз келген жалғыз адамның ғана күнәсін кешірді. Неге дейсіз ғой? Өйткені, Шимондай емес, әйел Исаға мәртебесіне лайық құрмет көрсетті. Шимон болса, Исаның алдында иілуді жөн көрмеді. Күнәкар әйел ондай емес еді.

Исаның кешірімін Шимон да ала алатын ба еді? Әрине! Иса сол жерде отырғандардың қайсысының да күнәсін кешіруге дайын еді. Нақыл сөзімен Иса қаншама терең сырларды ұқтырды. Дегенмен, сол күні Шимон жүрегін тазартуы керек екенін сезінбеді немесе мойындамады. Жүрегімізді тазартуға деген қажеттілігімізді Иса ғана қанағаттандыра алады.

Ал жүрегін тазартуға мұқтаж екенін мойындаудан бас тартқан әркім басқалардың мінін тере бастайды. Басқалардың кемшілігін іздегенде оларды да, өзімізді де ең қажет нәрседен айырамыз. Осы тұзаққа Шимон да түсті. Шимон Иеміздің тазартуына мұқтаж еді. Оны өзі мойындамаса да, “күтім” мен аяғының жуылуын қажет етіп жүрген. Майланудан келетін шипаға да зәру болатын. Алайда, өз мұқтаждығын мойындағысы келмегендіктен, қонақтарына да осылардың ешқайсысын ұсынбады.

ТӨРДЕГІ ОРЫН

Қазір, осы жолдарды жазып отырғанымда, Исаның жетекшілерге – бүгінгі күннің діншілдеріне мына сөзді айтқаны көз алдыма келеді: “Әйелдердің күнәсі зор, сондықтан оларды өзімізге тең тұлға ретінде мойындай алмаймыз деп ойлайсыңдар. Сол себепті әйел затын елеусіз-ескерусіз қалдырасыңдар. Менің Ізгі Хабар тарату жөнінде барлығыңа берілген тапсырмамның әйелдерге қатысы жоқ деп ойлайсыңдар. Алайда, күнәкар әйелге кешірім бергенімде, Мен, сол әйелмен бірге барлық әйелдердің күнәсін кешірген болатынмын. Хауаның күнәсі Адамдыкінен зор болған деп есептейсіңдер, сөйтіп, Менің қыздарыма дастарханыма келуге тыйым саласыңдар. Естеріңде болсын, кімге көбірек кешірілсе, соның алғысы да зор болмақ. Менің аяғымды жуып, иісмай жағу арқылы болса да, олар дастарханымның төрінен орын алады”.

Арыстандай апа-сіңлілерім, Құдайымыздың бізді мақтан тұтуына тағы да мүмкіндік берейік. Сол үшін бауырласымның

аяғын жууға дайынмын, бауырласымның аяғымды жууына да қарсы болмаймын. Исаның ризашылығы үшін қайда жұмсаса да, баруға, не тапсырса да, орындауға дайын болайық. Шимонның ойынша, күнәкар әйел Исаға “жармасып”, қадірлі қонақтың мазасын алды. Алайда, Иса әйелдің ісін өте жоғары бағалады. Алғашқыда сіздің де әрекетіңіз ебедейсіз болып көрінуі мүмкін. Сонда да бөгелмей, іске кірісіңіз. Іс-әрекетіміз Исаның көңілінен шығып, Иеміздің “Сендердің көрсеткен сүйіспеншіліктеріңе дән ризамын” деген сөзін естісек деп армандаймын.

Иеміздің алдында шын маңызды боларлық істер істейік. Басқаларға сыйластықпен қарап, құрмет көрсеткенімізде, сүйіспеншілігімізді Исаға сыйлаймыз. Иса қайтып келгенше бірімізге-біріміз қамқор бола берейік. Бір-біріміздің аяғымызды, қажет болса, көздің жасымен де жуайық. Қауымның аяғына жабысқан кір мен шаңды жуып тастауға жеткілікті болғанша, көз жасымызды тыймайық. Күнәларымызға өкініп жылаудан ұялмайық. Жер жүзіндегі әйелдер мен балаларға жасалып жатқан қиянат жанымызға батып жыласақ, тірі болғанымыз. Жүрегіміз шеменденбесін, сезімталдығымыздан айырылмайық. Мойындарына құлдық бұғау түскен талай әйелдердің жанайқайы жүрегіңізге жетсін, Құдайдың алдында көз жасыңызды төгіп, солар үшін мінәжат етіңіз. Өзіңізге көрсетілген рақымшылық көзіңізден жас шығара алмаса, басқаларға жаныңыз ашығаннан жылаңыз. Көзіңіздің жасы бауырластарыңыздың аяғын жуады, Құдайдың даңқын арттырады.

Арыстандардың сәлемдесуі мен бір-біріне “күтім” жасауы біздің бір-бірімізге деген жылы лебізімізді, құрметімізді, сыйластығымызды бейнелейді. Бірімізді біріміз кім (жетекші, дос, шәкірт) деп санайтынымызды сәлемімізден байқауға болады. Апа-сіңлілерің сені кім деп қабылдаса, саған жасаған “күтімі” де соған сай болады. Біреуге көрсеткен сый-құрметіміз сол адамның біз үшін қаншалықты қымбат екенін көрсетеді. Сәлемімізден мынадай лебіз сезілгені жөн: “Сені білемін және қадірлеймін. Әлгі ауыр жолда үстіңе жұғып қалған кірді тазартып тастауыңа көмектесейін”.

Жақында ғана “ана-арыстандардың” екі күндік кездесуінен оралдым. Сондай кездесулерге үнемі барып тұрамын. Кездесулеріміз өте жылы өтеді, құшақтасып көрісеміз. Бірге өткізген бірер күніміз бәрімізге тыныштық пен жайлылық

сезімдерін сыйлайды. Алтауымыз қонақұйдің екі бөлмесін алдық. Екі күнді бірге өткіздік. Бірге жатып, бірге тұрдық. Бірімізді-біріміз барынша күтіп, қамқорлық көрсеттік. Кешке бір бөлмеге жиналып, сырластық. Жүрегімізді ашып, сырымызды бүкпесіз шертуді үйрендік. Сүйікті құрбыларымының арасында жүрегі жаралы аналар да, әзірге бір жерге тұрақты қоныстанбаған саяхатшы әйел де, шаршап жүрген күрескер де, арманына жету жолында тынбай еңбек етіп жүрген әйел де бар.

Кездесудің бірінші кеші, сәлемдесумен, жылы лебіз білдірумен өтті (“Жақсы көремін сені!”, “Сені қатты сағындым!”). Келесі күні таңертең “күтім” басталды (“Қалайсың? Жағдайың қалай?”). Бір-біріміздің қыр-сырымызды, мінезімізді, осал тұстарымызды жақсы білеміз. Осалдығымыз бен қайратымыз кейде ұштасып жататынын да білеміз. Бірімізге біріміз күрделі сауалдар қоямыз. Бірге күліп, бірге жылаймыз, бірге мінәжат етеміз, құрбыларымыздың алдында күнәларымызды мойындап, қорқынышымызды, әлсіздігімізді ашып айтамыз. Үйге шаршап, дегенмен, риза болып қайттым: кенелер алынған, кір тазартылған, аяқ жуылған.

Құрбыларымымен бірге болып, өзара “күтім” жасап, соған рахаттануды үйрендім. Сол құрбыларым, ана-арыстандар мені жақсы көреді, әрдайым қолдауға дайын. Олар мен үшін ерекше қымбат, солай екенін бәріміз білеміз, бәріміз де достығымызды аялаймыз. Кейде әлденеге келіспей қаламыз. Достығымыз сонда да жалғаса береді.

Қымбатты оқырманым, сіздің де өміріңізде сондай ана-арыстандар бар ма? Олар кімдер? Оларға жылы лебізіңізді қалай білдірмексіз? Сіздің “күтіміңізді” қажет етіп жүрген адам – кім? Қай адамнан өзіңізге “күтім” жасауын сұрар едіңіз?

Ана-арыстандардың ойы да, әрекеті де стратегияшыл

Жаратқан Ие сот жүргізетін төрешіге әділдіктің рухын дарытады, әрі қала қақпасын шабуылдан қорғайтын күзетшілерге батылдық сыйлайды.

ИШАЯ 28:6



Ұ

Ұрғашы арыстандар – саваннадағы жануарлардың ішіндегі ең мықтысы емес. Дегенмен, күш-қайраттың жетіспеушілігін стратегия мен жүректілік толықтырады. Ұрғашы арыстандар стратегиялық команда болып ұйымдасқан апалы-сіңлілілер тобы тәрізді әрекет етеді. Арыстандар үйірі біріне-бірі әпке, сіңлі, бөле, жиен, нағашы болып келетін туыстардан құралады. Олар бір-бірінің күш-қайратын да, осал тұсын да жақсы біледі. Аң аулауда, адасып кеткен күшікті іздеуде, ұрпақты бағып, тәрбиелеуде әрбір қаншыр өз міндетін біледі, өз үлесін қосады.

Әуелі арыстандардың жемтігін қалай алатынын қарастырайық. Аңшылықта үш фактор маңызды, олар: уақытты дәл есептей білу, жемтігінің көзіне түспеу және жемтікпен арадағы арақашықтық. Уақытты дұрыс пайдалана білуі арыстандардың аңшылығында шешуші роль атқарады. Ұрғашы арыстандар уақытты өз пайдасына қолдануға әбден дағдыланған. Сол дағдыны біз де игерсек игі еді. Аң аулауға тиімді уақытты арыстан күн мезгілі мен жарық түсу факторларының қиысуына қарап анықтайды. Ол өзіне неғұрлым тиімді мезгілде, – таңғы алагеуімде немесе ымырт

жабылғанда аңға шығады. Күннің батуы мен таңның атуына Құдайдан басқа ешкімнің әмірі жүрмейді, сондықтан арыстан сабыр сақтап, қолайлы уақытты күтеді. Іңірде саванның қалың шөбінің арасынан сол шөппен терісінің түсі бір арыстан көзге көрінбей, дымын шығармай, жемтігінің жанына жақындап бара алады. Айта кететін тағы бір жайт, саванны мекендейтін жан-жануардың іңірде алыстағыны анық көруі нашарлайды, ал арыстандардың жанары өткір қалпында қала береді.

Сонымен, арыстанға қолайлы мезгіл, ымырт түсті. Енді шабуылдың құтты сәтін таңдап, қай жерден шабуылдайтынын шешуі керек. Ұрғашы арыстандар көбінесе жазық жерлерде тығылып жатады. Шөпқоректілер жайылып жүрген жерге тал түсте, бойын жасырмастан келеді де, өрістегі тұяқтылардың ық жағына, шөп үстіне жайғасады.

Арыстанның келуі табындағы жануарларды елең еткізеді. Сол маңдағы жан-жануар атаулы құлағын қайшылап, танауы делдиіп, қаша жөнелуге дайын тұр. Арыстан келген тұсқа жақын жүргендері тым-тырақай шаба жөнеледі. Зәресі кеткен мақұлықтар жан ұшыра шауып бара жатып, арыстан қуып келе жатыр ма дегендей артына бұрылып қарап қояды. Алайда арыстан жатқан жерінен тапжылған да жоқ. Қолайлы сәт – бұл емес. Қаншыр өзі түстес шөптің арасында тырп етпей жатыр. Қолайлы сәтті күтіп жатып, көз шырымын алмақ. Күш жинап жатыр, уақыты келгенде, аңшылыққа бар айбатын салады.

Арыстаннан қауіп төнбеген соң, табындағылар тас лақтырым жерде жатқан жыртқыштан секем алуды қояды. Бастарын шөпке салып, мамыражай жайыла береді. Біраздан соң шөп арасында көзге түспей, қимылсыз жатқан арыстан даланың көз үйренген көрінісіне айналады. Жыртқыштың болашақ құрбанының анадай жерде жатқан арыстанға бірте-бірте көзі үйренеді де, өзіне төнген қауіпті елемей жайыла береді. Міне, тұяқтылардың бейқам күйге қайта түсуін күткен арыстан дегеніне жетті. Енді әрекетке көшпек.

Ымырт жабылғанда арыстан жер бауырлап, бұқпантайлап табынға жақындай түседі. Жұмсақ табанының тысыры шықпайды. Бергі антилопаға дейінгі қашықтықты бағалап алмақ болып, кілт тоқтайды, басын көтерместен, жануарға көзін қадайды. Жемтігіне қапелімде бас салуы тиіс. Және үркітіп алмай,

қағып түсіруі шарт. Өйткені, үркі қашқан желаяқ антилопаға арыстанның жете алуы неғайбыл.

Кенет тасадан жемтігіне атылады. Антилопа жанұшыра шаба жөнеледі; артқы аяғы жыртқыштың азуына сәл-ақ ілінбей қалды. Арыстан жанталаса қашқан антилопаның ізінен қалар емес. Алайда, момын мақұлық желдей шауып, ажалдың дәл аузына өзі бара жатқанын білмейді. Алыстан торуылдап жатқан екінші арыстан оның жолын кес-кестей береді. Антилопа жалт бергенде, алдынан шыға келген тағы бір жыртқышқа тап болады. Арыстандар жемтігін көп қинамай, жанын жағаннамға аттандырады.

Бірінші арыстан аңшылықта мүлт кетті дей аламыз ба? Бәлкім, солай да шығар. Десек те, оның әрекеті – мұқият жасалған стратегиялық жоспардың бір бөлігі болатын. Мысық тұқымдастардың ішінде ұйымдасып аң аулайтыны – арыстандар ғана. Жолбарыстар, қабыландар, гепардтар, сілеусіндер жалғыз жүріп қоректенеді. Ұрғашы арыстандар ғана жемтігіне топтасып шабуылдап, бөлісіп жейді. Олар аңшылыққа өте шебер. Аң аулауда әр қаншырдың өз міндеті бар. Әпкелерімен бірге жүріп, сол міндетін орындауға әбден машықтанады. Африканың жануарлар әлемін зерттеуші мамандардың айтуынша, еркек арыстандар көп ойланбастан, жайылып жүрген табынға әйтеуір бір жануар тісіме ілінер дегендей, баса-көктеп бас салады. Арыстан қара күшіне сенеді. Ал қаншырлар асықпайды, олардың аң аулауы – өнер. Ұрғашы арыстандардың бірлескен, үйлескен әрекеті қайран қалдырады. Сондықтан да ұрғашы арыстан – епті, батыл, айбынды аңшы.

АЙБЫН

Маған “айбын” сөзі ұнайды. Осы сөзді айтқанымда бойымды кернейтін сезімдер ұнайды. Сіз де дауыстап айтып көріңізші... Аайбыыын!

Біреумен сөйлескенде осы сөзді әңгіме арасында әдейі қолданамын. “Айбын” сөзі қашанда таңқалдырады. “Айбын” – көп айтылып, мағынасы көмескіленіп кеткен сөздердің бірі емес. “Арыстан” сөзі секілді, “айбын” сөзі де құрметке лайық ұғымдарды жеткізетін сөздердің қатарында.

Бұл сөзге байыптап қарасақ, оның мағынасының кейбір қырларын тереңірек ұғынып, өмірімізден көрініс табуына жол беруіміз керек екен. “Айбын” сөзінің “арыстан” сөзімен тіркесе келуі неғұрлым жиі кездеседі. Дегенмен, арыстан айбын жайында сөз қозғамайды, ол өзі – тұла бойы тұнып тұрған айбын.

Айбынның пішіні болса, арыстанның сырт пішініндей болар еді. Өз басым иттерді жақсы көремін. Алайда, “айбын” сөзін үйдегі асыл тұқымды иттеріме қатысты қолдана алмас едім. Айбынның рең-түсі болса, алтын түстес болар еді. Айбынның қимылы жылдам, жүрісі сырғыған көлеңкедей білінбейді. Айбын бар болса, менмұндалап көрініп тұрады. Жоқ болса, қанша тырыссаң да, өзіңді айбынды етіп көрсете алмайсың. Дегенмен, айбынды шыңдау керек. Айбынды болсаң, айбыныңа иесің. Арыстанды аңдардың патшасы ететін – айбын. Ол өз күшінен қорықпайды. Қайта, күшін тізгіндеп ұстайды, ал күші оған қызмет етеді.

Менің компьютерімде *Encarta* деп аталатын ағылшын тілінің синонимдер сөздігі бар. Сол сөздікке жүгінсек, «айбын» (ағылшынша *prowe*) сөзінің мағынасы «ептілік, батылдық, шеберлік, жүректілік, біліктілік, іскерлік, икем» сияқты ұғымдармен ұштасып жатыр. Сонымен қатар, *prowe* сөзінің мынадай екі жақты түсіндірмесі де көңілімнен шықты: «1) асқан біліктілік; 2) асқан ерлік».

Ана-арыстан секілді, сен де айбындысың. Осынау асқан батылдық, қайрат немесе қабілет іске асар сәтін күтіп жатыр. Мүмкін, оның оянып, әрекет ете бастауы үшін жігер берер сөздер жеткілікті шығар. Әрқайсымыздың дарынымыз бен қабілеттерімізді Құдай жанымыздың тереңіне жасырған. Соларды ашып, жетілдіру және іске асыру – әрбіріміздің міндетіміз. Айбын: “Бәрін білемін, қолымнан бәрі келеді дей алмаймын, бірақ білген нәрсемді мейлінше дұрыс орындауға тырысамын” дейді. Айбын мен батылдық ойын ойнағанымызда, спортпен шұғылданған кезімізде немесе әлдебір ролді сомдасақ, жарқ етіп, көзге түседі. Жарыққа шығып, жұрттың көзіне түскісі келетін қандай да бір қабілетің бар ма? Бәлкім, бойыңдағы батылдықтың шұғыласы сол шығар. Көздеген мақсатына батыл ұмтылатын ана-арыстандарды көргенде, жүрегіңді тебірентетін де сол болар. Арыстандар аң ауласа да, абдандарын баулыса да, үйірін қорғаса да, – қай ісі де сүйсінерлік.

Ұрғашы арыстандар аңшылықтан олжасыз қайтпайды. Өйткені жұдырықтай жұмыла әрекет етеді. Араларында бақталастық жоқ. Әр әйелдің қосқан үлесі мен атқарған ісі маңызды. Бәрімізге сенің өз орныңнан табылып, өз міндетіңді атқарғаның керек. Басқаларға еліктеу, солардай болсам деу жақсылыққа апармайды. Өз орныңда, өз қабілетіңше қызмет ет. Сен – басқа емес, сен болуың керек. Сенің бірегейлігің, өзіндік ерекшеліктерің – мін емес. Даралық – туа біткен қасиет. Ол өзіңді басқалармен салыстырудан, біреуге еліктеуден, бақталастықтан тұмайды. Әрбір қаншыр өзінде бар, өзіне тән қабілеттерін жетілдіреді. Ана-арыстаннан үлгі алағанымыз жөн болар.

Біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз.

Римдіктерге 12:5-6

Өте дарынды спикерлермен бірге конференцияларға қатысып тұрамын. Әлгі шешендерден кейін сөз кезегі маған келгенде, өзімді қолайсыз сезініп, әжептәуір қиналып қалатынымын. Қобалжудан шығудың түрлі әдістерін қолданып көргеннен кейін ұққаным, дұрысы – ешкімге еліктемей, өзіндік жолыммен, өз бағытымды ұстанып жүру екен. Есіңде болсын, сені шақырғандар өзгені емес, сені көргісі келеді, оларға басқа біреуге еліктегенің емес, өзің керексің.

Жоғарыдағы аятта “Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық» деген сөздерді оқығанымда, «айбын» сөзі ойыма оралады және біздің жаратылуымыздың өзі – Құдайдың кереметі екені есіме түседі. Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады (2 Тимоте. 1:7). Сен ғажап жаратылғансың, үрейленген, қорқақ адам болып жаратылған жоқсың. Сүйікті сіңлім, сен жер бетін үрей жайлаған заманда Құдайдың ізгілігін паш ету үшін жаратылғансың. Сен Мәсіхтің Денесінің мүшесісің, сен айбындысың.

Арыстандардың әрқайсысы өз орнын, өз міндетін біледі. Құдай бізді солар сияқты өз орнымызға тұрып, ортақ іске өз үлесімізді қосуға дайын болуға шақырады.

Ұрғашы арыстандардың аңшылық шеберлігі Африка халықтарының мәдениетінен көрініс табады. Батырлары мен біртуар аңшыларын олар “қаншырдың ұлы” деп марапаттайды. Өйткені, абдандарды, ұрғашы болсын, еркек болсын, аң аулауға ана-арыстан баулиды. Бұл туралы Киелі Кітапта да айтылады екен:

Анаң арыстандардың ішіндегі
Қандай керемет арыстан еді!
Күшті арыстандар арасында жатып,
Ол абдандарын асырайтын еді.
Солардың бірін айрықша қып өсірді,
Сол қуатты арыстан болып өсті,
Аулаған олжасын жыртып паршалады,
Адамдарға да бас салып, жалмады.

Иезекиел 19:2-3

Ұрғашы арыстандардың қамқорлығы жас ұрпақпен шектелмейді; төлін асырау басқа жануарларға да тән ғой. Ал қаншырлардың ерекшелігі, олар кәрі немесе жаралы арыстандарға да қамқорлық жасайды. Олар үйірді біртұтас етіп біріктіріп тұрған дәнекер, үйірдегі бірлікті сақтайды және үйірдің бірлесе әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Еркек арыстан – көзге түсуге қорықпайтын тұлғалы хайуан. Ал ұрғашы арыстандардың көзден ғайып бола алатын қабілеті бар. Олар олжасын аулағанда, көздеген мақсатына жету үшін саваннаға сіңіп кеткендей болады. Тықырын да естіртпейді, бойын да көрсетпейді. Ұрпаққа азық тауып беру жолында елестей жоқ болып кету – нағыз шеберлік. Ал абдандарына қауіп төнсе, арыстан жауына бар айбатын көрсетеді!

Ұрғашы арыстанды аң аулап, жас арыстандардың қарындарын тойындыруға үйрететін сенсің бе?

Әйүп 38:39, *Message аудармасы.*

Бұл аят – Жаратушы Құдай мен ежелгі әулие Әйүптің арасында

болған әңгімеден үзінді. Аяттың мазмұнынан көріп тұрғанымыздай, ұрғашы арыстанға аң аулауды, апанда анасын күтіп жатқан абдандарын асырауды үйрететін – Құдайдың Өзі екен. Оны қалай істейді екен? Жаратқан Ие арыстанның жолына әлдебір белгілерді қояды ма, әлде аңшылық шеберлігін шыңдайтын жағдайлар жасайды ма? Әлде Құдайдың қалауымен пайда болған табиғаттың тылсым күштері ұрғашы арыстанды аңшылыққа бастап, қамқор ана болуға жетелейді ме? Біздің бойымызда махаббатты оятатын, Құдайды танып білуге деген құштарлықты тудыратын да сол бір күштер емес пе?

ТҮЗДЕГІ ҚУҒЫН

“Аң аулау” ұғымының мағынасын “өлтіріп, жеп қою” дегеннен анағұрлым кеңірек түсінсек деймін. Ағылшын тілінде “аулау, аң аулау” сөздеріне “қуғын, соңына түсіп қуалау, іздеу, ізіне түсу, аңду, құрықтау” деген мағыналар енеді. Ал таңырқатар жайт: ағылшын тілінде осы етістіктер Құдайды құлшына іздеуді де сипаттайды.

Уа, Құдай Ием, Саған қарай құстай ұшамын, Сенен ғана пана табам; бұл түздегі қуғынмен тең.

Забур жыры 7:2 *Message аудармасы*

Қандай тартымды! Маған Құдайдың соңынан барыңды салып жүгіру, “түздегі қуғын” коцепциясы ұнайды. Ұйқылы-ояу “таңертеңгі мінәжатымызға” тіпті де ұқсамайды. “Түздегі қуғын” шұғылдықты, жылдамдықты, анық мақсатты, ізденісті қажет етеді. Бұл аятты басқа жағынан да қарастыруға болады. Түз тағысы қуып келе жатқан адамның Құдайды бетке алып қашуы. Немесе қауіп-қатерге толы алқаптағы қуғын, қашқынның жалғыз панасы – Құдай. Маған екеуі де ұнайды. Тереземнен көрініп тұрған таулы бөктерге қарап тұрып, “Құдайым, Сен Кімсің? Құдіретті Жаратушым, Сені жақын танып білгім келеді және Сенің көзқарасыңда өзімнің кім екенімді де түсінгім келеді”.

Аң аулағандай, Құдайды да қуып жүріп ұстап алуға болады демеймін, әрине. Ондай өрескел ойдан аулақпын. Алайда, Құдайымыздың жарқ еткен шұғыласын ұстап қалғандай боламыз кейде. Маған керектің барлығы Құдайда бар.

Қымбатты оқырманым, Құдайды іздеуге деген құлшыныс жанымды кернейді. Жаратқан Иемізді жақыннан танып білуге бар күшімізді салайық.

Құдайды аңсап, іздеуде уақытша кідіріс, күту уақыты болады. Забур жыры былай дейді:

Уа, Жаратқан Ием, сөзіме құлақ түре гөр, қасіретті ойларыма көңіл бөле гөр. Таңертең алдыңа келемін де, үміттене күтемін.

Забур жыры 5:2 NLT аудармасы

Ағылшын тілінде “аң аулау” “іздеу” дегенді де білдіреді. Жоғарыды айтқанымыздың барлығы осы сөзге сияды.

Құдай Әкенің қыздары ретінде біз сұрақтарымызға жауап, даналық, күш-қайрат іздейміз. Біз Құдайды құлшына іздейміз. Құдай Әкеміздің құшағына енгенімізде, нұрына бөленіп, басқа адамдарға сол нұрды таратамыз.

Жақсылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Жаратқан Иенің үйінде
Мен қала беремін мәңгілік.

Забур жыры 22:6

Құдайды аңсап іздеген, сүйіспеншілігін ерекше сезінген әйелмен қарым-қатынаста даналық та, ақыл-кеңес те табасыз. Осынау рухани оянышты басынан кешірген әйелдер басқалармен Құдайдың сүйіспеншілігі мен жанашырлығын бөлісе алады. Құдайдың салтанаты мен сүйіспеншілігі әйелдер қауымына кең тарап, бәрімізді игі істерге жұмылдырғанда басталатын кереметтерді әлем зарыға күтуде. Қымбатты оқырманым, ақиқатты іздеу жорығына қатысушысың, әлемнің мұқтаждықтарына қалай жауап беру керектігін бізге Құдайдың Өзі көрсетсін. Осы жорықта өзімізге серіктес-құрбы табамыз, олармен кездестіруді Құдай алдын-ала жоспарлап қойған. Жорыққа Арыстанымыз – Исаның Кім және қандай екені жайлы терең рухани түсінікпен аттанамыз. Әйелдер ғана қоя алатын сауалдар бар. Адамзатқа жеткізуді Құдай бізге тапсырған жауаптар бар. Осы жоспардың жүзеге асуын көру үшін бірге жиналып, бас қосамыз.

Ұрғашы арыстандар аң аулардың алдында бір жерге шоғырланады. Бірге дем алады, бірге ашығады, керіліп-созылады, аңға бірге аттанады. Бірге жүріп, жемтігін аулайды. Аңшылық біткеннен кейін, олжасын бөлісіп, бірге жейді. Осылай қайталана береді. Олардың тіршілігінде өзгерістер болуы мүмкін, дегенмен, қаншырлардың бірлігі мызғымайды!

Біртуар ғалым, мәдениеттанушы, антрополог Маргарет Мид түрлі елдердің мәдениетін терең зерттеп барып, мынадай қорытындыға келіпті: “Апалы-сіңлілердің қарым-қатынасында бақталастық пен бәсекелестік туыстар арасындағы өзге қарым-қатынастарға қарағанда, аса көп. Алайда, апалы-сіңлілер есейгенде, олардың қарым-қатынасы бәрінен мықты болып шығады”.

Осы сөздерді оқып шыққанымда “Солай екен ғой! Біз өсіп, есейіп келе жатыр екенбіз ғой!” деп ойладым.

“Nurture: Give and Get What You Need to Flourish” атты кітабымды жазып жүргенімде байқағаным, Киелі Кітапта Құдайдың стратегиялық жоспарына негізделіп, бірлесе әрекет еткен, біріне-бірі етене жақын болған әйелдер жоқтың қасы екен. Сырлас құрбы, сенімді дос бола білген әйелдерді мысалға келтірмек едім, өзіме үлгі етіп алар сондай достықтың мысалын таба алмағанымда аздап қапаланып қалған болатынымын. Өйткені, Киелі Рух жүрегімізде Өзі көздеген өзгерістерді жүзеге асырып болмай, рухани әлемнің арыстанына айнала алмаймыз.

Өзіме керек мысалды іздеп, Киелі Жазбаны ақтарып отырғанымда, Киелі Рух жүрегіме сөйледі: “Көктегі Әкенің қыздары жайлы тарау дәл қазір жазылуда. Менің қыздарым оны өте жақсы жазып шықсын, осы тілегімді оларға жеткіз” деді.

Сенің қосар үлесің қаншалықты маңызды да қажет екенін өзіңе айтпай, ақиқатты бүгіп қалғым келмейді. Осыны терең түсінесің бе? Құдай Әкенің қыздары өмірбаянын мейлінше дұрыс жазып шықпақ болып, бас қосқан қаны бір апалы-сіңлілілер тәрізді. Олар ешбір сөзінде, бірде-бір шешімінде, бірде-бір істе мүлт кеткісі келмейді. Осындай басқосуларда Құдайдың ана-арыстандары оянып, айбыны артып, өзіне жарасымды ептілікпен іске кірісе бастайды, оны өзім талай рет көрдім.

ӘДІЛДІКТІ АҢСАУ

Біз Құдайды жақын танып білуді және Құдайдан жауап алуды көздеп бірге жиналамыз. Сонымен қатар, әділдік орнатуды да өзімізге мақсат етіп қоятын кез келді. Ол үшін заңгер мамандығын алудың қажеті жоқ. Әділдікті өміріміздің салтына айналдыруымыз керек. Біздің мемлекетіміздің (автор туған елі, Америка Құрама Штаттарын айтады) негізі әділетсіздіктен жапа шеккендердің қорғаны ретінде қаланған болатын. Еліміздің заңы сот жүйесін ақиқатты қорғау ордасы етіп тағайындаған еді. Алайда, жақында өткен, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланған сот отырыстары заңымыз бұрмаланып, соттар зұлым заңгерлердің қолшоқпарына айналып кеткен жоқ па деген сұрақты амалсыз қойдырады.

Жаратқан Ие сот жүргізетін төрешіге әділдіктің рухын дарытады, әрі қала қақпасын шабуылдан қорғайтын күзетшілерге батылдық сыйлайды.

Ишаия 28:6

Бұл аятта таңырқатар рухани ақиқат бар. Әділдік заңды бұлжытпай орындаумен ғана шектелмейді екен. Әділдік орнату үшін сана мен іс-әрекет қажет. Бізге Көктен келер даналық қажет. Төрешілеріміз бен билеріміз сонда ғана халықты әділетсіздіктен аулақтатып, әділетке жетелейтін үкімдер шығаратын болады. Әділдікті нығайту үшін білікті де қайратты қорғаушылар қажет.

Кезінде «әділдік» сөзі еліміздің айрықша ерекшелігін сипаттайтын еді. Балалық шағымда өзіме үлгі тұтқан кісім болған, сол кісінің қайталап айтып жүретін ұраны әлі есімде: «Ақиқат, әділдік, американдық жол».

Сөз жоқ, төрелік қайта әділдікке негізделмек,
Бар ақжүрек жандар әділдік жолымен жүрмек.

Забур жыры 93:15

Әділдікті қоғамымызға қайтаруымыз керек. Еліміздегі әділет жүйесі әділ төреліктің не екенін ұмытқан болса сияқты. Адал жүректілер әділдікті аңсайды. Рухани салауатты адам, әділетсіздіктен жиренеді. Тек соттарды ғана айтып отырған

жоқпын. Айтқаным өміріміздің барлық саласына қатысты. Өкімет, қауым, тағы басқа біреу әлемде әділдік орнатады деп күтіп жүргенімізде, әйелдер мен балалар өмірден өтіп жатыр. Әділдіктің бір қыры – балаларды зұлымдық атаулыдан арашалау екеніне бәріміз бірауыздан келісе аламыз деп ойлаймын.

Ұрғашы арыстандар үйірдегі күшіктерді қауіп-қатерден қорғауға бар күшін салып жұмылады. Жас ұрпақтың қауіпсіздігін қорғау жолында ана-арыстан стратег-жауынгерше әрекет етеді. Арыстандардың өмірі жайлы тағы бір фильм есіме түсіп отыр. Мысал ретінде соны әңгімелеп берейін. Арыстандар үйірі мекендейтін жерге кобра келеді. Қауіпті жау орталарында жүрсе де, ана-арыстандар дүрбелеңге салынған жоқ. Олар асып-саспастан, ұйымдасқан түрде және өте жылдам қимылдап, абдандарды қауіпсіз жерге «көшірді». Әрбір қаншыр жақын маңдағы бір күшікті желкесінен тістеп, жылан жатқан жерден алысырақ апарды. Басқа арыстандар күшіктерді бір-бірлеп көшіріп жүргенде бір қаншыр әлі көшпеген абдандардың жанында қала берді. Ол жыланның күшіктерге жақындамауын қадағалаумен болды.

Күшіктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп алмай, арыстандар жыланға шабуыл жасаған жоқ. Ұрғашы арыстандардың осы ақылы мені қайран қалдырды. Шайқас кезінде күшіктерге қауіп төнгенмен қатар, олар кедергі де болатын еді. Күшіктеріне жаңа пана тауып бергеннен кейін ғана арыстандар жыланнан құтылуға кірісті. Олардың табиғи түйсігінде тактика мен стратегияны терең түсіну бар екен.

Ана-арыстан үйірдегі абдандардың барлығын бірдей қорғайды. Арыстандар күшіктерін алаламайды, өзімдікі-бөтен деп бөлмейді. Ұрғашы арыстандар аң аулауда ғана емес, бала тәрбиелеуде де бірлік сақтайды. Біз де әлемнің барлық баласын өмірі мен денсаулығына төнген қауіп-қатерден қорғауға жұмылайық. Өз баламызға ғана қамқор болумен шектелмейік. Үйімізде де, тыста да күресіміз тоқтамайды. Жақындарымызға да, алыстағыларға да қорған болайық.

Ұрғашы арыстандардың ұрпағын қорғауға деген ықыласы сонша, қорғаушы болуға күшіктерін көтермей тұрып-ақ дайындалады. Құдайдың шеберлігімен бір үйірдегі ұрғашы арыстандардың көбею циклы бір мезгілде өтеді. Соның

арқасында олар бір мезгілде буаз болып, бір мезгілде күшіктейді. Бір мезгілде туған абдандарға сүт те тәрбие де көбірек тиеді. Күшіктер көп болса, емізіп жүрген аналар да көп болғаны. Бір үйірдегі ұрғашы арыстандар бір-біріне апалы-сіңлілі туыс болып келеді. Сондықтан бір-бірінің баласын бөтенсітпей емізе береді. Абдандар өзімен қатар бауырларымен бірге өседі. Мұның пайдасы өте көп. Алыс-жұлыс ойындарда күші мен ептілігі шыңдалады. Қоректену, ойын, демалыс мезгілдері қатар келеді. Сөйтіп, күшіктердің жаңа дағдылары мен машықтары қалыптасуына, миының жетілуіне, ақылды да епті, батыл әрі қайратты жыртқыш болып өсуіне септігін тигізеді.

Түз тағысының қателігінің құны өте жоғары. Мүлт кету ажал құшумен тең. Ана-арыстандар сәбилерін жастайынан аңшылыққа, ұйымшылдыққа баулып, күшіктерінің бойына өмірге қажет дағдылар қалыптастырады. Бұл дағдыларды меңгере алмаған күшіктің өзіне де, үйірге де қырсығы тиеді.

Жас қаншырлар аң аулауды ойын барысында үйренеді. Балалық шағында-ақ аң аулауға қажет дағдыларды меңгереді. Ана-арыстан алысып ойнап жүрген күшіктеріне қарап жатады. Кейде ойынға өзі де қосылады. Ана-арыстандар күшіктерімен ғана емес, бір-бірімен де алысып ойнайды. Алысып-жығысып жүріп, күшіктеріне өздерінің күшін сезінуге мүмкіндік береді. Ойын төбелеске айналып бара жатса, сотқарды тәртіпке салатын ананың ырылы немесе табанының жеңіл соққысы жеткілікті.

Осынау ойындардың барысында үйірдегі әрбір жас арыстанның қабілеті көріне бастайды. Құдайға біздің бой жазып, ойын ойнағанымыз ұнайды. Үзіліс кезінде жұмыстан тынығу үшін ойнайтын ойындарымызды ағылшын тілінде “рекреация” дейміз. Бұл сөзді белсенді демалыс пен күшімізді толықтыру деген мағынада қолданып жүрміз, алайда, оның бастапқы мағынасы – “қайта жарату”.

Өйткені Өзің менің қолдаушымсың,
«Қанатыңның аясында» шаттанамын.

Забур жыры 62:8

Ұрғашы арыстандардың бір мезгілде буаз болып, бір мезгілде күшіктейтінін, соның арқасында ұрпақты жұмылып

асырайтынын алғаш рет естігенімде, Киелі Рух жүрегіме сөйледі: “Лиза, әрбір бала өмір сүруге құқылы. Әрбір балаға қауіпсіздік қажет, әр баланың алдында тамағы, басында баспанасы болуы шарт. Баланың барлығы осылармен қамтамасыз етілуге тиіс”. Балалардың амандық-саулығы – біздің миссиямыз. Әділетсіздікпен күресте анық стратегиямыз болғаны жөн.

ПӘРМЕНДІ ЖАУАП

Өзін Ното сариенс түріненмін дейтін ана барлық балаға қаншалықты мейірбан бола білуі керек десеңізші! Адам атаулы өз баласы ғана емес, адам баласының барлығына қамқор бола білгені жөн. Өз балаларымызды ғана емес, өзге баланы да қауіп-қатерден құтқару – адамдықтың белгісі.

Әлде әйел өз сәбиін ұмыта ала ма, құрсағынан шыққан ұлын аямай ма?! Анасы ұмытып кеткен күнде де Мен сені ешқашан ұмытпаймын, Иерусалим!

Ишая 49:15

Қайсыбір ана туған сәбиін тастап кетеді деген ойдың өрескелдігі сонша, Құдай “Анасы ұмытып кеткен күнде де...” дейді. Бұл аят баласын тастап кету немесе, жәбірлеу – әйелдің болмысына жат нәрсе екенін аңғартады. Өкінішке орай, қазіргі заман – ақылға қонбайтын өрескелдік белең алып кеткен заман. Ақша, арақ-шарап, есірткіге бола баласының өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген аналар туралы жаңалықтар көбейіп кетті.

Жақында бұқаралық ақпарат құралдары жоғалып кеткен екі қыз бала туралы жазды (екі жаңалықтың біріне-бірінің қатысы жоқ). Бұл екеуін де ерлі-зайыпты адамдар ұрлаған екен. Екі қыздың бірі қамауда он сегіз жыл өмірін өткізген, қамауда екі бала тапқан. Екінші қыз баланы қылмыскерлер әке-шешесінің үйінен ұрлап алып кеткен, тоғыз ай қамауда ұстаған. Баланың екеуі де адам деп аталуға лайықсыз айуандардан зорлық-зомбылық, қорлық көрген. Екі жағдайда да қылмыскер жұпта бала жоқ, сот үкімімен әйелдері күйеулерінің сыбайласы деп танылған.

Осы қылмыстарға әйелдердің де қатысқанын білгенде, ұлым Алек қайран қалған еді. “Әйелдер әлгі қыздарды неге

құтқармады?” деп таңырқаумен болды. Балаларға жаны ашымайтын әйелдердің болатынын санасына сыйғыза алмай-ақ қойды.

Мұндайды әлгі әйелдердің санасында әлдебір ауытқулар бар деп қана түсіндіре алдым. Оларда таңдау еркі болды. Дегенмен, іске араласпай, қалыс қалды. Әлдебір себептермен жүректерінде аналық мейірім оянбады.

Қоғамымызда әйелдердің құқын ер адамдар таптайды деген пікір кең тараған. Бұл пікірмен толық келісе алмаймын. Әлгі әйелдер болып жатқанды біле тұра, еш әрекет жасаған жоқ. Олар өздерінің үнсіздігімен қыздарды қорлауды қолдаған еді.

Айта кететін тағы бір жайт, қылмыскердің екеуі де Киелі Жазбаны бұрмалап, әйелдерін бағынышты етіп ұстауға пайдаланған еді. Олардың әйелдері күйеулеріне жағуды ғана көздейтін, соның салдарынан қылмыскердің сыбайласына айналды. Мынадай жаңалықтар бүкіл елімізді есеңгіретті.

Ал ұрғашы арыстандар болса, күшікті қай қауіптен болса да, қорғауға дайын. Үйірдегі еркек арыстандардың әрекеті жас ұрпаққа зақым келтіретіндей болғанда, ұрғашы арыстандар оларға қарсы жұмылады.

Қазіргідей аса маңызды уақытта біз кінәратсыз жұмысшы — Құдайдың шынайы сөзін дұрыс үйретуші болуға тиіспіз (2 Тімотеге 2:15 қараңыз). Күнделікті өміріміз де Құдайдың сөзіне сай болсын. Жыныс мәселелері, некедегі мойынсұну мен бағыну сияқты мәселелерге деген көзқарасымыз парасатты және салауатты болуы шарт. Және сол көзқарастарымызды қоғамға таратуымыз керек. Бұл қағидаларымен Құдай әу баста қайсыбір адамның өміріне нұқсан келтірмек емес еді. Құдайдың қай қағидасы да дамның игілігіне берілген.

Жастар мен әлсіздерді қорғау – біздің міндетіміз. Ана-арыстандар секілді, біз де жас ұрпақты зұлымдықтан құтқарудың жолдарын іздеуіміз керек. Ана-арыстан Құдай берген табиғи түйсігімен кейбір әйелдер ұмытқан ақиқатты, яғни, өз баласы ғана емес өзге балаға да қорған болу – әрбір ананың міндеті екенін біледі.

Тоғыз ай көтеріп, бала тапқаның – нағыз ана болғаның емес. Бірнеше ай бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында Америка тұрғындарының төбе шашын тік тұрғызған жаңалық тарады: сүп-сүйкімді бес жасар қыз баланы туған анасы сексуалдық құлдыққа

сатып жіберіпті. Қыз баланың өлі денесі Солтүстік Каролина штатындағы орман ішінен табылған. Осы кітабым жарық көргенге дейін әлі де қандай жаңалықтар еститінімізді ойласам, жаным түршігеді.

Құдайға шүкір, әйел адамның аналық сезімнен айырылып, осыншалық қатыгездікке баруы – қоғам үшін әлі де ақылға қонбас нәрсе. Киелі Жазбалар болашақта сұмдық нәрселер болатынын алдын-ала айтады. Сенім жолынан тайғандар адамгершіліктен жұрдай болады, тіпті, адам болудан қалады. Адамдар Құдайды керек қылмағандықтан Құдай оларды өздерін қорлайтын құмарлықтарға батырып жібереді (Римдіктерге 1:26 қараңыз). Адам болу дегеніміз – Құдайға ұқсас болу, ар-ожданның болуы, Құдай орнатқан бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарды ұстану. Өзіне ұқсас етіп жаратылған пендесінің өмірі түкке тұрмай қалғаны, балалардың зорлық-зомбылықтың құрбанына айналуы Құдайдың қаһарын лаулатады. Болып жатқан сұмдықтарға Құдай өте ашулы. Соны біліп отырып, біз де бұл мәселеге салғырт қарамайық, әділдік үшін аянбай күресейік. Жүрегімізде адам баласына деген Құдайдың сүйіспеншілігі лаулап жансын. Тастанды немесе жетім балаларды, өмірі мен денсаулығына қауіп төнген балаларды асырап алайық. Жомарт та кеңпейіл болайық, бұрыс нәрселерді үкіметтің дұрыстағанын күтіп, қол қусырып отырмайық. Жақынымызға деген сүйіспеншілігімізді ісімізбен көрсетейік!

Әділетсіздік пен адам құқығының тапталуына үнсіз қарап жүре берсек, күндердің күнінде бір шеті өзімізге де тиеді. Адамдарды алып-сату мәселесі мен сексуалдық құлдық мәселесінде қауымның дауыс көтергенін көруді армандаймын. Осы екі мәселе қашанда ойымда тұрады, жиі көтеремін. Жақында ұшақта жанымда отырған жас әйелмен сөйлесіп қалдым. Әңгіме барысында осы екі мәселені біржолға шешуге дүние жүзі бойынша көптеген әйелдердің жұмылғанын көргім келетінін, сол қозғалысқа өзімнің де қатысатынымды айттым. Көршім бетін маған қарай бұрып, шамданған кейіппен “Сізге мұндай мәселелерді көтеруге құқық берген кім?” деп сұрады.

Бұл сөз сұрақтан гөрі сөгіске көбірек ұқсас болғандықтан, не дерімді білмей, абдырап қалдым. Сасқанымнан тілім күрмеліп барып, “Үндемей қалуға құқық бар ма?” дедім.

Көршім бастапқы екпінін сәл тежеген болып, менің осы салада маман екенімді, арнайы білімім бар екенін естімек болғанын айтты. Бәлкім, тәжірибем бар шығар. Оның қадалған көзқарасынан мен де көзімді тайдырмадым. Біріншіден, әділетсіздікке қарсы тұруға заңның тыйым салмайтынын, екіншіден, мәселемен етене таныс екенімді, көзіммен көргеніме негізделіп, бұл мәселенің бір “мамандық” тұрғысынан шешілмейтінін айттым. Аталмыш салалардағы қылмыстардың ауқымы түрлі мамандардың араласуын талап етеді.

Балаларды пәктігінен айыру, оларды нәпсіқұмар, азғын ересектердің ойыншығына айналдыру – барып тұрған қатыгездік! Соншама көп бүлдіршіндердің зұлымдықтың үнсіз құрбанына айналғанын біле тұра, қалай ғана қол құсырып отыра бермекпіз?

Осынау мәселе біздің жанайқайымызға айналуға тиіс. “Зұлымдық салтанат құруы үшін жақсы адамдардың үнсіз қалуы жеткілікті” деген сөзге сеніп, айтылған бағытта әрекет ете бастауымыз үшін, қанша рет оқып, неше рет естіуіміз керек? Шет елдердегі сіңірі шыққан кедейлер тұратын өңірлерге барғанымда, аналардың көзіне үңіле қарап, олардың ойларын ұғуға тырысамын. “Менің баламның сенің балаңнан несі кем?” деген ой туады ма екен оларда?

Саналарында баланың бәрі бірдей емес, бірі артық, бірі кем, бірі бақыт үшін, бірі азап үшін дүниеге келген деген тұрпайы ой қалыптасып, кейін сол пікірге тастай қатып қалуына жол бермейік. Оңтүстік Азияда болғанымызда екі әйел баласын алып кетуімді сұрап жалбарынды. Біреуі сәбиін қолыма ұстатты. Баланы ұстап тұрғанымда, анасы қолымен ымдап, өз тілінде маған әлденелерді айтуден болды. Басқа әйелдің баласына сүйсіне қарап, жылы сөз айтуым мұң еді, ол да маған баласын ұсынды. Аудармашы арқылы баласын алып кетуімді сұрап әлек. Сол аналардың жағдайы қандай, балаларының болашағы қандай болғаны сонда? Маған, бөтен елден келген шетелдік әйел, тіпті олардың тілін де білмейтін біреуге баласын бере салмақшы. Мүмкін, олар баласын ақшаға сатпақ болған шығар. Өзімнің пайымдауымша, олар мына түнектен шықса, баласының болашағы болар деп үміттенді. Біздің мәдениетімізде өз баласын сату – адам ақылына қонбайтын іс. Ал дәл сол әйелдердің орнында болсақ, баламызға жасар еш жақсылық қолымыздан

келмейтін, дәрменсіз күйде болсақ, біз не істер едік?

Біздің балаларымыз мына дүниенің, әлемдегі барлық ресурстардың өздеріне де, әлгі әйелдердің балаларына да бірдей ортақ екенін түсініп өседі ме? Біз олардың санасына осы ойды сіңіре аламыз ба? Бұл хабарды жақындарымызға да, отбасымызға да жеткізейік, Құдай соны қалайтынына сенемін.

БАЛАЛАРДЫ ҚҰТҚАРУ

Жоқшылық адам жанын сонша жалаңаштайтын елдерде адамды қайғы-қасірет пен зар меңдейді. Ол рас. Дегенмен, өз үйімізде болып жатқан нәрселер назарымыздан тыс қалмасын. Қолыңыздағы кітапты жазып жүргенімде бір қызық жағдайға куә болдым. Біздің жергілікті білім беру жүйесінде “стратегияшыл айбынның” қандай жеміс бере алатынын байқадым. Менің қатысуым мектепке бір-ақ рет барумен шектелді, сондықтан сол жемісті шет жағасынан ған көрдім дей аламын. Білім беру жүйесінде талмай еңбек етіп жүрген көптеген адамдарға алғысымды білдіргім келеді. Шектеулі бюджет аясында сапалы білім беруге бар күшін салып жүрген мұғалімдер мен әдіскерлер, мектептердің әкімшілігі үшін Құдайға мың алғыс. Оларға біздің көмегіміз керек.

Сонымен, әңгіме былай болды: Бір күні ұлым Арден әдебиет пәнінен берілген үй тапсырмасын орындауда менен көмек сұрады. Өзі сол күні баскетболдан жаттығуға барып, үйге шаршап келген болатын. Тапсырылған шығарманы оқи бастаса, көзі ілініп, ұйықтап кете жаздапты. Сондықтан, кітапты дауыстап оқып беруімді сұрады. Басқа балаларым әкесімен бірге үлкен бөлмеде футбол көріп отырған. Арден екеуіміз менің бөлмеме жайғастық.

Кітаптың мазмұнына бойлаған сайын, мазам кете берді. Кітапта суицид, вандализм, отбасындағы зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың арақ-шарапқа әуестігі мен маскүнемдік, ұрлық, ата-ана құқығынан бас тарту сияқты тақырыптарына жазылған әңгімелер бар екен. Мынадан асқан өрескел әңгіме жоқ шығар деп ойлап отырғанымда, жыныстық қатынас жайлы тұрпайы әңгіме басталмасы бар ма.

Ұлым маған қарады да, бұл кітапты әрі қарай оқығысы келмейтінін айтты. Кітаптың тағы бірнеше жерінде осындай

анайы әңгімелер бар екен. Бұл кітап тоғызыншы сыныптағы әдебиет пәнінің бағдарламасына еніпті. Таңертең мектепке қоңырау шалып, Арденнің бұл кітаптың орнына басқа кітап оқуына рұқсат сұраймын деп шештім. Ертеңіне мұғаліммен сөйлесіп, рұқсатын алдым. Телефонның тұтқасын қойдым да, осымен іс тәмам деп ойлады. Жоқ, олай емес екен, мәселе мен ойлағаннан күрделі болып шықты. Кітаптың мазмұны даулы болғандықтан, мектеп ережесіне сай, оны балалардың оқуына ата-аналарының келісімі керек екен. Кітапта не жазылғанынан басқа балалардаң ата-анасы бейхабар екенін сонда түсіндім. Өзім де оны кейдейсоқ білдім. Арденнің өтініші болмаса, мен де бейхабар қала берер едім.

Мынадай кітапсымақтың сорақы мазмұнынан өз баламды ғана қорғап қалғаным дұрыс па? Бұл романның сыныптағы басқа балаларға ықпалы қандай болады? Оны оқып шыққан он төрт жасар баланың санасында порнография, секс, ата-анасымен қарым-қатынас, арақ-шарап, ұрлық, зорлық-зомбылық, суицид жайында қандай ой қалыптасады? Кітаптың қаншалықты қауіпті екенін біле тұра, үнсіз қала аламын ба? Басқа балаларды да, олардың әке-шешесін де қорғау – менің міндетім емес пе?

Кітаптың мазмұны жайлы пікірімді өз блогымда жаздым, сөйтіп, жұртшылықты хабардар еттім. Мектептің басшылығына жалғыз мен емес, көп ата-ананың кітапқа наразы екенін жеткізуді көздейтін топ құрдым. Бір тәулікке де жетпейтін мерзім ішінде кітаптың мазмұнының өрескел екеніне келісетінін бес жүзге жақын адам (олардың ішінде мұғалімдер де бар) жазды. Арасында балаларын үйде оқытуға бел бұған аналар да бар. Олар балаларын мектептен алып кетуіне дәл осы жағдайдың себеп болғанын айтты.

Әркім өз пікірін айтуға да, жазуға да құқылы. Кітап авторының өз ойын кітап түрінде жазып, онысын басып шығаруына қарсылығым жоқ. Алайда, он төрт жасар жеткіншектерді мұндай кітапты оқуға міндеттеу – дұрыс емес. Кітап порнографияны қолдайды. Сексуалдық құлдықтың түптамыры нақ сол порнографияда. Санаға еніп кеткен анайы бейнелер жас жігіттің әйел затына деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп, бұрмалайды. Әлгі кітапта понография мен мастурбация он төрт жасар жасөспірімге лайық іс, қалыпты нәрсе ретінде сипатталады.

Порнография адамды (әйел болсын, еркек болсын) құлдықта ұстап, қорлауды, адам сатуды, сексуалдық құлдықты құптайтын менталитет қалыптастырады. Порнография жеткіншектердің санасын ұлайды, болашақтағы жыныстық қатынастарына жойқын әсерін тигізеді. Порнографияның салдары – әйелді жирене жеккөру, әйел затын тұлға ретінде қабылдай алмау, эмоционалдық суықтық, сексуалдық тәуелділік, жыныстық қатынасты тек нәпсіні қанағаттандыру әдісі деп ұғу. Осылардың арқасында сексуалдық құлдық индустриясы өркендеп тұр.

Біздегі жергілікті білім беру жүйесі жастарға инабатты тәрбие беруге күш салып жүргенін білемін. Осы мақсатқа жету жолында белгілі ережелер де енгізілді. Бірақ әлгі кітап көпішіліктің назарынан тыс қалып қойыпты. Мектеп басшысымен кездесетін болып уәделестік. Ол кісіні білім беру жүйесі қабылдаған ереженің бұзылғанынан хабардар етпек едім. Кездесу барысында адам сату мәселесімен етене таныс екенімді, сондықтан мектеп бағдарламасына кірген әдеби шығармада әйелдердің тұлға емес, жыныстық қатынастың объектісі ретінде көрсетілуіне қатты алаңдайтынымды айттым.

Бір аптаның ішінде кітап мектеп бағдарламасынан алынды. Мектептің әкімшілігі әдеби шығармаларды сұрыптап алу барысында кеткен қателіктің түзетілгеніне риза болды. Онымен қоймай, болашақта мұндай жағдай қайталанбас үшін әдебиетті сұрыптау ережесіне өзгеріс енгізді.

Мемлекеттік мектептерде өмірін балаларға білім беруге арнаған адамдар жұмыс істейді. Олар да пенде, олар да қателеседі. Бас салып, жамандаудың орнына, ұстаздарға өз көмегімізді ұсынайық. Білім беру саласында біз мамандармен ниеттес жақ ретінде, оларға қолдау көрсетейік. Өз балаларымыз ғана емес, барлық балалардың жарқын болашағы үшін жұмыла еңбек етейік.

Мектеп басшысына кітап жайлы өз пікірімді айтқанымда, ол кісі маған біраз мағлұмат берді. Бұл кітапты тоғызыншы сынып оқушыларының барлығы оқуға міндетті екен. Менің балам оқитын сынып сол тізімде бірінші. Дер кезінде дабыл қағыппын. Ата-аналар жұмылды, оларды мектеп әкімшілігі қолдады, міне, осылай бірлесе әрекет етіп, балалардың санасын улауға тосқауыл қойдық.

Осы оқиға барысында өзімнің мәсіхші екенімді айтқан

жоқпын. Мұғалімдерге де, мектеп әкімшілігіне де айып таққан жоқпын, ешкіммен дауласқан да жоқпын. Білім беру жүйесінің өзі орнатқан ережелеріне жүгіндім. Және мәселені көтерумен шектелмей, шешу жолын да ұсындым. Мәселе шешілмей, жолдан таймайтынымды анық көрсеттім. Осылай әрекет ету сіздің де қолыңыздан келеді.

АҢ АУЛАЙТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Құдай бізді аңшылыққа шақырады. Құдаймен жақын қарым-қатынаста даналыққа қол жеткіземіз, сұрақтарымыздың жауабын табамыз. Ажырасу мен адамдардың бірінен-бірі алшақтауы белең алған әлемде Құдайдың сүйіспеншілігіне толы достық қарым-қатынасқа мұқтажбыз. Балаларымызды жақсылыққа баулып, жамандықтан қорғауға септігін тигізер стратегиялық байланыстар да қажет. Әлемдегі зұлымдықтан жапа шегіп жүрген балаларды құтқаруымыз үшін Құдай берген стратегияны ұстанып, Құдайдан келген шешімдерді жүзеге асыруымыз шарт. Бұл істе шет қалуға ешқайсымыздың қақымыз жоқ. Балалар қауіпсіздігі мәселесі – барлығымызға ортақ мәселе. Сондықтан, сенің іс-әрекетің маған, менің іс-әрекетім саған ықпалын тигізеді. Бәріміз бір адамдай жұмылсақ, отбасымызда, қауымдарымызда, қоғамда қалыптасып қалған үйреншікті жағдайды түбегейлі өзгерте аламыз. Арамыздағы қарым-қатынасты, байланысымызды игі іске пайдаланамыз ба, жоқ па – әрқайсымыздың өз таңдауымыз.

Ұрғашы арыстандардың өмірін зерттей бастағанымда, арыстандардың мысық тұқымдастардың арасындағы топтасып тіршілік ететін жалғыз түрі екенін біліп, таңырқаған болатынмын. Ұрғашы арыстандардың бірі әлсіздік танытса, есесін екіншісінің қайраты қайтарады. Бір арыстан мүлт кетсе, екіншісі жеңіске жетеді. Және осынау өзара алмасушы әрі өзара қолдаушы күш айбатты арыстанның сәруарлығымен әрекет етеді.

Осы жағынан қарасақ, өз бетінше жүрген мысықтардың күні мәз емес екені анық. Қабыландарда да, сілеусіндерде де, жолбарыстарда да мұндай ұйымдасқан топтар жоқ. Олардың аналықтары аң аулап жүріп апанынан алыстаса-ақ, ұрпағына қауіп төнеді. Ғылыми-көпшілік фильмдердің бірінде көргенім:

аңшылықтан оралған ұрғашы гепард апанының ойрандалып, бос қалғанын көреді. Тұз тағысының сондағы шеке шымырлата ұлығаны есімнен кетпейді. Күшіктерін іздеп, шақырғаны, түні бойы бір ұлып, бір қыңсылағаны әлі де құлағымда.

Ешқайсымыз жалғыз болуға жаралған жоқпыз. Менің балаларыма өз баласындай қарайтын адамдар табылғанында, қаншалықты қуанып, жаным жай тапқанын айтып жеткізе алмаймын. Отбасымыз үшін Құдайға сиынып, мінәжатымен қорғап жүрген адамдарға ризамын. Өзіміз танымайтын адамдар біз үшін дұға етеді екен. Ізгі Хабар таратуға, алыстағы елдерде өздері білмейтін тұтқындарды бұғаудан босатуға қаншама адам қаржылай үлес қосуда. Өз отбасының ғана емес, өзге отбасыларының да қамын ойлап жүргендерді Құдай молынан жарылқасын!

ДҰШПАННЫҢ ТЫНЫСЫН ТАРЫЛТЫП ТАСТАҢЫЗ

Ұрғашы арыстан жемтігінің кеңірдегін қысып, тұншықтырып өлтіреді. Сол сияқты біз де дұшпанымызды буындыруымыз керек. Ол үшін ең алдымен өз тынысымызды дұшпанның пайдалануына мүмкіндік бермейік. Бірімізге-біріміз қарсы шығуды доғарсақ, жаудың күші әлсірейді. Талас-тартыстың орнына, бір-бірімізді жігерлендіруге, ақыл-кеңес беруге, сүйіспеншілікпен түзетуге тырысайық.

Мен өзіме тапсырылған істе басқа әйелдердің қолдауына мұқтажбын. Осал тұстарымызды білетін, керек жерде демеп жіберетін, қай істе мықты екенімізді де түсінген құрбылар маған да, саған да керек. Сол себепті менің қолымнан келмейтін істе шебер, менің білмейтінімді білетін, менің осалдығымды өздерінің біліктілігімен теңгере алатын адамдарды төңірегіме жинайтын болдым. Мен де достарымның әлі жетпеген жерде оларға демеу бола алсам екен деп мінәжат етемін. Салауатты, тепе-тең қарым-қатынаста әр адам өз үлесін қоса алады және қосады да.

Өз баламыздың ғана қауіпсіздігін қамтамасыз етумен шектелмейік. Әлемдегі барлық бала үшін жауапты екенімізді терең ұғынайық. Күшіктерін қауіпті жерден дер кезінде алып кететін ана-арыстан секілді, біз де сақ та сергек болайық. Бір қаланың, бір ауданның ауқымындағы, елеусіз көрінетін

кішкентай ықпалдың өзі маңызды, осыны түсінейік. Ешқайсымыз өзімізді елеусіз, маңызсыз, түкке тұрмайтын біреу деп санамайық. Ешқайсымыз зұлымдықты бір өзім жеңіп шығамын деп те алданбайық.

Қандай жағдай болмасын, тек Мәсіх жайлы Ізгі хабарға сай өмір сүріңдер! Мен келіп, сендерді көремін бе, я болмаса алыста жүремін бе, бәрібір — сендер туралы «бірдей ниетпен табанды тұрады, Ізгі хабарға деген сенімдері үшін бір кісідей жұмылып, жан аямай күреседі, қарсыластарынан еш қорықпайды» дегенді естігім келеді. Сендердің тайсалмас жігерлерің қарсыластарыңның мәңгі жойылып кететінін, ал өздеріңнің құтқарылатындарыңды алдын ала білдіреді. Мұны іске асырушы — Құдай.


Філіпіліктерге 1:27,28

Жұмыла әрекет етсек, Құдайдың стратегиясын жүзеге асыра аламыз.

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

Ешкім қумаса да қылмыскер қуыстанар,
Ал әділ жан арыстандай батыл болар.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 28:1



Ұрғашы арыстандар өздерінің қабілетін туғаннан-ақ біледі, аңшылық шеберлігі де туа біткен. Сонымен қатар, олардың өмірі қарапайым. Шаршаса, алаңсыз дем алады, қарындары ашса, жемтігін аулап, жейді. Қалған уақытын, негізінен, ойынмен өткізеді!

Тынығып жатқан арыстандарды көрген боларсыздар, кербездене керіліп, қалғып-мүлгіп жатқанының өзі бір тамаша көрініс. Кейде, тіпті, шалқасынан түсіп, күннің сәулесіне бауырын қыздырып жатады. Анда-санда мазаны тым алып кеткен абдандардың біріне ана-арыстанның шапалағы тиіп кеткені болмаса, төңірегінде секіріп, аунап жүрген күшіктерінің өзі алаңсыз демалыстың шырқын кетіре алмайды. Ұрғашы арыстандардың ешқайсысынан мазасы кеткен, ширыққан не болмаса, шаршаған кейіп байқалмайды. Олар орта есеппен, тәулігіне жиырма сағат қалғып жатады.

Тынығып болғаннан кейін ұрғашы арыстандар керіліп-созылып алады да, ойынға кіріседі. Алысып ойнау барысында әбден сергіп, шабуылға дайын, жинақы, ширақ күйге енеді. Алайда, тіпті, толық жауынгерлік дайындық күйінде де, ұрғашы

арыстандар дегбірсіз емес, паң да тәкаппар.

Ұрғашы арыстандар ширақ та жинақы, сергек бола тұра, өздерін байсалды, еркін әрі сабырлы ұстайды. Мұнысы – айбынының тағы бір көрінісі. Құдай Әкенің қыздары ана-арыстандырдың осы қасиетін өздеріне үлгі етсе, жөн болар еді. Арыстандыкіндей сабыр мен батылдықтың негізі неде екенін Киелі Жазба түсіндіреді:

Ешкім қумаса да қылмыскер қуыстанар,
Ал әділ жан өзіне-өзі сенімді, сабырлы да байсалды,
арыстандай батыл болар.

Нақыл сөздер 28:1, *Message аудармасы*

Өзіне-өзі сенімді, сабырлы да байсалды, батыл – не деген дәл сипаттама! Көбінесе, сабыр мен өзіне-өзі деген сенімділікті батылдықдыққа қатысы бар деп ойламаймыз. Алайда, Құдай бұл қасиеттердің өзара тығыз байланысты екенін көрсетеді. Арыстандардың тыныс-тіршілігінен де соны байқауға болады. Ұрғашы арыстанның жүріс-тұрысының өзі: “Мен – менмін. Қайратты да епті, ойнақы да қауіпті, дұшпанына қатал жыртқыш, ұрпағына мейірбан ана – менмін” дегендей.

Әйелдердің мінезіне тән қарама-қайшылықтардан ұрғашы арыстан да жұрдай емес. Жоғарыда келтірілген аятта “арыстандай” деп жазылған, яғни, жынысына қарамай, барлық арыстандарды айтады. Еркек арыстандардың да, қаншырлардың да өмірлік ұстанымы әлгіндей. Сол ұстанымды біз де әдетке айналдырайық.

Ұрғашы арыстан аң аулағаннан басқа уақытта көлеңке іздеп, таса жерге тығылмайды. Жарықты жақсы көреді. Апалы-сіңлілі қаншырлар күн нұрына малынған Африканың жазық алқаптарын мекендейді. Олардың өмірі ашық аспан астында, күн сәулесіне шомылуден өтеді. Арыстандар тығылмайды. Таса іздемей, ашық жерлерде, күннің көзі түсіп тұрған жарық жерлерде тынығады, ойнайды, абдандарын емізеді, тәрбиелейді, тіпті, тығылмай жұптасады. Иә, олар кімнен және неден ұялуға тиіс? Тығылудың да еш реті жоқ.

Саваннада арыстанға пара-пар қарсылас, бетпе-бет келе алар жау жоқ. Өріс іздеп, жол-жөнекей арыстандардың жерін басып өтіп бара жатқан пілдер табыны болмаса, басқа ешбір тірі жаннан

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

тайсалмайды бұл жыртқыш. Ұрғашы арыстан аң аулағанда ғана жер бауырлап, бой тасалайды. Басқа уақытта тығылуына еш себеп жоқ. Аң патшасы арыстан – өзі мекендейтін алқаптың сөзсіз қожайыны. Оған ешкімнің таласы жоқ. Күн шыжып кеткенде ұрғашы арыстан көлеңкеге барып жатуы мүмкін, онысы – қауіптен емес, аптап ыстықтан бой тасалағаны. Жалғыз жүріп аң аулайтын, жалғыз жүріп күн кешетін қабылан мен леопард тәрізді, бұта арасында тығылуға немесе ағаштарға өрмелеуге ұрғашы арыстан да шебер. Дегенмен әлгі екеуі тәрізді, бой тасалауды керек етпейді. Жоқ, қаншыр басқа арыстандармен бірге, нағашы-жиен, бөлесі, бала-шағасының арасында күннің шуағында жата алады.

Осы жолдарды жазып отырып, сондай өмірді өзім армандап отырмын. Балалы аналардың, апа, сіңлі, бауырлардың ортасында, бала-шағама сүйсіне қарап, төніп тұрған ешбір қауіптің жоқтығына, тыныштық пен амандықта, рахаттанып күн кешсем деймін.

Осындай көрініске Джон екеуіміз сафариге барғанмызда, куә болған едік. Біз жанына күшігі мен екі ересек қызын ерткен ұрғашы арыстанның соңынан жүріп отырдық. Арыстандар биік өскен күзгі шөптің ішінде асықпай біраз жүрді. Бүйірлері шығыңқы, тоқ екені көрініп тұр. Тұмсықтарына жұққан қан көрінеді. Жаңа ғана жемтігін жайратып салып, енді жатып тынығатын орын іздеп жүрген сияқты. Жақын маңда өсіп тұрған бір топ ағашты көріп, арыстандар сонда баратын шығар деп ойладым. Жоқ! Хайуандар жол жиегіне, біздің көліктен үш-ақ метр жерге жата-жата кетті. Тұмсықтарын жалап, аздап “жуынған” болды да, алтын түстес көздерін жұмып, тәтті ұйқыға кетті.

Бізді, алпамсадай “джиптің” ішінде отырған бір топ қарулы адамды, шыбын құрлы көрген жоқ. Арыстандар үрікпек түгілі, бізді байқамаған да сияқты. Ұйықтайтын уақыт келсе, басқаның бәрі қоя тұрады!

НҰРДАҒЫ ӨМІР

Арыстандардың бой тасаламайтыны, жарықтағы тыныс-тірішілігі біздің нұрдағы өміріміздің бейнесі іспетті. Жарық нұрға бөленген өмір дегеніміз не? Біріншіден, бұл – ашық, кең пейіл өмір. Есігің жақындарың мен достарыңа, терезең күн нұры мен салқын самалға қашанда ашық деген сөз. Біз асүйдің есігін ешқашан жаппаймыз,

өйткені үйде ер адамдар көп, демек, бірі болмаса, бірі аш. Және ең маңыздысы – нұрға толы ашық жүрегіміз.

Мен сендермен балаларымен сөйлескен әкедей сөйлесемін: енді өздерің де бізге пейілдеріңді кең жайсаңдаршы!

2 Қорынт 6:13

Осынау қарапайым жолдаудың азаттық әперер құдіреті бар. Дегенмен, кейде бұл аятты орындауға батылымыз бармайды. Ашық-жарқын өмір сүру немесе тасада қалу – әркімнің өз еркі. Әуелі жүрегімізді ашамыз, содан кейін ашық өмір сүре бастаймыз, сонда көкжиегіміз де кеңейе түседі, қанатымызды кеңге жаямыз. Өмірімізді ашу басқа да, ашық өмір сүру бір басқа. Өмірін ашып, көпшілікке көрсетсе де, ашық өмір сүрмейтін адамдар бар. Ондай адамдарды бәріміз де білетін шығармыз. Олар өмірінің кей салаларын, кейбір қарым-қатынастарын көпшілік алдында жайып салады. Дегенмен, олар шынымен де ашық өмір сүрсе, тасада қалып жүрген көптеген мәліметтер жарыққа шығар еді. Кейбір адамдар өмірінің бір саласын бүркемелеу үшін басқа саласын жария етеді.

Пауыл елшінің сөзі Құдайдың бізге дайындап қойған игіліктерінің барлығын қабылдай алатын ашық өмірдің бейнесін көз алдыма келтіреді. Солай өмір сүретін адам көкжиегін үнемі кеңейте береді, қанатын кеңге жаяды. Қоршаған ортаның түрлі салаларымен қарым-қатынасқа түскен сайын, өміріңіздің кеңейіп, өркендеп, биіктей беретінін ұмытпаңыз.

Бұрын сендер түнек болдыңдар, ал енді Иемізбен байланысып, «нұрсыңдар»: ендеше «нұрдың адамдары» болып әрекет етіңдер!

Ефестіктерге 5:8-10

Естіп тұрсың ба, сүйікті сіңлім? Ана-арыстан секілді, сен де енді ашық алқаптарда өмір сүресің. Үрей жайлаған көлеңкелер әлемі сен үшін енді жоқ. Жаныңды көлегеулі тұрған, сырт көзден тұмшаланған, әлдебір ұятты нәрселер билей алмайды, ендігі өмірің қараңғы сай-жыраларда емес, күн нұрына малынған кең алқапта өтеді. Жолың – анық, сол жолға түсуден тайсалма!

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

Құдайдың өздеріне тапсырған аманатын білгісі келетін адамдар өте көп. Менің оларға айтарым: оңай нәрсені қиындатпайық. Құдайдың анық та ұғыныңқы етіп бергенін күрделендірмейік. Құдай бізді ізгі, мейірімді, адал, ақиқат істерге шақырады. Міне, осындай істеріміз жарыққа шықса, ұялмаймыз. Біз – нұрдың перзенттеріміз, бізге күн нұрында көрінуге лайық істер аманатталған. Қара көлеңкенің тасасында істеліп жатқан неше түрлі істерден аулақ болайық. Қай істердің Құдайға ұнамды екенін біліп, соларға білек сыбана кірісейік!

Біздің Мәсіхтегі өміріміз сәулелерге ұқсас. Құдайдың нұры өміріміздегі түнекті жарып шыққан сол бір тамаша сәттен бері осынау сәулелердің жарығы күшейіп, тарай береді.

Терезені ашып қойып, үйімді желдетіп алғанды жақсы көремін. Салқын самалдың таза лебі үйдегі тымырсық ауаны ығыстырып шығарады да, үйімнің бұрыш-бұрышын түгел шарлап шығады. Самал үй ішіне табиғаттың хош иісін мен тіршіліктің қуатын ала келеді. Үйдің ішіне жаңа орылған шөптің, бүр жарып келе жатқан мамыргүлдің, шырша шайырының, жаңбырдан кейінгі дымқыл топырақтың иісі толып кетеді. Адамның баспанасына табиғаттың өзі кіріп келіп, хош иісті гүл шоқтарын қойып кеткендей.

Қала өркениетінің ішіне жабайы табиғат нышандарының келіп араласуы ана-арыстан жайлы ой салады. Оның бойындағы самарқаулық пен шапшаңдықтың, ойнақылық пен қаһардың, тағылық пен сабырдың қиыса үйлесуі таңқалдырады. Киелі Жазбаның келесі аяттарынан да осы үйлесімділікті көремін:

Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар,
Еңселерін тым ауыр жүк басқандар,
Менің қасыма келіңдер, бәрің,
Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!
Қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен,
Өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен,
Тыныштық табады сонда көңілдерің.
Себебі ыңғайлы — қамытым Менің,
Әрі жеңіл — жүктейтін міндеттерім.

Матай 11:28-30

Құдай артқан жауапкершілікке еңсені басқан ауыр жүк деп қарауды әдет қылғандарға айтарым, Құдайдың аялы алақанында

тыныштық табуды үйреніңіз. Балаларымызда музыканың ырғағын дәл сезетін қабілет бар, Джон екеуіміз сол бір табиғи сезімнен айырылып қалған сияқтымыз. Олардың музыкаға деген көзқарасы мен сезімталдығы біздікінен еркін. Өйткені, бала кезімізде біз шіркеудегі саздан өзге музыканы елемеуге әбден машықтанып алғанбыз. Соның салдарынан қимыл-қозғалысымыз икемсіз, ебедейсіз болып кеткен. Музыканың ырғағын танып, билей жөнелу бізге қиын. Дәл солай Құдайдың жүрегіміздегі сазына да алаңсыз беріліп кете алмайтын сияқтымыз.

Қымбатты оқырманым, Құдай үшін еңбек етем деп, өзіңізге артық міндет артып алып, қажып жүрген жоқсыз ба? Исамен бірге болудың, Құдайдың саясында дамылдаудың не екенін ұмытып кеткен жоқсыз ба? Бәрімізге анда-санда осындай еске салулар керек. Маған да. Осыдан бір жылдай уақыт бұрын өзім де әбден қажып, қайратым сарқылған болатын. Титықтаған, қалжыраудың шарықтау шегінде жеткендей, жүйкеңіз жұқарып, енді болмаса, үзілуге аз-ақ қалғандай күйде болып па едіңіз? Күйзеліс. Мұндай күйдің сізге таныс-таныс еместігін білмеймін, өз басымнан өткен. Үш айдан кейін болатын бір кездесу жайлы көп ойлап, уайымдап жүрген болатынмын.

Уайымымды құрбыммен бүкпесіз бөлістім. Ол абыржуымды басқан ақыл-кеңес берді. Қолымдағы азғантай наным мен балығымды Құдайдың алдына әкелгенім жеткілікті, ал Жаратқан Ие асты Өзі көбейтіп, ісіме береке береді. Құрбым осыны айтып, жігерлендірді. Осы тұста азды көп қылатын Құдайымның құдіретін талай көргенім есіме түсіп, құрбыммен қуана келістім.

Ауыр жүк арқаламай, еңсемізді жазып жүруді, еркін тыныстауды қайта үйренетін кез келді. Адамзат күнәға батқаннан кейін ауыр еңбектен қалжырау, жүйкенің тозуы өмірлік үлесімізге айналды. Алайда, күнәміздің құны төленіп, ақталдық, ендігі еншіміз – тыныштық.

Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды. Енді Құдайдың рақымына бөленіп, салтанатты ұлылығын көреміз деген үмітімізге қатты шаттанамыз!

Римдіктерге 5:2

Бізге сенім арқылы жол ашылды. Көптеген есіктер мен жолдар біз үшін ұзақ жылдар бойы жабық еді. Оларды өзіміз жауып

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

қойған болатынбыз. Өміріңдегі есік-терезелерді, жолдарды ашып-жаба алатын – басқа біреу емес, өзің ғана. Қай есікті ашып, қай есікті жабу керектігін шешетін қақпа күзетшісі – өзің. Шекараңды күзеткенің – дұрыс, дегенмен, Құдай саған толық қауіпсіздік кепілдігін бергенін де ұмытпа. Құдайға өміріңнің есігін ашқаннан кейін, кенет басқа жерден, үміт патшалығынан табыласың. Құдайдың рақымын қабылдап, салтанатына бөленуге дайын, жүрегі ашық, кең пейіл, еркін адамға айналасың. Ашық, шыншыл өмірге шақыратын тағы бір аят:

Сол сияқты, мәлім болмайтын ешбір сыр, жария болмайтын ешбір құпия да жоқ.

Марқа 4:22

Ашықтықты өмірлік ұстанымыңа айналдыруға сен де қақылысың. Құдай Ізгі, және бұл — құпия емес. Құдай сені шексіз сүйеді, Әкелік мейірімімен сені қанатының астына алды. Құдайдың сенімен Өз құпияларын бөліскеніндей, сен де Көктегі Әкеңмен бүкпесіз сырласа аласың. Бірде-бір жасырын күнәң жоқ екенін білсең, ұялудың да реті жоқ, сені ешбір діни тыйым бұғаулай алмайды, нағыз азаттық – осы. Осалдығыңды, жіберген қателіктеріңді, жасаған күнәларыңды, құпия сырларыңды білетін Киелі Құдай солардың біріне де қарамастан, сені сүйетінін ашық жариялайды. Осыны білсең, беки түсесің.

Құдайымыз бізден де сондай іс-әрекет күтеді. Құдайдың бізге тапсырған жолдауы мынау: Құдай – сүйіспеншілік, Оның жалғыз рухани Ұлы бізді Құдаймен татуластыру үшін құрбан болды. Бұл ішімізге сыймайтын, тым ауқымды, тым жомарт, тым қуанышты хабар. Ізгі Хабар – құпия емес. Ал оның мәні, терең мағынасы – керемет.

Жаратқан Ие бізге осынша көңіл бөліп, осыншалық қымбат сый беретіндей, біз кіміз? Құдай Әкеміз бізге сүйіспеншілігін және құтқарылудың құпиясын ашып берді. Енді оған өзіміз қаншалықты оңай қол жеткізсек, басқаларға да соншалықты кедергісіз, еркін, бүкпесіз таратқанымызды ғана сұрайды. Құдайдың өзіне деген сүйіспеншілігі жайлы естуге әр адам лайық.

Жоғарыдағы сөздерді оқып, Құдайдың бізді ашық қарым-қатынасқа шақыратынын білгеніңде, өміріңнің жабық тұрған

салалары бар екенін түсінген шығарсың, бәлкім. Ол салаларда үрей немесе тереңге бойлап кеткен ұят сезімі ұяласа керек. Сол сала, ашуға қорқып жүрген салаң – есік немесе терезе болып шығуы мүмкін. Мен сені түсінемін, сіңлім.

Біз отбасымызбен сапар шексек, қонақүйде іргелес екі бөлмені аламыз. Әдетте, мұндай бөлмелердің арасында екі есік болады. Бір бөлмеден екіншісіне өтем десең, есіктің екеуі де ашық болуы шарт. Джон екеуіміз өз есігімізді бірден ашып қоямыз. Біраздан кейін, киім ауыстырып, жайғасып болғаннан кейін балаларымыз да есік ашады. Есік екі жағынан да ашық тұрғанда олар бізге, біз оларға еркін өте аламыз. Екі бөлменің арасындағы қатынасқа еш бөгет жоқ.

Қымбаттым, есігіңді айқара аш. Арғы жақта нұрға малынған жарық бөлме бар, онда сені жанұяң күтіп отыр. Қорықпа! Құдай Өз есігін сенің алдыңда жауып қоймайды. Құдай Әкенің есігі де құшағы да саған әрдайым ашық. Тек есікті өз жағыңнан ашуың керек.

Өміріңнің қай салаларында жаныңа батып жүрген нәрселер бар? Сол салаларды Құдайдың алдында ашуыңды сұраймын. Құдай Әкенің өмірі мен нұры өміріңдегі түнек атаулыны түгел сейілтсін.

Дұшпаның тасадан, қараңғы жыралардан шықпауыңа күш салады. Түнек адастырады, шатасқан нәрсе қараңғы жерде шиеленісе түседі. Ал соларды жарыққа алып шықсаң, шымшытырық болып шатасқан түйіндер шешіліп, барлық нәрсе анық та түсінікті болып шығады. Құдай біздің нұрда өмір сүргенімізді, онымен қоймай, өзіміздің нұр болғанымызды қалайды. Алдағы өмірлік жолың жарқын болсың десең, еңсеңді басқан ауыр жүктен дәл қазір арылғаның жөн. Мінәжаттың күші бүгіннен бастап, азат болуыңа мүмкіндік береді.

Есігіңді ашуға көмектесетін мінәжат сөздерін жазып, дайындап қойдым. Дегенмен, сені өз жүрегің жетелесің.

Көктегі Әкем, Иса Мәсіхтің атынан алдыңа келіп тұрмын. Сенен тығылып жүріппін, сол үшін кешіре гөр. Жарыққа шыққым келеді. Қазір жабық тұрған есіктердің әрқайсысын ашып, Сенің нұрың мен ізгілігіңе кіремін. Мені кешіріміңді алуға құқылы еткенің үшін алғысымды айтамын. Бұдан былай ақиқатта өмір сүретін боламын,

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

азаттығымның нығая түсуін сұраймын. Мен – Сенікімін.
Өзімді Сенің сүйіспеншілігіңе тапсырамын. Болашақта
Сенің ғана жолыңмен жүретін боламын. Жолымды
жарық етпейсің. Әумин!

ҚАРАҢҒЫДА КӨРУ ҚАБІЛЕТІ

Ана-арыстанның тағы бір тамаша қасиеті бар, сол жайлы саған айтып беруге асығып отырмын. Өзің білетіндей, ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді. Ал қараңғыда жүріп қалайша аң аулайды? Иісшілдігіне немесе сақ құлағына сенеді ме? Жоқ!

Ана-арыстан қараңғыда көре алады.

Қалай дейсің ғой?

Басқа мысық тұқымдастар сияқты, арыстандарда да қараңғыда көру қабілеті бар. Олардың көздерінің жарық сәулелерін ұстап қалу, сындыру, шағылдыру қабілеті ерекше. Арыстан болмашы ғана жарық сәулелерінің өзін айналасын көру үшін пайдалана алады. Толық қараңғылықта кез келген тіршілік иесі көр соқыр болып қалады. Әлбетте, арыстандар да солай. Ал егер қараңғыда жарықтың болар-болмас нышаны табылса, арыстан сол аздаған жарықтың өзін қалт жібермейді, соның көмегімен жан-жағын көре алады. Арыстанға айдың жарығы да, жұлдыздардың әлсіз сәулесі де жеткілікті, түнде де жанары күндізгідей өткір болып қала беретіні содан.

Арыстандардың көзінің қарашығы біздікінен өзгеше. Олар қарашығы арқылы көзге енген жарық сәулелерін жинақтап шоғырландырады. Соның арқасында басқалар ешнәрсе көрмей тұрғанда, арыстандар көру қабілетінен айырылмайды. Қараңғыда көруге көмектесетін жарық олардың көзінен шығады десек болады. Қараңғыда мысықтың көзі жанып тұратыны содан. Олар жарық сәулелерін көзіне шоғырландырады, сондықтан көздері сәуле шашып тұрады.

Арыстандардан біз де қалыспайық. Осы дүниедегі түнек қоюланған сайын, сырттан келер жарық азая береді. Өз ішіміздегі жарықтың көзін жетілдіретін кез келді.

Мен: «Қараңғылық мені тасаласын,
Айналамдағы жарық түнекке айналсын!»

Десем де, түнек жасырмайды Сенен,
Саған күндей нұрлы — түннің өзі де,
Жарықтай айқын — түнек те көзіңе!

Забур жыры 138:11-12

Арыстанның қабілетін өз бойымызға дарытқымыз келсе, реті келді. Күндізгі жарықта бәріміз де көре аламыз. Енді қараңғыда көру қабілетімізді жетілдірейік. Қараңғыда көру үшін арыстандар өз көздерінен шыққан жарықты пайдаланады. Жүрегімізде жалындаған от болса, айналамызды билеген түнектің құлына айналмаймыз. Қайта жанарымыз мейлінше өткір болады, көру аумағымыз кеңейеді, ал көзқарасымыз Құдайдыкімен сәйкес болады.

Құдай – адам логикасынан шығатын ұйғарым емес, жарықтың сәулесі секілді айқын ақиқат. Ол – қараңғыда жарықтың көмегімен іздеуді қажет ететін құпия емес, сол жарықтың өзі.

– Авраам Джошуа Хешель

Құдай – нұр. Құдайда түнек жоқ. Осы ақиқатты санамыз шынымен де сиғыза алады ма? Жарық бар жерде көру де бар. Көру бар жерде үміт пен арман-мақсат бар. Құдайдан келген арманымыз болса, рухани түсінігіміз де болады. Ең алғаш рет Құдай менің жүрегіме мына аят арқылы сөйлеген еді.

Иеміз Иса Мәсіхтің Құдайы — салтанатты ұлылыққа ие Әке сендерге Өзін жақынырақ танып білулерің үшін Өзінің Киелі Рухы арқылы даналық пен терең түсінік берсе екен деп Одан тілеймін. Ол көкірек көздеріңді оятып, рухани нұрға кенелтіп, өздеріңді қандай үмітке шақырғанын, яғни өз халқына қандай керемет игіліктер сыйлайтынын, білсеңдер екен деп сиынамын.

Ефестіктерге 1:17-18, курсив автордыкі

Осы аяттар сол кездегі күнделікті мінежатыма айналды. Күн сайын, жатарда көзімді жұмып, осы сөздерді қайталайтынмын. Ұйықтарда Құдайды түстеріме шақырамын. Күндіз Киелі Кітапты ашарда осы мінежатымды тағы қайталаймын. Көкірек көзімнің ояу бола алатынына тамсанып, сол кереметті Құдайдан сұраудан жалықпайтын едім.

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

Аспанның жерден көрініс тапқанындай, сен де назарың неде болса, соның бейнесіне айналасың. Санаңа нені сіңірсең, өміріңнен көрініс табатын да – сол. Құдайдың бізге қаншалықты ғажап кереметін дайындап қойғанын естен шығарып алдық па деп күдіктенем. Құдайым, бізге көретін көз бере гөр!

Пайғамбарлық қызметте жүрген адамдардың пәк әрі қарапайым көзқарасы осы мінәжаттан көрініс табады. Елидің Самуилға берген кеңесінен де осыны көреміз:

...Бар да жат. Егер сені қайтадан шақырса, онда: «Уа, Ием, айта гөр, пендең тыңдап тұр» деп жауап бер деді. Самуил төсегіне барып жатты.

1 Патшалық 3:9

Ұйықтап жатқан Самуилді Құдайдың өзін шақырған дауысы оятты. Біздің де «Уа, Ием, айта гөр, пендең тыңдап тұр» деп жауап беруіміз керек.

Самуил жауап беріп, Құдайдан өзіне сөйлеуін сұрағанға дейін ол тек Жаратқан Иенің өз атын атап, шақырғанын ғана естіді. Самуилдің Құдайдың атынан пайғамбарлық сөз айта бастағанына дейінгі арада біраз уақыт өтті.

Құдайдың атын атап шақырғанын ғана естіп, сонымен шектеліп қалғандар арамызда қаншама. Көктегі Әкеміз атымызды атағанының маңызын төмендеткім келмейді, дегенмен, бұл – нағыз мәсіхшілік өмірдің бастамасы ғана. Келесі деңгейге, әрқайсымыз армандайтын белестерге шығайық. Құдайдың жоспарын біліп, Құдаймен бірге еңбек етуге ұмтыламыз. Ал Құдаймен бірге еңбектену дегеніміз – біз арқылы сөйлеуіне мүмкіндік беру.

Сонда Құдай Самуилге мынаны айтты: «Мен Исраилде естіген адамды қатты абыржытатын әрі көпшіліктің назарын аударатын бір нәрсе істемекпін!»

1 Патшалықтар 3:11 *Message аудармасы*

Қазірдің өзінде де Құдай: «Қыздарым, мұқият тыңдаңдар! Мен естіген адамды қатты абыржытатын, көпшіліктің назарын аударатын іс істемекпін» дейді. Көктегі Әкеміз әлемнің назарын Құдайға аудара алатын балаларының болғанын қалайды.

Самуилдің заманында Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек болатын. Құдайды дәріптеудің орнына, пұтқа табыну белең алып тұрған заман еді. Құдайдың жер бетіндегі тұрағына әкеліп ұсынуға өсиеттеген құрбандықтар мен сый-тартуларды Елидің ұлдары қорлап жүрген еді. Олар халықтың Құдайға арнап шалған құрбандықтарының ең жақсы бөліктерін өзеріне алатын. Ели жүгенсіз кеткен ұлдарын тыя алмай, әлде тыюды жөн көрмей жүрген.

Ақырында Құдай Елиден де, оның үрім-бұтағынан да теріс айналды. Діни қызметкер Елидің орнына жасөспірім Самуилды таңдады. Самуил жастығына қарамай, сенімді қызметкер еді. Біздің заманымыздағы адамдардың күнәсі сол кездегіден өзге емес. Және оянып келе жатқан, сенімі берік жастар қазір де бар.

Ал жасөспірім Самуил Жаратқан Иеге де, адамдарға да ұнамдылығы арта түсіп, өсіп келе жатты.

1 Патшалықтар 2:26

Дәл осындай, Құдайға да, адамдарға да ұнамды жастарды көріп жүрмін. Құдай оларды бізбен бірге сапқа тұрғызбақшы. Сонда Құдайдың тапсырмасын орындауға тізе қосып, жұмыла кірісеміз.

Солай болу үшін бізге, пайғамбарлық ояныш қажет. Сонда рухани көзіміз бен құлағымыз ашылады, Құдайдың істерін көруге, айтқанын естуге қабілетті боламыз. Сонымен қатар, Құдайдың Сөзін жарқын да анық етіп ашып бере алатын, тыңдаушылардың жүрегіндегі кедергілерді алып тастайтын қабілет те пайда болады.

Жоғарыда жазылғанды өзіңе айтылған пайғамбарлық сөз деп қабылдасаң жөн болар еді. Осы пайғамбарлық сөздің Құдайдың кереметтерін үміттеніп күтіп жүрген жүрегіңе енуіне жол бер. Киелі Жазбаның осында келтірілген яттары мен осы кітаптағы көркем бейнелер бойындағы Құдайдың дарынын оята алады.

Бұл Киелі Рухтың әсері, Ол өміріңді кеңейтіп, көруге, естуге, түсінуге деген қабілетіңді арттыруда.

Бірде, уағызымды айтып болғанымда, жаныма сүйкімді жас келіншек келіп, “сенің уағзыңды естіген сайын, ішімдегі нәрестем тыпырлап кетеді” деді. Ол әйелмен таныспын, өте майланған сенуші екенін білемін. Оның аяғы ауыр емес, қалай болғанда

да, оны жүкті деп естіген жоқпын. Әйелдің меңзегені – ішкі дүниесіндегі әлдебір өзгеріс. Соны сипаттауға басқа сөз таппаған соң, осылай айтқан.

Бәлкім, сен де бір кезде жан-дүниеңде болған бір қозғалысты байқаған боларсың. Алайда, әлі күнге дейін “мен пайғамбар емеспін ғой!” деп өзіңді-өзіңді сендірумен отырсың. Мен – үйде бала бағып отырған анамын немесе мен әлі жаспын не болмаса, мен жұмысбасты адаммын, бос уақытым жоқ. Немесе мен кәрімін. Бәлкім, “пайғамбар” деген сөзді естігенде зынданда отырған Еремия әлде үлкен балық жұтып қойған Жүніс есіңе түседі ме.

Сенің өмірің олардыкінен тіпті өзге екеніне келісемін. Сенің пайғамбар болмауың да мүмкін. Дегенмен, Киелі Жазба “Рухани дарындарға, әсіресе Құдайдың хабарын жеткізу дарынына, ие болуға ұмтылыңдар!” деп бәрімізге айтады. Яғни, пайғамбарлық дарыныңды сен де қолдана аласың. Пайғамбарлық дарын дегеніміз – анық мақсатыңның болуы, көрегендік, болашақты болжай білу қабілеті. Мінәжаттарымыздың өзі кейде пайғамбарлық тұрғыда болады. Құдайдың бізді еститінін білеміз, сондықтан бізге жауап беретініне, біз білмеген таңғажайыптарды көрсететініне кәміл сенеміз. Болашаққа үмітпен қарап, дұға етеміз.

Иса адам кейпінде жер басып жүрген заманда парызышылдар рухани көзден айырылып қалған болатын. Исаның өмірі мен айтқан сөздері олардың рухани соқырлығын әшкерелеп, шамына тиді. Жохан жазған Ізгі Хабардың 5-ші тарауында Исаның сенбі күні науқас адамға шипа беріп, парызышылдардың ашуына тигені жайлы жазылған. Бұл заңбұзушылық еді. Алайда, парызышылдардың көзқарасында заңға қайшы келген іс Құдайдың қағидасына кереғар емес, сай еді. Құдай Исраил халқына сенбі күнін қасиетті күн деп дәріптеуді өсиет еткен.

Ал мүгедек адамды сауықтырғаннан қасиетті іс бар ма? Парызышылдардың ойынша, қасиетті күнді дәріптеу – сол күні ешбір жұмыс істемеу, ал Иса біреуді сауықтырмақ болса, аптаның басқа күнінде сауықтыруға тиіс. Заң мен ережеден көр соқыр болып қалған парызышылдар сүрініп, құлай беретін.

Бірақ Иса оларға: “Әкем еңбектен қол үзбейді, сондықтан Мен де үздіксіз еңбек етемін” деді. Бұдан кейін яһуди басшылары Исаға бұрынғыдан бетер қарсы

шығып, Оны өлтірмекші болды. Себебі Ол солардың демалыс күні туралы ережелерін ғана бұзған жоқ, сонымен қатар “Құдай — рухани Әкем” деп, Өзін Құдаймен теңестірді. Иса оларға былай деп жауап берді: “Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды. Әкесі Оны сүйеді, сондықтан Өзі істегенінің бәрін Оған көрсетеді; Әкесі сендер таңғалатындай бұдан да зор кереметтерді әлі де көрсететін болады”.

Жохан 5:17 - 20, курсив автордыкі

Сенбі күні жайлы өсиет біздің жұмысымызға қатысты емес, Құдайдың істерінде біздің тыныштық табуымыз жайлы. Исаның сөздерінен кейін бірнеше сұрақ туындайды, солардың жауабын табуымыз керек:

- Сен Құдай Әкенің қызы болып табыласың ба?
- Көктегі Әкеңнің істерін көргің келеді ме?
- Сол істерге сенің де қатысқың келеді ме?
- Нұрдың жаршысы болғың келеді ме, әлде біреудің өміріндегі түнекті әшкерелеуші болғың келеді ме?
- Басқалардан оқшау өмір сүріп, бақытты мәсіхші бола аласың ба?
- Түңілген, қалжыраған, тұңғыыққа құлдырап бара жатқан әлемнің сенің өмірің арқылы Құдайдың кереметтерін көргенін қалайсың ба?

Иса оғаш мінез танытқан емес, алайда, қайда барса да, сол жерде Құдайдың кереметтері болып отырған.

Құдайдың Ұлы Иса Өз бетінше ештеңе істей алмаған болса, Киелі Рухтың жетелеуі мен үйретуінсіз біз де ешнәрсе істей алмақ емеспіз. Біз Құдайдың істегенін істеуге тиіспіз. Құдай бізге көмектесуге уәде берген. Соған тағы да көз жеткізу үшін Елшілердің Істері кітабын ашайық.

Осы заманның аяғында Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын, дейді Құдай. Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, жас жігіттерің аян, қарттарың

түс көреді. Сол күндері Мен тіпті құл-күңдерімнің үстіне Киелі Рухымды төгемін. Сонда олар да пайғамбарлық сөз айтады. Мен аспанның биігінде кереметтер жасаймын әрі төменде, жер бетінде, ғажап істер істеймін: қан, от және бұрқыраған түтін пайда болады. Жаратқан Иенің ұлы да салтанатты (соты) күні келердің алдында күн — қара түнек, ай — қан қызыл болады. Ал Иеміздің атын атап Оған сиынған әркім құтқарылады.

Елшілер 2:17-21

Заманның ақырына арналған Киелі Рухтың осы уәдесі әлі де күшінде және оның орындалар кезі келді. Құдайдың бізді таңдап алғанына алғашқыда өзім таң қалған болатынмын. Шет елдерді аралап, болып жатқан жағдайларды көргенімде, осындай адамдарға және осындай заманда Құдай Өзінің Рухын төкпес деген ойға қаламын. Құдайдың орнында өзім болсам, қазіргіден гөрі қолайлырақ, қауіпсіздеу, бүгінгідей аласапыран емес, тыныш заманның орнауын күте тұрар ма едім.

Ең қолайлы сәт деп Мәсіх дүниеге келгеннен кейінгі 50-ші жылды, мәсіхшілерді құдалау басталғанға дейінгі уақытты айтар едім. Бірақ, олай болса, біз қайда болар едік? Әлде сен Киелі Рухтың төгілуін қажетсінбейсің бе? Бәлкім, Оның келуін қаламайтын шығарсың? Мүмкін, сенің қауымың бұған сенбейтін шығар? Шынтуайтына келсек, менің айтқаныма да, сенің сенген-сенбегенің де қарап тұрған ештеңе жоқ. “Осы заманның аяғында Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын” дейді Құдай.

Меніңше, Құдай қайткенде де Өз дегеніне жетеді, барлығы Құдай айтқандай болады және әр елдегі сенушілерден Құдайдың біртұтас халқы құралады. Осының барлығы жүзеге қалай асады? Құдайдың Рухының төгілуі деген не, ол қалай болады? Осы мәселені тереңірек қарастырып, Киелі Рухтың адамзатқа қалай құйылатынын түсінуге тырысайық.

Шамамен екі мың жыл бұрын Киелі Рух сенушілердің жүрегін жаңартып, өміріміз арқылы Исаны паш ету үшін жер бетіне келген болатын. Сонымен, Мәсіхтің Денесінде, яғни, қауымда әрекет ететін Киелі Рух бар. Дегенмен, қазіргі болып жатқанды Киелі Рухтың төгілуі демес едім.

Ал Киелі Рухтың молынан төгілуі қандай болады?

Мұны тереңірек зерттеуіміз үшін әуелі “рух” сөзінің мағынасына үңілейік. Бұл сөздің төрт түрлі мәні бар екен. Біріншісі – “күш”. Оның ішіне “батылдық”, “табандылық”, “өжеттік”, “жүректілік”, “даналық”, “қайсарлық”, “албырттық”, “ұстамдылық”, “рухани тұрақтылық”, “қозғаушы күш”, “беріктік”, “қажырлық” сияқты ұғымдар енеді. Киелі Рухтың адамға батылдық пен білек күші түрінде төгілуінің мысалын Киелі Жазбаның келесі аятынан көре аламыз.

Сол сәтте Жаратқан Иенің Рухы Самсонға құдіретпен қонып, ол арыстанды лақ құрлы көрмей жай қолдарымен-ақ қақ жарып бөліп тастады...

Билер 14:6

Рухтың көгершін түрінде қонғанына мүлде ұқсамайтын, мейірімсіздеу мысал екені рас.

Рухтың парасаттылық пен даналық беруші ретінде қонуының мысалы міне:

... Жаратқан Иенің Рухы қонып, оған даналық пен парасат, ақыл-кеңес пен құдірет, білімділік және Жаратқан Иені терең қастерлеуді дарытады.

Ишаия 11:2

Немесе:

Уа, Құдайым, жүрегімді тазарта гөр,
Рухымды берік қылып, жаңарта гөр.

Забур жыры 50:12

Өнерге қабілетті ете алатын Рух та бар:

Оны Құдай Рухына кенелтіп, оған ақыл-парасат пен қабілет дарытып, барлық өнерден хабардар етіп қойдым.

Мысырдан шығу 31:3

Рухты жаңарған жүрек ретінде көрсететін аят:

Мен оларға біртұтас жүрек сыйлап, жаңа рух дарытамын. Көкіректерінен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын

Езекиел 11:19

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

“Рух” сөзінің екінші мағынасы да бар, ол – “жан”. Бұл сөз “ішкі дүние”, “өмірлік қуат”, “болмыс” деген ұғымдарды қамтиды.

Адамның қиналысына өз рухы төзер,
Ал рухы күйрегенге кім дем берер?

Нақыл сөздер 18:14

Жүректің қуанышы бет-жүзді жарқыратар,
Жүректің қайғысы рухыңды жабырқатар.

Нақыл сөздер 15:13,
орысшадан аударма, курсив автордыкі

“Рух” сөзінің келесі мағынасы – “елес, фантом, бұлдыр-белең, әруақ, өлген адамның тыныштық таппай осы дүниеде жүрген жаны”. (“Рух” сөзін бұл тұрғыда егжей-тегжейлі қарастырудың еш жөні жоқ).

Ағылшын тілінде “рух” сөзінің тағы бір мағынасы бар, ол “әлдебір адамдарға ортақ көңіл-күй, көзқарас, беталыс, қайсыбір жердегі жағдай, ахуал, атмосфера”. Әлдебір жерде өзін жақсы сезінген адам “бұл жердің атмосферасы жанға жайлы екен” дейді. Сол жердегі адамдарға ортақ бір жайлы сезім бар деген сөз. Елшілер Киелі Рухқа алғаш рет кенелетін күні олар жиналған жоғарғы бөлмеде ерекше көңіл-күй орнаған болса керек, әлдебір кереметті күту атмосферасы, сол кереметті қабылдауға көңілдері дайын болатын.

Иеміз — Рух, Иеміздің Рухы бар жерде азаттық бар.

2 Қорынт. 3:17

Сонымен, осы аяттан оқығанымыздай, Рух Құдайдан келетін азаттық атмосферасын әкеледі екен.

“Рухты” бөтен тілде сөйлеу дарыны ретінде сипаттап отырған жоқпын, оны өзің де байқаған боларсың. Бөтен тілдер – Киелі Рухтың бір көрінісі немесе Киелі Рухтың осында екенінің айғағы. Бөтен тілдер – Киелі Рухтың жалғыз көрінісі емес.

Жоғарыдағы аяттардан көргеніміздей, Киелі Рух Өзін түрлі жолдармен көрсетеді.

Киелі Рух Самсонға керемет күш дарытты. Илияс пайғамбар

жаяу жүгіріп, Ахаб патшаның күймесін басып озды. Геденға Құдайдың Рухы қонғанда, ерлігі тасып, қарусыз жаяу әскерімен азулы жауды талқандады. Дебора атты әйел Құдайдың Рухына бөленіп, үлкен қол жинап, Исраил халқының жауларына қарсы аттанды. Киелі Рухтың құдіретімен Иса қайда жүрсе де, Құдайдың салтанатын паш етті.

Енді кезек бізге келді. Лұқа жазған Ізгі Хабарда біздің заманымыз жайлы “адамдар қорқып, әлемге төнетін апаттарды күтіп естерінен тана үрейленетін болады” деп жазылған. Осынау зәрені алған үрейді қалай жеңуге болады? Меніңше, Құдайдың Рухы батылдық болып қонғанда, қорқыныш атаулы зым-зия жоғалады.

Біздің заманымызда пайғамбарлық дарындар қайта түлеп, жаңарады, өркендейді. Кейде адамдар болашақты болжап көре алатын болады. Алайда, оны айтуға батылы жетпейді, өйткені, айтқандары оғаш немесе адам сенгісіз болып естіледі. Кейбіреулеріңіз, бәлкім, өрескелдеу көрінген немесе жалған пайғамбарларды көрген шығарсыздар. Арасында көпе-көрнеу өтірік айтатындары да бар.

Осы тұста мәселенің басын ашып алайық. Құдайға адам денесінен орын табылғаны ғана керек деп ойласаңыз, қателесесіз. Құдайға қандай да бір лауазымы бар бір топ адам керек десеңіз де, жаңыласыз. Иемізге керегі – Кеудесінде Құдайдың жүрегі соғатын адамдар. Пайғамбарлық дарынның біз арқылы әрекет етуінің себебі – әлдебір семинарларға қатысқанымыз емес, Самуил сияқты, Құдайымызға қызмет еткеніміз. Пайғамбарлық дарындар қайта өркендеген заманда өмір сүріп жүрміз, сондықтан бұл дарындар қызметімізде көрініс табады. Семинарларда тұрған дәнеңе жоқ, дегенмен, мәселе семинарларда емес, Құдайдың қай семинардан да асып түсетін жоспарында.

Құдайдың әуелгі жоспарында пайғамбарлық дарындар – сирек кездесетін, екінің бірінің қолы жете бермейтін, айрықша жандарға ғана бұйыратын, көрінгенге қона бермейтін, дегдарлар ғана қол жеткізе алатын нәрсе емес еді. Құдай пайғамбарлық дарындар арқылы бізге көре алатын көз, ести алатын құлақ, Құдайдың хабарын жеткізе алар үн, жанашыр жүрек береді.

Пайғамбарлық дарын мәселесіне тым жеңіл-желпі

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

қарамауымыз керек. Дегенмен, Ишая пайғамбардың жазбасын оқығанымда, бірнеше қағидаға назар аударған едім, соларды сіздермен бөліспекпін. Жазбаның басынан бастап-ақ мынадай жолдарды оқимыз:

«... Жасаған Иеміз бізге
Ақ жолын нұсқайды, сонымен жүрейік,
Оның әділ еркін орындай берейік!»
Деп, көп ұлттар жолға шығады бірігіп.
Сөзін таратады тәлімін үйретіп
Жаратқан Ие Иерусалимнен,
Сиондағы өз киелі үйінен. Ишая 2:3

Жазбаның осы тұсын қатты ұнатамын. Мұнда Құдай бізге Өзінің қалай әрекет ететінін ашып көрсетеді. Ондағы мақсаты – Құдайдың жоспарына сай өмір сүре бастауымыз. Біз Құдайдың жүрегінің дүрсіліне сәйкес өмір сүру үшін жаралғанбыз. Жаратушымыз бізге Өзінің жолын нұсқап, істерін көрсетпек. Ишая пайғамбардың жазбасының 49-шы тарауында болашаққа ұмтылған адамдарға арналған бірнеше нұсқау бар. Ишаяның сол кеңестерін Римдіктерге жазған хатының 9-шы тарауында Пауыл елші де қайталайды.

1. Көкке қара.
2. Айналаңа қара.
3. Мұқият қара.
4. Алға қара.
5. Ақиқатты айт.

Ең алдымен, көкке қара. Көкке қараудың не екенін білмесең, Аян кітабын оқы, дүниеге Аспан Патшалығының тұрғысынан қарауыңа септігін тигізеді. Аян кітабын заманның ақыры жайлы қорқынышты баяндау деп қана қарастырмаңыз. Бұл кітап – бүкіл әлемнің Билеушісі — әрдайым бар, мәңгі болып келген және болашақта келетін Құдай Ие туралы аян. Құдай уақытқа тәуелді емес; Ол мәңгі және бізбен мәңгілік тұрғысынан сөйлеседі. Колледжде оқып жүргенімде, бір семестр бойы Аян кітабын зерттеген болатынмын, бұл жазбаны біздің санамыздағы уақыт ұғымымен шектегісі келетін адамдарға

әлі күнге дейін таңырқаймын. Жазбада айтылған таңғажайып пайғамбарлықтарды Жохан елшінің өзі толық түсіне алды деп те айта алмаймын. Кейде толық түсінудің қажеті де жоқ. Рухани әлемде біз ойлағаннан әлдеқайда зор, шиеленіскен және салтанатқа толы оқиғалар болып жатқанына сенгеніміз жеткілікті.

Көзімізді көкке көтерейік. Бізге қажеті – осы. Құдайлық мәртебесінен уақытша бас тартып, адам баласының кейпіне енген, Галилея аймағын аралап, қарапайым халықтың арасында жүрген Иса жайлы әлі де көп уағыздаймыз. Ал Жохан елші көрген Иса жайлы не дейсіз? Көз алдыңызға мынадай бейнені елестете аласыз ба?

Олардың арасында адам баласына ұқсас Біреу тұр екен. Ол етегі аяғына дейін жететін ұзын шапан киіп, кеудесіне алтын аспа бау таққан еді. Оның басындағы шашы ақ мамықтай әрі қардай аппақ, ал көздері оттай жалындап жатты. Аяқтары пеште балқыған қоладай жалтырап, даусы сарқырап аққан судың гүріліндей естілді. Оның оң қолында ұстаған жеті жұлдызы бар екен. Аузынан екі жүзі де өткір семсер шығып, беті тал түстегі күндей нұрын төгіп тұрды. Мен Оны көргенде өлі адамдай алдына құлап түстім. Сонда Ол оң қолын үстіме қойып, былай деді: «Қорықпа! Мен Алғашқымын да Соңғымын әрі Мәңгі Тірімін. Мен өлген едім, ал енді мәңгілік өмір сүремін. Өлімнің де, о дүниенің де кілттері Менде. Көргендеріңді, қазіргі барды және одан кейін болатындарды жазып қой!

Аян 1:13-19

Осы аяттарда жазылғанды тереңірек ұғынуға тырысып көрейікші. Меніңше, он екі елшінің ішінде бәрінен сабырлысы Жохан болатын. Исаның сүйікті шәкірті де – осы Жохан болса керек-ті. Сатқынның кім екенін де Иса басқа емес, Жоханға айтқан болатын. Ал енді, сол Жохан Исанының Аспандағы салтанатын көргенде, ес-түссіз құлап түсті! Бұл – қолына кішкене қозыны ұстап тұрған Исаның, отқа балық қақтап отырған Исаның бейнесінен әлдеқайда зор, салтанатты да ұлы бейне. Бұл— уысына жұлдыздарды ұстап тұрған Құдіретті Құдайдың Ұлы. Қарулы да айбынды патша. Иса тұралы осылай уағыздасақ ше,

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

онда не болмақ? Аян кітабын тағы да ашайық.

Бұл — Иса Мәсіхтің көрініп, Құдайдың құпия жоспарын ашып, аян бергені туралы жазба. Құдай жақын арада болуға тиісті оқиғаларды өз қызметшілеріне көрсету үшін осы аянды Иса Мәсіхке тапсырды. Ол соларды қызметшісі Жоханға періштесін жіберіп білдірді. Ал Жохан көргендерінің бәрін: Құдайдың хабарын және Иса Мәсіхтің аян еткендерін баяндап берді. Осы пайғамбарлық хабардың сөздерін оқып беретіндер де, оларды тыңдап, жазылғандарды ұстанатындар да бақытты! Себебі бұлардың іске асатын уақыты таяп қалды.

Аян 1:1-3

Аян кітабы, ең алдымен, Исаның шынайы болмысын көрсетеді. Оны оқыған, естіген, жүрегінде сақтаған әркімге Құдайдың батасы қонады делінген жазбаның соңында. Сондықтан оған баса назар аударғанымыз жөн. Құдайдың Жохан елшіге осы аянды беруінің себебі неде? Исаның жер бетінде жүріп, істеген істері жөніндегі мәлімет жеткілікті емес пе?

Менің ойымша, сол мәліметтің барлығы – жеңімпаз Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің шынайы Тұлғасының жылт еткен кішкене көрінісі ғана. Біз өзімізден бас тартып, Иса сияқты болуымыз үшін, Ол Құдай ретіндегі мәртебесінен бас тартып, біз сияқты адамға айналды. Иса құдіретті, Иса киелі, Иса ғажап ... сондықтан басыңды көтеріп, көкке қара!

Келесі қағида – айналаңа қара. Болашаққа биіктен көз тастағаннан кейін, өзімізге, төңірегімізге, адамзатқа көреген көзбен қараймыз. Құдай көрсеткен аяннан кейін Ишая пайғамбар сондай күй кешіп еді (Ишая, 6 тарауды қараңыз). Ең алдымен ол өзінің күнәкар екенін, аузынан шыққан сөздерінің арам екенін терең ұғынды, артынан айналасындағы ел-жұрттың күнәға қаншалықты батқанын сезінді. Осы кезде періштелердің бірі құрбандық үстелінен жанып тұрған көмір шоғынан көсеумен алып, шоқты Ишаяның аузына тигізіп былай деді: «...енді сен әділетсіз істеріңнен арылып, күнәңнің арамдығынан тазардың». Күнә мен айыптан арылғаннан соң, Ишая Тәңір Иенің: «Мен кімді жіберейін? Біздің хабаршымыз кім болады?» деген

сұрағына: «Мен бармын, Ием. Мені жібере гөр» деп батыл жауап берді. Ишая арамданудан тазарған пәк күйде еді, жүрегі ашық, Құдайдың хабарын адамзатқа жеткізуге дайын.

Киелі, қасиетті Құдайдың нұрында өзіміздің және төңірегіміздің қаншалықты лас, күнәкар, арам екенін көргенде, жүрегіміз қарс айырылып, тәубеге келуіміз керек. Айналаңа көз тасташы. Жаңалықтарды немесе көңіл көтеруге арналған сериалдың бірін қосшы. Не көріп тұрсың? Менәң көріп тұрғаным – күнә мен әділетсіздік. Сонымен қатар, нұрдың перзенттерінің тасадан шығып келе жатқанын, өздері тығылып жүргенде әбден қоюланып кеткен түнекпен бетпе-бет кездескендерін көремін.

Мұқият қара. Мұқият қарауымыз не үшін қажет? Қатыгез, залалды күйге түскен әлемге мейірім мен салауаттылық сыйлаудың амалын табуымыз үшін. Бұл дегеніміз, түнекті сейілту, түңілгендерге үміт сыйлау, зұлымдықтан теріс айналып, игі істер істеу. Сынған, бүлінген, залалды нәрсенің барлығын жөнге келтіріп, тазартып, қалпына келтіру. Іс-әрекетіміздің аясы экономикалық мәселелер мен білім беру жүйесіндегі олқылықтардан екі адамның арасындағы жанжалды шешуге дейінгі аралықта болуы мүмкін.

Айналамызда түсінсе алмай жүрген отбасылар көп. Көптеген адамдар дәрі-дәрмекке, ауыз суға, тамаққа зәру болып отыр. Жанұяға мұқтаж жалғыздар қанша, жылы алақанға зар болып жүрген жетімдер, азаттықты армандап зар еңіреген тұтқындар. Езілгендер, жаншылғандар, тауқымет тартып жүргендер көмекке зәру. Мұқият қара!

Алға қарау дегеніміз біздің бүгінгі шешімдеріміздің болашағымызға тигізер әсерін жете түсіну. Сондықтан бізге керегі – тек мұқият қарай алатын қырағылық қана емес, болашақты болжай алатын көрегендік те. Бастаған ісімізді жарым жолда тастамай, ақырына дейін орындап шығар тиянақтылық қажет.

Менің *Ninja деп аталатын мотоциклім бар. Мотоцикл – көліктердің ішіндегі еңбір қауіпсіз дей алмаймын. Сол себепті, мен үшін Джон қам жемесін деп, мотоциклді қауіпсіз жүргізу курсы өттім (тыңдаушылардың арасындағы жалғыз әйел адам мен болдым)*. Сол сабақтардан жол апаттарының көбісі кеше қиылыстарында болатынын білдім. Және жол апаттарының себебі – мотоцикл жүргізушілерінің жол ережелерін бұзатындығы

емес, автокөлік жүргізушілерінің мотоциклді байқамай қалуында екен. Жол апатын болдырмау өзіміздің қолымызда екенін, ол үшін белсенді түрде әрекет етуіміз керектігін үйрендік. Мотоциклді қауіпсіз жүргізем десеңіз үш нәрсені міндетті түрде орындауға тиіссіз: Қырағы болу. Бағалау. Орындау.

Жол торабына жеткенде, жан-жағымдағы көліктерді жіті шолып шығамын. Менің қауіпсіздігіме қауіп төндіруі ықтимал факторларды дер кезінде байқауым – өзіме керек, сондықтан сондайларды қырағылықпен іздей бастаймын. Жан-жағымдағы машиналарға қарап, қай жүргізуші мені көргенін, қайсысы жанындағы мотоциклді көрмей келе жатқанын байқаймын. Кім телефонмен сөйлесіп келеді, кім бұрылмақ. Жолдың беті де назарымнан тыс қалмайды. Құмшауыт немесе тастақ жолдарды ұнатпаймын. Жол торабына жеткенде, жан-жағыма әркез мұқият қарап, қауіптің бар-жоғын байқаймын, жолдың қиылысуынан қалай өткенім дұрыс болатынын түйіп қоямын.

Осыдан кейін жағдайды бағалаймын да, әрі қарайғы әрекетім жөнінде шешім қабылдаймын. Джон екеуіміз жүрсек, ол алда жүріп отырады. Өйткені Джонның мотоциклінің дыбысы қатты, соның арқасында оның келіп қалғаны басқа көлік иелерінің назарынан тыс қалмайды. Ал машиналардан алшақтап кеткенімізде, Джон артта жүріп отырады. Мұнда да сол мақсат – арттан машина келіп қалса, Джонның мотоциклі байқаусыз қалмайды.

Жан-жақты барлап, жоспар құрып алғаннан кейін, сол жоспарға сай әрекет етеміз. Жүргізушілерге жалған белгі бермейміз: мысалы оңға бұрыларда сол жақ шамымызды қоспаймыз. Ниетімізді мейлінше анық та түсінікті етіп жеткізуге тырысамыз.

Мотоцикл мінгелі тағы бір түйгенім, жүріп келе жатып, жерге қарама, әйтпесе құлайсың. Мотоциклмен жүріп келе жатқаныңда, өмірдегідей, алға және жоғарыға қарауың керек. Бұрылатын кезде бұрылыстың ар жағына қара. Алға, жүретін жағыңа қарасаң, жол торабын дұрыс жүріп өтесің. Артыңа да, қазіргі тұрған жеріңе де қарама, екі көзің алдыңдағы жолда, көздеген нысанаңда болсын.

Қазіргі тұрған жеріміз – көздеген мақсатымыз емес. Нысана – алдымызда. Болашағымыз бүгінгімізден зор. Алда күтіп тұрған

қуаныш та, қауіп те, сынақ та, Қдайдың құзыры да бүгінгіден зор. Болашақта біз көретін әділдік те, еркіндік те, үміт те, жақсылық та бүгінгіден артық.

Біз шынында екі жолдың торабында тұрмыз. Бір жағынан бүгінгі жай-күй, ахуалымыздың, екінші жағынан мүмкіндіктер мен әлеуеттердің қиылысуы. Өмірдің жолдары мен тораптарында жан-жағымыздан жүргізушілері бізді байқамаған көптеген көліктер зулап өтіп жатыр. Біздің қауіпсіздігіміз үшін жан-жағын барлап отыру – олардың міндеті емес, біздің міндетіміз. Айналамызға мұқият қарап, өз қауіпсіздігімізді де, олардың амандығын да қамтамасыз етейік.

Ең соңғысы – ақиқатты айт. Пауыл елші Ишая туралы жазғанда, пайғамбардың алға қарап, шындықты айтқанын атап өткен еді. Ишая пайғамбардың көзі тірісінде, оның сөздері бірауыздан ақиқат деп қабылданған жоқ. Кейбір тарихшылардың айтуынша, ақиқатты айтқаны үшін азапты өлімге кесілген, денесі тірідей арамен кесіліп қақ бөлінген. Ақиқат ұнамды, жағымды, жайлы болмаса да, Ишая сөзінде де, ісінде де шындықтан танған жоқ.

Нағыз сиынушылардың Құдайдың Рухына кенеліп, Әкеге шындап мойынсұнып сиынатын уақыты болады, ол тіпті жетіп те қалды: Әке Өзіне осылай мойынсұнып сиынушыларды қалайды.

Жохан 4:23

Иса біз үшін былай деп сиынған еді:

Оларды шындығың арқылы Өзіңе бағыштап, таза жүргізе гөр. Сенің сөзің — шындық. Мені осы күнәкар дүниеге жібергеніңдей, Мен де бұларды осы дүниеге жіберемін. Сенің шындығың арқылы олардың да Өзіңе бағышталулары үшін Мен Өзімді оларға бола Саған бағыштаймын.

Жохан 17:17-19

Ненің ақиқат, ненің жалған екенін білмесек, Құдайдың Сөзіне жүгінейік. Ақиқаттың өзі болып табылатын Исаға апарар жолымызды жарық қылатын шамшырақ – Құдайдың Сөзі.

Көкке көз тіксе де, жан-жағына қарамаған адамдар тасада

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

тығылумен өмірден өтеді. Көкке ешқашан қарамаған адамдар айналасына көз тастаса, жүрегі шайлығады да, ештеңе істей алмай, қол қусырып, әрекетсіз қалады. Болашаққа қарайтын, бірақ ақиқатты айтпайтын адамдар бар, олар өтірікке батып өмір сүреді. Жан-жағына қарамастан ақиқатты айта берген адамдар бар, олардың айтқан шындығы ешкімге бақыт әкелмейді.

Келесі тарауда бұдан да биік белеске шығамыз. Өзіміз айырылып қалған құдіретке қайта кенелуіміз үшін, жан-жағыма барлап қарағанымда, не көргенімді (бір жағынан, масқара, екінші жағынан ғажап нәрселер) сипаттап жазбақпын. Құдірет көктен төгілмесе де, көрген, білгенімізге бола, құдіретке бөленеміз.

Менің келесі беттерде жазғандарым оқырманыма жұрттан ерекше жұмбақ жан болып көрінбек оймен жазылған жоқ. Әсте де олай емес! Бұл маған Құдайдың берген аяны. Сол бір адам тілі айтып жеткізуге келмейтін аянды сіздермен бөлісуге тырысып көрмекпін.

Адам санасын қараңғылық жайлаған әлемде парасат пен ақиқатты тарату міндет. Назарың неде болса, өзің соның бейнесіне айналасың деген сөз – шындық. Жүрегіміздегі нұр мен санамыздың көзімен көретін жарқын болашағымыздың бейнесі осы дүниенің түнегінен басым болсын. Назарымызды осы дүниенің барып тұрған сорақылығынан Құдайдың дәл осы түнектің ортасында істеп жатқан керемет істеріне аударатын кез келді.

Түнектің ішінде тұрсақ та, нұрды жариялауға тиіспіз.

Рухани көзіміз ашық болса, Құдайымыздың ұлылығы мен салтанатын терең ұғынатын боламыз. Жаратқан Иеміз, бізге көретін көз бергейсің!

Құдайдың нұры жарқырай түскен сайын, пайғамбарлық ояныш күшейе түспек. Құдай бізге көре алатын көз, ести алатын құлақ, Құдайдың Сөзін жариялауға батылдық бермек. Сол ояныш адамдардың жүрегіндегі кедергілерді талқандайды.

Көкке көз тігіп, Құдайдың жүрегіңе сөйлегенін күт. Құдайдың болашақта жасайтын кереметтерін алдын-ала жүрегіңмен сезініп, болашақты терең түсіне білу – Құдайдың жоспарын көре білудегі пайғамбарлық қабілет. Осындай қабілетің болмаса, өмірің түнек ішіндегі адасуға айналады.

Құдайдың хабарын алмаса, халық бетімен кетер,
Ал Оның тәлімін сақтағандар бақытқа кенелер.

Нақыл сөздер 29:18

Иса оғаш мінез танытқан емес, алайда, қайда барса да, Құдайдың кереметтері болып отырған. Неге бұлай? Өйткені, Өздігінен ештеңе істеген жоқ, Әкесінен көргенін ғана істеді. Сонымен қатар, азап шеккен адамзатты да, Құдайдың жауабын да көрді. Иса ақиқатты жариялап, Құдайдың перзенттерінің көзін тұмшалаған, оларды Құдай Әкеден алыстатқан діншілдіктің өтірігі мен түнегін Құдайдың нұрымен сейілткен еді.

“Пайғамбар” сөзіне мағыналас “сәуегей” деген сөз бар. Исада басқалардың назарынан тыс қалған нәрселерді көретін қырағылық бар еді. Оның көзі көптің ішінен жарлыларды, мұқтаждарды, дәрменсіз бейшараларды шалып қалатын. Адам арасынан аластатылғандарды да байқап, оларға да қол ұшын созатын. Иса топырлаған тобырды емес, әрбір адамды жеке-дара көретін еді. Ол адамға жай ғана көптің бірі деп емес, жүрегі мен сана-сезімі бар тұлға деп қарайтын. Иса түнектің арасынан жарық сәулені ажырата білетін де, өңін айналдырып, өзін нұр ғып көрсетіп жүрген түнекті әшкерелейтін. Иса әлемге келген нұр болатын, енді сол нұрды алып жүруші шамшырақ сен болуың керек.

Осылай қазіргі азғын да алдамшы ұрпақтың арасында еш кінәсіз таза, Құдайдың мінсіз рухани балалары болыңдар: қараңғы дүниеде жарық жұлдыздай жарқырап

Філіпіліктерге 2:15

Міне, біздің қараңғыдағы аңшылығымызды суреттейтін аяттар осы. Құдайдың нұры біздің өмірімізден түнек басқан әлемге таралады. Адасқандар мен мұқтаждарға өзіміздің өзгерген өмірімізді көруге мүмкіндік береміз. Біз түнектен тығылмаймыз, қайта түнекті нұрымызбен сейілтеміз. Біз барған жерде түнек сейіледі. Нұрдың жарық сәулелері қараңғылық басқан жерлерге жеткен сайын, түнекте жасалған сұмдықтардың ізін көреміз. Түнек ішінде тығылып, азаттықты аңсап жатқан қаншама адам бар.

Аңшылыққа шығып, тұтқындағыларды бұғаудан босатайық.

ҚАРАҢҒЫДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ

Жақында ғана “қараңғыда аң аулауға” мүмкіндігім болды. Үндістандағы ірі қалалардың шетінде орналасқан, лас та кедей, құмырсқаның илеуіндей құжынап жатқан ұсқынсыз аудандарында, тар көшелерінде көргендерім – адам айтқысыз.

Life Outreach миссиясының қызметкерлерімен бірге Мумбаи қаласына бардым. Аталмыш миссия әйелдер мен балаларды сексуалдық құлдықтан құтқарып жүрген жергілікті ұйымдармен бірлесе отырып, игі іске үлесін қосады.

Үндістер – тамаша халық, олар сыпайы да, қонақжай да бола алады. Алайда, әлгі тар лашықтардан құралған лас көшелер кімнің болса да, жанын түршіктіреді. *Slumdog Millionaire* (орысша атауы “Миллионер из трущоб”) фильмінде көрсетілген жексұрын ластық – нағыз ластық емес екен. Менің көргенім – төбе шашыңды тік тұрғызар сұмдықтар. Адамның нәжісі мен жануардың қиына, қоқысқа толы көшелер, қоқыстың арасында шауып жүрген кіші-гірім мысықтың үлкендігіндей егеуқұйрықтар.

Мумбаи шаһарының кедей ауданына кондиционері бар көлікпен ама-есен жеттім. Көліктің есігін ашып, жер басуым мұң еді, басқа бір, бөтен әлемнен бір-ақ шықтым. Бұл әлемнің бөтендігі оның экзотикасында немесе мәдениетінің өзгешелігінде емес, мәдениеттен де, адамгершіліктен да жұрдайлығында.

Ауа райы жаңбырлы болатын. Ылғал мен ыстық қосылып, тынысыңды тарылтар қапырыққа айналды. Айналаны жүрек айнытқан жексұрын иіс алып кеткен. Нәжіс пен зәрдің иісіне бүлінген тамақтың, шіріктің, сасық лашықтардың, адам терінің мүмкіген иістері араласып, есіңнен тандырады. Ауаның өзі ауыр, айналаны әлдебір зұлым күш құрсап тұрғандай.

Көргенімнен екі нәрсені байқадым. Біріншісі – Құдайға ұқсас етіп жаралған адамдар, екіншісі – сол адамдарды тұтқындаған жексұрын рух. Осы рухтың әсері мына сіңірі шыққан кедейшіліктің ішінде айқын көрініп тұр, мұнда оның ықпалын жасыру мүмкін емес. Жоқшылық, азғындық, қараңғылық, жемқорлық билеп тұрған әлем. Шайтанның рухы адамдардың еңсесін басып, әбден жаншып тастаған.

Көзге көп түспейік деп біз де үнділерше киіндік. Алайда, бұл айламыз іске аспады, қайда барсақ та, жұрттың көзі бізде болды.

Жергілікті қызметкерлер мен миссионерлер бізді өздері ұйымдастырған клиникаға алып келді. Бұл емханаға жергілікті тұрғындар сеніммен қарап, адамдарға шынайы қызмет ететін орын ретінде біледі екен. Жұпыны ғана күту бөлмесіне кірдім. Бірнеше адам дәрігерге кезек күтіп отыр. Бізді бұрын жезөкшелер үйінің иесі болған, қазіргі таңда Құдайға қызмет етіп жүрген әйелдерден құралған команда күтіп алды. Бүйіргі бөлмеге кірдік. Жанымда тұрған қызметкер менің міндетім – жезөкше әйелдерге бата беру екенін айтты.

Қолдорбамда жатқан дәптеріме жазылған уағызымның мұнда қажеті болмайтынын осы тұста анық түсіндім. Өзімді аздап қолайсыз сезіндім, бұл жерде керегі – жазушы Лиза да, уағыздаушы Лиза да емес. Біздің іс-әрекетіміз жасырын болатын, сондықтан Киелі Кітабымды қолдана алмаймын. Аудармашымның ағылшыншасы өте нашар, мен болсам, үнді тілінен тіпті бейхабармын. Адамдармен тек Киелі Рұхтың көмегімен тіл табыса аламын.

Болатын кездесулерді жазып алу үшін киімімнің ішкі жағына шағын микрофон бекітілген болатын. Микрофонның сымы белімді орай орналасқан, жазып алу құрылғысы шалбарыма бекітілген еді. Басқа әйелдің мойнына таққан қара орамалы бар, орамалдың қатпарының арасына шағын камерамызды жасырдық. Қол ұстасып мінәжат еттік те, мұңкіген көшеге шықтық.

Өзіме біреудің көз алмай қарап тұрғанын сездім. Сезуімше, тесілген көзқараста қастық жоқ. Басымды көтердім, көшенің арғы бетіндегі үйдің екінші қабатындағы терезеден қарап тұрған сүйкімді қызды көзім шалды. Жасы он бестер шамасында. Жас жүзінде – азап пен дәрменсіздік нышаны. Қыздың бет әлпетіндегі қиналысты көргенімде ғана оның жезөкшелер үйінде, темір тордың қамауында екенін түсіндім.

НЕ ІСТЕУМ КЕРЕК?

Жүзімді жылытып, күлімсіреуіме болмайды. Бас изеуге тағы болмайды. Мұны жазғыру немесе өзіне деген жиреніш сезімінің көрінісі деп түсінуі мүмкін. Көзінен көзімді алмай қарадым, ақыры ол көзін тайдырып алып кетті. Төменірек қарап едім,

баспалдақта бір топ ер адам отыр екен, түрлері суық. Маған “Сен кімсің? Кет! Аулақ жүр! Саған мұнда орын жоқ!” дегендей алара қарайды.

Онысы рас. Құдайға ұқсас етіп жаратылған пенденің жүретін жері емес. Адам баласы бұл жерден қайтсе де құтылып шығуы керек.

Жанымдағы әйелдердің бірі көңіл-күйімді аңғарып, белімнен құшақтады. “Жүр! Жолдан өткізіп жіберейін!” Жол сызықтарына назар аудармастан, ешбір ережені ескерместен, лас жолдарда ерсілі-қарсылы құжынаған адам, көлік, велосипедтердің арасымен жүріп отырып, көшенің арғы бетіне жеттік.

Мумбаи қаласының осынау лас түкпірінде өткізген бір күнімнің ішінде мұндағы жол жүру ережесі біреу-ақ екенін ұқтым. Ол – жолды кесіп өтуге бел будың ба, тоқтамай жүре бер деген ереже. Қанша велосипед, қанша автокөлік, қанша мотоцикл төніп келе жатса да, тоқтамай жүре беруің керек. Бірде жол ортасында кідіріп қалып едім, екі жағымнан екі жергілікті әйел тұра қалды да, бастарын шайқап, мені алға қарай итерді. “Тоқтама! Біз сені қорғаймыз” деді. Шынында да, олар мені қорғап тұрды.

Біз барған жезөкшелер үйлерінің бірінде ұзындығы екі жарым, ені бір жарым метрден аспайтын ауыз бөлме бар екен. Сол бөлмеде клиенттер кезек күтіп отырады, әйелдердің тамақ пісіретін, дем алатын, балаларына қарайтын бөлмесі де – сол. Бөлменің іші қара көлеңке. Терезеден сырттағы күйкі тіршілік көрінеді. Сол бір қараңғы, тар қуысқа Құдайдың сүйіспеншілігі жайлы естімек болып бірталай әйел жиналды.

Кірген бетте ар жақтағы тағы бір есікті көзім шалды. Есікті жартылай жапқан шымылдық бар екен. Арғы жағы – тар дәліз, дәліздің екі жағы – дәретханадағыдай қатар-қатар орналасқан шағын бөлмелер. Әйелдердің “жұмыс орны” да, ұйықтайтын жерлері де сол бөлмелер екен. Кейбір бөлмелердің есігі жабық, демек ондағы әйелдер не ұйықтап жатыр, не клиентке қызмет етуде.

Алдымда отырған әйелдерге қарадым. Еденде, қабырғаны жағалай қойылған сәкілерде бос орын жоқ. Әйелдер жүздерін жасырғысы келгендей, біріне-бірі тығыла түседі, беттерін көлегейлейді. Бізге үрке қарайды.

Аудармашы үндіше сәлемдесті. Әйелдер зер сала тыңдап отыр. Үнділерге тән мәнерде бастарын изеп қояды.

Жат сөздердің арасынан өз атымды естіп қалдым. Тыңдаушылар маған бұрылды. Бағушыға қарадым. Не істерімді білмей тұрмын. Бағушы бұрынғы нұсқауын қайталады: “Бата бер...Бұл әйелдер сені осы жерде отырып, екі сағат күтті ғой!”

Мен өзімді таныстырдым, кім екенімді, қайдан келгенімді айттым. Төрт ұлым бар екенін, жақында немерелі болатынымды айттым. Өз сөзім өзіме бос, мағынасыз көрінді. Мынадай жағдайда менің әңгімем оғаш естілді. Мына тар қапаста отырғандарға менің әңгімемнен келіп-кетер не бар? Менің әңгімем мен олардың күйкі тіршілігінің арасы жер мен көктей. Америкадан келген менің санамдағы “қалыпты” нәрселер тыңдармандарым үшін жай ғана ертегі. Дегенмен, олар “айта бер, тыңдап отырмыз” дегендей бастарын изеп, сыпайылық танытты.

Өздерінің жалғыз емес екенін айту үшін алыс сапар шегіп келгенімізді айттым. Әлемнің әр жеріндегі әйелдер сендерді ойларынан шығармайды, сендерге жандары ашып, сендер үшін көз жасын төгеді дедім.

Не дейсің? Жалғыз емеспіз дейсің бе? Біздің дәрменсіз күйіміз туралы хабар осы төңіректен басқа да жерлерге жеткені ме? Алыстағы біреулер бізге жаны ашып, көз жасын төгеді дедің бе? Көптеген сенуші әйелдердің Үндістанның қыздары үшін Құдайға сиынып жүргенін айттым. Үнсіз отырса да, көздеріне мөлтілдеп жас келді. Жүздері жыли бастады.

Бірлік пен адамдардың арасындағы қарым-қатынастың құдіретін жете түсінбейміз-ау, сірә. Біз жалғыз емеспіз. Тауқыметімізді де, үмітімізді де бізбен бірге бөлісуге дайын тұрған Иса Құтқарушымыз бар. Иса қашанда бізбен бірге болатынын айтып, уәде берген.

Менің де өткенімде өзім өкінетін нәрселердің болғанын жасырмадым. Алдымда отырған әйелдер пәктігі мен қадір-қасиетінен зорлықпен айырылса, мен жас күнімде ол құндылықтарды елеп-ескермедім. Имансыздық жолына түссем де, кейін Құдайға келдім. Құдайдың сүйіспеншілігі жанымды, тәнімді, жүрегімді, өмірімді тазартты, әрі қарай құлдырауыма жол бермеді. Сөзімді зейін салып тыңдап отыр.

Сөйлеп тұрып, Киелі Рухтың айтқанын қалт жібермей тыңдап тұрмын. Ол әйелдердің әрқайысын көз алдыма айқын көрсетеді. Құдай оларға кескінсіз көпшілік деп емес, Өзінің қыздары,

әрқайсысы жеке-дара тұлға деп қарайды. Жақындап барып, қолымды әр әйелдің бетіне тигіздім, “Сенің өміріңе деген Құдайдың жоспары бар” деп әрқайсысына айттым. Құдай сөздерімді Өзінің құдіретімен дәл жүректеріне салады деп сендім.

Өздерін қараңғы қапаста да іздеп тауып, сүйіспеншілігін танытқан Жаратушы туралы хабар жүректерін елжіретті. Жаншылып, құлдықта болудың не екенін білетін адам болса, осы әйелдер біледі. Мына сұмдық жағдайға өз еркімен емес, өзгенің қастығымен душар болды. Кейбіреуін мал ұрлағандай ұрлап әкеткен, енді біреулері сексуалдық құлдыққа алданып барып түскен. Бұларды кезінде тұтқынға түсірген үміт еді. Менің де ұсынып тұрғаным – үміт.

Әрқайсысы әлдебір жақсылыққа қол жеткізуден үміттенген еді. Білім алу, жақсы жұмыс, махаббатын табу. Кейбірінде туған ауылындағы сіңірі шыққан жоқшылықтан шығамын деген үміт болды. Бір кездері сенім артқан адамдары сатқындық жасады. Оларды құлдыққа сатып жіберген – ағалары, нағашылары, әпкелері, тәтелері, басқа туыстары, достары. Мен оларды Құдайдың Ұлы Исаға сеніп, тағы бір рет үміттеніп көруге шақырдым. Исаның айнымас адалдығын сөз еттім.

Басқа да көптеген сөздер айтылды, бәрі түгел есімде қалмапты. Сол күнгі айтқанымды сөзбе-сөз келтіріп жазсам, батыс елдеріндегі оқырмандарыма балаға айтылғандай тым қарапайым жұбаныш сөздері болып көрінуі мүмкін. Алайда, сол сәтте оларға керегі, Құдайдың айтпағы – осы екенін анық сездім.

Осынау мүлде бейресми кездесуіміз өткен тар бөлмеге Құдайдың құзыры келді. Әйелдер өздеріне жаңа үміт ұсынған Тірі Құдайға жүректерін ашқанда, арамызда әлдебір рухани байланыс пайда болды.

Тыңдаушыларымның көңіл-күйіндегі өзгерісті әрі өзімнің де айтар сөзім таусылғанын байқадым да, бағушыға бұрылып қарадым. Ол кісі дұға етті, біздің команда мүшелерінің әрқайсысы әйелдерді құшақтап, жеке-жеке мінәжат етіп жатыр. Біз сиынып жатқанда, қоршап тұрған қабырғалар жоқ болып кеткендей болды. Дәліздегі шағын бөлмелердің бірінен шыққан клиентті көзім шалды, ол шалбарын түймелеп баражатып, артына бұрылып, жирене қарайды. Біздің келуіміз оған оғаш көрінсе керек.

ТАБАНДЫ ӘРІ БАТЫЛ

Киелі Кітаптағы мына сөзге назар аударыңыз:

Ал көрсеткен жәбірлерін Сен байқап келесің,
Зорлықтарын бақылап, жазаларын бересің.
Кедей Саған сенеді, жетімге де тірексің.
Сол сұрқия зұлымдардың қолдарын сындыршы,
Сұмдық істерін тексеріп, із-түзсіз жоқ қылшы!
Жаратқан Ие мәңгі бақи Патша болады,
Бойсұнбайтын ұлттар Оның елінен жоғалады.
Назар аударасың күшсіздердің аңсауына,
Уа, Ием, құлақ салып, жігер бересің оларға,
Жетім мен қиналған жанның мүддесін қорғауға,
Сұм пенденің оларды қайтып қорқытпауына!

Забур жыры 9:35-39

Естіп тұрсыз ба? Бұл аяттарда қараңғыдағы аңшылықтың табысты болуына қажеттің бәрі бар: сенім, әділдік, жеңіс, шипа, үміт, қалпына келтіру, жігер беру, жетімдіктің зардабынан құтылу, қайта табысу, жаңа бастама! Осы аяттарды қайталап оқып, өзіміздің мінәжатымызға айналдырайық. Құдайдың Сөзіне жүрегімізбен сеніп, оны аузымызбен айтып жүрсек, ол міндетті түрде орындалады.

Бұл мінәжат – төтенше шаралар мінәжаты, мафия стиліндегі адуын мінәжат. Шынымды айтсам, қауіпсіз, сүйкімді, мәймөңкелеген мінәжаттардан мезі болдым. Ал “сұрқия зұлымдардың қолдарын сындыршы, сұмдық істерін тексеріп, із-түзсіз жоқ қылшы!” деген мінәжат – жауға шын қауіп төндіретін мінәжат. Зұлымдарды жазалауды, әлсіздерді қорғауды талап етіп, дабыл қаққандай, күшті мінәжат. Дұғаңыз осындай болса, күбірлеп қана сиыну мүмкін емес. 9-шы Забур жыры – Құдайдың уәдесі, оны жақында Оңтүстік-Шығыс Азияға барғанымда, рухани семсер етіп алып барғам. Әділетсіздікті көрген сайын, осы семсерімді суырып алатынмын.

Құдайға сиынғаныңда, қадала сиын, мінәжатта табанды бол, дұғаң сұрапыл, жауыңа жойқын болсын. Зұлымдықтың жеңіліп, әділдіктің орнауы үшін сиын. Бұл – Құдайдың қалауы. Дұға еткенде, көзіңді жұм да, зұлымдық құрбандарын көз

Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді

алдыңа елестет. Дұғада өжет бол, қайсарлықпен мінәжат ет. Аузыңнан шыққан мінәжаттан өзің қорықсаң да, мінәжатың Көкке жеткенше, сиынуды тоқтатпа.

Енжар қауымның шырағы сөнеді. Ғаламның мәңгі Билеушісі келіп, болып жатқан сұмдықты тыйғанша, қараңғыда аңшылықпен айналысуды тоқтатпауымыз керек. Қауымды тірі, отты күйінде сақтаудың бірден-бір жолы – осы. Жеке дара да, бәріміз бірге де залымдардың құрбандарын іздеп тауып, түнектен алып шығуға атсалысуға тиіспіз.

Қараңғы қапасқа қамалған, үміті үзілген бейшараларды табу үшін Үндістанға баруың міндетті емес. Шайтанның құлына айналған әйелдер, еркектер, балалар барлық жерде бар. Олар біздің жайлы панамыздан шығып, әрекет ете бастағанымызды күтуде. Соларға азаттықтың есігін ашайық. Басқаларды Құдай Патшалығына жетелей алатын қабілетіміз болу үшін, өз өміріміздегі түнек атаулыдан бас тартуға тиіспіз.

Жүрегіміз нұрға толса, адасқандарды түнектен алып шыға аламыз. Діни доктриналарымыз жайында сөз таластырудың қажеті жоқ, қайсымыздың қауымымыз беделді, ғимаратымыз сәнді деген бақталастықты да доғарайық. Өзімізді басқалармен салыстырып, бәсекелестікпен айналысудың орнына, Құдайға шындап қызмет етейік.

Оян! Жетімдер жанұядағы қамқорлыққа зар болып отыр. Жалғыздықтың зардабын тартып жүрген мыңдаған адамдар үміттерін үзбей, мінәжат етіп, көмек күтіп жүр.

Үндістандағы адам саудасының құрбанына айналғандардың қасіреті және оларды құтқару жолдары туралы жазғанымда, “қараңғыдағы аңшылық” идеясының халықарылық деңгейде жүзеге қалай асатынын көрсеттім. Ол жайлы білгенің көкжиегіңнің кеңеюіне септігін тигізеді деп сенемін. Бірақ, басқалардың соншалықты сорақы жағдайда жүргенін білгеніңде, өзіңнің немесе жақындарыңның көріп жатқан қиындығы түк те емес деген ойға қалма. Құдай қиналғандармен бірге. Құлдыққа түскендер, сенген адамдарының сатқындығынан зардап шеккендер, жәбір көргендер, жалғыз қалып зар еңірегендер, зорлық-зомбылықтан жапа шеккендер, дәрменсіздіктен әбден түңілгендер барлық елде бар. Барлық адамның мұқтаждықтары бірдей, алайда, мүмкіндіктері бірдей емес.

Бәріміздің табысты өмір сүргіміз келеді. Құдайдың адал қызметкерлері бола отырып, табысқа жетудегі ниетіміздің түзу болғанын қадағалайық. Сен басқаларға жарылқау болу үшін жарылқандың. Сен арқылы келе алатын жарылқауға көптеген адамдар мұқтаж болып отыр. Барыңды біреумен бөлісу үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Жан-жағыңа назар салып қарасаң, көмекке зәру адамдарды көресің. Құрбыңның үйінде отбасылық зорлық-зомбылық орын алуы мүмкін. Қауымда жексенбі сайын өзің көріп жүрген адамдар жалғыздықтан қиналып жүруі мүмкін. Тіпті, өзіңнің балаң мектептегі досының сатқындығына жаны қиналып жүруі де ықтимал.

Басқаларға қол ұшын созғанымызда-ақ өзіміз шипа алуымыз мүмкін. Ондайды талай көргенмін. Иса Мәсіх адамның қадір-қасиетін қалпына келтіреді, әлемнің әр түкпіріндегі адамдардың жаны шипаға зәру. Сол адамдардың мекені қайда және қандай болса да – жұпыны лашық па, зәулім сарай ма – нұр мен түнектің арасындағы шекара қашанда белгілі. Өмір бар да, өлім бар. Өсіп-өніп, өркендеу бар да, құрап, семіп, солу бар. Үміт бар да, түңілу бар. Зұлымдық бар да, ізгілік бар. Бәрі айқын, бәрі түсінікті. Өмір мен өлім арасындағы арпалыста ұтылыстың құны тым қымбат.


Ұрғашы арыстандардың өмірі жарықта, аңшылығы қараңғыда өтеді. Сондықтан, менің сүйікті де өжет сіңлілерім, арыстандардан үлгі-өнеге алайық. Құдай саған тамаша уәделерін берген. Осы кітапты оқып отырғаныңның себебі де – сол. Өміріңнің есігін айқара аштың. Енді Құдайдың салтанатты нұрында өмір сүруді үйрен. Ынтымақта, тыныштықта, бірлікте өмір сүруді де дағдыға айналдырайық. Күнделікті күйбең тіршіліктің таусылмас қам-қарекетінен шыға алмай, басқа сенушілерден ажырап, оқшау қалып қойма.

Рухани көзімізді ашып, қараңғыда көру қабілетіне ие болайық. Яғни, көзге көрінбейтінді, тереңдегіні, жүрек түбіндегіні көре білейік. Бізге көрегендік пен қырағылық керек. Түнек тұтқындарын құтқарып, оларды Құдайдың нұрына алып шығайық. Ана-арыстандар сияқты, адуын мінез бен кішіпейілділіктің, сабыр мен арынның арасындағы тепе-теңдікті сақтай білейік. Құдайдың құшағында жұбаныш пен тыныштық табыңыз, біріңізге-біріңіз қамқор болыңыз, түнекті аяусыз күйретіңіз.

Арыстанмен серуен

... Жылама, қара: Дәуіт патшаның әулетінен,
Яһуда руынан шыққан «Арыстан» жеңіске
жетті!

АЯН 5:5



Басымызға қиындық түскенде, өзімізді жалғыз сезінеміз. Ал шын мәнінде, сені алдыңда келе жатқан, көзге көрінбейтін құдіретті күш жетелейді. Осы тарауды оқып отырып, өмір жолында өзің білмесең де, айбынды Арыстанымыз Иса Мәсіхтің жетелеуінде болғаныңды түсінесің.

Кейде басқа біреуге еруден қорқамыз. Қиындық Құдайдың не тапсырғанын түсінуде емес, тапсырманы қалай орындайтынымызды білмеуімізде. Құдаймен бірге жүргіміз келеді, алайда, іс жүзінде не істеу керек екенін біле бермейміз.

Исаның бізге берген, бір қарағанда, қарапайым ғана нұсқау болып көрінетін бір тапсырмасы бар. Матай жазған Ізгі хабардың 16-шы тарауындағы 24-ші аятты оқып көрейік:

Бұдан кейін Иса шәкірттеріне мынаны айтты:

— Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін!

Енді осы аятты Киелі Кітаптың *Message деп аталатын*

аудармасынан оқып көрейік.

Менімен бірге жүруге бел буған әркім Менің өзін жетелеуіме келісуі тиіс. Жетелеуші – сен емес, Мен. Қиындықтан қашпа; жол қиындықсыз болмайды. Маған ер, Мен саған бұл жолды қалай жүріп өте алатыныңды көрсетемін.

Message аудармасы

Құдайдың өсиеті анық: Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып, Менің жолыммен жүрсін, – дейді Иса.

Бұл өсиетті іс жүзінде қалай орындауымыз керек, мәселе сонда.

Өз еркіміз бойынша өмір сүруді қою дегеніміз не?

Айқышымызды қалай арқалаймыз?

Көзге көрінбейтін Жолбасшыға қалай ереміз?

Бұл сұрақтардың жауабы біреу-ақ: Иса бізді жетелейді... біз Оған ереміз.

СЕНІММЕН ЖҮРУ

Конференцияларда уағыздан басқа, сұрақ-жауап түріндегі сұхбаттарға қытысып тұрамын. Бір сұраққа жауап берсем, сол сұрақтан келесі сұрақ туындайды. «Қалай?» деген сұрақ.

Өзіме сөйлеп тұрған – Құдай екеніне қалай көз жеткізе аламын?

Әкемді қайтіп кешіре аламын?

Сіз анорексиядан қалай арылдыңыз?

Жігіттің болашақ жарым екенін қалай біле аламын?

Ұят, айып, қорқыныш сезімдерінен қалай арылдыңыз?

Осындай қиындықтар өз өмірімде болғанда, Құдайдың Сөзі ақиқат екеніне сеніп, жетегіне ере бердім. Иса – адамға айналған Құдайдың Сөзі. Киелі Кітапты оқығанымызда, Исаның өмір жолын және бізді қайда бастайтынын көреміз. Исаның соңынан еріп, талай ауыртпалықтарды жеңген адамдардың көбісі әуелде мұндай ерлік қолымнан келмейді деп ойлаған еді. Алайда, бар

батылдығын жинап, Исаға сеніммен ерді.

Олар Құдайға сенгендіктен патшаларды жеңіп шығып,
әділдік орнатып, уәде етілгенге ие болды.

Еврейлерге 11:33

Сенімге сүйеніп, әрекет етуге дайын жандар табылғандықтан, талай жемқор биліктен кетті, зұлымдық сазайын тартты, Құдайдың уәделері жүзеге асты. Құдайдың жоспары мен бізге берілген уәделері орындалу үшін сеніміміз болғаны шарт. Арыстанға еру үшін сенім керек.

Сенім күмәнды жеңеді. Құдайға кейде «Осындасың ба? Сенің құзырыңды сезіне алмай жүрмін» дейміз. Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын» деп жауап береді (Еврейлерге арналған хат 13:5 қараңыз).

Мінәжат етіп, Құдайдан келер жауапты күтіп жүргенімізде, сенім бізге төзім мен сабыр береді. Сеніммен сиынғанымызға бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ. Егер күнә жасаған болсақ, кешірілмек (Жақыптың хаты 5:15 қараңыз).

Сенім қадамы дегеніміз не?

Сенімдегі бабамыз Ыбырайым үшін бұл – соңында қайда барып тоқтайтынын білмесе де, Құдайға иен далада ере беру. Ыбырайым мен Сараның өмірі жайлы жазбаларды оқығанымда байқағаным, Құдай оларға тек көзімен көрген жерді ғана емес, басып өткен жерді де беруді уәде еткен болатын.

Ыбырайым пайғамбар да Құдай өзін шақырып алып, кейін тұрақты меншігіне беруге уәде еткен елге барып тұруға бұйырғанда, Оған сеніп, мойынсұнды. Ыбырайым қайда бара жатқанын білмесе де, жолға шықты

Еврейлерге 11:8

Ыбырайым мен Сара туып өскен жерінде, үйреншікті мекенінде қала берсе, Құдайдың уәделеріне қол жеткізбес еді.

Сеніммен жүру қандай қиын! Қолымызда анық та түсінікті жол картасы болғанын қалаймыз. Оның орнына Құдай бізді жұмбақ соқпақтармен жетелейді.

Осынау сенімге негізделген саяхат батылдығымызды шыңдайды. Алдымызда – кедергіге де, қызыққа да толы жүрілмеген жол. Арыстан бізді әуелі Өзі жүріп өтпеген, белгісіз жолдарға жетелемейді. Соған кәміл сенеміз. Құдай бізді бұрын істемеген істерге, жаңа жерлерге шақырғанда, қобалжымыз. Кейде Құдайымыз бізді адам аяғы баспаған қауіпті жерлерге жетелейді. Сондай сәттерде бізде бары – Құдайдың “Қызым, қорқып тұрсаң да, Маған ересің бе?” деген шақыруы мен өзіміздің Құдайдың еркін орындауға деген ықыласымыз.

Жақында бір құрбым телефон шалды. Оған қызық ұсыныс түсіпті. Ол өте ықпалды адамдар жиналатын конференцияға шақыру алыпты. Бұл ұсыныс бір жағынан өте тиімді, берер мүмкіндіктері зор болса, екінші жағынан тосын, күтпеген нәрсесі. Өйткені, шақырылған спикерлердің дені – ер адамдар. Араларындағы жалғыз әйел – менің құрбым болмақ. Құрбымның күйеуіне мұндай шақыру оғаш көрініпті, әйелінің кездесуге қатыспақ ойын қолдамайды екен.

Сол күні құрбым конференцияның бағдарламасын алыпты, өзінің сол конференцияда сөз сөйлейтін жалғыз әйел екенін біліп, қобалжып отырған көрінеді. Не істерін білмей, ақыл сұрамақ болып, хабарласып отыр екен.

Ойланбастан, “Өмір бойы осы сәтке дайындалдың. Бұл іс қолыңнан келеді. Және келгенде қандай! Өз міндетіңді Құдайға да, адамға да ұнамды өзіндік мәнеріңде, байсалды қалыпта, өзіңе ғана тән даналықпен орындап шығасың” дедім. Бұл сөздердің аузымнан қалай шыққанын өзім де білмей қалдым.

Құрбымның қобалжуы басылды. Менімен келісіп, басын изегенін көргендей болдым. Ол бұл сынақта жалғыз болмайды, соған сенімді едім. Оның артында Арыстан тұр. Құрбым бұл жолды Арыстанмен бірге жүріп өтпек. Толқыса да, қобалжыса да, қорықса да, жалғыз емес екенін біледі.

Исаға ерген әркім Арыстанмен бірге жүреді. Иса Тоқты болып құрбандыққа шалынғанымен, Арыстан болып қайта тірілді.

...Дәуіт патшаның әулетінен, Яһуда руынан шыққан «Арыстан» жеңіске жетті!

Аян 5:5

АЛАҢДАМА!

Өміріңе аздап қобалжу мен қорқыныш әкелмек ойым бар. Ол үшін арыстанмен бірге серуендеп жүргеніңді көз алдыңа келтірші. Кім біледі? Мүмкін, Құдай саған шынымен де әлдебір қауіпті тапсырма беретін шығар.

Фалилея көлінің жағасында серуендеп жүріп, тау етегінде жиналған жұртқа тәлім беріп жүрген Исаны бейнелейтін суретті көрген шығарсың. Меніңше, сол сурет Исаның қазіргі уақытта кім екенін толық көрсете алмайды. Құдайдың Ұлы жер бетіне адам кейпінде келді. Жерге келерде, Құдайлық мәртебесінен, ұлы салтанатынан уақытша бас тартқан болатын. Алайда, бүгін Ол адам кейпінде жер бетінде жүрген жоқ. Иса көктегі ғажап салтанаттың ішінде, Аспан Патшалығындағы Өзіне лайық тағында отыр. Бүгінгі Иса – айбын мен ұлылықтың салтанатты көрінісі!

Көзіңді көкке көтеріп, Исаның Яһуда руынан шыққан, нұр шашқан құдіретті Арыстан екенін көр. Ережелер мен міндеттердің жүгін арқалап жүргеніңді емес, Өзіне қарап таңырқап, тамсанып жүргеніңді қалайды. Исаның дауысы жүрегіңде арындаған тағы күшті оятсын, соған жол бер! Құдайдың жас пайғамбар Еремияға берген уәделері Көктегі Әкенің өжет қызы – саған да берілген. Еремия пайғамбар арқылы сөйлегендей, Құдай сен арқылы да сөйлемек.

— Мен сені шешеңнің құрсағында жаратпастан бұрын-ақ білген болатынмын. Анаңның құрсағынан шықпай тұрып-ақ сені өз қызметіме бағыштап, халықтарға пайғамбар болуға тағайындап белгіледім. — Сонда мен: — Уа, Жаратушы Тәңір Ие! Мен әлі тым жаспын, жұрт алдында сөйлей алмаймын ғой, — дедім. Бірақ Жаратқан Ие маған былай деді: — Әлі тым жаспын деме! Мен сені кімге жіберсем, солардың бәріне барып, не айт десем соның бәрін айтатын боласың! Адамдардан қорықпа. Мен саған жар болып, өзіңді аман сақтаймын. Мен, Жаратқан Ие, осыны уәде етемін.

Еремия 1:5-8

Құдай саған да жар болады, сені де аман сақтайды. Осы уәдеге

Еремия қалай сенсе, сен де солай сен. Сонда Құдайдың аманатын орындап, жемісті боласың. Жұрт не айтады деген ұяңдықтан да, басқалар не істейді деген қорқыныштан да құтыласың.

Өмірлік жолыңда саған түрлі күштер ықпал етпек, түрлі дауыстар назарыңды өзіне аудармақ. Біреулері сені қолдап, қоштаса, енді біреулері алдыға тосқауыл қойып, жолдан тайдыруды көздейді. Кейбір дауыстар сені беймәлім жерлерге шақырса, басқалары қақпайлайды. Өткен шағыңнан келетін дауыстар бар – отбасыңның дауысы, үрейдің немесе дәрменсіздіктің дауысы. Олар бірде айғайлап, бірде сыбырлап: “Таста! Кері қайт. Бір жеріңді жарақаттап аласың ғой. Сәтсіздікке ұшырасаң ше, онда қайтпексің?” дейді. Бұл дауыстар сақ болуға, сақтануға шақырады.

Осынау кертартпа дауыстардың арасынан батыл болуға, жаңа өмірге шақыратын күшті дауыстар естіледі. Олар қашанда бар. Бірақ оларды естігің келмесе, естімейсің. Бізге дейін өмір сүрген, сенімдерін айқын паш еткен қалың көпшілік бізді жарыстағы жанкүйерлердей қоршап тұр. Олар Киелі Жазбаның беттерінен саған «Үрейдің үніне құлақ аспа! Дұшпанның өтірігін тыңдама, ол жеңілген. Жан-жағыңа алаңдама! Сен керексің! Сенің қосар үлесің бізге қажет. Жолдан тайма, міндетіңді атқарып шық! Бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнадан арылып, алдыңдағы «жарысты» қажырлылықпен аяқта!» дейді.

Есіңде болсын, арыстан бар жерде басқа аңдар қалтырайды. Қас жауымыз, шайтан, қауымды айнала шарлап, кімді жалмасам деп ақырған арыстандай торуылдап жүргенімен, ол арыстан емес (1 Петір 5:8 қараңыз). Тек Арыстан болып көрінгісі келеді. Нағыз Арыстанмен шайтан салыстыруға да келмейді. Түнектің билеушісі мен оның итаршылары өздерін құдірет иесі етіп көрсетпек, алайда, олар – жай ғана көлеңке, өңін айналдырып, Құдайдың нұры мен даналығын алып пайдаланып жүрген көлеңкелер ғана.

АРЫСТАНМЕН КЕЗДЕСКЕНІҢЕ КӘМІЛ СЕН

Бала кезімде «Нарния хроникаларын» түгелдей оқып шыққан болатынмын. Бұл ауқымды шығарма жеті кітаптан тұрады. Кітаптардың әрқайсысы көмілген қазына тәрізді. Соңғы кітапты оқып болғанымда, көзімнің жасын тыя алмай

жылағаным есімде. Кітаптың біткеніне өкініп жылаған жоқпын, тылсым дүниедегі таңғажайып патшалықпен арадағы байланысым кенет үзіліп кеткендей болғанына жыладым. Асланның Исаны бейнелейтінін түсінетінмін. Дегенмен, сол кездегі өзім білетін Иса мен арқыраған тағы арыстан – тым алшақ жатқан бейнелер еді. Ең тамашасы – кітаптағы кейіпкер-балаларға айбынды арыстан өзіне жақын келіп, жалын сипауға рұқсат беретін, кішкентай Люсиді тіпті арқасына мінгізіп алғаны да бар. Кітапты оқып болғанымша Асланға шын ғашық болып қалдым.

Аслан балалармен бірге серуендейтін. Шіркеуге, сұп-суық “қасиетті” суға, әулиелердің шіркеу қабырғасын жағалай ілінген суреттеріне қайта оралғым келмеді. Иконалардағы әулиелердің басында сәулелі жиек, өздері паң, жат көрінеді. Өлі бейне емес, жылы жүзді тірі арыстанмен қарым-қатынасқа қайта оралғым келді. Тірі, мейірімді, дана Құдаймен кездесуді аңсадым, Оны айқын сезініп, жылуына оранғым келді. Жаным жалынды махаббатты, нағыз адал сүйіспеншілікті аңсайтын. Жүрегімді елжіретер, шынайы әділдікті зарыға күттім.

Жанұарлар мен ағаштарға тіл бітіп, сөйлей алатын әлемде жүрген Люси болсам деп армандадым. Сол әлемде ақиқат пен адалдық жеңіске жетеді, қателерің кеңдікпен кешіріледі.

Құдай біздің баланың сеніміндей пәк сеніммен алдына келуімізді күтеді. Дүниеге екі көзін айқара ашып қараған баладай Көктегі әкеміздің шексіз сүйіспеншілігін қабылдағанымызды қалайды. Алайда, бізді діншілдіктің сансыз ережелері адастырып, тура жолдан тайдырып әкетті. Сөйтіп, балалық шағымыздағы ұлы Арыстаннан бара-бара алыстап кеттік, ақырында өзіміз сенген ғажайып патшалық алыстан мұнартып көрінген елеске айналды.

Осы айтқандарымды есте сақтай отырып, «Нарния хроникаларының» төртінші бөлімі – «Каспиан ханзада» кітабын ашып оқиық. Кітаптың негізгі кейіпкерлері – бір үйдің төрт баласы, Питер, Сьюзен, Эдмунд, Люси. Балалар адасып, жол таппай жүр, өздері жол азабынан әбден қалжыраған. Кенет Люси алыстан өздеріне қарап тұрған Асланды көреді.

– Әне! Қараңдар! Қараңдар! – Люси айғай салды.

– Қайда? Ол не? – деп, басқалары жамырай сұрасып жатыр.

– Арыстан, – деді Люси. – Аслан. Сендер көрген жоқсыңдар ма? – Люсидің жүзі нұрланып, көзі жайнап тұр.

– Шынымен де..? – деп бастады Питер.

– Иә, арыстанды көрген жерің қайсы? Көзіңе елестеген шығар, – деді Сьюзен.

– Үлкен кісілерше сөйлегеніңді қойшы осы, – Люси жер тепсінді. – Елес емес, мен оны көрдім.

– Қайда, Лу? – деп енді Питер сұрады.

– Анау тұрған шетен ағаштарының арасында. Жоқ, сайдың бергі жағында. Төменде емес, жоғарыда. Сендер бармақ жаққа қарама-қарсы жақта. Ол біздің өзіне еріп, сай жағалап, жоғарыға қарай жүргенімізді қалайды.

– Дәл осыны қалайтынын қайдан білдің? – деп сұрады Эдмунд.

– Ол... мен... мен... білем, – деді Люси. – Көзінен білдім.

Қалғандары не айтарын білмей аңырып, біріне-бірі қарап тұр.

Арыстанды кездестіргенің жүзіңнен көрініп тұрады. Арыстанмен кездескен адамға әлдебір құпия ашылады, және ол сол біліміне нық сенімді.

Осы бір кәміл сенімді, жүрер жолын анық білетінін ұлым Эддисонның жүзінен көргенім есімде. Болашақ жары – Джулианна екенін айтқанында солай болған. Киевте өткен әйелдер конференциясынан жаңа ғана оралған едім. Мен сапарда жүрген алты күннің ішінде балам өмірлік махаббатын кездестірген екен. Сол күні мені сүйіктісімен таныстырмақ. Ұлымның жаңалығын тыңдап отырмын. Іздеген жалғызы, көптен күткен сүйіктісі – Джулинна екенін айтады.

Джулиннаның өзіне бұйырған қыз екенін қайдан білетінін сұрағанымда, көзіме тік қарап тұрып “Солай екенін анық білемін” деді. Сол сәттен бастап, мен де білдім. Ұлым осы қыздан өзі

іздеген әлдебір қазынаны тапса керек, оның не екенін өзі де сөзбен түсіндіріп айта алмайды, дегенмен, адам санасынан тыс тылсым күш оны алға жетелейді. Осы жолда ана баласын қолдауы тиіс. Джулианнамен таныспай тұрып-ақ, сол қызды менің ұлыма Құдайдың Өзі дайындап қойғанын сеніммен қабылдадым. Маған толық түсінікті болмаса да, солай.

Біз де Арыстанмен кездесіп қалғанымызда, сол кездесуден туған рухани білімге сеніммен қарауымыз керек. Өзімізге айдан анық нәрсе өзгелердің ақылына қонбаса да, Құдайдан келген аяннан айырылып қалмауымыз керек. Әпкесі мен екі ағасының күмәншілдігіне қарамай, Люси өз көргеніне, өзі шындық деп білетін мәліметке кәміл сенді.

Люси қай бағытты көрсеткенін айтқанда, басқа балалар оған сенбеді. Олар Люсидің Асланды көргеніне күмәнданумен шектелген жоқ; Асланның не себепті Люсиге көрінгенін түсінуге тырысты. Енді балалар Люси мен Люсидің көрдім деген арыстанына ереді ме, әлде өздері таңдаған қысқа жолға түседі ме, соны шешпек. Көпшіліктің сөзі басым түсті. Люси көз жасын тыя алмаған күйі, бұрыс бағытқа түскен бауырларына еріп кете барды.

Люсидің сондағы сезімін біз де түсіне аламыз.

Басқалар көрмеген Арыстанды, яғни, Құдай көрсеткен белгілерді көргеніңде, сұрақтың астында қаласың. Өздері аңғармай қалған нәрселер саған неге ашылғанын білгісі келетіндер көп болады. Менің ұққаным, бұл сұраққа Құдай ғана жауап бере алады. Ол – Жаратушы, не істесе де, Өз еркі. Құдай Өзін түрлі адамдарға түрлі жолдармен ашып көрсетеді. Бұл жағдай Мәсіхтің Денесінде күмәнді емес, бір-бірімізге деген сенімді арттыра түсуге тиіс еді. Әрқайсымызға тапсырылған іс бөлек болғанымен, бәріміз бір үлкен аманатты орындаудамыз. Соны түсініп, бірімізді-біріміз аяқтан шалмай, қайта, қолдау көрсетейік. Айналаңдағы адамдардан түсіністік таппағанда қиналатының рас, одан да қиыны – өзіңді түсінбеген адамдардың жетегіне еріп, бұрынғыдан бетер адасу. Жаныңдағылардың Құдайдың саған берген аянын бағалай білмегені жаныңа шындап батады! Дегенмен, мұндай жағдайда да Құдай Өзінің биік мақсатын көздеп әрекет етеді. Осыны есте сақта. Өзіңді түсінбеген адамдарға деген ашу-ыза жүрегіңе ұялап қалмасын.

Өкпе-реніш пен ашу атаулыны жеңіп, алға қарай жүре бер.

“Каспиан ханзадаға” қайта аралайық. Орманды кезіп адасқан, бір рет, тіпті, өлім аузынан аман қалған балалар, айналсоқтап жүріп, сол орнына қайта келді. Әбден титықтап болдырған олар сол жерде түнейді. Люсидің уайымын Аслан біледі, ол жағдайды түзетпек.

Кеш түскенде, қанша шаршаса да, көз ілмей жатқан Люсиді Аслан шақырады. Люси Асланға қуана жауап береді. Арыстанмен табысып, мән-жайды түгел баяндайды. Люси ағалары мен әпкесінің өзін тыңдамағанын айтып, мұңын шақты. Осы тұста Арыстанның кеудесінен болар-болмас ырыл естіледі. Люси таңырқап, өзінің не бүлдіргенін сұрайды да, артынша:

– Бұлай болғанына мен кінәлі емеспін ғой? – деп сұрайды.

Арыстан Люсидің көзіне қарады.

– О Аслан, – деді Люси... – Басқаларды тастап, сенің соңыңнан жалғыз өзім еріп кете алмадым, олай істеуге болмайды ғой?...

Аслан жауап қатпады.

Арыстан Люсидің көзіне қарады. Құдайдың құзырында біздің бұрмаланған, адами көзқарасымыз түзеліп, айқындалады. Өз басымда сондай жағдай талай рет болған. Құдайдың алдына басқалардың жаласынан зардап шеккен құрбан болып келемін де, барлық нәрсе өз қолымда екенін түсініп шығамын. Солай бола тұра, бір ғажабы, Арыстанның алдына келіп, қатемді түсінгенімде, ұят пен айып сезімін арқаламаймын. Қайта, бағытым түзеліп, көңілім орнына түседі, жігерленіп шығамын.

Осындай ауыр жағдайға бәріміз де анда-санда тап боламыз. Бір жағынан Құдайдан келген ниет, екінші жағынан сол ниетіңнен бас тартқызбақ болған жақындарыңның қысымы. Сенім жолынан тайып кеткелі тұрсың ба, арыңнан аттағалы жүрсің бе, тобырға еріп, ақиқатты жақтайтын жерде үнсіз қалдың ба? Саған түскен қысым қандай болса да, Арыстанның алдына келгеніңде, сылтауың түкке тұрғысыз желеу болып қалады, арыстанға сенің сылтауың әсер етпейді. Ақтала алмайсың. Арыстан жәй ғана үнсіз қалады. Құдай неге үнсіз десең, Оның соңғы кездесу кезінде не айтқанын есіңе түсір

де, соны орындаған-орындамағаныңды тексер. Құдайдың тапсырмасын орындадың ба, бер дегенін бердің бе, айт дегенін айттың ба, бар деген жеріне бардың ба? Олай болмаса, тездет. Құдай әлі де күтуде.

“СЕН АНА–АРЫСТАНСЫҢ...”

Адамдар келіспеді екен деп, Құдай Өз шешімін өзгертпек емес. Құдай өзіміз жақсы көретін «кінәліні тап» деген ойынымызға қатыспайды. Біздің өзара айып тағудан ақиқатқа көшкенімізді күтеді. Өз пікірімізді, ашуымызды, желбіреген туымызды жинап қойып, Ақиқаттың алдында бас игенімізде ғана құдіретке бөленіп, Арыстанмен бірге жаңа алқаптарды игере аламыз.

К. С. Льюис осыны Люси мен Асланның арасында болған әңгіме арқылы тамаша жеткізген. Қыз бала басқаларға бұрылмай, Асланның соңынан ере беруі қажет екенін түсінді. Осы аянмен бірге жаңа жауапкершілік те келді. Аслан Люсиге тағы бір мүмкіндік берді. Енді Люси бауырларын оятып, Арыстанды тағы да көргенін, оған еру керектігін айтуға тиіс.

– Олар маған сенбейді! – деді Люси.

– Бұл маңызды емес, – деп жауап берді Аслан.

– Қалайша? – деді Люси. – Мен сені қайта тапқанымға қуанып қалсам... Өткен жолғыдай келіп, ақырған даусыңмен жауларды тырқыратып қашырып жібереді деп ойлап едім сені. Ал енді жағдайымыз қиын болатын болды!

– Рас, жағдайың мәз емес, балақай, – деді Аслан. – Алайда, ешқашан да ешнәрсе екі рет қайталанбақ емес.

Осы тұста бір сәт кідіре тұрайық. Құдайдың шақырғанына адамның берген жауабын суреттейтін осы бір хикаяны ұнатамын. Ол бізге тапсырма беріп, жолға аттандырады, біз болсақ, мұны «тосыннан келген орасан сәтсіздік» деп білеміз. Жаңа ғана жүрегі үмітке толып тұрған Люси, енді қайда тығыларын білмей тұр.

Әрі қарай оқиық.

Люси Асланның көзқарасынан тығылмақ болып, арыстанның

жалына бетін жасырды. Алайда, арыстанның жалында тылсым күш бардай. Бойына арыстанның айбыны құйылғанын сезді. Кенет басын көтерді де:

– Кешір, Аслан, – деді. – Мен дайынмын.

– Енді сен де арыстансың, – деді Аслан. – Енді Нарния жаңарып, гүлденеді.

Асланның «Енді сен де арыстансың...» деген сөзі қайран қалдырды. Көктегі Әкеміз әрбір қызының жүрегіне осы сөзді айтқысы келеді. Солай болуы үшін еңсемізді көтерейік, көзімізді жасын таяйық, дайын болайық. Сонда Құдай бізге: «Міне, енді сен батылсың. Күшіңді білесің. Шайқасқа дайынсың» дейді. Сен – соңғы, шешуші шайқасқа кірген қалың қолдың ішіндесің.

ҚОРЫҚПА!

Шайқас қалай жүріп жатыр? Түнек қоюланып, біздің нұрымыз бәсеңдеп бара жатқандай көрінеді.

Арамызда Арыстанның өзі тұрғанын жариялайтын кез келді. Әлдеқандай ұсақ-түйекті сөз етіп, пікір таластырып жүріп, Оны байқамай қалған боларсыз, бәлкім. Қатарымыз сиреп, назарымыз шашырап кетіпті. Соны пайдаланып, біздің қамқорлығымыздан айырылып қалған жерді дұшпанымыз жайпап кеткен екен. Айналамыз – сұрапыл соғыс. Біз болсақ, өз арамыздағы төбелесті доғарар емеспіз.

Мәңгілік Патша — өлмес, көзге көрінбес бірден-бір Құдай мәңгі құрметтеліп, ұлылығы мадақтала берсін! Аумин. Тимоте, балам менің, саған мына өсиетті аманаттаймын, ол бұдан бұрын өзің туралы Құдай Рухы білдірген хабарларға сәйкес: ізгі күресте сол хабарларға сай әрекет жасап, сенімің мен ар-ұжданыңды таза ұста! Кейбіреулер ар-ұждандарынан безіп, сенімдерін құртты.

1 Тимоте 1:17-19

Болашағымызға қазық болар уәделер бізге баяғыда-ақ берілген. Біз нұр мен үмітті қару етіп, шайқасып жүрміз. Иса жалмен екінші рет айқаспайды. Иса оны жеңіп шыққан. Біз

сол жеңістің жемісін пайдалануымыз керек, Иеміздің жеңісіне ортақ болуымыз керек. Және басқаларды да соған шақырып, үлгі болуға тиіспіз.

Қазірдің өзінде еліміз экономикалық және рухани дағдарыстың алдында тұр. Сырттан да, өз ішімізден де жаулар мен лаңкестер шабуылын үдетуде. Арамызда қорқыныш пен сатқындық белең алып кеткен. Біздің қолымыздан түк келмейді деп іріткі салушылар да аз емес.

Еліміздегі бүгінгі жағдайды Англияның бірнеше ғасыр бұрынғы күйіне ұқсатамын. Тарихтың сол кезеңінде Англия – ұзақ соғыстан қажып, тоз-тозы шыққан ел болатын. Алайда, бір әйелдің өз бойындағы ана-арыстанның қуатын оятуының арқасында Британия қайта түлеп, жаңарды да, өркендеген ел – Ұлыбритания империясына айналды.

I Елизавета небәрі жиырма бес жасында, қаржылай да, рухани да банкрот болған елінің тағына отырды. Англияға жан-жағындағы мықты елдер сес көрсетіп жүр еді, ол алпауыттардың діні де бір – католицизм болатын. Англия болса, өз ішінде жүріп жатқан діни негіздегі соғыстардан әбден қансыраған. Король VIII Генрих пен королева Марияның патшылық құрғанынан кейінгі елдің жағдайы екіталай еді.

Енді I Елизаветаның королева мәртебесіне ие болғандағы айтқан сөзіне назар аударыңыз: “Иығыма түскен жүкке өзім қайран қаламын”. Содан бері ғасырлар өтті. Елизаветаның сөл сөзі әлі де өзекті, әлі де тегеурінді. Соншалық ауыр салмақ түскенде, бар болғаны, қайран қалумен шектелген әйел қандай мықты десеңізші!

Королеваның жастығын, әлсіздігін, әйел екендігін желеулетіп, сылтау іздемегеніне қуанамын. Елизаветаның тағына таласқандар көп болды. Елизаветаның VIII Генрихтің ойнастан туған қызы екенін бетіне басқандар да болды. Елизавета сонда да қайтқан жоқ. Қорқып, жалтақтаудың орнына, қайран қалумен ғана шектелді де қойды. Ол өзінің Құдайдан толықтай тәуелді екенін мойындап, Жартқан Иені дәріптеумен, Оның керемет істеріне таңырқаумен өтті.

Елизавета абайлап сөйлеуді жастайынан бойына әдет қылған. Аңдамай сөйлесе, жиырма беске келмей-ақ, өмірі үзілетін еді! Туғаннан-ақ өзіне өлім тілеген залымдардың арасында болды.

Патша сарайында да, сыртта да, әр қадамын аңдыған сатқындар мен бақталастар жетіп, артылады. Әкесі бір, шешесі бөлек әпкесі Мария Елизаветаға дейін патшалық құрған еді. Марияның тұсында көптеген адамдар өлім жазасына кесілген болатын, сондықтан ел ішінде Мария Қандықол Мария атанып кетті. Ол Елизаветаның көзін құртудың амалын іздеп бақты. Елизаветаның анасы Анна Болейн Лондондағы Тауэр сарайында қамалып, кейін басы шабылған болатын. Енді Мария Тауэрге Елизаветаны қамады. Мария өле-өлгенше Елизаветаны құдалаумен, оның ізіне түсумен болды. Бұл жағдай Мария көз жұмғанда ғана өзгерді.

Елизавета таққа отырғаннан кейін, көп ұзамай, басқа әпкесі, ол да Мария, Шотландия елін билеп тұрған королева, католик шіркеуінің қолдауымен Британияға келіп, тақты өзі иеленбек болды. Мария сарай маңындағы бірнеше шенділермен сөз байласып, Елизаветаны өлтірмек болды. Марияның осы қылмысы ашылғаннан кейін, Елизавета оны өлім жазасына кесті. Елизавета сатқындықты да, күдікті де, жеккөрушілікті де көрді. Ақырында Англияның тарихында болған билеушілердің ішіндегі ең үздігіне айналды.

Елизавета тұрмыс құрып, өзіне ізбасар қалдырудың орнына, өз елінің анасы болуға бел бұды. Өмірлік миссиясына осыншалық бағышталуының арқасында, басқа ештеңеге алаңдамай, тарихи маңызы бар мәселелерді шеше алды. Королева оқып-тоқуды жалғастыра берді, білімі мен біліктілігін, ақыл-парасатын үзбей арттыра берді. Төңірегіне парасатты кеңесшілерді жинап, елдің жай-күйі мен халықтың ахуалын мұқият қадағалап отырды.

Королева Елизаветаның тұсында:

- Протестант дінін ұстанатын топтар бірігіп, Англикан шіркеуі құрылды;
- Англия экономикасы бір салалық болғандықтан, басқа елдерге тәуелді еді; енді өркендеп, тәуелділіктен шықты;
- Англия теңіз державасына айналды;
- Американы зерттеу жұмыстары кеңейіп, жерін игеру күшейе түсті;

Елизавета билік құрған кезең шағын королдіктен ұлы империяға айналған Англияның “алтын дәуірі” атанып кетті.

Замандастары Елизаветаны ана-арыстанға теңеген екен.

Сөзсіз, Елизавета – мұндай теңеуге лайық әйел. Керемет жетістіктеріне қарамастан, ел басқаруды ауыр жүк санаған жоқ. Елизаветаның тарихта қалған сөзі бар:

Король болып, тәж кию – көріп тұрғандарға тамаша болып көрінгенімен, киіп жүргендерге соншалықты жайлы емес.

Тарихшылардың айтуынша, Елизавета тәж киіп жүрумен шектелген жоқ, ол жаңашылдыққа, сауда мен ғылымның өркендеуіне бастама берді. Бірінен соң бірі болған революциялардан зардап шеккен Франция сияқты елдер құлдырау алдында тұрғанда, Елизаветаның табандылығы мен қамқорлығының, ел ісіне толық берілуінің арқасында Англия бейбіт жолмен дамып, өркендеді.

Елизавета – батыл қолбасшы да еді. Әскерін бастап, шайқасқа аттанардағы Елизаветаның жалынды үндеуінен алынған үзіндіні оқып көріңіз:

Озбыр билеушілер қорықсын, мен болсам, Құдай куә, өзімді басты тірегім және қауіпсіздігімнің кепілі – қол астымдағы адамдарымның адал жүректері мен ерік-жігері болатындай етіп ұстадым. Сондықтан, қазір, дәл қазір, өздерің көріп отырғандай, көңіл көтеру үшін емес, осы шайқаста өздеріңмен бірге не мерт болып, не жеңіске қол жеткізуге бел байладым. Құдайым, патшалығым және халқым үшін өзімнің ар-намысымды құрбан етіп, қанымды төгіп, өмірімді қиюға дайынмын, топырақтан жаралған адаммын, топыраққа оралуға дайынмын ... Денем –дәрменсіз әйелдің әлсіз денесі екенін білемін, бірақ жүрегім – королеваның жүрегі, басқа емес, Англияның патшайымының жүрегі. Елімнің шекараларына басып кіруге батылы жеткен Парма мен Испанияның немесе Еуропаның қай монархының да шабуылына тойтарыс беремін. Ар-намысымды қолыма қару алып қорғаймын... Жақында біз Құдайдың, менің Патшалығымның және менің халқымның дұшпандарын ойрандап, керемет жеңіске жетеміз.

Олар жеңіске жетті де.

Бір әйел қорқудан бас тартып, қайран қалумен ғана шектелмекке бел бұғанда, қандай кереметтер болатынын байқаған боларсыз? Елизавета Құдайға батылдықпен ерді, тағдырдың шақыруынан бас тартқан жоқ. Ол Құдайдың жетелеуін іздеуде өте тиянақты еді, үш тілде дұға күнделіктерін жүргізді. Елизаветаның қолы жеткен таңқаларлық жетістіктері тарихта қалды. Құдай сізді тосын немесе өзіңіз күтпеген, тіпті, қорқынышты істерге шақырып жүргенін сезетін шығарсыз, бәлкім. Олай болса, Люси мен Королева I Елизаветадан үлгі алып, алға баса беріңіз.

Басқалардың сен үшін қандай роль дайындап қойғаны маңызды емес. Құдайдың айтқанына ғана сен. Ол сені жіберген жерге бар; оның саған айтқанын тыңда. Арыстан жетелеген жаққа бар, тіпті егер басқалар сені түсінбесе де, аянға сен.

Қайран қалуға дайынсың ба?

Сыбырдан арыстанша ақыруға дейін

Арыстан – мен емес. Маған тек тек арыстанша ақыру құрметі бұйырған еді.

УИНСТОН ЧЕРЧИЛЛЬ



Арыстандар ырылдайды, ақырады. Оны, әлбетте, білесіз. Ал сіз қаншырлардың да ақыра алатынын біліп пе едіңіз?

Арыстанның ақырғаны мейлінше сұсты естілуі үшін, айуан денесінің қалпын өзгертуі тиіс. Соншалық айбатты, тағы күшті паш ету үшін арыстан сәл еңкеюі керек. Басын төмен салып, кеудесін керемді де, өкпесін ауаға толтырады. Түннің тыныштығында арыстанның ақырғаны сегіз шақырымға дейінгі алқапта естіледі екен. Сол бір зәрені ұшырар дыбыс толқынының жолында қалған адам мен жануардың жүрегі солқ ете қалатын шығар, сірә. Арыстанның ақырғанын естіген адам, қорқынышты үннің қай жақтан естілетінін түсінбей, үрейден тырп ете алмай қатып қалған жағдайлар болыпты.

Құдай бізді ана-арыстанға теңейді. Біздің де үніміз соншалық қуатты шықсын десек, біз де қалпымызды өзгертуге тиіспіз. Арыстанша айбат шегем десеңіз, басыңызды иіп, тағзым етуге тура келеді. Мойынсұну ұстанымы, кішіпейілділік пен мінәжат жүрегімізді Киелі Рухтың жаңадан төгілуіне дайындайды. Киелі Рухқа молынан кенелгенімізде ғана үніміз айбатты шығатын болады. Құдайдың жарылқаулары мен ізгілігін өз ішімізде сақтай алмай қалғанымызда, Киелі Рух асып-тасып төгілгенде, Ізгі

Хабарды ашық жариялаймыз.

Арыстанның ақырғаны ғана дыбыс боласа, біздің айбатты үніміз олай емес. Біздің үніміз әсерлі сөздерден, шын маңызды істерден, кәміл сенімнен құралады. Әлемнің біздің үнімізді естуі үшін екі шарт орындалуы тиіс. Біріншіден, сенім, үміт, сүйіспеншілік деген көзге көрінбейтін факторлар жеке адамдардың өмірінде жүзеге асуы керек. Екіншіден, сол факторлар біздің қызметімізден көрінуі шарт. Өміріміз Арыстанның тұлғасын дәл бейнелейтін болса, Оны әлемге паш ете аламыз. Сонда Құдайдың орнына тұрмақ болып жүргендердің үні өшеді, жалған тәңірлер құлайды, тыныштық орнайды да, жалғыз-ақ үн, “Жалғыз Жаратушы Құдайды дәріптеңдер!” деген дауыс естілетін болады.

Ағылшын тіліндегі “roar” сөзінің мағынасы “ақыру, боздау, ырыл, гүріл, арыл, өкіру, үлдеу, өте қатты шыққан үн, дүріл”. Зер салып қарасақ, бұл дүние гүрілге толы екен. Мұхит толқындары гүрілдейді. Дауыл гүрілдейді. Таудан құлап аққан су гүрілдейді. Стадионға жиналған фанаттардың даусы да гүрілге айналады.

Құдайдың аспандағы тағының алдында тұрған жалындаған періштелер «Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген!» деп дауыстайды. Олардың бұл үнінен киелі үйдің есік жақтаулары мен табалдырықтары шайқалды, тіпті, үй іші түтінге толып кетті (Ишая 6:3-4 қараңыз). Жер бетінде жүрген біз осы сөздерді әнімізге қосып, айтып жүрміз. Алайда, түпнұсқада айтылғандай, бұл үн ән де, жай ғана дауыс та емес, “roar”, яғни, арыстандай ақырған дауыс болатын.

Жаратқан Ие заңғар биіктен ақырып, Өзінің киелі тұрағынан даусын естіртеді. Ол осы шұрайлы елге Өзінің бар даусымен күркіреп, бүкіл жер бетінің тұрғындарына жүзімді таптап шырынын ағызатын жұмысшылар айқайлағандай қатты айқай салады.

Иеремия 25:30

Тағы бір жерде былай деп жазылған:

...Халық Менің соңымнан еріп, Мен, Жаратқан Ие, арыстандай ақыратын боламын. Мен ақырғанда, балаларым батыс жақтан дірілдеп қайтып келеді.

Ошия 11:9-10

Әлдебір дыбыстың күшейгені сонша, сыбыр, шу, айқай деуге келмейтін болады, аталған дыбыстардың бәрінен асып түседі, бұл қалай жүзеге асады? Дыбысты “goar”-ға, яғни құлақ тұндырар ақырған үнге немесе гүрілге айналдыратын нәрсе – дыбыстың қаттылығы ма, әлде басқа сипаттамалар да маңызды ма?

БӘРІ СЫБЫРДАН БАСТАЛАДЫ

Осы сұрақтарға жауап беруіміз үшін әуелі сыбырдың динамикасын зерттеп көрейік.

Забур жырында мынадай сөз бар:

Сол бір сыбырды – Жаратушымның сыбырлай сөйлеген мейірімді үнін естіп тұрмын. Құдайым маған үн қатады деп ойлаған емеспін.

Забур жыры 80:6, Message аудармасы

Мұнда жыршы Құдайдың сыбырлаған даусын естігендегі өзінің таңырқағаны туралы айтады. Ол Құдайға деген адалдығы мен сүйіспеншілігін бұрын да жырға қосқан жоқ па еді? Құдаймен алғаш рет кездескендегі таңырқаушылық пен масаттану сезімін суреттеп отырған шығар, бәлкім.

Бұрын естімеген дауысты тани алмаймыз. Дәуітті мысалға келтірер болсақ, ол жас кезінде, әкесінің малын бағып жүргенінде, Құдайдың үнін алғаш рет естіген болатын. Содан кейін Жаратқан Иенің даусын қашанда дөп танитын болды. Жоғарыдағы аятта Құдайдың даусы “...сыбырлай сөйлеген мейірімді үн” деп сипатталған. Құдіретті Құдайдың даусы – мейірімді. Қатыгез дүниеден не деген зор айырмашылық десеңізші!

Сондықтан Құдай бізді Өз саясынан тыныштық тауып, сырласуға шақырады.

«Тынышталыңдар барлығың енді,
Біліңдер Менің Құдай екенімді!».

Забур жыры 45:11

Жаратқан Ие перзенттерін Көктегі Әкенің сыбырлаған үні бір жағынан қайран қалдырса, екінші жағынан тыныштыққа бөлейтінін білген.

Шынымды айтсам, мені Құдайдың күркіреген даусынан гөрі, сыбырлай сөйлеген мейірімді үні таң қалдырады. Соншалық ұлы,

зор, құдіретті Құдай күннің күркіреуіндей ғаламат үнмен сөйлеуі – заңды нәрсе, алайда, Құдайдың сыбырлап сөйлеуі – таң қаларлық жайт, меніңше. Жұмсақ та жылы үнімен Құдай біздің назарымызды толық билеп алады. Тасқынның тасқынға ұласқанындай, Құдайдың сыбыры – жаратқан Иеміздің Өзі жаратқан пенделерінің жүрегіндегі жаңғырығы.

Илияс пайғамбар Құдайды жердің сілкінісінен де, сілкіністен кейінгі оттан да іздеді. Алайда, Жаратқан Иенің үнін бәсең да жұмсақ сыбырдан ғана естіді (3 Патшалық.19:12 қараңыз). Сонда барып, тасадан шықты да, Құдайдың сөзіне құлақ салды.

Құдайдың сөзі қашанда сыбырдан басталатынына кәміл сенемін. Жар сала жарияланған нәрсенің бәрі де әуелі сыбырлап айтылған болатын. Аяғым ауыр кезімде, құрсағымдағы баланың өсіп, қатайып келе жатқанын сезгенімді өмірге аяқ басқалы тұрған нәрестенің сыбыры деп білемін. Айқай атаулы да үнсіз ғана іштей күбірден басталады. Бәлкім, “Құдайым, мен ашпын, қорқамын, жалғызбын” деген жанайқайыңыздың жауабы ретінде Құдайдың сыбырын сіз де естіген боларсыз.

Сонда Құдай “Қорықпа! Мен жаныңдамын, балам!” деп сыбырлап қана жауап берген еді.

Әйелдер сыбырлап сөйлеудің шебері. Бөпесін әлдилеп отырған ана айқайламайды, сыбырлап сөйлейді. Құдай Әкенің қыздары жүрегіндегі сырын бір-біріне сыбырлап қана ашады. Жарыммен бірге төсекте жатып, құлағына сыбырлай сөйлеймін, оған да отыз жылдай болыпты. Түн ішінде, жылы көрпенің астында жатып, дауыстап сөйлеу бір түрлі оғаш екен. Өйткені, бұл сәт – сыбырласып, сырласудың, тынығудың уақыты.

Қауым жиналысында жанымда отырған жақындарымның құлағына әлденені сыбырлап айтқан уақыттарым болған. Тым өрескел, ақиқатқа жатпайтын сөздер айтылғанда, даусымды бәсеңдетіп, “Мына сөз дұрыс емес” дейтінмін. Джон мен ұлдарым үндемей бас изейтін еді. Кейде қолымнан жайлап қағып қояды, онысы – “Түсініп отырмыз. Дауыстап айтудың қажеті жоқ. Естіп тұрмыз” дегені.

Сыбырлап сөйлеуге әлдебір күш итермелейді, сондықтан сыбырлаймын. Меніңше, бұрыс нәрсенің бұрыстығын айтпай, үнсіз қалуға болмайды. Тым ұсақ, бұрмаланған, жалған нәрселерге тосқауыл қоюға тиіспіз. Бәлкім, қызметім сондай болғандықтан шығар, әйтеуір, тамырын тереңге жайып кетпей тұрып, өтірік атаулының тұқымын құртуым керек. Ол үшін ақиқат жариялануы тиіс.

Естіп тұрғаным Құдайдың маған айтқандарына, ашып

көрсеткеніне сай болмаса, іштей күбірлеп, пікір таластырамын. Сенің де өзіңді солай сезінетін сәттерің болатын шығар. Құдайдың сыбырлаған үнін естісең, оны дәріптеу керектігін, назарымызды толықтай сол дауысқа аударуға тиіс екенімізді бәріміз білеміз. Кейде тәлім берушілер мен уағыздаушылар басқалардан естігенін қайталай салады. Алайда, Құдайдың Өзі сөйлесе, тіпті басқаша болады. Құдайдың сыбырлаған үні – ұсақ-түйек нәрсе емес. Жаратқан Иеміздің даусын әрқашан дәріптеп, қастерлеуге тиіспіз.

Құдай Өзінің ұлдары мен қыздарына сыбырлап үн қатады. Өзің сыбырлай сөйлеп, Құдайдың да сыбырына құлақ асатын уақыттың келгенін сезесің бе? Бәлкім, Құдайдың сыбырын қазір де естіп тұрған боларсың? Сыбыр – құпия сырларды, сәуегейлікті жеткізетін тіл.

Адамдар мыңдаған жылдар бойы Құдайдың сыбырын естуге зар болды, алайда, Құдай үнсіз қала берді.

Сендерге айтамын: көптеген пайғамбарлар мен патшалар сендердің көріп жүргендеріңді көргілері келді, бірақ көре алмады, сендер естіп жүрген сөздерді естігілері келді, бірақ ести алмады.

Лұқа 10:24

Ежелгі пайғамбарлар мен патшалар қанша құлақ түрсе де, Құдайдың бір ауыз сөзін ести алмай кетті. Болашаққа көз тігіп, болатынды ұғынуға қанша тырысқанымен, көкжиектен бір белгі көрінбеді. Жанындағылардан «Әне, естідің бе?» деп сұрайтындай бір де бір дыбыс, бейне, елес жоқ.

Содан кейін Құдайдың сөзі жер бетіне өзі келді. Алайда, құлағымызға жеткен дыбыс түрінде емес, адам кейпінде келді. Құдайдың сыбырлап айтқан сөзі адамға айналды да, дауыстап сөйледі, адамдармен қарым-қатынаста болды, жақын араласты, шипа берді, өлілерді тірілтті, тәлім берді. Өкініштісі, естуге бәрінен де ынталы болғандарда, керек кезінде еститін құлақ болмай шықты. Құдай өздері күткендей кейіпте келген жоқ, олар күткендей сөйлеген жоқ, сондықтан олар Оны Құдай деп мойындай алмады. Иса балықшылар мен салық жинаушылармен «сыбырласып», парызшылардың саңырау құлақтарына айқайлаумен болды.

Өзінің Кім екенін, қайдан келгенін сөзбен айтып түсіндірудің орнына, Иса Өзінің бомысын өмірімен көрсетті.

СЫБЫРДАН ЖАР САЛУҒА ДЕЙІН

Көбіміз Аспан Патшалығынан жер бетіне жеткен дыбыстарға құлақ түріп, Құдіретті Құдайдың Рухы Өзінің қыздарына беретін тапсырмасын ұғуға тырысып жүрміз. Менің құрбым Бобби Хьюстон да солай. Боббидің қаламынан шыққан өлеңдердің бірінде мынадай жол бар:

Құдайдың сыбыры жар салған дауысқа айналды.

Осы сөздер әлемнің әр түкпіріндегі әйелдердің жүрегіне әсер етеді.

Құдайдың сыбырын еститін Көктегі Әкенің қыздарының саны барған сайын артып келеді. Бұл қандай сыбыр дейсіз ғой? Ол неге барған сайын қатты естіледі? Әділдікке зар болған көптеген дауыстарға жауап ретінде біздің жүрегімізде әлдебір үміт шұғыласы жанады. Құдайдың халқын құтқарам деген уәдесін естіген Мәриям қыз сол уәдені жүрегіне сақтап, аялады. Бүгінгі таңда Көктегі Әкенің қыздары Құдай өздеріне сый етіп берген жаңа өмір мен азаттықты жариялауда. Сөйтіп, бірнеше адамның жүрегіндегі сыбыр болып басталған нәрсе көптеген адамдардың қосылған көтеріңкі дауыстарына айналды. Ұзақ жылдар бойы булығып, шықпай жүрген дауыстар қазіргі кезде жарып шығып, естіліп жатыр.

Сендерге қараңғыда айтқанымды жарықта айтыңдар,
әрі құлақтарыңа сыбырлаған сөздерімді жұртқа
жариялаңдар!

Матай 10:27

Иса шәкірттеріне Өзінің сыбырлап айтқанын дүйім жұртқа жариялауды тапсырды. Жанындағы азғана топқа айтқанын ұғалар түйсік берді де, шәкірттеріне өздері ұққан құпияларды кеңінен жариялап, жұртқа таратуды бұйырды.

Біздің заманымызда Құдайдың кешегі сыбыры ертеңгі көп дауыстың қосыла ұрандатуына айналуға мұның неге алып келетінін жете түсінбейтін сияқтымыз, дегенмен, қазірдің өзінде жақынырақ келіп, құлақ түре тыңдайтындар көп. Жақындаған адам өз ішіндегі әлдебір толқуды, ұмтылысты, қозғалысты сезінеді.

Құдайдың сыбырының баурап алар, еліктіріп әкелер құдіреті кейде, тіпті, үрей туғызады ма деймін.

Құдайдың сыбырлаған үні соншалық болжап болмайтын, таңғажайып, соңынан ерген адам біразға дейін жалғыз қалуы да мүмкін.

Құдайдың сыбыры соншалық құдіретті, бір рет еркіне жіберсең, қайтып тоқтата да, тежей де алмайсың.

Құдай зекіген кезде «аспанның тіреулері» сілкініп, абыржып қалады. Тәңір өз құдіретімен теңізді тыныштандырды, әрі өз парасатымен теңіздегі алып хайуанды құртты. Өз Рухымен Құдай аспанның ажарын келтіріп, өз қолымен ирелеңдеген алып жыланды түйреді. Ал бұлар Құдайдың істерінің жай бір бөлігі ғана, Оның Өзі туралы естігеніміз тым аз! Егер Оның құдіреті туралы дүркіретіп жарияланса да, оны кім түсіне алар еді?

Әйүп 26:11-14

Дәл солай. Құдайдың істері дүркіреген дауыспен жарияланса, қайтер едік? Сөзсіз, қорыққанымыздан қалтырап, әбігерге түсер едік. Ал Құдайдың сыбырын естіп, оған еруге үйренгендер, осы жолы да ерер еді. Жүрегіміз елеңдеп, Құдайдың бәсең үнінің күшейе түсуін асыға күтіп жүрміз. Жоғарыда айтылған ғаламат құдірет – Құдайымыздың небәрі сыбыры ғана. Жаратқан Иенің тынысының жалғыз лебі аспандағы бұлттың барлығын айдап әкетеді!

Құдай жүрегіме сыбырлап, маған Өз өмірі, үміті, құдіреті, құндылығы, әсемдігі жайлы құпияларын аша бастағанда, бұл – алдағы рухани өсуіме деген дайындық еді. Өрісім әбден кеңейіп, өсіп болдым деген салалардың өзінде де әрі қарай өсе беруге, көкжиегімді әлі де кеңейте беруге шақырды.

Өмірімнің сол кезеңіндегі еңсемді басқан ауыртпалықты былай деп суреттеуге болады: біреу сізге өміріңізде бұрын-соңды көргеніңізден әлдеқайда зор нәрселер болатыны жайлы сыбырлап айтты делік. Сол бір сыбырлаған дауыс сізге: “Шығатын биігіме шығып болдым деген өтірікке сеніп жүрсің. Әркімнің жетілу шегі, жетістік шегі бар, одан аса алмайсың деген сөз өтірік” дейді. Бұл сөз көптеген адамнан естіген, өзің сеніп жүрген пікірге қарама-қайшы.

Сыбырлаған үн сені әлдебір тереңдегі құпия жерлерге, тылсым бір дүниеге жетелеп, көңіліңді қобалжытады, өзің түсініп болмаған бір талпыныстарды тудырады. Дегенмен, бұл сыбырда теледидардың айтқанынан да, кітаптардан оқығаныңнан да шындық әлдеқайда көп сияқты. Құлағыңа сыбырлап аян ашылғаннан кейін өзгеріп сала бересің. Бұрыннан үйреншікті, өміріңнің бір бөлігі болып кеткен орындар, қарым-қатынастар,

әңгімелер кенет жат көрініп, жайсыздық туғызады.

Құдайдың сыбырлаған үнін алғаш рет естігенімде, сондай күйге ұшырағаным бар. Өткеннің бәрінен алыстап, алшақтап кеткенімді ішім сезеді. Ашық теңіздегі қайықта жалғыз қалған адаммын. Жан-жағым су, жаға көрінбейді. Мұндай жағдайға қалай тап болғанымды да, одан қалай шығарымды да білмеймін. Осы уақытқа дейін тұрақты болып көрінген өмірім енді толқыған теңіздей, орнықсыз, жайсыз, сенімсіз болып кеткен. Бір-ақ нәрсені анық білемін: түбегейлі бір өзгеріс болды, өткенге енді оралмаймын.

Иә. Құдайдың сыбырында өмірімізді баурап алар, еліктіріп әкетер құдірет бар, ол бізді әп-сәтте өзімізге таныс өмірден, қанға сіңген әдеттерімізден айырып алып кетеді. Біреулер бұны көкірек көзінің ашылуы, енді біреулер парадигманың өзгерісі деп атайды.

Құдайды іздегенімде, Ол маған бәсең үнмен жауап береді.

Уа, Құдай, мінажатыма құлақ түрші,
Өтінішімді елемей жүрмеші.
Жаныма жақын келіп,
Өтінішіме сыбырлап жауап берші.

Забур жыры 54:2, Message аудармасы

Құдайдың сізге берген жауабы өзіңіз бен өткен өміріңіздің арасына сызат түсіруі мүмкін. *Осыдан біразға дейін қолайсыздық сезінесіз. Сондықтан Құдайдың сыбырын естіген сәтте, тыныштала қалыңыз да, құлақ түріп, мұқият тыңдаңыз, естігеніңізді есіңізге мықтап сақтаңыз. Бұл өте маңызды.*

Людвиг ван Бетховен айтыпты: «Құлағым түрлі дыбыстарды шалады, олар айналамда құйындатып, көлбеңдеп ұшып жүргендей болады, мен сол дыбыстарды қағаз бетіне нота түрінде түсіріп аламын». *Жан дүниесіндегі сазды жазып алмаса ше? Бізге композитордың ғажап музыкасы жетпес еді. Сонымен қатар, сол музыканың әсерінен туған талай ойлар, асқақ сезімдер, армандар дүниеге келмес еді, Бетховеннің шығармаларынан шабыт алған талай адам қайтер еді?*

Құдайдың сыбыры жүрегімді теңізше толқытқанда, немесе ой-санамды мұхиттай буырқантқанда, көңілімдегіні қағаз бетіне түсірмей, тыныштық таба алмаймын. Аспан патшалығының тынысын сезініп, талып жеткен сыбырды

белгілі бір пішінге келтірудің көптеген амалы бар. Біреулер оны сөзбен суреттесе, енді біреулер әсем сазға айналдырады. Енді біреу уағызы арқылы, басқалар сахнадағы тұлғаны сомдау арқылы көрсетеді. Әдеби шығарма түрінде жеткізіп, Құдайдың сыбырлап айтқынын жар сала жариялайды. Түс пен реңк, әсем пішін беріп, көркем сурет немесе сәулет өнері арқылы паш ететіндер де бар.

Қалай көрсетсең де, қалай паш етсең де, жүрегіңдегі Құдайдың сөзін сыртқа шығар!

ҚҰДАЙДЫҢ СЫБЫРЫН ӨМІРІҢМЕН ЖАРИЯЛАУ

«Ашық-жарқын өмір сүру керек» дегенді естіген боларсыз. Біздің елде мұны «дауыстап өмір сүр» деп айтады. Меніңше, ең дұрысы, өмірімізбен ішкі дүниеміздегіні жар сала жариялауымыз керек.

Ральф Уолдо Эмерсон: «Өзімізге ғана естіліп тұрған сыбырды құлақ түре тыңдамасақ, ешқайсымыздың қолымыздан әсерлі болар ешбір іс келмейді».

Өз жүрегіңді тыңдауды үйрен. Өзің ғана ести алатын құпияларды саған басқалар айтады деп күтпе. Олай етсең, басқа адамдарға өз жүрегіңе билік жүргізуге мүмкіндік бересің де, Құдайды сондай мүмкіндіктен айырасың. Құдайдың жеке өзіңе айтқанын сен ғана естіп, ұға аласың. Құдайдың саған арналған сыбыры сенің ғана жүрегіңде естіледі. Құдайдың сыбырлаған үнін қастерле, оны тыңдап, айтқанын естуге уақыт бөл. Өйткені Құдай жүрегіңе сөйлеп қана қоймайды, Ол саған керемет істерді атқарар қабілет береді.

Құдайдың сыбырын, көбінесе, жалғыз қалғанда естиміз. Дегенмен, ести алатын құлағы бар адам – жалғыз біз емес. Тыныштық тапқан адамның қайсысына да Құдайдың айтары бар. Тыңдайтын адам болса, Құдай сөйлеуге дайын. Біз тыныштықта жеткілікті уақыт қала аламыз ба, мәселе сонда. Кідіріс Киелі Рухтың айтқанын анығырақ естіп, қағазға қаз-қалпында, сол, аспаннан келгендегі құдіретін сақтаған күйі түсіріп алуға жеткілікті болуы шарт. Жолдаудың өзімізге тиесілі бөлігін ұғып, қағазға да, жадымызға да сақтап алғаннан кейін, басқалардан да осы жолдауды таба аламыз. Тыныштықта қалып тыңдау уақыты қолайсыз көрінуі мүмкін, дегенмен, бұл кезеңдерден өткен адам ғана теңізде бағыт-бағдарын анықтап, қайығын жағалауға жеткізе

алады, жаңа қарым-қатынастар орнатып, жаңа ортаға кіре алады.

Мен үшін оңашада Құдайдың сыбырын тыңдау кезеңі 2006 жылы, Филиппинде өткен бір конференция кезінде аяқталды. Сол кездесуде Хелен, Бобби, Лиза және Дебора деген тамаша әйелдермен бірге болдым. Әлемнің әр түкпірінде әйелдердің қадір-қасиетін қалпына келтіріп, адами құндылығын нығайтуды көздейтін оқу курсымен таныспақ болып бас қосқан едік.

Осы конференциядан кейін уағыздарымның стилі түбегейлі өзгереді деп ойлаған жоқпын. Алайда өзгеріс болды, уағыздарымның мазмұны айтарлықтай өзгермесе де, сырт пішіні өзгерді. 2006 жылдың соңына қарай даусым бұрынғысынан әлдеқайда нық шығатын болды, сұраулы сөйлемдер мен ақталу азайды, сөздерім сенімді айтылатын болды.

Сол конференциядан кейін өзімді Құдайға бұрынғыдан гөрі жақын сезінетін болдым. Сол уақытқа дейін мазамды алған жалғыздық сезімі мен ішкі арпалыстан біржола арылғандай болдым.

Конференция кестесіне сай, бірінші болып уағыздайтын мен екенмін. Уағызымды айтып болдым да, басқа спикерлердің айтқандарын мұқият тыңдап, көңіліме тоқып отырдым. Конференция барысында, айтылған уағыздарды тыңдаған сайын, шөліркеген жаным өмір бұлағынан сусындағандай болды. Уағыздардың әрқайсысы анық, майланған, мейірімге толы еді. Спикерлер өз жүрегімдегі бұлыңғыр сезімдер мен жан сырымды жарыққа шығарып, анық та ұғынықты кейіпке енгізіп жатты. Көзімнен аққан жас жүрегімнің кеуіп кеткен топырағын суарып, тірілткендей. Рухани шөлім қанды, сұрақтарымның жауабы табылды.

Семинарлар аяқталғаннан кейін кейбір қызметкерлермен бірге қонақүйге оралдық. Жан-дүниемдегі толқуымды, ойларымды, сезімдерімді бөліспек болып, тоқтамай ұзақ сөйледім (түсінікті, жүйелі етіп жеткізе алмадым, не керек). Осы кезде Бобби “Сен өзің осының бәрін айтып та, кітаптарыңда жазып та жүрсің ғой” деді.

Боббидің сөзі рас еді. Дегенмен, ойы өзімдікімен соншалық үндес адамның осы ақиқаттарды дауыстап, нақтылап айтқанын осы күнге дейін естіген емеспін.

Айлап-жылдап өзімді жалғыз сезініп, сөздерім сыртқа шыға алмай тұншығып жүрген болатын. Енді міне, әлдебіреу есікті

айқара ашып, тасада жалғыз отырған мені күлкіге толы, жарық та кең жерге шақырғандай.

Бобби иығымнан қағып қойды. “Сен енді жалғыз емессің”.

Басымды изедім де, жылап жібердім. Мұным, тіпті, балалық сияқты көрінген шығар, алайда, маған бәрібір болатын. Сол сәт өмірімдегі бір меже еді. Ниеттес адамдарымды тапқанымда ғана, осы уақытқа дейін жалғыздығымды соншалықты айқын сезінбеппін. Сапқа бауырластармен қатар тұрып, тізе қосып еңбек ететін Көктегі Әкенің қыздарының бірі екенімді терең сезіндім. Жұмыла еңбектеніп, әлемді өзгертеміз. Өзің естіген Құдайдың сыбырын естіген басқа адамдармен бірге болу – қандай тамаша, жігер мен күш-қайраттың нағыз көзі!

Бәлкім, мұндай жағдай өз басыңда да болған шығар. Әлденені сыртынан бақылап тұрғаныңда, өзің де қосылып кетіп, сол істің бір бөлігіне айналып кеткен кездерің болып па еді? Қымбатты құрбым, сен де Құдайдың бір перзентісің, сен бізбен біргесің. Сен жалғыз емессің, жалғыз болған да емессің. Құдайдың сыбырын жүрегіне сақтаған адамдардың барлығы сені өз орталарына қабылдауға дайын.

Сенің бір шетте жалғыз тұрғаныңды көріп, шақырмасақ, ұят болады-ау деген ниетпен арамызға шақырып отырған жоқпын. Әсте де олай емес! Сен – жер бетінде көтеріліп келе жатқан Құдайдың адамдарының қатарыңдасың, сондықтан сені ортамызға қабылдаймыз.

Киелі Құдай сендерге Өзінің Рухын қондырғандықтан барлығын ажырата білесіңдер. Сендер шынайы ілімді білмегендіктен емес, қайта, оны біліп, шындықтан өтірік тумайтынын да ұққандарыңа бола осыны жазып отырмын.

1 Жохан. 2:20-21

Мен үшін жалғыздықтан шығып, ниеттестеріммен қауышудың не екенін, сол сәттегі көңілімнің қандай болғанын сөзбен айтып жеткізудің өзі қиын. Апта сайын әр түрлі қауымдарда жүздеген әйелдердің алдында уағыз айтатынмын, сонда да барған жерде өзімді қонақ сезінетін едім. Қонаққа барып, ниеттес, сырлас адамдарыңды таппасаң, ол да қиын екен. Сондықтан, дәл қазір нақтылап алайық: сен бөтен емессің, қонақ та емесің, сен – Құдайдың жанұясының бір мүшесісің, өз үйіңдесің. Көп адам бірігіп, бір ойға, бір іске жұмылғанда, дауыстарымыз қосылып,

үніміз қаттырақ шығады, арамыздағы қарым-қатынас нығая түседі.

Бірігейік, жұмылайық, бір болайық. Құдайдың сыбыры шақырады.

Ал ұрандатқан дауыс ше?

Ешуа халыққа былай деп бұйырған болатын: «Мен өздеріңе айқайлауды бұйырған күніме дейін еш айқайламаңдар! Еш үндерің де шықпасын, ауыздарыңнан тіпті бірде-бір сөз шықпасын! Ал мен бұйрық берген кезде ұрандап айқай салыңдар!»

Ешуа 6:10

Сыбырдан ұрандатуға көшу жайлы сөз болғанда, тіпті, ол жайлы ойлай бастағанымызда, қолайлы сәтті таңдай білудің қаншалықты маңызды екенін ұмытпайық. Өйткені, біз тарихтың стратегиялық маңызы өте зор, қауіпті кезеңінде өмір сүрудеміз. Иерихонды құлатқандай Құдай дұшпанның кейбір бекіністерін жасырын түрде қоршап алып, дөп керек сәтінде көп сенушінің ұрандатқан дауыстарымен құлатпақ.

Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп, бұйрық береді, әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұ дүниеден кеткендер қайта тіріледі.

1 Салоникалықтарға 4:16

Құдайдың даусынан ажалдың ордасы құлайды.

Израил халқы Иерихонды жеті рет айналып шыққанда ғана, ұрандату құдіретіне ие болды. Ана-арыстандар да солай. Олар аңшылығының сәтті боларына көз жеткізбей, ырылдамайды. Мәселе айқайлап, шу көтеруде, абыр-дабыр болуда емес, керек кезде шұғыл әрекет етуде. Егер істі тиянақты түрде атқара алмайтын болсақ, оны жария етудің де қажеті жоқ.

Әрбір сыбырдың дыбысын қаттырақ шығарып, ұран деңгейіне дейін күшейтудің қажеті жоқ.

Толғақ қысқан әйелдің аурудан бүрісіп айқайлағанындай, біз де көз алдыңда қиналдық, уа, Жаратқан Ие.

Ишаия 26:17

Жылдар бойы әрқайсымыз жеке дара да, бәріміз бірге де жанымызға батқанды айтып, айқайлаумен болдық. Бірақ, қиналып айқайлау – мәселенің шешімі емес. Құр айқаймен шектелмей, жаның қиналып, ақырында дүниеге нәресте келтірсең, — мәселенің шешімі сол. Әлемдегі барлық қасіретке Құдайдың құтқару күшімен жауап берейік, жас ұрпақ, Көктегі Әкенің өжет қыздары дүниеге келсін.

ҰРАНДАТУДАН АРЫСТАНША АҚЫРУҒА ДЕЙІН

Байбалам салу кімнің болса да қолынан келеді. Ал арыстанша ақыру немесе, ең болмаса, ырылдау әркімнің қолынан келе бермейді.

Сонымен, арыстанша ақыру дегеніміз не? Ол – күннің күркіреуіндей қатты, құлақ тұндырған дауыс қана емес. Ең әуелі, арыстанның ақырғаны – батыл жар салу. Сонымен қатар, арындаған тағы күштің көрінісі. Бәріміздің арыстандай ақыра алар әлеуетіміз бар, бірақ ол жеке-дара жүзеге аспайды. Адамдарға қатысты айтсақ, арыстанша ақыру – бұл көп дауыстың қосылуы ғана емес, “дауыстап” өмір сүру, өміріңмен сеніміңді ашық жариялау, Құдайдың сүйіспеншілігін паш ету, үмітіңді басқалармен бөлісіп, жар салу. 1970 жылдардағы әнші Хелен Рэддидің «Мен әйелмін, менің арыстанша ақырғанымды естіңіз!» деген әні есіңізде болар, бәлкім. Мені дұрыс түсініңіз, әйелдер ғана арыстанша ырылдап, арыстанша ақыруы керек демеймін. Әйелдерді еркектерге, еркектерді әйелдерге сес көрсетіп, ақыруға шақырмаймын. Даусымызды көтеріп, ұрандатудың, бірге ақырудың уақыты келді!

Қазірдің өзінде рухымда «Қыздарым, дайын болыңдар, ұрандатқан дауыстарың күшейіп, арыстанша ақыратын кез жақын. Дауыстарың көкке жетіп, Құдайдың құдіретін жерге әкелетін болады» деген сөзді естіп отырмын. Уинстон Черчилль айтқандай, “Арыстан – мен емес. Маған тек тек арыстанша ақыру құрметі бұйырған еді”.

Біз де арыстан емеспіз. Бізге тек Арыстанымыздың ақырған даусына өз үнімізді қосудың құрметі бұйырған. Иса ғана – Мәсіх, Яһуда руынан шыққан Арыстан. Біз Исаның ізімен жүріп, ақырған даусын жаңғырықша қайталаймыз. Біздің Арыстан қандай себептермен ақырар еді? Осы сұрақтың жауабын табу үшін, табиғатта

арыстандардың қандай жағдайда ақыратынына назар салайық.

Мысық тұқымдастардың көбісі ырылдайды, кейбірі ақырады. Онысының себебі алуан түрлі. Арыстанның ақырғандағы негізгі көздейтіні – мекенін қорғау, өзіне тиесілі жер алқабының қожайыны екенін жариялау. Қараңғы түскенде үйірді басқаратын арыстан орнынан тұрады да, сәл еңкейіп тұрып, кеудесін кереді, өкпесіне ауа толтырып алып, жер жара ақырады. Арыстанның ақырған даусы иелігіндегі жерді түгел шарлап, “Мен қайраттымын, шайқасқа дайынмын. Өз жерімдемін, бетпе-бет келген қай жаудан үйірімді де, жерімді де қорғаймын. Қаншырымды немесе күшігімді алып кетпек болған жауыма үнсіз қарап тұрмақ емеспін. Біздің олжамыз үйірімізге кірмейтін келімсектерге бұйырмақ емес” деп жар салады.

Арыстанның ақырған дауысын естіп, гиеналар тасаға тығылады. Арыстанның ақырған үні саваннадағы жан-жануардың барлығына оның қуатын, айбынын, қаңарын сездіреді, аң патшасы арыстанның билігін паш етеді. Дұшпандарының зәресін алып, бұл алқапта кімнің билігі үстем екенін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, арыстандар үйірін іздегенде де ақырады. Ондайда ақырған үні “Мен мұндамын, сендер ше? Қайдасыңдар?” дегенді білдіреді. Сондайда өз үйірінің арыстандары мен абдандары жауап береді.

Арыстанның ақырған даусынан көп нәрсені аңғаруға болады. Арыстанның дене бітімі, жас шамасы, қауқары үнінен білінеді. Сайып келгенде, арыстанның ақырған үні “Сен мені көріп тұрған жоқсың, алайда, үнімді естіп, менің осында екенімді біл. Менің қуатымды сезініп көр, қалай екен? Менен аулақ жүр!” дейді. Және ең соңғысы, арыстандар ашуланғанда ақырады.

Осы жолдарды жазып отырғанымда, Иса жайлы Забурда «Киелі үйіңнің қамын жеп, азапқа түсем» деп алдын-ала жазылғаны, кейін сол сөздердің орындалғаны есіме түсіп отыр. Ал біздің Құдайдың үйі мен ісінің қамын жеуіміз қаншалықты? Сол жағынан Исаға ұқсаспыз ба? Арыстандарша басымызды иіп, кеудемізге ауа толтырып алып, Құдаймен арадағы қарым-қатынасымызды жар сала жариялай аламыз ба?

Ал ұрғашы арыстандар қай кезде ақырады?

Ол да үйірінің мекенін белгілеу мақсатында, иелігін көрсету үшін ақырады. Сонымен қатар, үйірінің басқа мүшелерін

іздегенде немесе жаумен айқаста көмек керек болған жағдайда да. Абдандарын іздеп шақырғанда ырылдайды немесе ақырады. Дауыс шығаруға негізгі себеп – ұрпағының қамы.

Табиғатты зерттеушілердің екі жыл бойғы үзбей жүргізген бақылауы туралы мақаладан үзінді келтірмекпін.

Бөтен арыстандар абдандарға қауіп төндіреді. Ұрғашы арыстандар сондай дұшпанға жұмылып тойтарыс береді. Ұрғашы арыстандардың топтасып өмір сүруінің тағы бір пайдасы – қосылып дауыс шығаруының арқасында, ұрпақ үшін қауіпті саяқ арыстандар олардан аулақ жүреді.

Жалғыз қаншырдың даусын төңіректегі бөтен еркек арыстандар жұптасуға шақыру деп қате түсінуі мүмкін, сондықтан ұрғашы арыстандар қосылып дауыс шығарады. Қаншыр байқамай бөтен арыстанды шақырып алмау үшін сақтық жасайды, өйткені сырттан келген еркек арыстан үйірдегі күшіктерді өлтіріп, өз иелігін орнатуға тырысар еді. Кезбе арыстандардың күшіктерді әдейі өлтіруі – саваннада жиі болып тұратын жайт. Күшігі бар қаншырлар жұп құрмайды. Сондықтан кірме басқа арыстанның ұрпағын жойып, өзі ұрпақ қалдыруға ұмтылады.

Жануарлардың тіршілігін зерттейтін мамандар бұрын ұрғашы арыстандар аң аулаудың оңайлануын көздеп, сол мақсатпен топтасады деп санаған. Ұзақ жылдардағы зерттеудің нәтижесінде ғалымдардың бұл мәселеге деген көзқарасы өзгерді. Ұрғашы арыстандардың топтасып тіршілік етуінің бірінші себебі – жас ұрпақтың қамы да, екінші себебі – бірігіп аң аулау екен.

Ұрғашы арыстандардың қосылып ақыратыны – ұрпағын қорғауды көздейтін шара екенін білгенімде, көзімнен еріксіз жас шығып кетті. Әлгі зерттеушілердің айтуынша, үш ұрғашы арыстаннан тұратын топтың өзі қосыла ақырып, төңіректегі саяқ арыстандарды күшіктеріне жолатпайды екен.

Әлемді өзгерту үшін бірнеше ғана жанашыр адамның бірлесе әрекет еткені жеткілікті екеніне күмәнданушы болма. Шын мәнінде әлемдегі барлық оң өзгеріс солай жасалған.

- Маргарет Мид

Осыдан не ұғамыз?

Біреу жалғыз адамды жеңсе де, екі адам оған қарсы тұра алады. «Үш қабат жіп оңай үзілмес».

Уағыздаушы 4:12

Ұрғашы арыстандар оқшау қалса, күн көре алмайтынын біледі. Біз болсақ, тәуелсіздікке асыға ұмтыламыз. Неге бұлай? Бірге болсақ, ұрпағымызды өлімнен де, жарақат алудан да сақтай аламыз қой. Ал оқшау жүрген адамның қолынан бұл келмейді.

Олай болса, біріміздің алдымызда біріміз мұқтаждығымызды мойындаудан неге сонша қорқамыз? Біз қалың жұртшылықпен қарым-қатынас орнатуға міндетті емеспіз, бізге керегі – небәрі бірнеше ғана адам, өйткені жанашыр адамдар біріксе, әлемді өзгертіп, қалың көпшіліктің өміріне игі ықпалын тигізеді.

АРЫСТАНША АҚЫРҒАН МІНӘЖАТ

Біріне-бірінің туыстық жақындығы бар қаншырлар ғана қосылып ақырады. Олар әпкелері мен сіңлілерінің даусы ғана емес, көмегіне де мұқтаж.

Сонымен, біз, Көктегі Әкенің қыздары, неге арыстанша ақыруымыз керек?

Біз Құдайдың үстем билігін, өзіміздің Иемізге деген адалдығымызды жариялау үшін дауыс көтереміз. Адамдарды іздеп, шақырамыз. Біздің дауыс көтере дұға еткеніміздің арқасында адасқан жастар үйіріне қосылып, қамқорлығымызға қайта оралады. Оқыстан келер жауды маңаймызға жолатпаймыз, сол үшін бірігіп, үн шығарамыз. Ұрпағымызды өлімнен, апатқа ұшыраудан сақтау үшін дауыс көтереміз. Түнек шабуылға көшкенде, біз де қарап қалмаймыз. Дұшпанға үйімізді ойрандатып қойып, үнсіз қалмақ емеспіз.

Жалынды мінәжатты бастау үшін тағы қандай себептер керек? Жоғарыда айтылған себептер қосылып мінәжат етуімізге жеткілікті емес пе? Ұзақ уақыт бойы үнсіз қарап қалғанымызға қазірдің өзінде ызаланып отырмын. Дәрменсіздерге араша түсу міндеті өзімізге жүктелген тұста үндемей қалғанымыз дұрыс емес, олай етуге хақымыз жоқ. Ымырт жабылды. Біз ұйықтап жатқанда түнек қоюланып кетіпті. Енді, оянған кезімізде,

Құдайдың нұрын таратудағы еңбегіміздің жемісті болуы үшін мінәжат етуге тиіспіз. Бірлікте мінәжат ету үшін кездесу – кездесуге деген негізгі себебіміз болсын. Осынау сұрапыл соғыста Құдайдың қорғанышына мұқтажбыз, сонымен қатар, бізге даналық пен дұрыс стратегия қажет.

Иса «Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» деген еді (Матай 22:37).

Даусымызды күшейтіп, арыстанша ақыруды үйренудің үш тәсілі: албырт көңіл, мінәжат және парасат. Өміріміздің осы салаларын Құдайдың алдына әкеліп, нұрына бөлесек, олар бірте-бірте қосылып, біртұтас болып кетеді. Соның нәтижесінде Құдайға деген сүйіспеншілігіміз өзі албырт, өзі парасатты мінәжатымыздан көрініс табатын болады.

Біз көптен дәмелене отырып, аздан бастаймыз. Исаның «Екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларыңда боламын» деген уәдесі бар. Мінәжат дұрыс мақсат қоя білуге де, стратегиялық жоспарды орындауға да, мұқтаждықтардың қамтамасыз етілуіне де жол ашады. Қымбатты оқырманым, өзіңмен бірігіп дұға ететін, ең болмаса, екі құрбы таба алатыныға сенемін. Олармен, тым болмаса, телефон арқылы бірге сиынуыға болады.

Біз түрегеліп, мінәжатта даусымызды бірге көтергенде, Құдай үш адамнан тұратын топтарды отыз адамнан құралған топтарға айналдырсын. Отыз адам жиналған топтар он есе өсіп, үш жүз адамдық топтарға айналсын. Үш жүз адам үш мың адамға, сосын отыз мың адамға айналып, саны арта берсін, қалың қолға айналайық, дұғаларымыз жер жарған ұран болып, көкке жетсін. Арыстанымыздың ақырған даусына біздің де қосылатын кезіміз келді.

Ұйқысынан оянған арыстандай орындарыңнан
тұрыңдар,
Сендер шөп тәрізді көпсіңдер,
Бұлдыр түстердің сиқырынан арылыңдар,
Тас бұғаудан құтылыңдар,
Сендер көпсіңдер, жауларың санаулы-ақ!

– Перси Биши Шелли



«Мессенджер Интернэшнл» адамдарға, жанұяларға, қауымдар мен халықтарға Құдай Сөзінің өзгертуші құдіретінде өмір сүріп, мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Сол өзгерістердің нәтижесінде адамдардың өмірі қуатқа толып, қоғамда игі өзгерістер басталады, әлемдегі әділетсіздік тойтарылатын болады.



Cloud Library – бұл дүние жүзіндегі қызметшілерге өздерінің ана тіліндегі тегін электрондық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн-платформа.

CloudLibrary.org сайтында Джон және Лиза Бивердің **100-нен** астам тілге аударылған ресурстарын тауып, оңай жүктеп алуыңызға болады.

Электрондық кітаптар, видео- және аудиосабақтар, Киелі Кітаптар...

Көбірек білгіңіз келеді ме? Сканерлеп алыңыз:
CloudLibrary.org



СЕМСЕР ҰСТАҒАН ҚЫЗДАР



Құдайдың Сөзі – семсер. Алайда, оны қолданудан гөрі зерттеуге бейіміз. Әйелдердің қолына семсер ұстататып, жер бетіне Аспан Патшалығын паш етуге мүмкіндік беретін кез келді. Әйелдерге деген теріс көзқарас бүкіл әлемде кең тараған. Әйелдер құқығын таптау, зорлық-зомбылық, қыздарды сексуалдық құлдыққа сату әлі жойылған жоқ. Әйелдердің өткен шақта кім болғаны маңызды емес, болашағы маңызды. Лиза Бивердің айтуынша, әйел затына деген өршеленген шабуыл жарқын болашағын болдырмауды көздейді. «Семсер ұстаған қыздар» кітабында автор дұшпанның әйел затын барлық салада қарусыз қалдыруға тырысып бағатынын көрсетеді. Құдай әйелдерді батыр етіп жаратқан. Батылдық, көрегендік, кешірімділік, даналық берген. Қолымызға семсер алып, нағыз қаһарман болатын кезіміз келді.

Осы кітапты және Джон мен Лиза Бивердің басқа да материалдарын «Messenger International» қызметінің сайтынан көріп, тегін жүктеп алуға болады.



Cloud Library

Ұйқыдан ояныңыз.

Ана-арыстанның ұйқыдан оянуы – айбын пен әсем сұлулықтың тамаша бейнесі. Айналасындағы дүниеге иелік ету, жас ұрпақты қорғау, арыстанға шабыт сыйлау – ана-арыстанның табиғатында бар нәрселер. Бір үйірдегі ұрғашы арыстандар қашанда жұмыла әрекет етіп, айналасына ықпалын таратады.

Сіз де – ана-арыстансыз.

“Ана-арыстанның оянуы” кітабында Лиза Бивер ана-арыстанның өмірі мен бейнесін мықты да нәзік әйелдің баламасы ретінде ұсынады. Ғажап жаратылған арыстандардың өмірінің біз білмеген сырларын ашып, Лиза әйелдерді бір-біріне қамқор болуға, Құдайдың аманатын орындауға, мінәжатта табанды болуға шақырады.

Осы жолдаумен танысқаннан кейін:

- күш пен айбынның көрнекті үлгісіне айналасыз
- әлсіздерді қорғауда батыл боласыз
- жаншылғандардың жанашырына айналасыз
- өміріңіз жарықта, аңшылығыңыз қараңғыда өтетін болады
- басқа арыстандармен бірлесіп, айналаңыздағы әлемді өзгерте аласыз

Түз тағысының өмірінен алынған бейнелер мен Киелі Жазбадағы ана-арыстан жайлы аяттардың терең сырына негізделген бұл кітап – әйелдерге үндеу. “Ана-арыстанның оянуы” әйел затын бірігуге, Жер бетіндегі алпауыт күшке айналуға шақырады.

Біз – Құдайдың оянып келе жатқан арыстандарымыз.



Албырт мінезді адам. Үйреншікті қалыпты бұзуға бейім. Бауырмал. Мінезі берік. Жайдары. Осы сөздер **Лиза Биверді** сипаттайды. Лиза – әлемге әйгілі ұағыздаушы, танымал жазушы, әлемдегі 216-дан астам елде көрсетілетін «Елші» атты телебағдарламаны ұйымдастырушылардың бірі.

Лиза Құдайдың сөзін де, өз тәжірибесін де өзіндік терең ойлы мәнерінде оқырманымен бөліседі. Автордың көздейтіні – оқырманын азаттыққа және жаңа биіктерге жетелеу. Әділдікті қорғаушы ретінде басқаларды да зұлымдықпен күреске бастайды.

Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін CloudLibrary.org сайтына кіріңіз.



Cloud Library



Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.

Көбірек білгіңіз желдеді ме?
Мына жерден сканерлеңіз:

